

Қ.Т. Жұмағұлов, Р.О. Садықова

КСРО МЕН
ТМД ЕЛДЕРІНІҢ
ТАРИХЫ
(1917-2012)

Оқу құралы

Алматы
«Қазақ университеті»
2013

ӘОЖ 94(47+57)
КБЖ 63.3(2)64
Ж 87

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарих,
археология және этнология факультетінің Ғылыми кеңесі және
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

Пікір жазғандар:

тарих ғылымдарының докторы, профессор *Р.С. Жарқынбаева*
тарих ғылымдарының докторы, профессор *Г.С. Сұлтанғалиева*
тарих ғылымдарының кандидаты *Т. Айдос*

Жұмағұлов Қ.Т., Садықова Р.О.

Ж 87 КСРО мен ТМД елдерінің тарихы (1917-2012): оқу құралы.
– Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 302 бет.

ISBN 978–601–04–0125–9

Оқу құралында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрылуына әкелген КСРО аталған алып империяның қалыптасуы мен негізгі кезеңдері қарастырылған. Сонымен қатар, Достастықтағы мемлекеттердің өзара қарым-қатынастарының деңгейін айқындау үшін ТМД-ның құқықтық негізі мен қызметі, оған кіретін мүше-мемлекеттердің тәуелсіздік алған кезеңнен бергі саяси-экономикалық және әлеуметтік даму ерекшеліктері мәселесіне басты назар аударылған.

Оқу құралы тарих, халықаралық қатынастар, аймақтану мамандықтары бойынша білім алатын студенттерге, магистранттарға, докторанттарға және оқытушыларға арналған.

**ӘОЖ 94(47+57)
КБЖ 63.3(2)64**

ISBN 978–601–04–0125–9

© Жұмағұлов Қ.Т., Садықова Р.О., 2013

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2013

КІРІСПЕ

«ТМД елдерінің тарихы» пәні бойынша оқу құралы КСРО орнына дүниеге келген ТМД-ның қызметі туралы студенттерге жалпы танымдық мәліметтерді беруге арналған. Бұл оқу құралында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрылуында шешуші рөл атқарған КСРО-ның тарихы қарастырылады. Себебі Кеңес Одағы аталынған алып империяның астында өмір сүрген мемлекеттердің ортақ саяси экономикалық байланыстары қалыптасып, олар бірлескен жүйе ретінде әрекет етті. «Қырғи-қабақ соғыс» аяқталған тұста бұрынғы кеңестік мемлекеттер алдында өзіндік даму жолын таңдауы мәселесі туындады. Бірақ әрбір мемлекет үшін бұрынғы ортақ экономикалық байланыстардан бас тарту қиын болды. Оның үстіне, жаңа әлемдік тәртіп жағдайында тек әртүрлі саладағы ынтымақтастық қана оларды алға жетелейтін еді. Сондықтан Еуразия құрлығындағы 21 мемлекет Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құруға шешім қабылдады.

Оқу құралында қазіргі уақыттағы Достастықтың қызметі және мүше-мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық, ішкі және сыртқы саясатының даму ерекшеліктері де жан-жақты талданған.

ТМД елдерінің тарихын зерттеу қазіргі уақытта өзекті болып отыр. Тәуелсіз мемлекетіміздің бәсекелестікке қабілетті 30 елдің қатарына енуіне, ең алдымен, ғылымның өркендеуі кепіл болады десек, бұл жерде отандық тарих ғылымының да қосар үлесі мен алатын орны ерекше. Осы тұрғыда Қазақстанның жоғары оқу орындарында оқытылатын «ТМД елдерінің тарихы» пәніне арналған бұл оқу құралы отандық тарихнамадағы қазақ тіліндегі тың зерттеу деп бағалауға тұрады. Себебі мұндай зерттеулер осы тақырыпты зерттеу бағытының бізде де қалыптасуына және дамуына қосылған үлес болып табылады. Екіншіден, еңбектің

өзектілігі Қазақстан Республикасының сыртқы саясатындағы басымдылыққа ие елдердің қатарында посткеңестік кеңістіктегі елдермен байланыстарын арттыру міндеттерімен айқындалады. Әсіресе, елбасымыздың еуразиялық идеясы негізінде ТМД мемлекеттерімен байланыстарды күшейту аса маңызды болып отыр.

«ТМД елдерінің тарихы (1917-2012)» оқу құралының басты мақсаты – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрылуының алғышарттарын, Достастықтың пайда болуынан бастап қазіргі уақытқа дейінгі қызметі және мүше-мемлекеттердің ішкі, сыртқы саяси даму заңдылықтарын ашып көрсету.

Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін келесі міндеттер алға қойылған:

– Кеңес Одағы аталынған алып мемлекеттік құрылымның пайда болуын талдау;

– КСРО-ның өмір сүру уақытындағы бірқатар тарихи кезеңдердегі елдің әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайының дамуын жан-жақты зерделей отырып, Кеңес Одағы аталған жүйенің құлау себептерін айқындау;

– Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрылуын қабылданған негізгі құжаттар негізінде ашып көрсету;

– 1991-2012 жылдар аралығындағы ТМД шеңберінде жасалынған іс-шаралармен байланысты төрт кезеңдік бөлініске бөлінген Достастықтың қызметін қарастыру;

– Елбасы Н. Назарбаевтың еуразиялық идеясының ТМД кеңістігіндегі интеграциялық үдерістерді дамытудағы рөлін талдау;

– Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше-мемлекеттердің тәуелсіз алған уақыттан бергі экономикалық-әлеуметтік, саяси дамуының ерекшеліктерін талдап, олардың ұйым шеңберіндегі рөлін анықтау.

Оқу құралының мазмұны Қазақстанның жоғары оқу орнында оқытылатын «ТМД елдерінің тарихы» пәнінің типтік бағдарламасына негізделген. Ол КСРО-ның құрылуынан бастап қазіргі кезеңге дейінгі ТМД-ның тарихын ашып көрсететін маңызды үш тарауға бөлінген. Оқу құралының «КСРО құрамындағы ТМД елдерінің әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы» аталған бірінші тарауының өзі бірнеше тараушаларға бөлінген. Бұл тараушаларда КСРО-ның құрылуына әкелген Ресей империясындағы бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі революциялық жағдайдың

ерекшеліктері талданып, экономикалық-әлеуметтік және саяси саладағы алғышарттар ашып көрсетілген. Сонымен қатар, КСРО-ның өмір сүру кезеңіндегі елдің ішкі және сыртқы саясатының дамуы, сталиндік социализм, Хрущевтің «жылымығы», Брежневтің тұсындағы «дамыған социализм» сияқты маңызды кезеңдері қарастырылған. Оқу құралының «ТМД-ның құрылуы мен қазіргі уақыттағы қызметі» аталған екінші тарауында КСРО-ның құлау себептері айқындалып, ТМД-ның құрылтайшы маңызды құжаттарына талдау жасалынған. Осы тараудағы ұйымның қызметін ашып көрсетуде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының 1991-2012 жылдарға дейінгі жұмысын төрт кезеңге бөліп қарастыруы аса маңызды. Бұл кезеңдік бөлініс ұйымның құрылуы мен дамуындағы орын алған өзгерістерді ескеруге негізделген. Нақты осындай кезеңдік бөлініс 1991 жылдан бергі ұйымның қызметіндегі екіжақты және көпжақты ынтымақтастықтың қалыптасуы және дамуын талдауға, әрбір кезеңдегі өзара байланыстардың деңгейінің өзіндік ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Ал «ТМД мемлекеттерінің бүгінгі таңдағы жағдайы» аталған үшінші тарауда Достастыққа мүше-мемлекеттердің Кавказ немесе Орталық Азия аймағына топтасуына қарай талданып, осы аймақтардағы елдердің тәуелсіздік алған уақыттан бергі саяси-экономикалық және әлеуметтік дамуы қарастырылған. Атап өтерлігі, Орталық Азия мемлекеттерінің ішінде Түрікменстан ассоцияланған мүше болғандықтан, оқу құралының мазмұнында қарастырылмаған. Сонымен бірге бұл тарауда мемлекеттердің сыртқы саясатының дамуы және өзара қарым-қатынастардағы шешімін таппаған маңызды мәселелер талданған. Мұндай ТМД елдерінің ішкі және сыртқы дамуының ерекшеліктерін зерттеу оның осы бағытта білім алушы студенттер үшін маңыздылығын арттыра түседі.

1.1. Бірінші дүниежүзілік соғыстан революцияға дейінгі Ресейдің дамуы (1914-1917)

XX ғасырдың басындағы Ресей империясы мен 1905-1907 жылдардағы революция. XX ғасырдың басында әлемнің саяси картасында елеулі өзгерістер орын алды. Бұл уақытта Германия сияқты еуропалық алып мемлекеттер өз отарларындағы ықпалын күшейтті. Отарлардан түскен қаржы еуропалық мемлекеттердің экономикалық дамуының жақсаруына да әкелді. Еуропалық мемлекеттер өнеркәсіптік төңкерістер нәтижесінде модернизация жолына түсті. Өнеркәсіптік төңкеріске ілесе индустриализация басталды. Монополистік капитализмнің қалыптасу үдерістерінен Ресей де шет қалмады.

Ресейдің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуының қиындауы революциялық жағдайдың пайда болуына әкелді.

1905-1907 жылдардағы революцияның алғышарттары:

1) экономикалық:

– елдің экономикалық дамуында капиталистік модернизацияның басталуы мен капитализмге дейінгі шаруашылық түрінің сақталуы арасындағы қарама-қайшылық (помешиктік жер иеленушілік, қауым, аграрлық салада халықтың басым бөлігінің жұмыс істеуі);

Ресей империясы XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында басталған буржуазиялық жаңару жолына түскен еді. Елде индустрияландыру саясаты басталып, Ресей аграрлық-индустриалдық мемлекеттердің қатарына қосылды. Ресейдегі өнеркәсіптің тез қарқынмен дамуына қарамастан, экономикалық салада аграрлық саланың үлесі елеулі еді. Ел халқының 82%-ы аграрлық салада қызмет етті. Осы уақыттағы аграрлық саланы дамытудағы басты кедергі шаруалардың жермен қамтамасыз етілмеуі болды.

Патшалық биліктің реформаларының екіұштылығы және олардың қаржылық ауыртпашылықты шаруалардың мойнына артуға деген ұмтылысы көптеген шаруалардың мүлдем жерлерінің болмауына немесе мардымсыз бөлігіне иеленуіне әкелді. Сол себепті ауылшаруашылығының өнімділігі төмен деңгейлілігімен сипатталды. Ауылшаруашылығы өндірісінің тиімсіздігі жұмысшы қатарларын толықтырған шаруалардың кедейленуіне ықпал етті. Олар іс жүзінде «жалдамалы жұмысшы» қызметін атқарды. Нәтижесінде ешбір білімі және әрі күрделі өнеркәсіптік құрал-жабдықтармен жұмыс істеу тәжірибесі болмаған шаруалар ауыр жұмыстарды атқарды. Ал білікті өз ісін білетін «жұмысшылардың зиялы қауымы» аз еді. Олардың еңбегі жоғары бағаланды. Осылайша Ресейдегі өнеркәсіп жүйесі шеңберінде жұмысшы зиялы қауымы мен мамандандырылмаған жұмысшылар арасындағы қарама-қайшылықтардың, индустриалдық саланың жоғарғы қарқынмен дамуы мен аграрлық саланың артта қалуы сияқты алшақтықтың орын алғандығын байқауға болады:

2) *әлеуметтік*: Ресейдегі капитализмнің дамуы және оның толық пісіп жетілмеуі нәтижесінде әртүрлі әлеуметтік топтар арасында қарама-қайшылықтар жинақталды. Қоғамда помещиктер мен шаруалар, буржуазия – жұмысшылар, кулактар – кедейлер, билік – халық, билік – зиялы қауым қарым-қатынастары қалыптасты;

Ресей халқының әлеуметтік құрылымында бес әлеуметтік топ айқындалды:

жоғарғы мемлекеттік-бюрократиялық аппарат, генералитет, помещиктер, банкирлер, ірі және орта кәсіпкерлер, шіркеу архиерейлері, академиктер, профессорлар – 3%; ұсақ кәсіпкерлер, азаматтық және әскери зиялы қауымның негізгі бөлігі, орта деңгейлі шенеуніктер, инженер-техникалық қызметкерлер, мұғалімдер, дәрігерлер, офицерлік корпус, діни қызметкерлер, мемлекеттік мекемелердің ұсақ қызметкерлері, қолөнершілер т.б. – 8%; шаруалар мен казактар – 69%, соның ішінде бақуаттылары – 19%, орта – 25%, кедей – 25 %; пролетарлық халық: өнеркәсіптік, көлік, ауыл шаруашылығы және басқа салалардың жұмысшылары, балықшылар, аңшылар, қызметшілер және т.б. – 19%; люмпендік элементтер: кедейлер, кезбелер, қылмыскерлер – 1%.

Ауыл мен қала арасындағы, артта қалған аграрлық сала мен тез қарқынмен дамыған өнеркәсіптік сала арасындағы қарама-қайшылық қоғамдағы мәдени бөлініске әкелді. Орта таптың толық қалыптаспауы, «жоғарғылар» мен «төменгілердің арасындағы» алшақтық ресейлік қоғамдағы тұрақсыздыққа әкелді.

3) *саяси*: «жоғарғы» биліктің дағдарысы, үкіметтегі реформаторлық және реакциялық күштер арасындағы күрес, Ресейдегі солшыл күштердің белсенділігінің артуы; 1904-1905 жылдардағы орыс-жапон соғысындағы жеңілістің нәтижесіндегі елдегі әлеуметтік-саяси жағдайдың шиеленісуі.

Революция қарсаңындағы әлеуметтік-экономикалық күштердің шоғырлануында негізгі үш бағыт басымдыққа ие болды.

Бірінші бағыт – *консервативтік-үкіметтік бағыт*. Оның әлеуметтік негізін дворяндардың басым көпшілігі мен жоғарғы шенеуліктер тобы өкілдері құрады. Ел ішінде реакциялық бағыттағы және ұстамды, либерал-консерваторлық бірнеше ағымдар (К.П. Победоносцевтан П.Д. Святополк-Мирскийге дейінгі) қалыптасты. Олардың қатарында «Орыс халқының Одағы», «Орыс монархиялық партиясы», «Революциямен белсенді күресу қоғамы», «Халықтық монархиялық партиясы», «Орыс православиелік шіркеуінің одағы» болды. Бағдарламасы: Ресейдегі самодержавиелік монархияның билігін сақтау, заңдарды талқылау қызметтеріне ие болатын өкілетті органды құру, дворяндардың саяси-экономикалық мүдделерін қорғау, самодержавиенің әлеуметтік тірегін ірі буржуазия және шаруалардың есебінен толықтыру. Саяси билік реформаларға дайын еді, бірақ нақты бір даму үлгісін таңдай алмай тежелді.

Екіншісі – дворяндар мен буржуазияның, сондай-ақ зиялы қауымның кей бөлігінің (профессорлар, сот қорғаушылары және т.б.) мүдделерін қорғаған *либералдық бағыт*. Оған кірген басты ұйымдары И.И. Петрункевичтың «Конституционализмді жақтаушылар Одағы» мен П.Б. Струвенің «Азаттық одағы». Бағдарламасы: демократиялық құқықтар мен бостандықтарды қамтамасыз ету, дворяндардың саяси монополиясын жою, билікпен диалог және «жоғарыдан» реформаларды жүзеге асыру.

Үшіншісі – жұмысшы тобы мен шаруалардың мүдделерін қорғауға ұмтылған радикалдық зиялы қауым кірген *радикалдық-*

демократиялық бағыт. Негізгі партиялары социалист-революционерлердің партиясы және Ресей социал-демократиялық партиясы. Бағдарламасы: самодержавие мен помещиктік жер иеленушілікті жою; Құрылтай жиналысын шақыру, демократиялық республиканы жариялау; аграрлық, жұмысшы және ұлттық мәселелерді радикалдық-демократиялық жолмен шешу. Осы партиялар қайта құрулардың революциялық үлгісін «төменнен» жүргізуді қолдады.

4) *ұлттық:* Ресейдің көпконфессионалдығы және көпұлттылығы болуы себебінен басқа халықтардың жағдайы ауыр болуы.

Ұлтаралық қарым-қатынастарда қиындықтардың пайда болуы:

– Ресейдегі халықтың 51%-ын бұратаналар (инородцы) құрады;

– бірнеше конфессиялар болды (ислам, буддизм, католицизм, лютерандық);

– украиндық, белорустық, поляк және басқа халықтарға қатысты орыстандыру саясаты жергілікті ұлтшылдықты тудырды;

– еврей мәселесі күрделі болатын, себебі еврей халқының басым бөлігі әр алуан қызмет саласында кемсітілді;

– Еділ жағалауы, Орта Азия мен Кавказ сияқты ислам аймақтарындағы жағдайдың нашарлауымен байланысты еді.

Революцияның алдына қойылған міндеттер: самодержавиені құлату мен демократиялық республиканы орнату; сословиелік теңсіздікті жою; сөз бостандығы, жиналыс, партиялар мен бірлестіктер бостандығын енгізу; помещиктік жер иеленушілікті жою мен шаруаларға жер үлестіру; жұмыс күнінің ұзақтығын 8 сағатқа дейін қысқарту; жұмысшылардың ереуілдерге құқығын және кәсіби одақтарды құру құқығын мойындау; Ресей халықтарының теңдігін орнату. Бұл мақсаттардың жүзеге асуына халықтың көп бөлігі мүдделі екендігін байқатты. Революцияда қатысқандар: орта және ұсақ буржуазияның көп бөлігі, зиялы қауым, жұмысшылар, шаруалар, жауынгерлер, матростар және т.б. Сондықтан ол мақсаттары мен қатысушылардың құрамы бойынша жалпы халықтық және буржуазиялық-демократиялық сипатта болған еді.

Революцияның қозғаушы күштері. Революцияның басты қозғаушы күштері ауыл мен қаланың ұсақ буржуазиялық бөлігі және олардың өкілі болған саяси партиялардан құралды.

Революцияның дамуында негізгі үш топты бөліп көрсетуге болады. Қала мен ауылдың шаруалары, жұмысшылар мен ұсақ кәсіпкерлер бір топқа бірікті. Екінші көзқарасы қарсы топқа помещиктер, бюрократия мен олармен тікелей байланысты ірі буржуазия, кадрлық әскерилер мен дінбасылар кірді. Сонымен қатар, барлық туындаған мәселелерді шешу қажеттілігін мойындаған, бірақ революциялық әдістермен күрес жүргізуден бас тартқан үшінші топ та болды. Бұл топ орташа капиталдың өкілдері мен либералдық зиялы қауымнан құралды. Үшінші топтағы либералдық-оппозициялық өкілдер елді бейбіт жолмен буржуазиялық қайта құруды қолдады. Буржуазиялық қайта құруды жүзеге асыруда парламенттік күрес әдістері басым жағдайға ие болды.

Революция 2,5 жылға ұласты, яғни 1905 жылдың 9 қаңтарынан 1907 жылдың 3 маусымына дейін болды. Революцияның дамуында екі кезең бөліп көрсетіледі: шырқау кезеңі мен бәсеңдеу кезеңі.

Шырқау кезеңі (1905 жылдың қаңтары-желтоқсан аралығы) – революциялық толқынның күшеюі, талаптардың радикалдық сипатта дамуы, революциялық іс-шаралардың жалпы халықтық сипатқа ие болуы. Революцияның дамуын қолдаған күштердің ауқымы да кең еді: олардың құрамына либералдардан бастап радикалдарға дейінгі бағыттар кірді.

Негізгі оқиғалары: 9 қаңтардағы Қанды жексенбі – Санкт-Петербургтегі шеруге қатысқан жұмысшыларды ату; қаңтар-ақпан айларындағы елдегі ереуілдердің толқыны, эсерлік террордың белсендеуі; мамыр айында Иванов-Вознесенскідегі бірінші жұмысшы Кеңесінің құрылуы; көктем-жаз айында шаруалар қозғалысының белсендеуі, «өрт эпидемиясы». Бүкілресейлік шаруалар одағының I съезі, армия мен флоттағы толқулардың басталуы (маусым – «Потемкин» броненосецтегі көтеріліс); күз айында революцияның шырқау шегіне жетуі, яғни Бүкілресейлік қазандағы саяси ереуіл, патшаның *17 қазандағы Манифестіні* қабылдауы (ол бойынша Ресейде демократиялық құқықтар мен бостандықтар жарияланды, Мемлекеттік думаға сайлауға кепілдік беріледі), билікті ашық сынауға либералдар да көшіп, өздерінің саяси партияларын құра бастайды (кадеттер мен октябристер). 17 қазаннан кейін либералдар революциядан шегініп, билікпен диалогқа барды. Манифесттің қабылдануына қанағаттанбаған солшыл радикалдық

күштер революцияның жалғасуын қамтамасыз етуге тырысады. Бірақ елдегі күштердің арасалмағы биліктің жағына қарай қалыптаса бастайды. Мәскеудегі желтоқсандағы әскери көтеріліс жеңіліс тауып, біраз қан төгілді. Ол көптеген революционерлермен уақытынан бұрын болған іс-шара деп мойындалды.

Бәсеңдеу кезеңі (1906 жыл – 1907 жылдың 3 маусымы) – биліктің қалыптасқан жағдайды реттеу үшін кейінгі іс-шаралардағы бастамашылдықты өз қолына алуымен сипатталды. Көктемде Ресейдегі саяси жүйенің өзгеруін бекітетін «Негізгі мемлекеттік заңдар» қабылданады. Оған сәйкес Ресей «думалық» монархияға өзгеруге бет алады. I және II Мемлекеттік Думаларға сайлау өткізіледі. Бірақ биліктің қоғаммен диалогы аса нәтижелі болмады. 1907 жылдың 3 маусымдағы II Думаның таратылуы және жаңа революциялық заңның қабылдануымен революция аяқталды.

революцияның маңызы: Ресейдегі 1905-1907 жылдардағы революцияның қоғам үшін маңыздылығы зор болды:

1) революция Ресейдегі саяси жағдайды өзгертті: 17 қазан Манифесті және «Негізгі мемлекеттік заңдар» сияқты конституциялық құжаттар пайда болды, бірінші парламент – Мемлекеттік дума құрылды; Мемлекеттік кеңестің құрамы мен қызметі өзгертілді; заңды саяси партиялар мен кәсіподақтар құрылды; демократиялық баспасөз өзіндік дамуға ие болды;

2) самодержавие билігі уақытша шектетілді, бірақ патша қолында заңды шешімдерді қабылдау мүмкіндігі мен атқарушы биліктің барлық өкілеттігі шоғырланды;

3) Ресейдегі азаматтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы өзгерді: демократиялық құқықтар енгізілді; цензураға тыйым салынды; уақытша кәсіби одақтар мен саяси партияларды ұйымдастыруға рұқсат берілді;

4) буржуазия елдің саяси өмірінде кеңінен қатысуға мүмкіндік алды;

5) еңбекшілердің материалдық-құқықтық жағдайы жақсарды: кейбір өнеркәсіп салаларында жалақы көбейтіліп, жұмыс күнінің ұзақтығы қысқартылды; шаруалар сатып алуға негізделген төлемдерді алып тастауға қол жеткізді;

6) революция барысында аграрлық реформаны жүргізудің алғышарттары қалыптасып, бұл өз кезегінде Ресей ауылдарындағы буржуазиялық қарым-қатынастардың дамуына мүмкіндік берді;

7) революция елдегі моралдық-психологиялық жағдайды өзгертті: ауылдағы патшалық бедел әлсіреді; толқулар армия мен флотты қамтыды; бұқара халық өздерін мықты күш ретінде сезінді; революциялық күштер күрестің біршама тәжірибесін жинақтады.

Революцияның аяқталуы елдегі уақытша ішкі саяси тұрақтылықтың қалыптасуына әкелді. Билік бұл жолы бақылауды өз қолына алып, революциялық толқуды баса алды. Бірақ аграрлық мәселе өз шешімін таппай, аяқсыз қалды. Көптеген феодалдық сарқыншақтар мен басымдықтар сақталынды. 1905-1906 жылдардағы революция алдына қойған барлық мақсаттарына қол жеткізе алмай, толық аяқталмады. Ел арасындағы патшалық билікке қатысты наразылықтың сақталуы, саяси қозғалыстар мен партиялардың белсенділігі кейінгі жаңа революциялық дағдарыстың пісіп-жетілуіне әсер етті.

Ресейдің бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысуы мен қоғамдық пікір. Бірінші дүниежүзілік соғыс ірі капиталистік мемлекеттердің арасындағы әлемді бөлісу үшін қарама-қайшылықтарының пайда болуынан туындады. Экономикалық дамуы бойынша жетекші мемлекеттер бір-бірімен тауар нарығы мен шикізат көздері үшін күресті. Бұл қақтығыстар көбінесе экономикалық сипатта болып, қарсылас коалициялардың құрылуымен аяқталды.

Германия әлемдік отарлық бөлініске кейіннен қосылған мемлекет ретінде өзінің иеліктерін кеңейтуге мүдделі болды. Герман империясы әлемді жаулап алу жоспарларын жүзеге асыру мақсатында одақтас ретінде Австро-Венгриямен бірікті. Ал бұл мемлекеттің Балтықтағы аумақтарға қатысты бұрыннан қызығушылығы болатын.

Франция реваншистік саясатты жалғастырып, Германияның дәстүрлі қарсыласы ретінде өзіне одақтасты іздеді. Одақтас ретінде халықаралық сахнадан Ресей көрінді. Ресейдің соғысқа қатысуы оның өзіндік тікелей мүдделерінің болуымен де түсіндіріледі. Ең алдымен, Ресей одақтастық міндеттемелерді орындау арқылы өзінің ұлы держава мәртебесін күшейткісі келді. Ресей патшасы Николай II тұрақсыз экономика және ішкі қайшылықтардың тереңдеуі жағдайында соғыстың салдарлары апатты болатындығын түсінді. Орыс-жапон соғыстарының нәтижесі есте қалғандықтан, үкімет мүшелері мен ресейлік дипломатия «қандай жағдайда болмасын

бейбітшілікті сақтау» мақсатын алға қойды. Бірінші дүниежүзілік соғыста Ресейдің соғысқа қатысуына өзінің өзге аумақтарға деген мүдделестігі де негіз болған еді. Ресей соғыс арқылы Жерорта теңізіне жолды ашатын Қара теңіздегі бұғаздарды жаулап алғысы келді. Сонымен қатар, ол Балтықта өз қатысуын арттырғысы келді.

Соғысқа қатысты Ресейдің қоғамдық пікірі. Соғысқа қатысты ресейлік қоғамның пікірі әр даму кезеңінде бірдей болмады. Ресейдің бастапқыда соғысқа қатысуы ішкі саяси жағдайдың бірден тұрақтануына әкелді. 1914 жылдың 26 шілдедегі ұлтшылдардың басшысы Балашевтің бастамасымен шақырылған Мемлекеттік думаның біркүндік сессиясында ортақ патриоттық ұмтылыста барлығы, яғни радикалдардан бастап қара жүздіктерге дейінгі бағыттардың өкілдері жиналды. Қара жүздіктер деп ХХ ғасырдың басындағы Ресей империясындағы оңшыл, монархистік және антисемистік күштер аталды. Олардың қатарында «Орыс жиналысы», «Орыс халқының одағы», «Михаил Архангель атындағы орыс халық одағы», «Орыс монархистік одағы» сияқты ұйымдар болды. Сонымен қатар қара жүздіктердің қатарына 1900 жылы Петербургте құрылған «Орыс басқосуы» жауымы да кірді. Оны молдавдалық помещик В.М. Пуришкевич басқарды.

Большевиктер «революциялық тұрғыдан жеңілушілер» болды. Ресей социал-демократиялық жұмысшы партиясының Орталық Комитетінің «Соғыс және ресейлік социал-демократия» деген Манифестінде большевиктердің негізгі ұраны: «қазіргі империалистік соғысты азаматтық соғысқа айналдыру» ретінде жарияланды. Халық біріге бастады. 30 шілдеде «Бүкілресейлік жаралыларға көмектесетін земство одағы» құрылды. Оның басшысы болып кадеттерге жақын князь Г.Е. Львов тағайындалды. 8-9 тамызда Мемлекеттік Думаның съезінде «Қалалардың бүкілресейлік съезі» өткізілді. Оны октябристерге жақын В.Д. Брянский басқарды (кейіннен оңшыл кадет М.В. Челноков болды). Кейіннен 2 ұйым да Земгорға бірікті. Земгор деп 1915 жылдан ресейлік армияны қамтамасыз ету бойынша Бас комитет аталды. Ол елдің армиясын әскери, тылдық және медициналық мүлікпен, азық-түлікпен қамтамасыз етуге қызмет ету және қажетті өндірісті ұйымдастыру үшін құрылды.

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Ресейдің өз ішінде билігін күшейтуге ұмтылған саяси қозғалыстардың әрекеттері белең алды. Осы қозғалыстарда радикалды ұстанған либералдардың мүддесі басым болды. Олар қалыптасқан жағдайды өздерінің үстемдігін күшейту мақсатында пайдаланғысы келді. Сондай-ақ, соғыс уақытында билікпен өзінің «келісетіндігін» салтанатты түрде жариялады. Олар өздерінің билікке адалдығы үшін «сый» ретінде соғыс аяқталысымен патша жеңілдіктер жасап, бірқатар либералды-конституциялық реформалардың жүйесін жүзеге асырады деп үміттенді.

Халықтың жағдайы басқаша болды. Олардың патриоттық рухы артты. Шаруалар ұстамдылығын байқатты, оларды әскер қатарына енгізу бастапқы жылдары қарсылықсыз өтті. «Құрғақ заңның» елдегі енгізілуі де тыныш өтті. Жалпы соғыс жылдарында армияда шамамен 15,8 млн. адам болды, солардың ішінде 60-70%-ы шаруалар еді. Бірақ уақыт өте келе соғыстағы сәтсіздіктер соғыс майданындағы халықтың арасында революциялық көңіл-күйдің қалыптасуына ықпал етті. Дәстүрлі өмір сүруден бөлінген бұл адамдар «қажетсіз соғыстың» ауыртпашылығын сезінді. Олар үкіметке қарсы «насихат майданының» немесе жақындап келе жатқан революцияның негізгі әлеуметтік тірегіне айналды. Халықтың арасында қару-жарақтың жетіспеушілігі туралы сыбыс тарала бастады. 1915 жылғы 27-29 қаңтардағы думалық сессиялардың жабық жиналыстарының бірінде әскери министр Сухомлинов ресми түрде барлық қауіпті сыбыстарды жоққа шығарды.

1915 жылдың мамырында сауда-өнеркәсіп өкілдерінің съезінде Мәскеу биржасы комитетінің төрағасы П.П. Рябушинский бүкіл ел бойынша майдан қажеттіліктерін өтеуге бағытталған жеке өнеркәсіпті мобилизациялау мақсатында «әскери-өнеркәсіптік комитеттерді» құруды ұсынды. Ұзаққа созылатын думалық сессияны шақыру талабы жарияланды. Бірінші дүниежүзілік соғыстың созылуы елдің жағдайын қиындатты. 1914-1917 жылдардың аралығында ресейлік армияның кадрлық құрамы бірнеше рет ауысты. Армия қоғамдық тәртіпсіздіктердің ошағына айналды. Елдің жағдайын 1916 жылғы мұнай, көлік және шикізаттық дағдарыс одан әрі қиындатты. Осындай ауыр жағдайда қоғамда билікке қатысты наразылық күшейді. Соғысқа қатысты партиялардың көзқарасы

өзгерді. Бастапқыда үкіметтің саясатын толық қолдаған октябристер мен кадеттер партиясы 1915 жылдың жазында «сенім үкіметін құру» туралы мәселені көтере бастады. Олар Мемлекеттік Дума мен патшалық билікті сынға алды. 1916 жылғы желтоқсандағы Распутин ісі аталған оқиға тараптардың арасындағы қарама-қайшылықтың пайда болғандығын байқатты. Оның басталуына патша Николай II-нің Распутиннің пікірін қолдап, сенім үкіметін құру туралы талапты қабылдамауы себеп болды. Распутин Григорий Ефимович патша Николай II мен патшайым Александра Федоровнаның фавориті немесе арқа тұтатын сүйікті қызметкері болды. Нәтижесінде императорлық отбасының өзінде де келіспеушіліктер пайда болып, ол Распутиннің өлтірілуімен аяқталды.

Соғысқа қатысты солшыл партиялардың да пікірі бірдей болмады. Олар үш топқа бөлінді: қорғанысшылар (Г.В. Плеханов), орталықтағылар немесе пацифистер (Л. Мартов, В.М. Чернов), жеңілушілер (В.И. Ленин). Большевиктердің Ресей үкіметінің соғыста жеңілгендігі және империалистік соғыстың азаматтық соғысқа ұласуы туралы ұрандары бастапқыда халық арасында қолдау таппағанымен, кейіннен соғыстың созылуы себебінен қоғамдағы беделі де артты. Нәтижесінде самодержавиелік билікке қарсы наразылық Ақпан революциясына ұласты. Революцияның нәтижесінде II Бүкілресейлік Кеңес Съезімен қабылданған бейбітшілік туралы Декрет кеңестік Ресейдің әлемдік соғыстан шығуына жол ашты. Декрет саяси сипатқа ие болды. Алайда ол Ресей үкіметінің майдандағы ұстанымдарын әлсіретті. Армияның бытыраңқылығы артып, ол стихиялық әскер қатарына қосылмау әрекеттерінен көрініс тапты. Қызыл Армияны құруға деген ұмтылыстар сәтсіз аяқталды. Себебі офицерлік топ жаңа билікті қабылдағысы келмеді. Қалыптасқан жағдайда кеңестік Ресей 1917 жылдың 21 қарашасында Брест-Литовскіде Германиямен келіссөздерді бастады. Австриялық-германдық әскердің ақпандағы шабуылынан кейін жедел шақырылған партияның 6-8 наурыздағы VII Съезі Брест келісімін қолдады. Ол бойынша:

- кеңестік Ресей барлық Балтық жағалауы, Украина, Финляндиядағы аумақтардан бас тартады;
- армия мен флотты демобилизациялады;
- 1904 жылғы орыс-герман сауда келісімшартын қалпына келтірді;

- өзі үшін тиімсіз кедендік тарифтер енгізілді;
- Ресей Түркияға Карс, Ардаган мен Батумды береді;
- Ресей ірі көлемдегі контрибуция төлеуі қажет.

14-16 наурыздағы төтенше Кеңестердің Бүкілресейлік съезі Брест келісімін бекітті. Бірақ Германия жаңа шабуылды бастады. Батыс майдандағы әскери әрекеттер 1918 жылғы қарашадағы Компьен бітімінен кейін аяқталды. Германиядағы қараша революциясы және соғыстағы Үштік одақтың жеңілісінен кейін кеңестік Ресей біржақты түрде Брест бейбіт келісімінің күшін жойды.

Бірінші дүниежүзілік соғыстағы Ресейдің қатысуы нәтижесінде кейбір деректерге сәйкес 2 млн адам қайтыс болып, 5 млн адам жараланып, тұтқынға түсті. Соғыс пен одан туындаған дағдарыс ресейлік қоғамның барлық салаларын қамтып, империяның талқандалуы мен жаңа тәртіптің орнатылуына әкелген әлеуметтік үрдістердің белсендеуіне ықпал етті.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:

1. 1905-1907 жылдардағы орыс революцияның алғышарттары қандай?
2. Революцияның қозғаушы күштері кімдер болды?
3. Орыс революцияның маңызды кезеңдері мен оқиғаларын сипаттаңыз.
4. Қара жүздіктер деген қандай ұйымдар?

Практикалық сұрақтар:

1. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Ресейдегі қоғамдық пікірді талдаңыз.
2. 1905-1907 жылдардағы революцияның бастапқы мақсаттары мен нәтижелерін сараптаңыз.
3. Распутиннің елдің саяси өміріндегі рөлі.

1.2. Ресейдегі революциялық жағдайдың қалыптасуы (1917 жылдың ақпан-қазан аралығы)

1917 жылдың басында Ресейде жаңа революциялық жағдай пісіп-жетілді. Бұл революция тарихта «Ақпан революциясы» деген атпен сақталды. Қазіргі тарихнамада 1917 жылғы Ақпан революциясының маңыздылығына айрықша баға берілуде. Себебі

Ақпан революциясы біріншіден, көпжылдық тарихы бар ресейлік монархиялық жүйенің тағдырын анықтаған екінші орыс революциясы болды. Екіншіден, революция Ресейдің демократиялық бағытта дамуына жол ашты.

Революцияның себептері:

1) «жоғарғы биліктің дағдарысы» – үкіметтің ескі басқару әдістерімен басқара алмауы және елдегі саяси үдерістердің бақылаудан шығуы. Елдегі мемлекеттік басқару жүйесіндегі бюрократиялық элементтер күшейді. Ресей патшасы Николай II мен патшайымның көңілінен шыққан адамдар билікке тартылды. Патшалық билікке қарсы оппозициялық либералдық партиялар мен топтардың, тіпті дәстүршілдердің қарсылығы күшейді. «Прогрессивті одақ» патшадан «қоғамдық сенім кабинетін» құруды талап етті. Мемлекеттік думаның шеңберінде үкіметтің саясаты сынға алынды. Думадағы құрылған «Прогрессивті одақ» қалыптасқан дағдарыстық жағдайдан монархиямен келісімге келу арқылы шықпақ болды. Нәтижесінде «сенім үкіметі» құрылды. Сонымен қатар, Николай II-нің Распутин сияқты «ұнамсыз» тұлғаның саясатын қолдауы мен оппозицияның келісімге келмеуі императорлық отбасының ішінде де қайшылықтың туындауына әкелді. Патшаның анасы Мария Федоровнаның қолдауымен ұлы князьдердің отбасылық кеңесі Николай II-ден «кеш болмай тұрғанда конституция немесе сенім министрлігін сыйға тартуды, өз беделін түсірген министрлерді биліктен шеттетуді» өтінді, бірақ барлығы нәтижесіз болды. Распутиннің өлтірілуі де алға қойылған мақсатқа қол жеткізуіне әсер етпеді. Патшалық биліктің саясаты өзгеріссіз қалды. Николай II контрреформаларды жүргізуге батылсыздық танытты;

2) «халықтың әлеуметтік жағдайының нашарлауы». Үкімет ауыл шаруашылығы тауарларына төменгі сатылым бағасын белгіледі. Бұл өз кезегінде шаруалардың үкімет енгізген бағалық саясатты жасыруына (сокрытие) және тауарлардың жетіспеушілігіне әкелді. Нәтижесінде «қара нарықтағы» барлық тұтыну тауарларының бағасы өсті. Инфляция басталды. Елдегі тауарларға қатысты бағаның өсуі саяси-экономикалық реформалардың аяқталмауы, аграрлық және ұлттық мәселенің шешілмеуі, терең әлеуметтік жіктелудің сақталуы, индустриализацияның басталуы

мен әлемдік соғыс жағдайында батыс губерниялардан келген 4 миллионнан астам босқындардың көбеюі сияқты мәселелермен байланысты болды;

3) халықтың наразылығының артуы мен «революциялық белсенділіктің» күшеюі. Ол буржуазия, интеллигенция мен шаруалардың ортасында оппозициялық көңіл-күйдің күшеюі, армияның өз ішінде революциялық идеялардың таралуы, кадрлық офицерлердің қазасы мен олардың орнын зиялы қауымның өкілдерінің толтыруы сияқты әрекеттерде көрініс тапты.

Елдегі саяси-экономикалық, әлеуметтік мәселелердің шиеленісуі нәтижесінде Ақпан революциясы басталды. 1917 жылдың қаңтарынан Ресейдегі ереуілдердің саны артты: қаңтар-ақпан аралығында қарсылық білдіруші топтағы қатысушылардың саны 700 мың адамға жетті. 1917 жылдың қаңтарынан 18 ақпанда Путиловкідегі зауытта ереуіл басталды, сондықтан зауыт жабылып, локаут жарияланды. Путиловшілерді Петроградтағы өзге зауыттардың жұмысшылары да қолдады. 23 ақпанда астаналық пролетариаттың үштен бір бөлігі жұмыстан бас тартты. 25 ақпанда жұмысшы ереуілдері ортақ сипатқа ие болды. Экономикалық ұрандар «Патшалық билік болмасын!» деген саяси ұрандармен алмасты. Солшыл партиялардың ықпалы күшейді, эсерлер, меньшевиктер, анархистер, еңбекшілер мен большевиктердің өзара қарым-қатынастары түзелді. Үкімет әскери құрам, полиция, жандармерия мен казактардан құралған қарулы күштерге сүйенуге ұмтылды. 25-26 ақпанда ереуілшілер мен әскердің арасындағы алғашқы қанды қақтығыстар болды. 26 ақпанда қарулы қақтығыс басталды, үкіметтік әскери арсенал қоршауға алынып, патша Мемлекеттік думаны тарату туралы жарлық шығарады. Петроградтық әскери округты басқарған генерал Хабаров революциялық қозғалыстың күшеюін тоқтата алмады. 27 ақпанда жауынгерлер де халық жағына өтіп, жұмысшылар мен жауынгерлердің әскери одағы қалыптасты. Жұмысшылар мен жауынгерлердің одағы вокзал, көпірлер мен үкіметтік мекемелер сияқты стратегиялық маңызды қала орталықтарын басып алды. Абақтылардан саяси тұтқындар шығарылғандықтан, мемлекеттік басқару органдары мен үкіметтің қызметіне қауіп төнді. 27 ақпанның кешінде патшалық министрлер тұтқындалып, Петроградтық қамалға жіберілді. Ресейдегі Ақпан

буржуазиялық-демократиялық революциясы самодержавиенің құлауымен аяқталды. Революцияның жеңісі елдің мемлекеттік құрымылына, яғни ең алдымен, елдегі басқару формасына елеулі өзгерістер енгізді.

1917 жылдың 27 ақпанында Думаның мәжілісінде «тәртіпті қалпына келтіру және өзге тұлғалар, мекемелермен қарым-қатынастарды орнату» мақсатында Мемлекеттік думаның Уақытша комитеті құрылды. 1 наурызда Құрылтай жиналысы құрылғанға дейін атқарушылық-басқару қызметтерін жүзеге асыратын Уақытша үкімет құрылды. Ол іс жүзінде уақытша үкіметтің өкілеттігі анықталысымен елдің заң шығарушы органына айналды.

1917 жылдың 2 наурызында Николай II тақтан бас тартып, билікті өзінің бауыры Михаилге беру туралы Манифестіге қол қойды. Үкімет әскерінің ереуілшілердің жағына өтуі Михаилдың ресейлік императорлық тақтан бас тартуына әкелді. Нәтижесінде Ресейдегі самодержавие өмір сүруін тоқтатты.

Петроград жұмысшылары 1905-1907 жылдардағы революцияның тәжірибесін ескере отырып, саяси ереуілдің барысында жұмысшы депутаттардың Кеңесі сипатында революциялық билікті құруға кірісті. 27 ақпанда Петроградтық кеңеске сайлау өтті, ал ол кейіннен Жауынгер депутаттардың Кеңесімен бірікті. Петроградтық кеңестің атқарушы комитетін меньшевиктер Н.С. Чхеидзе, М.И. Скобелев мен еңбекші А.Ф. Керенский басқарды. Кеңес қала халқын тағайындалған комиссарлары басқаратын жергілікті комитеттерді қалыптастыруға шақырды. Азық-түлікті бөлісу, қаржыны, темір жолдарды және типографияны басқару бекітілді. Яғни, осылайша Петроградта екі билік орнатылды: бастапқыда билігі болмаған Уақытша үкімет және нақты билігі бар, бірақ белгілі бір бағдарламасы болмаған жұмысшылар мен жауынгерлердің Кеңесі болды. Біртіндеп іс жүзіндегі билік Уақытша үкіметке өте бастады.

3 наурызда Уақытша үкіметтің құрамы халыққа жарияланды, оның төрағасы болып князь Г.Е. Львов (1861-1925 жылдары) тағайындалды. 3 наурыздағы декларацияда Уақытша үкімет өз бағдарламасын анықтады. Ол бойынша:

– саяси және діни істер бойынша амнистия;

– демократиялық бостандықтар: баспасөз бостандығы, кәсіп-одақтар, жиналыстар мен ереуілдер бостандығы, барлық сословиелік, діни-ұлттық шектеулерді жою;

- полицияның халық милициясымен алмасуы;
- жергілікті басқару органдарына сайлау өткізу;
- заңның қатаң орындалуын қамтамасыз ету;
- «қисынды негізде» шаруаларға жерлерді бөлу;
- жаппай білім алуды енгізу;
- одақтық жауапкершілікке адалдық;

– Құрылтай жиналысты шақыруға дайындық жасайтындығы туралы белгіленді.

Революцияны аяқталмады деп есептеген солшыл партиялар үкіметке кіруден бас тартты. Олар үкіметтік құрылымдарға кірмейтін Кеңестер арқылы үкіметке қысым көрсетуге тырысты. Кеңестердің басқаруында қоғамдағы рөлі зор болған жұмысшы милициясы – Қызыл гвардия болды.

Бұқара халықтың революциялық қозғалысының жалғасуы Уақытша үкіметтің мемлекеттік құрылымдарды өзгертуіне әкелді. Полиция Департаменті таратылып, оның орнына Ішкі істер министрлігі жүйесінде жаңа орган – қоғамдық полицияның Бас басқармасы құрылды (ол кейіннен милиция істері бойынша Бас басқарма деп аталды). Үкіметтік сенаттың, жандарм корпусының, императорлық аула министрлігі мен император канцеляриясының ерекше қатысуы жойылды. Азық-түлік министрлігі, Еңбек Министрлігі құрылды. Әділет министрлігінде бұрынғы министрлердің, басқарушылар мен өзге де лауазымды тұлғалардың заңға қарсы әрекеттерін тексеру үшін Төтенше тергеу комиссиясы қалыптасты.

Уақытша үкімет Құрылтай жиналысының сайлауы, жергілікті органдардың реформасы, аграрлық реформа сияқты іс-шараларға дайындықты жүргізді, фабрикалық-зауыттық комитеттердің құқығын бекітті.

Тамызда Қасиетті синод таратылды. Діни сенім Министрлігі құрылды. Жергілікті атқарушы билікке де өзгерістер енгізілді: генерал-губернаторлар, земство, приставтардың қала бастықтарының лауазымдары жойылды. Олардың қызметтері Уақытша үкіметтің губерниялық, қалалық және уездік комиссарларына берілді.

1864 жылғы Қылмыстық қаулылары қағидаларын сақтаған сот жүйесі еңбекші халықтың бастамасымен құрылған революциялық соттармен толықтырылды. 1917 жылғы мамырдағы «Әкімшілік істер бойынша жарғыға» сәйкес әкімшілік сот үкімет комиссарларының жергілікті басқару органдарына қатысты қарсылықтар бойынша істерді қарастыру құқығына ие болды.

Ақпан революциясының нәтижесінде елде екі билік орнады. 1917 жылдың 1 наурызында Мемлекеттік дума құрған Уақытша үкімет көп жағдайда ресейлік буржуазиясының мүдделерін қорғаған либералдық-демократиялық партия блогы өкілдерінен құралды. Оның құрамында кадеттер көп болды. Бұл билік мемлекеттік аппарат құрылымында патшалық үкіметті алмастырды. Екінші билікті Жұмысшы мен жауынгер депутаттардың Петроград кеңесі жүзеге асырды. Уақытша үкімет пен Петроград кеңесі саяси жүйенің қарама-қарсы бағыттарында болып, әр түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін қорғады. Уақытша үкімет капитал мен оны қолында шоғырландырған мемлекеттік құрылымдардың билігіне ие болды. Петроград Кеңесі қарулы халықтың билігіне сүйенді.

«17 қазан Одағы» партиясы өкілдерінен, кадеттер, эсерлер мен меньшевиктерден құралған Уақытша үкімет Құрылтай жиналысы шақырылғанға дейін басқару өкілеттіктеріне ие болды. Барлық маңызды қоғамдық мәселелер оның шақырылуына дейін кейінге қалдырылды. Тез арада шешуді қажет ететін мәселелердің қатарында аграрлық, жұмысшы тобының жағдайы мәселелері болды. Уақытша үкімет соғыстың барысындағы халық толқуының өсуінен қауіптеніп, елде радикалдық өзгерістерді жүзеге асырмады.

Петроград Кеңесі социалист-революционерлер және РСДЖП сияқты революциялық партия өкілдерінен құралды. Олар Құрылтай жиналысы шақырылғанға дейін билік мәселесін кейінге шегеру арқылы іс жүзінде Уақытша үкіметтің қызметіне қолдау білдірді. Петроград Кеңесі өзінің атқаратын міндеті Құрылтай жиналысының шақырылуын бақылау, оған дайындалу және жұмысшылар мен жауынгерлердің мүдделерін қорғау деп есептеді. Социалистік партиялар ресейлік қоғамда социалистік революциялардың алғышарттары әлі қалыптаспады деп есептеп, бірінші орындағы міндет ретінде буржуазиялық-демократиялық революцияларды қарастырды. Бұл социалистердің елдегі билікті қолға алудан бас

тартуына әкелді. Тек большевиктер ғана басқа көзқараста болды. Олар буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға өтуі туралы тезисті ұсынып, осы арқылы елдегі басқару билігін өз қолына алуға ұмтылды. Бірақ 1917 жылдағы ақпаннан кейін большевиктердің социалистік революцияны жүзеге асыруға күштері мен мүмкіндіктері жеткіліксіз еді. Кеңестердің өзінде олар мықты күшке ие болмады.

Революцияның маңызы. Ақпан революциясында антифеодалдық, антикапиталистік, демократиялық және таптық мүдделер тығыз тоғысты. Революция стихиялық түрде басталып, белгілі бір әлеуметтік сипаты болмады. Ақпан революциясы сипаты бойынша буржуазиялық-демократиялық, ұлт-азаттық, діни факторларды біріктірді. Революциялық қозғалыста бірнеше әлеуметтік топтық бағыттар араласты: қалада – пролетарлық кедей топ, ауылда – аграрлық-шаруалық; ұлттық шеткері аймақтарда – ұлт-азаттық, армияда – соғысқа қарсылық сипатында. Ақпан күндеріндегі оқиғалар Ресейдегі самодержавиелік билік құрылымының толық талқандалуына әкелді.

1917 жылы Ақпан революциясынан кейін елдегі аграрлық мәселе мен екі үкіметтің арасындағы билікті нақты өз қолына алмауы бірнеше саяси дағдарыстарға әкелді.

Ресейдегі саяси биліктің дағдарыстары. Ресейдегі Ақпан мен Қазан революциялары аралығында төрт үкімет ауысып, бірнеше саяси дағдарыстар орын алды.

Сәуір дағдарысы. Бұл дағдарыс сыртқы істер министрі П.Н. Милюковтың соғыста жеңіске қол жеткізгенге дейін жалғастыратындығы туралы мәлідемесіне наразылық ретінде туындады. Сәуірдегі демонстранттардың басты талабы бейбітшілік болды. 20 сәуірдегі халық наразылығында Уақытша үкіметтің биліктен кетуі талап етілді. Сонымен қатар, бір мезгілде Уақытша үкіметтің саясаты мен билігін қолдаған демонстрация орын алды. Осы екі демонстрацияның қатысушылары арасында қақтығыс болып, бұл революциялық қозғалыстың өз ішіндегі бытыраңқылыққа әкелді.

Сәуір дағдарысы қоғаммен іс жүзіндегі билік ретінде мойындалған Кеңестің билігін есепке алмау қателік екендігін көрсетті. Биліктің дағдарысы солшыл радикалдық көңіл-күйдің

күшеюіне әкелді. Большевиктерді жақтаушылардың саны артты. 4 сәуірдегі түнгі уақытта Петроградқа В.И. Ленин қайтып келді. Ол Тавр сарайындағы біріккен жиналыста «Сәуір тезистері» (немесе «Революциядағы пролетариаттың міндеттері туралы») аталған баяндамамен шықты. Лениннің баяндамасына сәйкес:

- 1) Уақытша үкіметке ешқандай қолдау көрсетпеу;
- 2) буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік сипатқа ұласу бағытын ұстану;
- 3) пролетариат диктатурасын орнату;
- 4) соғыстан революциялық жолмен шығу;
- 5) «барлық билік Кеңестерге» деген ұранды басшылыққа алу бағдарламасы қарастырылды.

Уақытша үкіметтің билігіне қарсы пайда болған сәуір дағдарысының нәтижесінде сыртқы істер министрі П.Н. Милоков пен әскери саланың министрі А.И. Гучков отставкаға кетті. Олардың орнын М.И. Терещенко мен А.Ф. Керенский алмастырды. Саяси дағдарыс 6 мамырдағы бірінші коалициялық үкіметтің құрылуымен аяқталды. Оның құрамына эсерлер В.М. Чернов, П.М. Переверзев, еңбекші А.Ф. Керенский, меньшевиктер И.Г. Церетели, М.И. Скобелев, энес А.В. Пешехонов және т.б. кірді. Бірінші коалициялық үкімет 1917 жылдың 5 мамыры – 2 шілдесі аралығында қызмет етті. 1917 жылғы қабылданған коалициялық үкіметтің экономикалық саясат мәселелері бойынша декларациясында өндірісті социализацияландыру ұрандарының дұрыс түсіндірілмеуі салдарынан жұмысшылар таза анархиялық түрде кәсіпорындарды жаулап алып жатқандығы атап өтілді. «Сол себепті уақытша үкімет қалыптасқан шаруашылық жүйені қазіргі уақытта да, соғыстан кейінгі уақытта да социалистік құрылымға өзгерте алмайтындығын нақты мәлімдейді. Социализм жалпылай ұйымшылдыққа негізделуі тиіс, ал бұл Ресейде әлі қалыптаспады. Сондай-ақ, өндіріс күштерінің толыққанды дамуы да қажет, ал елде оны меңгеруге енді ғана кірісіп жатыр. Социалистік жүйеге өту бір мемлекеттің шеңберінде ғана өтудің өзі де мүмкін емес».

1917 жылдың 3-23 маусымында Кеңестердің Бүкілресейлік съезі болды. Делегаттардың басым бөлігін эсерлер мен меньшевиктердің партиясы құрады. Большевиктердің съезде шамамен 10% мандаты болды. Съездің күнтізбінде билік пен бейбітшілік

туралы негізгі екі мәселеге назар аударылды. Большевиктік делегация съезд Кеңесінен билікті өз қолына алуды және социалистік үкіметті құруды талап етті. Съезде алғашқы рет елдің федерализациялану мүмкіндігі мәселесі көтерілді. Социалистік партиялар халықтардың өзін-өзі анықтау құқығын мойындады, бірақ Құрылтай жиналысы шақырылғанға дейін ұлттық мәселені біржақты шешуге ұмтылыстарды айыптады. Съезд 10 мамырға большевиктер белгіленген демонстрацияға рұқсат етпеді, ал 18 маусымда үкіметті қолдау мақсатында «Құрылтай жиналысы арқылы демократиялық республикаға қол жеткізу» деген ұранмен демонстрацияны белгіледі. Бірақ елдегі еңбекшілердің көпшілігі «Барлық билік Кеңестерге», «Соғыс болмасын», «10 капиталист министрлер құрысын» деген ұрандармен өтті. Нәтижесінде Ресейдегі келесі саяси билік дағдарысының алғышарттары қалыптасты.

Маусым саяси дағдарысы. Екінші саяси дағдарыстың басталуына ел әскерінің германдық майдан шебіндегі сәтсіз шабуылы себеп болды. Уақытша үкімет оңтүстік-батыс майдан шебіндегі шабуылды 18 маусымда бастап, ол бастапқыда сәтті болған еді. Бірақ кейіннен австро-германдық әскерлердің жауап беруші соққыларынан кейін ресейлік армия шегінуге мәжбүр болды. Қарсылас бүкіл Галиция мен Добруджаны қоршап алды. Нақты осы жағдайда генерал Л.Г. Корнилов өзіне сеніп тапсырылған әскери құрамдарды қатаң тәртіпке бағындырып, ерік жігерінің мықтылығын байқатты. Ал Ресейдің өз ішінде халық наразылығы күшейді. Олар соғысты тоқтатуды және Кеңестердің билікті өз қолына алуын талап етті.

Шілде саяси дағдарысы. Оңтүстік-батыс майдан шебіндегі сәтсіздігінен кейін солшыл радикалдар қалыптасқан жағдайды үкіметке қарсы насихатты тарату үшін пайдаланды. 3 шілдеде Петроградта «Барлық билік Кеңестерге берілсін!» деген ұранмен демонстрациялар өтті. Бұл билікті қолға алуға жасалынған бірінші ұмтылыс еді. 4 шілдеде демонстранттар Уақытша үкімет әскерімен атып тасталынды. Большевиктердің ізіне түсу басталды; жұмысшылар қарусыздандырылды; өлім жазасы енгізілді; майдандарда – әскери Соттар енгізілді. 500 мыңдық адам қатысқан шілде дағдарысы Уақытша үкіметтің билікті толыққанды өз қолына алуымен аяқталды. Нәтижесінде 25 шілдеде екінші

коалициялық үкімет құрылды. Оның премьер-министрі болып А.Ф. Керенский тағайындалды. 19 шілдеде Жоғарғы бас қолбасшы қызметіне А.А. Брусиловтың орнына генерал Л.Г. Корнилов келді. Екінші коалициялық үкімет 1917 жылдың 26 шілдесі – 26 тамызы аралығында қызмет етті. Бұл үкіметте басты рөлге эсерлер мен меньшевиктер ие болды. Саяси сахнадан Кеңестерді ығыстыру, Құрылтай жиналысына сайлауды кейінге шегеру, биліктің демократиялық органдарын нығайту сияқты іс-шараларға мән беріле бастады. Меньшевистік-эсерлік Кеңестің көшбасшылары шешуші сәтте Уақытша үкіметке қолдау көрсетті. Яғни, Ресейдегі Уақытша үкімет пен Кеңестер билігі бірігіп, екі биліктік саяси жүйе өз өмір сүруін тоқтатты. Шілде дағдарысы үкіметтің ғана дағдарысын көрсетіп қоймады. Сондай-ақ Петроградтық Кеңестің іс жүзінде бастапқы талаптарынан бас тартып, Уақытша үкіметпен коалицияға бірігуі және Құрылтай жиналысын өткізгенге дейін барлық қайта құруларды кейінге қалдыруы олардың саяси күрестен бас тартқандығын байқатты.

Саяси күресте өз белсенділігін танытқан жалғыз күш большевиктер болды. 26 шілде-3 тамыз аралығындағы Ресей социал-демократиялық жұмысшы партиясының (РСДЖП) VI съезінде большевиктер революцияның бейбіт кезеңінің аяқталғандығы туралы мәлімдеді. Съезде «Барлық билік Кеңестерге берілсін» деген ұранның орнына әскери көтерілісті ұйымдастыру бағыты жарияланды. Көтерілісте сәттілікке жету үшін жауынгерлер, жастар мен кәсіподақтық ұйымдарда дайындық жұмысын қызу жүргізу қажеттілігіне ерекше мән берілді.

Солшыл күштердің саяси күресінің дайындығымен қатар, оңшыл радикалдық топтардың да белсенділігі күшейді. 1917 жылғы шілдедегі оқиғалардан кейін саяси биліктегі күштердің арасалмағы оңшылдардың жағында болды. 3-5 тамыздағы II Бүкілресейлік сауда мен өнеркәсіп өкілдерінің съезінде «күшті билікті» орнату және мемлекетті нығайту қажеттілігі туралы шешім қабылданды. Бұл жоспарлар генералитет, оңшыл буржуазиялық партиялар мен кадеттердің бөлігінің тарапынан қолдау тапты. Солардың қатарында мықты диктатураның жақтаушылары ретінде Армия мен флоттың офицерлерінің Одағы, Әскери лига, георгиевтік кавалерлердің Одағы сияқты әскери ұйымдар және Бүкілресейлік

сауда мен өнеркәсіп одағы, жер иеленушілердің Одағы, Ресейдің экономикалық қалпына келуі туралы Қоғамдастығы мен Республикандық орталық сияқты азаматтық ұйымдар болды. Уақытша үкіметтің билігін нығайту мақсатында оңшыл топтардың арасында әскери диктатураны орнату идеясы тарала бастады. Әскери диктатураны орнату идеясын жүзеге асыру үшін ақ гвардияны қалыптастыру бастады. Ол буржуазиялық ұйымдардың тарапынан төңкеріліс дайындау мақсатында қаржыландырылды. Әскери диктатор қызметіне генерал Л.Г. Корнилов ұсынылды. Ол әскермен қатар, тылда ату жазасы, концлагерлерлер сипатында қатаң әскери тәртіпті орнатуға тырысты. Белгіленген жұмыс межесін орындамағаны үшін жұмысшыларды майданға жіберілу тиіс болды. Генерал Л.Г. Корниловтың елді дағдарыстан шығару мақсатындағы өзіндік бағдарламасы дайындалды. Ол бойынша мемлекеттің экономикалық-әлеуметтік істерге араласпауы, 4 млн. жауынгерлерді демобилизациялау мен олардың үкіметтің саясатының ауылдағы сенімді тірегі бола алуы үшін әрқайсысына белгіленген көлемде жер беру қарастырылды. Генерал Корнилов пен оның жақтастары Ресейде халық қорғанысы Кеңесі мен коалициялық үкіметін құру арқылы жаңа билік формасын орнатуды жоспарлады. Л.Г. Корнилов Уақытша үкіметті басқарған А.Ф. Керенскиймен ымыраға келіп, саяси төңкеріліс ұйымдастыру арқылы ең алдымен, солшыл оппозицияны жоюға ұмтылды.

25 тамызда Керенскиймен жасалынған бастапқы уағдаластықты жойып, Корнилов өз әскерлерімен Петроградқа қарай қозғалды. Керенский саяси ымыраласушылықтан бас тартты. Ол Корниловты сатқын деп жариялап, Жоғарғы бас қолбасшы қызметінен босатты. Армиядағы жауынгерлердің комитеттері соғыстың жалғасуын қаламағандықтан және бұрынғы тәртіптің қалпына келуін жақтағандықтан Корниловқа қарсы насихатты күшейтті. Қалыптасқан жағдайда Петроградтың революцияшыл күштері бірігіп, контрреволюциямен күрес мақсатында халық комитетін құрды. Әсіресе, осы қиын сәтте большевиктердің белсенділігі байқалды. Олар Қызыл гвардия жасақтарын құрап, қаланың қорғанысын қамтамасыз етті. Генерал Корнилов бастаған ереуілшілдердің әскері талқандалды. 2 қыркүйекте Корниловтың өзі де қамауға алынды. Корниловтың жеңілісі іс жүзінде билік

үшін таласқан реакциялық контрреволюциялық күштердің талқандалуын білдірді.

Корнилов бүлігінен кейінгі Ресейдегі билік дағдарысының тереңдеуі. Корнилов бүлігі Ресейдегі саяси билікке таластың шырқау шегіне жеткенін көрсетті. Осы оқиғадан кейін билік үшін таласқан саяси күштердің арасалмағы да өзгеріске түсті. Саяси күштердің арасында екі бағыт айқындалды: ұстамдылар немесе оңшыл күштер (кадеттер, оңшыл эсерлер, анархистер немесе дәстүршілдер) және ультраликаралдық солшыл күштер (большевиктер, солшыл эсерлер, анархистер).

Керенский бастаған оңшыл күштер буржуазиялық топтың мүддесін қорғады. Сондықтан ол барлық әдістермен өзінің саяси-экономикалық үстемдігін сақтап қалып, елді біртіндеп буржуазиялық даму жолына бағыттауға ұмтылды. Корнилов бүлігінің оңшыл саяси күштер үшін негізгі салдарлары олардың саяси беделінің төмендеуі еді. «Кадет» сөзі біршама уақыт бойы миллиондаған еңбекшілер үшін «корниловшы», «революция жауы» ретінде қабылданды. Кадеттер үкіметтен де шығарылды. Осы қалыптасқан жағдайда Керенский өзін сенімді ұстап, ешбір бүлік болмағандай авторитарлық үкіметті құру жоспарларын ойластырды. Керенский авторитарлық үкіметті оңшыл социалистер мен либералдардың коалициясы түрінде құрмақ болды, әсіресе, болашақ үкіметтің коалициясында кадеттердің ықпалын күшейтуді жоспарлады. Большевиктер мен эсерлер Уақытша үкіметте кадеттердің қатысуы мүмкін еместігі туралы шешім қабылдады. Сол себепті Керенский үкіметі өзінің авторитарлық үкімет туралы жоспарларынан бас тартып, 1917 жылдың 1 қыркүйегінде атқарушы билікті кадеттер кірмейтін Директорияның қолына тапсырды. Оның құрамына А.Ф. Керенский, М.И. Терещенко (еш партияға кірмеген), генерал А.И. Верховский, контр-адмирал Д.Н. Вердеревский, А. Никитин (оңшыл меньшевик) мен Л.Б. Каменев кірді. 5 адамнан құралған Директория Ресейді республика деп жариялады. Бірақ жаңа биліктің құрылуы саяси дағдарысты тереңдете түсті, себебі қоғамның арасында Керенский үкіметінің саясатын қолдамаған большевиктер бастаған солшыл күштердің ықпалы күшейді. Корниловтық бүліктің басып тасталуының басты нәтижесі большевиктердің қоғамдағы рөлінің күрт өсуі, олардың

халықтың арасындағы беделінің артуы болды. Директорияның билігіне қарсы болған жұмысшылар мен жауынгерлер көшелерді лық толтырып, олар жедел ІІ Бүкілресейлік жұмысшылар, жауынгерлер мен шаруа депутаттардың Съезін шақыруды және биліктің Кеңестерге өтуін талап етті. Балтық флотының комитеті Директорияның құрылуы мен Республиканың жариялануына қарсылық ретінде қызыл туды көтерді. Елдегі әлеуметтік-саяси жағдайдың тереңдеуі жағдайында биліктің саясаты мен соғыстың жалғасуына байланысты әлеуметтік наразылық күшейе түсті. Мәселен, 1917 жылдың сәуірінде – 880 толқу, мамыр мен маусымда – 3 мыңға, қыркүйек пен қазан айларында ереуілдердің саны 4 мыңға жеткен. Халықтың билікке наразылығын ескере отырып, Корнилов бүлігінен кейін большевиктердің саяси өміріндегі белсенділігі артты. Кейінгі елдегі басқару жүйесін шешу мақсатында 31 тамызда Петроградтағы Кеңестің жиналыста басқосуда большевиктер өз резолюциясын ұсынды. Олар кадеттер мен буржуазия кірмейтін коалициялық үкіметті құру және келесі міндеттердің орындалуын талап етті: Құрылтай жиналысын жедел шақыру, демократиялық республиканы шақыру, помещиктік жерлерді төлемсіз конфискациялау және оларды шаруалардың комитеттеріне беру, өндірісте жұмысшы бақылауын енгізу, банктерді ұлттандыру, барлық халықтарды бейбітшілікке үндеу, барлық сословиелік басымдықтарды жою, саяси тұтқындарға амнистияны жариялау. Петроградтағы кеңесте ұзақ талқылаудан кейін 1 қыркүйекте резолюцияға дауыс беру нәтижелері бойынша: резолюцияны қолдағандар – 279 адам, қарсы болғандар – 115 адам, дауыс беруден қалыс қалғандар – 51 адамды құрады. Бұл Петроградтық Кеңестегі большевиктердің ықпалы артқандығын көрсетті. Нәтижесінде Петроградтық Кеңес Уақытша үкіметтің отставкаға кетуі және Бүкілресейлік Кеңестердің Съезінде нақты революциялық билікті құру туралы большевиктік резолюцияны қабылдады. Большевиктік резолюцияны 5 қыркүйекте Мәскеулік Кеңес те қабылдады. 17 қыркүйекте Мәскеулік Кеңестің төрағасы В.П. Ногин, ал 25 қыркүйекте Петроградтық Кеңестің төрағасы болып Л.Д. Троцкий сайланды. Қыркүйектің аяғында Балтық флоты депутаттарының ІІ съезінде теңізшілер флоттың үкіметке бағынбайтындығы туралы резолюция қабылдады. Балтық флотының Орталық Комитеті

құрылып, онда большевиктер мен солшыл эсерлер басымдыққа ие болады. Дәл осы уақытта 14-22 қыркүйекте Петроградта саяси партиялар, мемлекеттік думалар, земстволар мен кәсіподақтар өкілдерінің қатысуымен Бүкілресейлік демократиялық жиналыс өтіп жатты. Бірақ қыркүйектің соңында Керенский Петроградтық Кеңес, жұмысшылар мен жауынгерлердің шешімін ескермей, кадеттермен біріккен үшінші коалицияны құрды. Бұл коалиция 25 қыркүйек – 25 қазан аралығында қызмет етті. 2 қазанда Уақытша үкімет Парламент – Республиканың Демократиялық кеңесі туралы ережені бекітті. Ол тек үкімет қарамағындағы кеңес алмасушылық органға айналды. Нәтижесінде жаңа коалицияның құрылуы демократиялық партиялардағы дағдарысқа әкелді. Биліктің буржуазияның қолынан солшыл социалистік партиялардың қолына бейбіт өту мүмкіндігі жүзеге аспай қалды.

Қазан революциясы: дайындығы мен барысы. II Бүкілресейлік кеңес съезі мен Кеңестік Республиканың құрылуы.

Қазан революциясының дайындығы. 1917 жылдың күзінде Уақытша үкіметтің қызметіне халық наразылығы күшейді. Жаңа билік дағдарысының алғышарттары қалыптасып, ел ішінде революциялық толқу өршіді. Қалыптасқан жағдайда большевиктер бейбіт жолмен билікті бағындыра алмағандықтан, әскери көтеріліс ұйымдастыруды ойластыра бастады. 15 қыркүйекте большевиктер партиясының Орталық Комитетінде Финляндияда жасырынып жүрген Ленин хаттары талқыланды. Лениннің хаттарында толығымен ұстамды саясаттан бас тартып, большевиктер тез арада әскери көтеріліске дайындықты бастау қажеттілігіне айрықша мән берілді. В.И. Лениннің 12-14 қыркүйектегі «Революция міндеттері» аталған құжатында билікті қолға алудың тактикасы дайындалды. Бірақ большевиктік партияның өз ішінде билікті жаулап алуға қатысты көзқарастары бірдей емес еді. 15 қыркүйекте Орталық Комитет мүшелері Лениннің әскери көтеріліс жоспарын қолдамады. Большевиктердің қатарындағы Л.Б. Каменев пен Г.Е. Зиновьев сияқты тұлғалар саяси билікте күш қолданудан бас тартуды, тек «қорғаныстық ұстаныммен» шектеліп, Құрылтай жиналыста басымдыққа ие болу үшін бұқара халықтың барынша қолдауына ие болуды ұсынды. Олар елдегі жаңа билеуші одақты меньшевиктер, эсерлер мен большевиктерден құру түбегейлі ре-

формаларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретіндігіне сенімді еді. Л.Б. Каменев пен Г.Е. Зиновьев Ресейде социалистік революция үшін жағдай қалыптаспады және артта қалып отырған елде қайта казармалық социализм орнау қаупі бар деп есептеді. Сондай-ақ большевиктердің бір бөлігі революциялық міндеттерді жүзеге асыруда тек қана пролетариатпен шектелуге қарсы болды. Кейінгі оқиғалардың даму барысы әскери көтерілісті жақтаушылардың жеңіске жететіндігін байқатты.

1917 жылдың қазанының басында В.И. Ленин іс жүзінде әскери көтеріліске дайындықты бастады. Оның бастамасымен большевиктер партиясының Орталық Комитетінің 10 қазанындағы жиналысында әскери көтерілісті ұйымдастыру бағыты белгіленді. Осылайша тарихта «Қазан революциясы» немесе «Қазан төңкерілісінің» басталғандығы мәлім болды.

Қазан революциясының барысы. Большевиктер партиясының қазандағы жиналыстағы қолдаудан кейін әскери көтеріліс дайындығы басталды. 1917 жылдың 11-13 қазан аралығындағы Солтүстік облыстардың Съедінде II Бүкілресейлік Кеңестер Съезінің барлық билікті өз қолына алу қажеттілігі атап өтілді. 1917 жылдың 12 қазанында меньшевиктер мен эсерлердің қарсылығына қарамастан, Петроградтық Кеңес әскери-революциялық комитетті құруға кірісті. Әскери-революциялық комитеттің (ӘРК) құрылуына ең алдымен, Уақытша үкіметтің соғыс майданына Петроградтық гарнизонды жіберу туралы шешімі түрткі болған еді. Қалыптасқан саяси тұрақсыз жағдайда билеуші топ та өз кезегінде саяси іс-шараларды ұйымдастырды. Мәскеудегі 12 қазандағы қоғамдық қайраткерлердің екінші Мәжілісінде елдің барлық әскери күштерін пайдаланып, армия мен флоттан шығарылғандардың тізімін қайта қарау талап етілді. Әсіресе, армия арасында Корниловтың жақтаушылардың санын арттыру көзделді.

22 қазанда ӘРК гарнизондық әскердің қолдауына ие болып, барлық бөлімдерге үкіметті қолдаушыларды алмастыру мақсатында комиссарларын жіберді. ӘРК өкілдері олардың гарнизондағы жоғарғы билігін ресми түрде құқығын хабарландыру мақсатында Петроградтық әскери округке келді, бірақ округтың бас қолбасшысы оларды қуып, жаңа комиссарларды қамауға алатындығын мәлімдеді. ӘРК бұл әрекетке жауап

ретінде халық арасында өз резолюциясын таратты. Ол бойынша Әскери-революциялық комитет астаналық гарнизондағы жетекші орган ретінде жарияланды. Сондай-ақ ол Бас штабтың ӘРК-ты мойындамау арқылы өзін революциялық гарнизон және Петроградтық жұмысшылар мен жауынгер депутаттардың кеңесіне қарсы қойғандығын, яғни контрреволюциялық күштердің қаруына айналғандығын, гарнизондағы барлық ӘРК қол қоймаған қаулылардың күші жоқтығын мәлімдеді.

23 қазанда Уақытша үкімет Петроградтық Кеңеске ультиматум жіберді. Ол бойынша Кеңес жедел 22 қазандағы үкіметті құлату бағытынан бас тартпаса, әскери басшылардың тәртіпті қалпына келтіру үшін шаралар қабылдайтындығы айтылды. ӘРК-нің келіссөзге келуіне қарамастан, Керенский барлық комитет мүшелерін қамауға алуға бұйрық берді. Үкімет комитет мүшелерін қылмыстық тексеруден өткізіп, большевиктердің газетін жабуға қаулы шығарды. Бұл оқиға революцияның қақтығыстың сипатқа ие болуына ықпал етті.

24 қазанда Әскери-революциялық комитеттің комиссарларға арналған №1-ші жарлығы бойынша әскери бөлімдердің дайын болуы бақылауға алынды. 25 қазанда большевиктердің Орталық комитеті гарнизон күштерімен әрбір мүшеге көтерілісті дамыту бойынша белгілі бір аумақты белгіледі. РСДЖП-ның Петроградтық Кеңесі ресми түрде жұмысшыларды көтеріліске шақырды. Қызыл гвардиялықтар Орталық телеграфты, Петроградтық телеграфтық агенттікті басып алды. Сондай-ақ, Нева арқылы көпірлердің қорғанысын орнатты. Шеткері аймақтардың қаланың орталығына қарай шабуылын ұйымдастырды. 25 қазанда Ленин «Ресейдің азаматтарына!» аталған үндеу жариялады. Ол бойынша Уақытша үкімет құлатылып, билік Әскери-революциялық комитеттің қолына өтетіндігі туралы атап көрсетілді. Ал ӘРК билікті ІІ Бүкілресейлік Кеңестер Съезіне берді. 25 қазаннан 26 қазанға қараған түні Қысқы сарайда Уақытша үкімет қамауға алынды.

ІІ Бүкілресейлік Кеңес Съезі мен кеңестік мемлекеттіліктің қалыптасуы. 25 қазанда ІІ Бүкілресейлік Кеңес Съезі өз жұмысын бастады. Оған 402 кеңес делегаттары, армия, флот пен ұлттық шеткі аймақтардың мүшелері қатысты. Большевиктердің саны 525 делегат, яғни съезде тағайындалған адамдардың 50%-ын құрады.

Делегаттардың сауалнамасы нәтижесінде съезге қатысушылардың басым көпшілігі, яғни 670-тің 505 адамы «Барлық билік Кеңестерге!» деген ұранды қолдады. 300 мандат – большевиктерде, 193 мандат – эсерлерде (көбісі солшылдар), 68 мандат – меньшевиктерде, 14 мандат – меньшевик-интернационалистерде болды. РСДЖП-ның бір фракциясы съезде декларацияны жариялады. Ол бойынша 25 қазандағы оқиғалар әскери қастандық ретінде қарастырылды. Сондай-ақ, декларацияда ереуілдің большевиктермен Кеңес атынан басқа партиялар мен фракциялардың келісімінсіз жүзеге асырылған деп мәлімделді. Осы сипаттағы мәлімдемелерді Бунд партиясы мүшелері жасады. Сондықтан оңшыл эсерлер мен меньшевиктер, Бунд өкілдері билік туралы мәселені талқылағысы келмейтіндігін мәлімдеп, съезден кетіп қалды. Нәтижесінде II Съездің жұмысы большевиктердің басымдығымен өтті.

II Бүкілресейлік Кеңес Съезі социалистік революцияның жеңісі мен кеңестік биліктің орнатылғандығын жариялады. Съезде кеңестік биліктің алғашқы құжаттары қабылданды. Революцияның бірінші және басты сыртқы саяси мақсаты тұрақты бейбітшілікті орнату болғандықтан, съезд бірауыздан *Бейбітшілік туралы Декретті* қабылдады. Ол бойынша кеңестік үкіметтің барлық жаулап алушылық келісім-шарттардан толыққанды бас тартатындығы туралы мәлімделді. Сондай-ақ, барша күресуші халықтар мен олардың үкіметтеріне тез арада біріккен әділетті демократиялық бейбітшілікке келісу туралы келіссөздерді бастау қажеттілігі ұсынылды.

Екінші қабылданған құжат – *Жер туралы Декрет*. Ол бойынша барлық помещиктік жерлерді төлемсіз конфискациялау мен олардың халықтың қолына өтетіндігі қарастырылды. Жер туралы Декрет жергілікті шаруалық бұйрықтардың негізінде құрастырылған жалпы шаруалық Бұйрыққа енгізілді. Бұл бұйрық жерге жеке меншікті жою мен помещиктік жерлерді қайтарымсыз конфискациялау талабымен қатар, оны тең деңгейде пайдалануды жариялады. Тең деңгейде жерді пайдалану талабы большевиктер партиясының көзқарасымен үйлеспейтін еді. Осы арқылы компартия шаруалардың басым бөлігіне жеңілдік жасап, өз тарапына тартуға ұмтылды.

Үшінші қабылданған құжат – *билік туралы Декрет*. Ол кеңестік биліктің орнатылғандығын жариялады. Жоғарғы заң

шығарушы орган болып Бүкілресейлік Кеңес Съезі белгіленді. Құрамына большевиктер – 62, солшыл эсерлер – 29, социал-демократтар немесе меньшевик-интернационалистер – 6, украиндық социалистер – 3 адам кірген жаңа Бүкіл-ресейлік Орталық Атқару комитет (ЖОАК – ВЦИК) құрылды. Ол заң шығарушы, бұйрық беруші және бақылаушылық қызметтерге ие болды. Комитеттің төрағасы болып Л.Б. Каменев тағайындалды. 8 қарашада оның орнын Я.М. Свердлов ауыстырды. Кейіннен атқарушы комитет үкіметтің құрамын бақылау, қызметтен босату мен өзгерту құқығы берілген бөлімдер құрды.

Кеңес Съезінің шешімімен Құрылтай жиналысы шақырылғанға дейін уақытша жұмысшы және шаруалардың үкіметі – Халық комиссарларының Кеңесі құрылды. Ол заң шығарушылық бастама құқығына ие болды, бірақ Кеңестер Съезі мен атқарушы комитетке жауапты еді. Мемлекеттік басқару жүйесінің орталық органдарының арасындағы байланыстырушы институтқа Халық комиссариаты айналды. Халық комиссарларының Кеңесі Ресейдің үкіметі ретінде бекітілді. Сондай-ақ, оның өкілеттігінде заң шығарушылық және атқарушы қызметтің біріктірілуі жаңа биліктің ерекшеліктерінің бірі еді. Бірақ, үкіметтің құрамын қалыптастыру қағидалары бойынша съезде өткір талқылау болды. Большевиктер үкіметінің төрағасы ретінде В.И. Ленин тағайындалды. Халық комиссарлары ретінде: ішкі істер бойынша – А.И. Рыков, шаруашылық бойынша – В.П. Милютин, еңбек бойынша – А.Г. Шляпников, сауда және өнеркәсіп бойынша – В.П. Ногин, сыртқы істер бойынша – Л.Д. Троцкий, қаржы бойынша – И.И. Скворцов, ағарту бойынша – А.В. Луначарский, әділет бойынша – Г.И. Оппоков, азық-түлік бойынша – И.А. Теодорович, почта мен телеграф бойынша – Н.П. Авилов, ұлттар істері жөнінде – И.В. Сталин, әскери және теңіз істері бойынша комитетте – В.А. Антонов, Н.В. Крыленко мен П.Е. Дыбенко тағайындалды. Бірақ құрылған большевиктік үкімет тұрақсыз жағдайда еді. Сондықтан мемлекеттік төңкерілістің алдын алатын орган ретінде 1917 жылдың 24 қарашасында Қоғамдық қауіпсіздік комитеті құрылды. Сонымен қатар, тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін большевиктер солшыл эсерлерге оларды үкіметтің құрамына қосу туралы ұсыныс жасады. Солшыл эсерлер почта мен телеграф халық комитеттерін, шаруашылық пен әділет,

сонымен қатар, қайта құрылған мемлекеттік мүлік пен жергілікті басқару бойынша қайта құрылған халық комитеттерін басқарды. Солшыл эсерлер партиясының өкілдері басқа халық комитеттерінің орынбасарлары мен коллегия мүшелері қызметтеріне кірісті. Солшыл партиялардың өкілдері Кеңестік мемлекеттің басқа да орталық мемлекеттік мекемелеріне енгізілді.

1918 жылдың басында халық комитеттері негізінен қалыптасып бітті. Бір мезгілде Уақытша үкіметтің министрліктерінің қызметі тоқтатылды. Кеңестік биліктің Декретімен Экономикалық кеңес, халық шаруашылығы бойынша Мемлекеттік комитет пен оның канцеляриясы, Мемлекеттік Дума мен оның Уақытша комитетінің канцеляриясы және т.б. таратылды: 1917 жылдың 2 желтоқсанындағы Халық комиссарларының кеңесі жанында Халық шаруашылығының жоғарғы кеңесі (ХШЖК) құрылды. Оған Ресей империясының шаруашылық-экономикалық өміріндегі жетекшілік жүктелді.

ХШЖК-ның алдына қойылған міндеттердің бірі ретінде ұлт-тандырылған кәсіпорындарда жұмысшы басқаруын ұйымдас-тыру және оларда әлеуметтік өндірісті реттеу белгіленді. Кеңес барлық шаруашылық халық комиссарларының қызметін қадағалады. Оның құрамына кәсіпорындар мен фабрикалық-зауыттық комитеттердің өкілдері кіргізілді.

Кез-келген мемлекеттік құрылымның құрамдас бөлігі қоғамдық тәртіпті қорғау органдары болып табылады. Бастапқыда революциялық тәртіптің қорғанысын Петроградтық Әскери революциялық комитет атқарды. Ол 1917 жылдың желтоқсанында таратылды. Кейіннен оның қызметін Ішкі істер халық комиссариаты алмастырды. Оның қаулысы бойынша 1917 жылдың 28 қазанында жұмысшы-шаруалардың милициясы құрылды. Милиция жергілікті Кеңестердің бақылауында болды. Сондай-ақ, Ішкі істер халық комиссариатына (ІХК) бағынды. Ішкі істер халық комиссариаты 1917 жылдың желтоқсанында Уақытша үкімет кезінде қызмет еткен Милицияның бас басқармасын таратты. Халық комиссарларының кеңесі шеңберінде Контрреволюциямен күресу бойынша жалпыресейлік төтенше комиссия құрылды. Оны Ф.Э. Дзержинский басқарды. Комиссияның құрамына солшыл эсерлер партиясының мүшелері кірді.

Әділет саласындағы округтық соттар, сот палаталары, Басқарушы сенат, прокуратура, сот тергеушілері, жеке қорғаушылар институттары сияқты барлық бұрынғы органдар да таратылды. Әлемдік соттардың қызметі тоқтатылды. 1917 жылдың 22 қарашадағы Халық комиссарлары кеңесінің Декретімен төрағалар мен халық орынбасарлары кіретін халық соттары құрылды. Кеңестік билік үшін аса қауіпті қылмыстық істерді қарастыру революциялық трибуналдарға тапсырылды. Жаңа сот органдары Әділет бойынша халық комиссариатының бақылауында жұмыс істеді.

Революцияның бірінші күнінен бастап Кеңестік мемлекет алдында туындаған кезек күттірмеген мәселе қорғанысты қамтамасыз ету болатын. Елдегі армияда барлық әскери дәрежелер жойылды. Штабтар мен басқа да әскери мекемелерді бақылауға алған командирлерді таңдаудың жаңа қағидасы мен жауынгерлік комитеттердің институты енгізілді. Сонымен қатар ескі армияның демобилизациясы басталып, Әскери министрліктің қызметін Әскери және теңіз істері бойынша комитет атқарды. Ол 1917 жылдың қарашасында Әскери істер бойынша халық комиссариатына өзгерді. 1918 жылдың қаңтары-наурызында әскери аппараттан мыңдаған қызметкерлер шығарылды. Сондай-ақ бірқатар басқармалар, кеңестер қайта құрылымдық өзгерістерге ұшырады. 1918 жылдың 15 қаңтарында В.И. Ленин «Жұмысшы-шаруалардың Қызыл армиясы туралы» декретке қол қойды. Бастапқыда оның құрамына адамдар өз еркімен қабылданды. 1918 жылдың ақпанында Жұмысшы-шаруалардың Қызыл армиясын ұйымдастыру туралы декрет жарияланып, теңіз істері бойынша Комиссариат құрылды.

Жаңадан революциялық үкімет үшін аса маңызды міндет ретінде жаңа биліктің конституциялық негізін қалау болып белгіленді. Бірақ, жоғарғы заң шығарушы орган Құрылтай жиналысы бұл міндеттің жүзеге асуын қамтамасыз ете алмады. Құрылтай жиналысына сайлау 1917 жылғы қарашада буржуазиялық Уақытша үкіметпен белгіленген болатын. Басым дауысты социалист-революционерлер партиясының кандидаттары алды. Құрылтай жиналысындағы 715 депутаттың ішінде 412 өкіл эсерлер партиясынан болды. Большевиктер партиясы

183 мандатты иемденді. Ал монархистер мен кадеттерден бастап меньшевиктер мен анархистерге дейінгі басқа партиялар 120 орынға ие болды. «Барлық билік Кеңестерге!» деген ұранға «Барлық билік Құрылтай жиналысқа!» ұраны қарсы қойылды. Ресей социал-демократиялық жұмысшылар партиясы Орталық комитетінің шешімін орындау мақсатында Құрылтай жиналысын ашқан Бүкілресейлік орталық атқарушы комитетінің төрағасы Я.М. Свердлов 1918 жылдың 5 қаңтарында комитетпен бекітілген «Еңбекшілер мен қаналушы халықтың құқықтары декларациясын» жариялады. Бұл құжатта пролетариат диктатурасы, жерді ұлттандыру сияқты партияның негізгі саяси, әлеуметтік-экономикалық мақсаттары белгіленді. Құрылтай жиналысының басым көпшілігі құжатты талқылаудан бас тартты. Большевиктік фракция мәжілістен шығып кетті. 1918 жылдың 7 қарашасында Бүкілресейлік орталық атқарушы комитеті Құрылтай жиналысын тарату туралы бұйрық шығарды, ал үкіметтік әскерлер оны қолдау мақсатында жиналған Петроградтағы ереуілді тарқатып жіберді.

Құрылтай жиналысының таратылуынан кейінгі елдегі жалғыз жоғарғы органға Жұмысшылар мен жауынгер депутаттар кеңесінің бүкілресейлік съезі айналды. Ресейде Кеңестермен қатар, эсерлердің ерекше саяси ықпалында болған Шаруа депутаттардың кеңесінің жүйесі болды. 1917 жылдың қарашасында Шаруа депутаттардың кеңесінің төтенше Бүкілресейлік съезі өтті. Оның нәтижесінде Жұмысшылар мен жауынгер депутаттардың кеңесіне қосылатындығы шешім қабылданды. Кеңестердің соңғы бірігуі 1918 жылдың қаңтарында кеңестердің III съезінде аяқталды. Жұмысшылар, жауынгер мен шаруа депутаттардың III біріккен Бүкілресейлік съезінде 1647 депутат шешуші дауыспен және 219 депутат кеңесші дауыспен қатысты. 860 делегаттар большевиктер партиясынан болды. Съезд атқарушы комитеттің төрағасы Я.М. Свердлов мен ХКС-тың төрағасы В.И. Лениннің Кеңестік мемлекеттің жоғарғы органдары туралы есептерін қамтыған баяндамаларын тыңдады. Сондай-ақ, Еңбекшілер мен қаналушы халықтың құқықтары декларациясы қабылданды. Бұл кеңестік мемлекеттің ең алғашқы конституциялық актісі болатын. Съезд осы декларацияның бірінші пунктында-ақ Ресейдің мемлекеттік

құрылымын анықтады: «Ресей жұмысшылар, жауынгер мен шаруа депутаттардың Кеңесінің Республикасы болып табылады. Орталықтағы және жергілікті аймақтардағы барлық билік Кеңестерге жүктеледі».

Құрылтай жиналысының таратылатындығы туралы жарияланды. Сондай-ақ, «Жоғарғы мемлекеттік биліктің атауын өзгерту» туралы қаулы қабылданды. Кеңестік үкіметтің атауындағы уақытша сөзі алып тасталынды, яғни осы арқылы кеңестік жүйенің ұзақ мерзімдік билік жүйесіне айналатындығы мәлім болды. Декларация және федералды органдар туралы резолюцияның қабылдануымен Ресей Федерациясының кеңестік жүйе ретінде қалыптасуы аяқталды. Ал 1918 жылдың наурызында большевиктер партиясының атауы Ресейлік коммунистік большевиктер партиясы (РКП (б)) деп өзгертілді.

Кеңес билігінің шеткері аймақтарда орнатылуы. Бүкілресейлік съезде кеңестік биліктің орнатылғандығы жарияланғанымен, бұл саясат Ресейдің кей аймақтарында ұзақ жалғасты. Мәскеудегі әскери көтеріліс 1918 жылдың 25 қазан – 2 қараша аралығында болып, қантөгістік сипатқа ие болды. Әсіресе, кеңестік билікті шеткері ұлттық аймақтарда орнату қиынға түсті. Украинадағы Орталық рада, Беларусь радасы, Түркістандағы Қоқан автономиясы, Оренбург автономиясы (Алаш партиясы негізінде) сияқты өзіндік ұлттық мемлекеттік құрылымдарды құру идеясын ұлттық үкіметтердің қолдауы большевиктердің кеңестендіру саясатына қиындықтар туғызды. Күнгей Кавказда Мұсылмандық демократиялық партия – Мусават (Әзірбайжан), Дашнакцутюн (Армения), Антантаға мүше-мемлекеттердің қолдауымен біріккен үкімет – Кавказдық комиссариатты құрған грузиндық социал-демократтар болды. Кеңестер қызметі кең таралған Донбасс, Баку сияқты аумақтарда билік жүйесінің өзгерісі жылдам жүзеге асты. 1918 жылдың көктемінде Қызыл гвардияның қарулы жасақтары көмегімен Кеңестік билік Белоруссияда, Украинада, солтүстік Кавказда, елдің оңтүстік-шығыс бөлігінде және Забайкальде орнатылды. 1918 жылдың сәуірінде Орта Азия аумағында Түркістан автономдық кеңестік республикасы жарияланды.

1918 жылғы Конституция. Кеңестік биліктің жеңісінен кейін Ресей империясының үлкен аумағында 1918 жылдың көктеміне

таман заңнамада қалыптасқан қоғамдық қатынастарды бекітетін құжатты дайындау қажеттілігі туындады. Сонымен қатар, бұл құжат іс жүзінде «пролетариат диктатурасын» аталған билік құрылымын нығайтуы қажет болды. Елдің кейінгі дамуын анықтайтын басты құжат Конституцияны қабылдауға дайындық басталды.

Конституцияның мәтінін құрастыру дайындығына дүниежүзілік соғыстың жалғасуымен байланысты экономикалық дағдарыстың тереңдеуі, 1917 жылғы Қазан революциясынан кейін стихиялық үрдістердің таралуы (өнеркәсіп пен көліктің ұлттандырудың белең алуы, жердің «қара бөлінісі») мен осымен байланысты қалаларды азық-түлікпен қамтамасыз ету бойынша мәселелердің туындауы); саяси жағдайдың шиеленісуі сияқты бірнеше факторлардың әсері болды. Бұл кезеңнің бастапқы міндеті «Халықтарға бейбітшілік берілісін!» ұранын жүзеге асыру, яғни бірінші дүниежүзілік соғыстан шығу болып белгіленді (Брест-Литовск дағдарысы); партиялық әдістемелік нұсқаулары. Олар бойынша Конституциясының мәтіні дайындалып жатқан республика әлемдік социалистік революция немесе республикалардың федерациясына өту жолындағы өтпелі кезеңде екендігі қарастырылды; үкіметтің Петроградтан Мәскеуге көшуіне байланысты ұйымдастырушылық мәселелер қамтылды.

1918 жылдың 1 сәуірінде Бүкілресейлік Орталық Атқару комитеті Конституцияның жобасын дайындау бойынша Комиссияны құруға шешім қабылдады. Оның төрағасы ретінде Атқару комитетінің төрағасы Я.М. Свердлов тағайындалды. 1918 жылдың 3 шілдесінде жоба жарияланып, дәл сол күні V Бүкілресейлік кеңес съезінде талқыланғанға дейін партияның орталық комитетінің бекітілуіне ұсынылды.

Конституция мәтіні жалпы қағидаларды қарастырудан басталды. Алғашқы төрт тарау III Бүкілресейлік кеңес съезінде қабылданған Еңбекшілер мен қаналушы халықтың құқықтары декларациясын қайталады. Бесінші тарауда бірқатар ортақ ережелер қамтылды: республиканың федеративтік сипаты, шіркеудің мемлекет пен мектептен бөлінуі; сөз бостандығы, ой-пікір бостандығы мен жұмысшылар үшін жиналыс бостандығы (осы мақсатта олардың бақылауына газеттер, кітаптар мен брошюлар шығару үшін техникалық жабдықтар, жиналыстар өткізетін орындардың болуына кепілдік берілуі); барлық азаматтардың еңбекке

жауапкершілігі қағидасы бойынша жұмыс істеу міндеттілігі; барлық әскери қызметкерлердің міндеті республиканы қорғау; Ресей аумағында тұратын барлық еңбекшілер үшін азаматтық құқығын беру; саяси, діни себептермен қудаланатын шетелдіктерге баспана құқығын беру; нәсілдік және ұлттық белгілері бойынша барлық кемсітушілікті жою.

Конституцияның 6 және 8-ші тараулары орталық билікті ұйымдастыруға қатысты болды. Жоғарғы билік Бүкілресейлік кеңес съезі болып бекітілді. Ол мемлекеттік кеңестер өкілдері (бір депутатқа 25 мың сайлаушылар келеді) және губерниялық кеңестерден (бір депутатқа 125 мың тұрғын келеді) құралды. Бүкілресейлік кеңес съезі құрамында 200 адамнан тұратын Бүкілресейлік Орталық Атқарушы комитетті тағайындайды. Атқарушы комитет Халық комиссарлары кеңесін тағайындады, оның өкілеттігіне «Ресей Социалистік Федеративтік Кеңес Республикасын (РСФКР) жалпы басқару істері» жүктелді. Сонымен қатар, декреттер, қаулылар мен нұсқауларды шығару қызметін атқарды.

Тоғызыншы тарауда Бүкілресейлік кеңес съезі мен Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің қызметтерін белгіледі, ал 10-шы және 12-ші тараулар Кеңестердің облыстық, губерниялық, уездік, болыстық съездерін ұйымдастыруға және қалалық пен ауыл кеңестерін құруға арналды.

13-ші тарауда сайлау құқықтары айқындалды. «Өндірісте және қоғамдық пайдалы еңбек арқылы күнкөрінісін қамтамасыз ететін» барлық адамдар, жауынгерлер мен еңбекке қабілетсіздер сайлауға және сайлануға құқығы бар. Бірақ капиталдан түсетін пайдамен күн көретін және жалдамалы еңбекті пайдаланатын адамдар, жеке саудагерлер, монахтар мен діни қызметшілер, бұрынғы полицияның қызметкерлері мен агенттері сайлауға қатыса алмады.

РСФКР-дың Конституциясы 1918 жылдың 4-10 шілдесінде V Бүкілресейлік кеңес съезінде қабылданды. Бұл құжатта пролетариат диктатурасының үлгісі болған Жұмысшылар, шаруалар, қызыл гвардияшылар мен казак депутаттарының кеңестері мемлекеттік басқару жүйесінің негізін құрады. Ұлттық саясаттың негіздері қаланып, кеңестік федерацияның қағидалары жарияланды.

Конституция анық таптық сипатта болды. Бұл келесі шарттардан көрініс тапты: біріншіден, сайлау құқығының беру тәртібі. Екіншіден, конституция жұмысшы тапқа биліктің жоғарғы органдарын таңдағанда басымдықтар берді. Нәтижесінде, Бүкілресейлік съездерге тағайындалған губерниялық кеңес съездерінің делегаттарының саны қалалық кеңестерге қарағанда төрт есе артық болды. Конституция бойынша кеңестерге көптеген құқықтар берілді. Жүктелген әкімшілік орындарда олар мемлекеттік биліктің жоғарғы органдары ретінде мойындалды және тек жоғары тұратын кеңестерге бағынады. Сонымен қатар, кеңесті биліктің барлық органдарының қызметінің негізіне демократиялық орталықтандыру қағидасы енгізілді. Ол жергілікті бастамалар жүзеге асыру үшін және жалпы мемлекеттік мүдделерді қорғауға ыңғайлы жағдайлар жасады. Іс жүзінде кеңестер бюрократиялық органдарға айналды. Елдің саяси-экономикалық және мәдени өмірінің барлық мәселелері партиялық органдармен шешілді. 1918 жылғы РСФКР-дың конституциясының қабылдануымен, халықаралық қатынастар сахнасында Ресей Социалистік Федеративтік Кеңес Республикасы пайда болды.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:

1. Ақпан революциясының себептері қандай?
2. Ресейдегі саяси дағдарыстар қашан болды және себебі қандай?
3. Қазан революциясының алғышарттарына тоқталыңыз.
4. Қазан революциясы кезеңіндегі Ресейдің жағдайы қандай болды?
5. II Бүкілресейлік кеңес съезінің кеңес мемлекеттілігін қалыптастырудағы рөлі қандай болды?

Практикалық сұрақтар:

1. Қазан революциясын ұйымдастырудағы большевиктердің рөлін ашып көрсетіңіз.
2. 1918 жылғы Конституцияның мазмұнын талдаңыз.

1.3. Азаматтық соғыс: себептері мен кезеңдері, нәтижесі

Ресейдегі азаматтық соғыстың себептері мен әскери интервенция. Ресейдегі азаматтық соғыстың себептерін қарастырмас бұрын азаматтық соғыс түсінігіне тоқталған дұрыс болар.

Азаматтық соғыс – бұл әр алуан әлеуметтік топтар мен саяси ағымдар арасындағы мемлекеттік билік үшін ұйымдасқан қарулы күрес, әлеуметтік күрестің ең күрделі формасы.

Ресейдегі азаматтық соғыс және оның кезеңдік ерекшелігіне қатысты бірнеше көзқарас бар. Оларды қарастыратын болсақ, Ресейдегі азаматтық соғыстың мәні айқындала түседі:

1) азаматтық соғыс – ресейлік тарихтағы терең таптық қайшылықтардың кезеңі. Сәйкесінше ол 1917 жылдың қазанынан басталып, 1922 жылдың күзінде Қиыр Шығыстағы Ақ армияның әскери талқандалуымен аяқталды;

2) азаматтық соғыс – тараптардың арасындағы қарама-қайшылықтарды қарулы күштердің көмегімен шешу әдісі. Ол 1918 жылдың ортасынан басталып, 1920 жылдың аяғына дейін әскери әрекеттердің әлі де жалғасып жатырған уақытына дейінгі аралықты қамтиды;

3) азаматтық соғыс – бұл таптар мен қоғамдық топтардың арасындағы қарама-қайшылық; оның басқа соғыстардан ерекшелігі нақты уақыттық немесе кеңістік шекараларының болмауында.

Осындай түсіндірмелер көп бола тұра, барлығын біріктіретіні азаматтық соғыстың тараптардың арасындағы қарама-қайшылық ретінде түсіндірілуі.

Ресейдегі азаматтық соғыстың себептері:

Біріншіден, большевиктік үкіметтің ішкі саясатындағы қоғамды қайта құруға қатысты мақсаттары оларға жету әдістерімен сәйкес келмеді. Бұл Уақытша үкіметтің құлатылып, Құрылтай жиналысының таратылуы; кеңестік үкіметтің әлеуметтік-экономикалық және саяси іс-шараларының большевиктерден демократиялық зиялы қауым, казактар, кулактар мен орта тапты алшақтатуында көрініс тапты.

Екіншіден, биліктен шеттетілген әлеуметтік топтар өздерінің ерекше артықшылықтарын сақтап қалуға ұмтылды.

Барлық жерлердің ұлттандырылуы мен помещиктік жерлердің конфискеленуі бұрынғы жер иелерінің қиян-кескі қарсылығын тудырды. Сонымен қатар, өнеркәсіптің ұлттандырылуы, тауар-ақша қарым-қатынастарының жоюылуы, өнімдер мен тауарларды бөлісудің мемлекеттік монополияның қолына өтуі орта және ұсақ буржуазияның мүліктік жағдайына қатты соққы болып тиді.

Үшіншіден, 1918 жылдың қаңтарында III Бүкілресейлік кеңес съезінде «Жердің социализациясы туралы» заңның қабылдануы жағымсыз салдарларға әкелді. Ең алдымен, халықтың ауқатты тобының наразылығы артты. Жерді жарналар (пая) бойынша бөлу ірі шаруалық шаруашылықтарға және хутор тұрғындарына соққы болып тиді. Сондай-ақ, қалаларда аштық қаупі пайда болды. Қала мен ауыл арасындағы, жұмысшылар мен шаруалардың қарым-қатынастар ашық қақтығысқа ұласты. Себебі, шаруалар бостандық түсінігін ең алдымен, нарықтың бостандығымен байланыстырып, қатаң бағалар мен мемлекеттік монополиялар саясатын мойындамады. Мысалы, Халық комиссарлары кеңесінің 1918 жылдың 14 мамырдағы декреті бойынша қатаң бағалардың енгізілуі, алып-сатарлықпен күресу, жеке саудаға тыйым салу, азық-түліктік бөлімдер мен арнайы азық-түліктік армияны құруды қарастырған азық-түліктік диктатураның тәртібі жарияланды. Осы құжатқа қарсылық ретінде шаруалар салықтар мен жалдамалық төлемдерді төлеуден, азық-түлікті тауарларды дайындауда қатысудан жалтарды; олардың банк несиелерін қайтармауы қаржы жүйесінің құлдырауына ықпал етті. Сонымен қатар, ауылдағы халықтың ауқатты бөлігі мен кедейлердің арасындағы қарама-қайшылық пісіп жетілді. Азық-түлікті күшпен бөлумен айналысқан төтенше органдар – кедейшілік комитеттері Кеңестерді биліктен аластатты. Оларда бақуатты ауыл тұрғындары басым болды.

Саяси дамудағы проблемалар да азаматтық соғыстың басталуына әкелді. Бірпартиялық саяси жүйе және «пролетариат диктатурасының» құрылуы большевиктерді социалистік партиялар мен демократиялық қоғамдық ұйымдардан алшақтатты. 1917 жылғы қарашадағы «Революцияға қарсы азаматтық соғыс көсемдерін тұтқындау туралы» және «қызыл террор» туралы декреттер арқылы большевиктік басшылық заңды түрде өзінің саяси қарсыластарын күшпен жазалауға құқығын рәсімдеп алды.

Сондықтан меньшевиктер, оңшыл және солшыл эсерлер, анархистер жаңа билікпен ынтымақтасудан бас тартып, азаматтық соғысқа қатысты.

Ресейдегі азаматтық соғыстың басты ерекшелігі – ішкі саяси күрестің шетелдік интервенциямен астасуында. Халықаралық құқықта *интервенция* сөзі бір немесе бірнеше мемлекеттің өзге мемлекеттің ішкі істеріне немесе үшінші бір мемлекеттермен қарым-қатынастарына күшпен араласуы ретінде түсіндіріледі. Интервенция сипаты бойынша әскери, экономикалық, дипломатиялық және идеологиялық болуы мүмкін.

Ресейдегі әскери интервенция 1918 жылдың наурызында басталып, 1922 жылдың қазанында аяқталды. Әскери интервенция сипатында жүзеге асқан Антантаға мүше-мемлекеттердің Ресейдің ішкі істеріне араласуы бірнеше себептермен байланысты еді: Батыстың жетекші мемлекеттерінің Ресейдегі жаңа саяси билік формасын мойындамауы; әлемдік революция туралы большевиктік ұранын батыс мемлекеттерінің қабылдамауы, шетелдік меншікті ұлттандыруға қарсы болу және шетелдік қарыздарды төлеуден бас тарту; Ресейдің одақтастық міндеттемелерін орындамай, соғыстан шығуына қарсы наразылығы; жеке экономикалық және геосаяси мүдделер.

Әскери интервенцияның даму барысы. Кеңес билігінің жариялануы және Ресейдің құлауы әлемдік күштердің арасалмағына елеулі соққы ретінде тиді. Ресей геосаяси орналасуы тұрғысынан Еуропа мен Азия арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етуде маңызды еді. Антанта елдері большевиктер билігінің күшеюін болдырмау үшін елдің ішкі ісіне араласуға тырысты. Бұл жоспарға сәйкес Ресей Сібір, Кавказ, Украина, Қиыр Шығыс сияқты 3-4 әлсіз мемлекеттерге бөлініп кетеді. Германия мен Түркияның ықпалының күшеюінің алдын алу және әлемдегі күштердің арасалмағын сақтап қалу үшін Антанта мемлекеттері Ресейде ықпал ету аймақтарын бөлісіп алып, тұрақтылықты қамтамасыз ететін осы аймақтардағы күштерге қолдау көрсетуге шешім қабылдады. АҚШ пен Жапония – Сібір мен Қиыр Шығыстағы, Англия – Кавказ, Дон мен Орта Азиядағы антикеңестік күштерге, ал Франция – Қырым, Украина мен Бесарабиядағы антикеңестік күштерге көмек көрсетуі қажет болды. 1918 жылдың наурызында тікелей әскери интервенция жо-

лымен антикеңестік күштерді қолдау туралы шешім қабылданды. Басты мақсат «Ресейдегі большевизмді жою мен қатаң тәртіптің орнатылуын қолдау» болып белгіленді.

Әскери интервенция Ресейді германдық әскерлердің басып алуымен басталды. Олар Украина, Қырым мен солтүстік Кавказ бөлігін жаулап алды. Румыния Бесарабияға мүдделестігін байқата бастады. Антанта мемлекеттері Брест бітімін мойындамайтындығын және Ресейдегі келешектегі ықпал ету аймақтарын бөлісу туралы келісімге қол қойды. 1918 жылдың наурызында британдық, американдық, канадалық, серб және итальяндық әскерлер Мурманскіге орналасып, сосын Архангельскіде бекінді. Сәуірде Владивосток жапон десанттарымен алынды. Біршама күннен соң Қиыр Шығыста да ағылшындықтар, француздықтар мен канадалықтардың әскери жасақтары пайда болды.

1918 жылдың мамырында Қиыр Шығыстағы Транссібір магистралі бойынша кеңес үкіметі жіберген чехословакиялық әскери бөлімнің жауынгерлері көтерілді. Батыс мемлекеттерінің жоспары бойынша бұл әскери күштер Францияға жеткізіледі деп жоспарланды. Нәтижесінде көтеріліс Волга жағалауы мен Сібірдегі кеңестік биліктің құлауына әкелді. Бірақ, интервенциялық корпустағы жауынгерлердің саны көп болмады. 1919 жылдың 1 мамырында оның саны шамамен 202,5 мыңды құрады, соның ішінде 80 мыңын – жапондықтар, шамамен 45 мыңын – ағылшындар, шамамен 42 мыңын – чехословактар, 13,5 мыңын – француздар және т.б. құрады. Интервенттер көбінесе ел орталықтарынан қашық порттарда шоғырланды. Олар Ресейдің аумағындағы қызу қарулы қақтығыстарда қатыспады, Қызыл Армия да интервенттерге қарсы шабуылдар ұйымдастырмады. Алайда, дислокация аумақтарында революциялық толқулар мен партизандық қозғалыстар аяусыз басып-жаншылып, большевиктер қырып жойылды.

Интервенцияны қолдаушы батыс мемлекеттері антикеңестік күштерге қаруландыру, қаржыландыру және материалдық қамтамасыз ету арқылы көмектесті. Мысалы, Англияны алар болсақ, ол толығымен Колчак армиясының 200 мың адамын әскери киім, қару-жарақпен қамтамасыз етті. 1919 жылдың наурызында Колчак әскері АҚШ-тан 394 мың винтовка, 15,6 мың патрон алды. Деникин де Румыния үкіметінен 300 мың винтовка алды. Шетел

мемлекеттері антикеңестік күштерді аэропандар, броневиктер, танкілер, автокөліктермен қамтамасыз етті. Яғни, Ресейдегі антикеңестік күштердің материалдық негізі басым жағдайда шетел мемлекеттерінің көмегімен қалыптасты. Әрине, антикеңестік күштерге батыс мемлекеттері қаржылық қолдауды да көрсетті. 1917 жылдың желтоқсаны – 1918 жылдың қаңтары аралығында ерікті армияға ірі қаржылық субсидиялар берілді: 305 мың рубль – француз әскери министрлігінен, 925 мың рубль – арнайы қаржы көздерінен, 500 мың доллар – АҚШ-тан, 60 мың фунт стерлинг – Англиядан түсті. Осылайша Ресейдегі азаматтық соғыс шетел мемлекеттерінің әскери-саяси тұрғыдан ішкі істерге белсенді түрде араласуымен сипатталды.

Кеңестік кезеңнің тарихнамасында Қызыл Армия мен кеңестік биліктің азаматтық соғыстағы ішкі саяси күштердің қарсылығын және интервенцияны жеңуі коммунистік партияның көрегенділігімен, бұқара халықтың ерік-жігерінің күштілігімен, революциялық энтузиазм және жұмысшы шаруалардан құралған жауынгерлердің қабілеттілігімен түсіндіріледі. Қазіргі тарихнамада қызыл әскердің жеңісі ең алдымен, қызыл террор және ақ қозғалыс өкілдерінің бытыраңқылығымен байланыстырады. Сонымен қатар, азаматтық соғысты нағыз жеңімпаздары болуы мүмкін емес халық трагедиясы ретінде түсіну сипатында көзқарас қалыптасуда.

Азаматтық соғыстың кезеңдері. Азаматтық соғысты Ресей тарихшылары бес кезеңге бөліп көрсетеді:

Бірінші кезең – 1917 жылдың қазаны – 1918 жылдың мамыры аралығын қамтиды. Кеңестік жаңа билік әлеуметтік топтар мен партиялық бірлестіктердің қарсылығын туындатты. Большевиктер өз нұсқауларымен солшыл эсерлер мен олардың баспаханаларынан басқа барлық саяси партиялардың қызметіне тыйым салды. Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің декретімен Құрылтай жиналысы таратылды. Елде жергілікті басқару жойылды.

Большевиктер «мүлігі бар» таптарға және өзге партияларға кіретін адамдардың жағдайын қиындатты. Кәсіпорындардың ұлттандырылуы, помещиктік иеліктерді жою нәтижесінде олардың иелері өмір сүру үшін қажетті мүліктерінен айырылды. Офицерлердің бір бөлігі, «мүлкі бар таптар» және зия-

лы қауым жаппай еңбек етуге міндеттілігінің енгізілуіне наразы болғандықтан, азаматтық соғыстың бірінші кезеңінде антибольшевиктік қозғалыстың әлеуметтік негізі қалыптасты. Бұл кезеңде жаңа билікке қарсылық Керенский-Красновтың бүлігі, Дондағы Ерікті армияның құрылуы, эсерлік топтардың дәстүрлі лаңкестік әрекеттері білдіру әрекеттерінен көрініс тапты.

Большевиктердің жағдайы неміс әскерлерінің шабуылымен күрделене түсті. 1918 жылдың 3 наурызында Брест бейбіт келісіміне қол қою нәтижесінде кеңестік үкімет 50 млн. халқы бар үлкен аумақтан айрылды.

Екінші кезең 1918 жылдың жаз-күз айлары. Ол ауылдағы аграрлық революцияның басталуымен байланысты соғыстың шырқау шегі кезеңіне жетуімен сипатталды. 1918 жылдың жаз айларында большевиктер нан тағамдары бойынша монополиясын күшейтіп, азық-түліктік диктатураны енгізді. Жаңа биліктің мұндай аграрлық саясаты ауқатты шаруалар мен орта таптың наразылығын тудырды. Осы арқылы большевиктер контрреволюцияның әлеуметтік негізін қалыптастыруға ықпал етті. Германияның теңсіз келісімге қол қоюы бейтарап ұстанымда болған немесе большевиктермен ынтымақтасудан бас тартқан офицерлердің оларға қарсылығын тудырды.

Кеңес билігі ауыр жағдайда қалды, яғни Мурманскідегі орныққан ағылшын, француз және американдық әскерлер барлық Қиыр Шығысты жаулап алды. Краснов, Путов бастаған армия және Деникиннің ерікті армиясының басшылығымен дондық және кубандық казактар тобы белсенділігін таныта бастады. 1918 жылдың жазында шаруалардан құралған ереуілдік жасақтарға сүйенген оңшыл социалистік партиялар Архангельск, Самара, Томск, Ашхабад және т.б. губернияларда үкіметтер құрды. Олардың бағдарламалары Құрылтай жиналысын шақыру, азаматтардың саяси құқықтарын қалпына келтіру, бірпартиялық диктатурадан бас тарту және шаруалардың шаруашылығын қатаң реттеу талаптарын қамтыды.

Құрылтай жиналысының Комитетінің мүшелері осы кезеңде белсенділігін байқатты. Бұл эсерлік ұйым болды. Оның төрағасы – В.К. Вольский еді. Комитеттің басшылығымен 1918 жылдың 8 маусымында Құрылтай жиналысының Комитеті Самарада

құрылып, ол Самара, Саратов, Қазан, Симбирлік және Уфа губернияларын басқарды. Комитет өз билігін орнатқан аймақтарда бірқатар іс-шараларды жүзеге асырды: демократиялық билікті қалпына келтірді, 8 сағаттық жұмыс уақытын енгізді, жұмысшы және шаруалардың съездеріне рұқсат берді, кәсіподақтардың конференциясын шақыртты, жұмысшы депутаттардың Кеңесін шақырды және Халық армиясын құрды. Бақылаудағы аймақтарда кеңестік биліктің декреттерінің күші жойылып, бұрынғы иелеріне кәсіподақтары қайтарылды, кеңестік үкіметпен кодификацияланған жерлер помещиктерге қайтарылды.

Сонымен қатар 1918 жылдың 23 қыркүйегінде уақытша Бүкілресейлік үкімет ретінде Уфа директориясы құрылды. Бұл үкіметте басым орынды эсерлер мен меньшевиктер иемденді. Директорияның алдына қойған мақсаты ретінде Ресейді қалпына келтіру, соғысты жалғастырып, Антанта мемлекеттерімен келісімдерді қалпына келтіру белгіленді. Сондықтан буржуазиялық сипаттағы үкіметтің ықпалын кеңейтуге ұмтылды.

Большевиктер тұрақты Қызыл Армияны қалыптастыра бастады, репрессиялық органдардың ұйымдастырушылық құрылымын құрып, мемлекеттік деңгейде жаппай террорды жүзеге асырды. 1918 жылдың күзінде большевиктер Самара, Симбирск, Қазан сияқты бірқатар қалаларды басып алды.

Үшінші кезең – 1918 жылдың қарашасы – 1919 жылдың көктемі аралығын қамтыды. Бұл – тұрақты Қызыл мен Ақ армиялардың қарсылығы кезеңі. Кеңестік билікпен қарулы күресте «таза ақ гвардияшылдар» (кадрлық офицерлер) басымдыққа ие болып, өзгелерге қарағанда көп нәтижелерге қол жеткізді. Контрреволюция лагерінің әлеуметтік-саяси күштерінің алшақтығы айқындалды. Революциялық демократияның бір бөлігі кеңес билігі тарапына өтті.

Азаматтық соғыстың осы кезеңінде екі тараптың да белсенділігі байқалды. Мысалы, эсерлер мен меньшевиктер өз ықпалын күшейту мақсатында барлық облыстық және ұлттық казактардың үкіметтердің таратылуына қол жеткізді. 1918 жылдың 3 қарашасында директорияның қарамағына Омскідегі 1918 жылғы маусымда құрылған Уақытша Сібір үкіметі өтті. Шаруалардың эсерлер мен меньшевиктер бастаған демократиялық үкіметке

көзқарасы олардың жергілікті халықты әскерге алу арқылы жеке қарулы күштерін құру ұмтылыстарынан кейін өзгерді. Кеңестік үкімет Германиядағы революциялық жағдайлармен байланысты Брест бітімінің күшін жойды. Сонымен қатар, Украина, Белоруссия, Прибалтика аумағынан неміс әскерлерін шығарып тастады. Ресейдің оңтүстігінде генерал Деникиннің, солтүстік-батысында Юденичтің, солтүстікте Миллердің, Сібірде адмирал Колчактың билігі күшейеді. Шығыс майдан азаматтық соғыстың негізгі майдан шебі болып жарияланды.

Төртінші кезең 1919 жылдың көктемі – 1920 жылдың көктемі аралығы. Бұл – Ақ армиялардың әскери жеңілісі кезеңі. Большевиктер орта шаруаларға қатысты қарым-қатынасын өзгертіп, «олардың жағдайына аса үлкен ұқыптылықпен қарау қажет және жергілікті билік тарапынан құлдырауын болдырмаған дұрыс», – деп мәлімдеді. Шаруалар осыдан кейін кеңестік биліктің тарапына өтті.

Ақ гвардияшылдар 3 ірі, бірақ ұйымдаспаған Ресейдегі орталықты бақылап отырған большевиктерге қарсы шабуылды жүзеге асырды. Генерал Деникин мен адмирал Колчак бастаған екі ірі армияның әр түрлі уақытта шабуыл жасап, әрқайсысы бірінші болып астанаға кіруге тырысқанына қарамастан, большевиктер сенімді түрде төтеп беріп, тұтқиылдан шабуылға көшті. 1919 жылдың қарашасының аяғында Қызыл Армия ақ гвардияшылардың негізгі күштерін талқандады.

Бесінші кезең – азаматтық соғыстың соңғы кезеңі. 1920 жылдың қарашасында Оңтүстік майданның әскерлері Қырым аумағын толыққанды басып алды. Ресейдің ішінде шаруалардың антикеңестік толқуларын басқарған эсерлер мен меньшевиктердің ықпалы күшейді. Жаңа биліктің шаруалармен қарым-қатынасында өткір қақтығыс пайда болды. Ол ақ армиялардың басты күштерінің талқандалуынан кейін орта және ауқатты шаруалар тобының әскери коммунизм саясатымен байланысты болды. «Әскери коммунизм» саясатына жаппай қарсылық көрсету арқылы шаруалар большевиктердің одан бас тартып, жаңа экономикалық саясатты енгізуіне итермеледі. Экономиканың либерализациясы азаматтық соғыстың біртіндеп басылуына ықпал етті.

Азаматтық соғысты қарастырғанда, олардың кезеңдік ерекшелігімен қатар, соғысқа қатысушы ел ішіндегі саяси күштерге

тоқталу аса маңызды. Әсіресе, азаматтық соғыста қатысушылар ретіндегі «ақтар», «қызылдар» және «жасылдар» сияқты әр алуан саяси ағымдардың өзара әрекеттесуі мен күресі ерекше назар аударуды қажет етеді. Осы қатысушылардың саяси бөлінісі әлеуметтік белгілер бойынша жүзеге аспағандығы да қызығушылықты тудырады. Соның дәлелі, біріншіден, Қызыл мен Ақ армиялардың құрамы бір-бірінен айырмашылығы болмады. Жұмысшы-шаруалардың Қызыл армиясының басты сүйеуі ең алдымен, офицерлік топ болды. Ал Ақ армияның басым бөлігі шаруалар, казактар мен жұмысшылардан құралды. Мысалы, ең соғысқа қабілетті әскери топтардың бірі Колчактың Ижевск-Воткиндік дивизиясында жұмысшылар маңыздылыққа ие болды.

Екіншіден, тұрғылықты тұратын жерінің ерекшеліктері, ұлт, дін және тағы басқа да кездейсоқ факторлар елеулі рөлге ие еді. Кейде адамның жеке таңдауы емес, ал әр түрлі топтарға кіруге ықпал ететін белгілі бір жағдайлардың болуы шешуші рөл атқаратын еді.

Үшіншіден, адамның кімнің мобилизациясына түскендігі ықпал етті. Сонымен қатар, оның кімнің бұйрықтарын орындауға мәжбүр екендігі, биліктің оған және отбасына қатысты көзқарасының қандай екендігі, оның туысқандары мен достары кімнің қолынан тауып, зардап шеккені немесе қай саяси топта күрескені маңыздырақ болды.

Нәтижесінде азаматтық соғыстағы қатысушылардың да әлеуметтік құрамы әр түрлі еді. Оған адамдар өз еріктеріне қарамастан, тартылуы тиіс жағдайлар орын алды.

Ақ қозғалыс. Азаматтық соғыстағы большевиктердің басты қарсыласы ретінде «Ақ қозғалыс» қалыптасты. Бұл қозғалыс коммунистерге қарсы күрескен офицерлердің наразылығынан бастау алды. Олар өздерін отансүйгіштіктік игі идеяларымен алға ұмтылушы еріктілер деп атады. Бірақ азаматтық соғыс кезінде «ақ қозғалыс» бастапқы қызмет ету уақытына қарағанда шыдамсыздығын, шовинистік көзқарастарын байқата бастады. Егер большевиктер «буржуй» тобындағы топпен күресуге тырысса, «ақтар» кез келген қарсыласына «коммунист» деген ат тағып, ешбір заңсыз сол тұрған орнында атып тастауы мүмкін болды.

«Ақ қозғалыстың» негізін қалаушылар болып генералдар М. Алексеев, Л. Корнилов, А. Каледин кіретін «триумвират»

есептелді. Генерал М. Алексеев Ресейдің барлық аймақтарына, офицерлерге, әскери топқа «большевизмнен» құтылу үшін Новочеркаскіге ерікті армияны қалыптастыруға шақырды. Бастапқыда оңтүстікке Петроград, Мәскеу, Киевтен келген 200 офицер болды. Кейіннен полковник Дроздов бастаған офицерлердің жасағы румындық майданнан келіп қосылды. Алғашқы кезде ерікті армияның саны 4 мың адамды құрады. Деникинге ерікті армияны басқару тапсырылды. Большевиктердің соққыларымен армия Кубаньға қарай шегінуге мәжбүр болды. Генерал Каледин өзін-өзі атып тастады. Ал генерал Корнилов тікелей снарядтан қаза тапты. 1918 жылдың 8 қаңтарында Торговая бекетінде А. Деникин мен П. Краснов Ресейдің Оңтүстік бөлігінің қарулы күштерін құру туралы келісімге қол жеткізді. Оның құрамына бастапқы уақытта Ерікті армия мен Донның ақ гвардиялық армиясы кірді. Кейіннен өзге де ақ гвардиялық армиялар кіре бастады. Қарулы күштердің бас қолбасшысы 1918 жылдың 8 қаңтарынан 1920 жылдың 4 сәуіріне дейін А. Деникин, сосын П. Врангель болды.

Ақ қозғалыстың негізгі күштерінің өзі бірнеше әлеуметтік топтардан құралды. Бірінші топқа ресейлік самодержавиені қалпына келтіруді жақтаушылар кірді. Олардың идеяларының бастаулары ұлы орыс ұлтшылдығы, басқа халықтарға кемсітушілікпен қарау, антисемитизм болды. Бұл топтағы күштер өткенді аңсап, шынайылықпен санасқысы келмеді. Екінші топқа армияның офицерлік корпусы кірді. Бірінші дүниежүзілік соғыс оның құрамы, әсіресе төменгі және орта бөлігі өзгерді. Егер офицерлік топтың жоғарғы шендері көбінесе дворяндардан құралса, орта және төменгі бөлігін ұсақ саудагерлер мен қолөнершілер, шаруалар, жұмысшыларды қамтыды. Олардың құрамының саяси өзін-өзі анықтауда Лениннің партиясының Брест бітіміне қол қоюы ықпал етті. Соғысты аяғына дейін жеткізуге мүдделі болған офицерлік топ үшін бітімге келу жеңіліспен, жаудың алдында тізе бүгумен теңестірілді. Офицерлердің тобы өздеріне қатысты сенімсіздік тудырып, себепсіз абақтыларға қамалып, тіпті арнайы лагерьлерге қамалу нәтижесінде жаңа билікке наразылығы арта бастады. Мысалға алар болсақ, Челябинскідегі 1918 жылдың мамырындағы белочехтердің ереуілі кезінде Қызыл Армияда қызмет еткен 120 офицердің 112-сі қарсыластың тарапына өтіп, 8 ғана

кеңестік билікке адалдығын байқатты. Нақты офицерлер қарулы антикеңестік күштердің негізі болды, бірақ олардың Ресейдің келешегіне қатысты көзқарастары әр түрлі еді. Бірі Құрылтай жиналысын жақтаса, екіншісі тақтағы Романовтар әулетінің билігінің қалпына келуін, ал үшіншілері әскери диктатураны құруды қолдады. Бірақ монархиялық көңіл-күй басым болды. Сондықтан орыс офицерлерінің жіктелу үрдісі аса күрделі және көп жағдайда таптық және әлеуметтік тиесілігіне сәйкес келмеді.

Ақ қозғалыстың үшінші әлеуметтік негізін казактар құрады. Ресейде шамамен 13 казак әскери бірлестіктері болды. 1919 жылдың басында Дон казактары оларға автономияны уәде еткен А. Деникинмен бірікті. Бірақ казактардың соңғы шешімді қабылдауына Ресей коммунистік партиясы Орталық комитетінің 1919 жылдың 24 қаңтарындағы құпия нұсқауы әсер етті. Ол бойынша казак жерлеріндегі кеңестік биліктің өкілі басқа халықтар болып жарияланды. Казактандыру үшін қатаң репрессивті іс-шаралар бағдарламасы ұсынылды.

Төртінші тобын Ресейдің батыстық бағытта дамуын жақтаған адамдар құрады. Олардың ішінде либералдық зиялы қауым, яғни кадеттердің өкілдері, басқа буржуазиялық партиялардың мүшелері, қаржыгерлер, батыстық көзқарастағы зиялы қауым өкілдері айрықша маңыздылыққа ие болды. Осы қозғалыстың көшбасшылары Родзянко, Милуков, Львов, Струве және т.б. кірді. Олар буржуазиялық контрреволюцияның басты күштері аталды.

Осылайша ақ қозғалыстың негізгі әлеуметтік құрамы, монархиялық, кадеттік, октябристік партиялар мен ұйымдар, әскери диктаторлық тәртіптер, меньшевиктер мен эсерлердің жетекші топтары болды. Сонымен қатар, олардың құрамына тәжірибелі әскери офицерлер мен казактармен қатар, тіпті сібірлік шаруалар мен жұмысшылардың кейбір бөлігі де кірді.

Ақ қозғалыс өкілдерінің нақты дайындалған саяси бағдарламасы болмады. Кейбір генералдардың елдің келешегін Құрылтай жиналысы шешеді деген мәлімдемелері ақ қозғалыстың мақсатын айқындамады. Тек ерікті армияның құжаттарында ғана ақ қозғалыстың бағдарламасы қарастырылды. Оның негізгі мақсаты – ақтардың әр түрлі бөліктерін біріктіру мен төменгі топты тарту, яғни шаруалар мен жұмысшыларды тарту; большевиктік

анархияны жою мен елде құқықтық тәртіпті енгізу; алып, ұлы және бөлінбес Ресейді қалпына келтіру; Ұлттық жиналысты жаппай сайлау құқығы негізінде шақыру; енбекші таптардың мемлекетпен және капиталмен қаналуынан сақтайтын жұмысшы заңнамасын енгізу. «Ақ қозғалыстың» идеологтары А.И. Гучков, Н.Н. Львов, П.Б. Струве, В.В. Шульгин және тағы басқалар болды. Олар Ресейді интернационалдың озбырлықтан құтқарудың «ұлттық идеясын» насихаттады. Кеңес билігінің құлауынан кейін әскери диктатураны орнату қарастырылды.. Осылайша, ақ қозғалыс империядан кейінгі қалыптасқан шынайы жағдайды назарға алмады. А. Деникин Украинаны Ресейдің оңтүстігі деп атады. «Немістермен бейбітшілікке де, соғыс та керек жоқ. Күшімізді арттырғаннан кейінгі басты күн тәртібіндегі мәселе – германдық әскерлерді қуып шығару» деген ұранды ұстанды. Ал Эстония аумағында әскери бөлімдері орналасқан генерал Юденич Балтық елдерінің тәуелсіздігін мойындаудан бас тартты.

Деникин Ресейдің оңтүстігіндегі ақ қозғалысты басқара отырып, кеңестік билікке қарсы «ақ майданның» құрылуын ерекше бақылады. Ресейдің шығысындағы адмирал Колчакпен және солтүстік-батыстағы генерал Юденичтің, солтүстіктегі Миллердің әскерімен байланыс орнатылды. 1919 жылдың мамырында Деникин адмирал Колчактың «Орыс мемлекетінің Жоғарғы билеушісі және орыс армияларының бас қолбасшысы» ретінде мойындады. Колчак ризашылығына жауап ретінде Деникинді өзінің Ресейдің оңтүстігіндегі орынбасары ретінде тағайындады.

Әскери коммунизм саясаты. Билік басына келгеннен кейінгі большевиктер өзгерістерді жүзеге асыра бастады. 1918 жылғы Конституция негізінде кеңестік биліктің құқықтық негізі қаланғаннан кейін жаңа билік социализмді күшейту мақсатында өзіндік саясатты жүргізе бастады. Бұл саясат тарихта «әскери коммунизм» деген атауға ие болды. 1918 жылдың жазы мен 1921 жылдың басы аралығындағы кеңестік үкіметінің ішкі саясаты осылай аталды. Оның қалыптасуына бірпартиялық большевиктік диктатураның орнатылуы, алып мемлекеттік аппараттың құрылуы, капиталға «кавалериялық шабуылдың» тәжірибесі мен 1918 жылдың көктемі-жазындағы әскери-саяси қысым көрсетілудің нәтижесі ықпал етті.

Әскери коммунизм саясаты большевиктермен жұмысшылар мен кедей шаруалардың әскери-саяси одағы ретінде қарастырылды. Одақтың мақсаты контрреволюциялық күштерді талқандау, социализмге жедел өту үшін ыңғайлы жағдайды қалыптастыру болды. Сонымен бірге, бұл елдегі жағдайдың нашарлауы нәтижесінде дүниеге келген және азаматтық соғыстағы жеңіс үшін барлық қорларды әскер қажеттілігіне жұмсау мәселесінен туындаған мәжбүрлі саясат ретінде сипатталды. Сондықтан көптеген большевиктер әскери коммунизм саясатын бұрыс саясат деп мойындап, оны жас Кеңес мемлекетінің ішкі және сыртқы жағдайының ауырлығымен ақтауға тырысты.

Әскери коммунизм саясаты елдің әлеуметтік-экономикалық және саяси салаларын қамтыған бірқатар іс-шаралардың жиынтығынан құралды:

1) барлық саланы қамтыған *өнеркәсіптің ұлттандырылуы* (1920 жылдың қарашасынан ұсақ өнеркәсіпті ұлттандыру басталды);

2) экономиканы шектен тыс орталықтандыру. Барлық экономиканы майданның қажеттіліктеріне бағындыру міндеттері жүктелген толық мекемелер жүйесі пайда болды. Бастапқыда олар әскери уақыттың дәстүрлері жағдайында, яғни алқалық және әр түрлі органдар мен ұйымдардың кең өкілеттілігі бастауларында құрылды. Бұл мекемелерде біртіндеп жауапкершілік, орталықтандыру бағытындағы үрдістер күшейе бастады. Уақыт өте келе коммунизмнің өзі де орталықтандырумен қатар қарастырыла бастады;

3) жеке саудаға тыйым салынуы, тауар-ақша қарым-қатынастарының қысқартылуы, жұмысшылар мен қызметкерлердің еңбегін натуралдық жолмен төлеу, тегін коммуналдық қызметтер. 1918 жылдың 21 қарашасындағы барлық жүйенің мемлекет қарамағына өту туралы декреттің қабылдануынан кейін тауарлардың таратылуы тұтыну коммуналдары мен кооперативтер арқылы жүзеге асырылды. 1920 жылдың екінші жартысында көлікте тегін жүру енгізілді; мекемелерге жүктелген почта-телеграфтық төлемдер алып тасталынды; телефон, су құбыры, газ, электр энергиясы мен тұрғын үйді тегін пайдалану тәртібі енгізілді. Дәрі-дәрмек және кең қолданыстағы тауарларға төлемдерді жою туралы декреттер қабылданды;

4) жұмысшылар мен қызметкерлер еңбегінің тең деңгейде төленуі;

5) жаппай еңбек етуге міндеттілік. Барлық 16-50 жас аралығындағы Ресейдің еңбекке қабілетті азаматтары қоғамға пайдалы еңбекпен айналысуы тиіс. Егер бұл шарт жүзеге аспаса, олар жұмысқа мәжбүрлікпен тартылды. Еңбек етуге міндеттілік армиядағы мобилизацияға теңестірілді;

6) 1919 жылдың 11 ақпанында енгізілген азық-түлік салғырты шаруалардың бар өнімдерін нан мен басқа да тауарларға қатан бағалар бойынша мемлекетке міндетті түрде өткізуін міндеттеді.

1918 жылдың күзінде тауарларды дайындаудың барлық мүмкін әдістерін пайдаланғаннан кейін (яғни, жеке сатылымдар, натуралдық азық-түлік айырбасы, қатан бағалар бойынша мемлекеттік тапсырыстар) үкімет азық-түлік салғыртының барынша тиімділігін байқады.

1919 жылдың қаңтарында Азық-түлік бойынша халық комитетінің талабына сәйкес азық-түлік салғырты барлық губернияларда енгізілді. Шаруалардан дерлік толығымен барлық азық-түлік алынды. Ауылдағы кедей халық шаруалардан жерді алуға көмектесті, өйткені оларға дайындалған азық-түліктердің елеулі бөлігі тиесілі болатын еді. Салғырттың енгізілуі кеңес органдарын ауылдағы социалистік саласын кеңейтуге итермеледі. 1919 жылдың 14 ақпанындағы атқарушы комитеттің қаулысында «жерді жеке басқарудан жолдастық сипатына өту» міндеті алға қойылды. 1919 жылдың 16 наурызында «Тұтыну коммуналары» туралы декрет қабылданды. Ол бойынша кооперацияда жаппай міндетті мүшелік енгізілді.

1919 жылдың наурызында партияның жаңа бағдарламасын қабылдаған Ресей коммунистік большевиктер партиясы РКП(б)-ның VIII съезі өтті. Бағдарламада алдағы кезеңдегі партияның негізгі келесі міндеттері анықталды: буржуазияның экспроприациясының аяқталуы; саудадан азық-түлік айырбасына өту; ақшалық шаруашылықтан ақшасыз жүйеге өту; жеке шаруалық шаруашылықтан ұжымдық шаруашылыққа өту; нарықтықтан жоспарлы шаруашылыққа өту.

Әскери коммунизм саясаты өндірісті монополизациялау, өндірілген тауарды таратуды орталықтандыру, айырбасты

қолға алу, директивті басқару, еңбекке мәжбүрлеу қағидаларына негізделді. Осы саясат негізінде социализмге өту жолдары ойластырылды.

1919 жылдың 12 сәуіріндегі Сортировочная бекетінің Мәскеу-Казан теміржолында алғашқы сенбілік өткізілді. Бұл еңбекті ақысыз пайдаланудың тәжірибесі барлық аумақтарда пайдаланыла бастады. Сенбілік коммунистік сенбілік атауларға ие болды. В.И. Ленин осы мәжбүрлік саясаты еңбекке деген коммунистік қарым-қатынасты көрсетеді деп бағалады.

Саяси салада РК П(б)-ның бөлінбейтін тұтас билігі орнатылды. Большевиктер партиясы таза саяси ұйым болуын тоқтатты, оның аппараты біртіндеп құрылымдармен өсе бастады. Ол елдегі саяси, идеологиялық, экономикалық және мәдени өмірді анықтады:

1) большевиктердің диктатурасы, олардың экономикалық және әлеуметтік саясатына қарсы күрескен басқа саяси партиялардың қызметі – кадеттер, меньшевиктер, эсерлердің қызметіне тыйым салынды;

2) зиялы қауымның бір бөлігі шетелге қоныс аударды, қалған бөлігі репрессияға ұшырады;

3) саяси оппозицияны құруға бағытталған барлық ұмтылыстар күшпен басып тасталынды;

4) барлық Кеңестердің деңгейінде большевиктер оларды қайта сайлау немесе талқандау арқылы толыққанды жеке билікте болуға қол жеткізуге тырысты. Кеңестердің қызметі формалды сипатқа ие еді, себебі олар тек большевиктік органдардың нұсқауларын орындады.

5) кәсіподақтар партиялық және мемлекеттік бақылауға қойылып, өз тәуелсіздіктерінен айырылды;

6) пролетариат өз мемлекетіне қарсы шықпауы керек деген себеппен ереуілдерге тыйым салынды;

7) жарияланған сөз бостандығы мен баспа бостандығы жүзеге аспады. Дерлік барлық баспа органдары жабылды. Баспа ісі қатаң бақылауда болды.

1918 жылдың ақпанында өлім жазасы қайта енгізілді. Большевиктерге қарсы қарулы көтерілістер ұйымдастырған қарсыластары абақтылар мен концлагерлерге қамалды. В.И. Ленинге қастандық пен Петроградтық төтенше комитеттің төрағасы

М.С. Урицкийдің өлтірілуі 1918 жылдың қыркүйегінде «қызыл террор» туралы декреттің қабылдануына әкелді. Бүкілресейлік төтенше комиссия (ЖТК) мен жергілікті билік жүгенсіздікке салынып, өз бетімен кетті. Террордың кең етек алуы бірқатар мәселелермен байланысты болатын:

- әр алуан әлеуметтік топтардың қарсылығының күшеюі;
- халықтың негізгі бөлігінің интеллектуалдық деңгейінің төмен болуы және олардың саяси өмірге дайындығының әлсіздігі;
- билікті кез-келген жолмен ұстап қалуды қажетті және мүмкін деп есептеген большевиктердің ымырасыз ұстанымы.

Әскери коммунизм саясатының салдарлары:

– *экономикалық салада*: нарықтық қатынастардың бұзылуы, қаржының құлдырауы, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы өндірістің қысқартылуы, аштық;

– *саяси салада*: партияның рөлінің күшеюі (пролетариат диктатурасы партияның диктатурасына айнала бастады), бірпартиялық жүйенің дамуы, басқарудың қатаң орталықтандырылуы;

– *құқықтық салада*: өсімқорлық пен жаппай ұрлықтың көбеюі, белгілі бір өкілеттіктерге ие арнайы комиссиялардың көп мөлшерде пайда болуы, жаппай репрессиялардың басталуы;

– *әлеуметтік салада*: сословиелердің жоюлуы, жұмысшылардың жаппай ауылдарға кетуі.

Қорытындыласақ, кеңестік биліктің алғашқы экономикалық қайта құрулары нарықтық емес, орталықтанған экономикаға негізделді. Онда мемлекеттің рөлі басым болды. Әскери коммунизм саясаты Ресейді тек экономикалық күйзелістен шығара алмады, қайта ол жағдайды одан әрі шиеленістірді. Бірақ елді басқарудың орталықтандырылуы барлық ресурстарды жинақтауға және азаматтық соғыс барысындағы билікті ұстап қалуға мүмкіндік берді.

Азаматтық соғыстың салдарлары. Азаматтық соғыс Ресей тарихындағы ең ауыр және қанды соғыс болды. Ол елдегі кейінгі экономикалық жағдайдың нашарлауына, толыққанды шаруашылықтың құлдырауына әкелді. 1921 жылдың басында жетіжылдық дүние жүзілік пен азаматтық соғыс нәтижесінде кеңес республикаларындағы халықтың саны 134,3 млн. адамға азайды. Азаматтық соғыс пен интервенция жылдарындағы әскери топтардағы адам шығынының өзі 2,5-3,6 млн. адамды құраған.

1917 жылдың күзі 1920 жылдың басына дейін Ресейдің халқы 10887 адамға азайған. Қысқарту 1921 жылы да (1854 мың адам), 1922 жылы да (1592 мың адам) жалғасқан. 1921 жылдың соңына таман 1850 мың адам, яғни қаржы-өнеркәсіптік, саяси, ғылым элитаның елеулі бөлігі отбасыларымен Ресейден эмиграцияға кетуге мәжбүр болды. Олардың арасында ұлт мақтанышы болған көптеген зиялы қауымның өкілдері де бар еді.

Соғыс нәтижесіндегі материалдық шығын шамамен 50 млрд. алтын рублді құрады. Ұлттық табыс 1917 жылы 11 млрд. рубльден 1920 жылы 4 млрд. рубльге төмендеген. Сонымен қатар өнеркәсіптік өндірістің күрт төмендеуі орын алып, көлік саласы да тежелді. 1920 жылы ірі өнеркәсіп саласындағы өндіріс көлемі 1913 жылдың 14,6% бөлігін, металл жасауда – 7%, шойын өндірісінің – 2% құрады. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың көпшілігі жұмыс істемеді, жұмысшылардың саны екі есеге кеміген. Соғыс пен салғырттан күйреген ауыл халқы өнеркәсіптік орталықтарын азық-түлікпен қамтамасыз етпеді.

Ресей қоғамының әлеуметтік құрылымы да елеулі өзгерістерге ұшырады. Ең алдымен, ел әлдеқайда дамыған батыс бөліктегі маңызды жерлерден айырылды. Помещиктер, капиталистер, зиялы қауым сияқты кейбір әлеуметтік топтар қатары азайды. Мысалы, Ресейдегі әлеуметтік стратификацияда ірі алшақтық болды: халықтың 80%-ын бұрынғыдай көбінесе шаруалар құрады, 18%-ы тапсызданған топтар мен бюрократияның үлесіне тиесілі болды. Ал «диктатурасы» орнатылды деген жұмысшы табының өзі шамамен отбасыларын қосқанда 3 миллион адамнан аспады, яғни 2%-ды құрады. Осы мәліметтер Ресейде жоғары дамыған индустриалдық сипаттағы өнеркәсіптік өндірістің дамуы жағдайында болуына қарамастан, елдің әлеуметтік құрылымның дәстүрлі аграрлық қоғамдардың деңгейіне төмендегендігін, яғни шығыстық деспотия мемлекеттерімен даму деңгейі бойынша теңескендігін сипаттады. Ал елдің саяси жүйесінде большевизмнің диктатурасы орнатылып, тоталитарлық жүйенің қалыптасуы басталды.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:

1. Азаматтық соғыс анықтамасын түсіндіріңіз.

2. Ресейдегі азаматтық соғыстың себептері қандай?
3. Әскери интервенцияның дамуына тоқталыңыз.
4. Азаматтық соғыстың қандай кезеңдері болды?
5. Әскери коммунизм саясатының мәнісі неде?

Өзіндік жұмыс тақырыбы:

1. Ресейдегі азаматтық соғыс пен әскери интервенцияның арақатынасын түсіндіріңіз.
2. Әскери коммунизм саясатының сол кезең үшін маңыздылығын ашып көрсетіңіз.
3. Азаматтық соғысқа қатысушы қозғалыстардың рөліне тоқталыңыз.

1.4. КСРО-ның құрылуы. Сталиндік социализм дәуірі

Азаматтық соғыстан кейінгі кеңестік мемлекеттің жағдайы.
Жаңа экономикалық саясат. Азаматтық соғыс аяқталған жылдары кеңестік республиканың «әскери коммунизм» саясаты өзінің тиімсіздігін байқата бастады. Бірінші дүниежүзілік соғыс, одан кейін азамат соғысы бұрынғы бүкіл Ресей империясы көлемінде шаруашылықты тұралатып тастады. Азық-түлік жетіспеді. Шаруаларға күн көрерлік қана астықты қалдырып, басқасын әскерлер мен өндіріс орындарындағы жұмысшыларды асыраймыз деп ақы-пұлсыз тартып алып отырды. Сөйтіп, 1918-1920 жылдары Кеңес өкіметі «әскери коммунизм» саясатын енгізді. Азық-түлік салғыртын жинау күшпен жүргізілді. Ол үшін Ресей қалаларында қарулы күштер (продотрядтар) жасақталды. Өйткені сырттан келгендер қаталдықтың қандай түрінен болмасын бас тартпады. Себебі астық солардың қалаларына, отбасыларына жіберілетіні олар білетін. Олардан жергілікті жандайшаптар да қалыспады. Мәселен, «Шымбай ауданының 13-ауылындағы Бекзада Тұрсынова деген жесір әйелді асқабақтан жасаған ыдысқа жасырған салмағы 27 келідей жүгерісін 25 шақырым қашқытықтағы астық өткізетін пунктке жаяу арқалап баруға мәжбүр еткен. Емүлі жас баласын кеудесіне қысқан байғұс әйел талап етілген астықты айтқан жеріне жеткізген». 1920 жылдың соңында РКП(б)-ның шақыруымен

Ресейден Қазақстанға 11500 азық-түлік жинаушы жіберілді. Кейін оның саны арта түсті.

Шаруалардың бұған көрсеткен наразылықтарын «бандитизм», саяси бандитизм, большевиктерге жау партиялардың, ұсақ буржуазияның ұйымдастыруы деп қатты жазалады. Еңбек армиялары құрылды. Тіпті еңбекке баулитын алғашқы концлагерьлер де пайда болды. Күш қолдану арқылы кооперациялау жүргізілді. Сауда-саттыққа, нарыққа тыйым салынды, ақша айналымы тоқтады. Кеңес өкіметінің басқа жерлеріндегі сияқты Қазақстандағы шаруалар наразығы өрістеді. Ақмола, Қостанай, Қарқаралы, Орал, Семей, Шымкент уездерінде көтеріліс пайда болды.

1920-1921 жылдары салғырт саясатына қарсылық ретінде Воронеж, Саратов, Пенза губерниялары, Сібір, Дон мен Украинадағы шаруалар қолдарына қару алды. 1921 жылдың көктемінде ереуілге қатысушылардың саны жүз мыңдаған адамға жетті.

Шаруалардың толқулары кеңінен таралды: Украинада Н. Махно бастаған анархистер қозғалысы, батыс Сібірде партизандық армия кеңінен етек жайды. Толқулардың ішіндегі ең ірісі және қанқұйлысы Тамбов-Воронеж губерниялардағы халық наразылығы болды. Оған шамамен 60 мың шаруа қатысты. Бұл қозғалысты эсерлер партиясының мүшесі болған А.С. Антонов басқарды. Қызыл Армия командирі М.Н. Тухачевскийдің жетекшілігімен антоновшыларға қарсы әскери күштер өзінің күшжігерін салды. Толқу артиллерия және улы газдарды қолдану сияқты әскери шараларды пайдалану арқылы басып тасталынды.

Халық наразалығының шарықтау шегі бастапқы жылдары большевиктерді қолдаған Кронштадтағы матростардың ереуілінен көрініс тапты. Матростар 1917 жылғы қазандағы жарияланған құқықтар мен бостандықтардың орындалуын, күштеп конфискеледі тоқтатуды талап етті. Азаматтық соғыстың бетке ұстар тұлғалары болған С. Каменев, М. Тухачевский, М. Фрунзе Қызыл Армияның әскерлерін өздерінің кезінде одақтасы болған топтарға қарсы бағыттады. Ең ауқымдысы 1921 жылдың наурызында Кронштадтағы Балтық флотының кемелері мен гарнизондарындағы «Билік кеңестерге берілсін, партияларға

емес!», «Коммунистерсіз кеңестер жасасын!» деген ұрандармен өтті. Большевиктер ереуілді басып тастай алғанымен, ол басшылық үшін қатты соққы болып тиді.

Партиялық басшылық әскери коммунизм саясатының әлсіздігін түсінді. Нәтижесінде бұл саясаттан бас тартып, оның орнын «жаңа экономикалық саясат» алмастырды. 1921 жылдың наурызында РКП(б)-ның X съезінде екі маңызды шешім қабылданды: салғыртты натуралдық салықпен алмастыру және партияның бірлігі туралы. Бұл екі резолюция съездің шешімен қарастырылған жаңа экономикалық саясаттың ішкі қайшылығын сипаттады.

Жаңа экономикалық саясат – дағдарысқа қарсы қабылданған бағдарлама. Оның негізгі мәнісі – большевиктер үкіметінің қолында «командалық басшылық» сақталуы жағдайында көп салалық экономикасын қайта құру. Осы саясатты жүзеге асырудағы басты тетіктер: РКП(б)-ның толыққанды билігі, өнеркәсіптегі мемлекеттік сектор, децентрализацияланған қаржы жүйесі және сыртқы сауданың монополиясы.

Ленин болса, азаматтық соғыстан кейінгі жағдайды ауру адаммен теңейді. Ол аурудың емі ретінде жаңа экономикалық саясатты қарастырды.

Жаңа экономикалық саясаттың мақсаттары:

– саяси: әлеуметтік мазасыздықты басу, жұмысшылар мен шаруалардың одағы сипатында кеңестік биліктің әлеуметтік негізін нығайту;

– экономикалық: күйзелістің алдын алу, дағдарыстан шығу мен шаруашылықты қалпына келтіру;

– әлеуметтік: әлемдік революцияны күтпей-ақ, социалистік қоғамды құру үшін ыңғайлы жағдаймен қамтамасыз ету;

– сыртқы саяси: халықаралық оқшауланудан шығу мен өзге мемлекеттермен саяси-экономикалық қарым-қатынастарды қалпына келтіру.

Осылайша, ЖЭС-тің тактикалық мақсаты дағдарыстан социализмді құруды күшейту арқылы шығу болып белгіленді.

Жаңа экономикалық саясатқа өту заңды тұрғыдан 1921 жылғы желтоқсандағы Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің, Халық комитеті кеңесінің декреттерімен және IX Бүкілресейлік кеңестер съезінің шешімдерімен бекітілді. Ол бойынша «әскери комму-

низм» саясатының қағидаларынан шегіністі білдіретін келесі саяси-экономикалық және әлеуметтік іс-шараларды жүзеге асыру қарастырылды:

– салғыртты азық-түлік салығымен алмастыру (1925 жылға дейін табиғи формада); азық-түліктік салықты төлеуден кейінгі шаруашылықта қалған азық-түліктерді нарықта сатуға рұқсат берілді;

- жеке сауданы дамыту;
- өнеркәсіпті дамыту үшін шетелдік капиталды тарту;
- мемлекетпен жалға көптеген ұсақ кәсіпорындарды өткізу және ірі мен орта өнеркәсіптік кәсіпорындарды сақтау;
- мемлекеттің бақылауында қалдырып, жерді жалға алу;
- өнеркәсіпті дамыту үшін шетелдік капиталды тарту (кейбір кәсіпорындар шетелдік капиталдарға концессияға берілді);
- өнеркәсіптің толыққанды шаруашылық есепке және өз шығынын өзі өтей алу жүйесіне өтуі;
- жұмысшы күшін жалдау;
- карточкілік жүйе мен теңестіруші бөліністі жою;
- барлық қызметтің төленуі;
- заттай ақшалық жалақы төлемімен алмасуы және ол еңбектің мөлшері мен сапасына байланысты орнатылады;
- жаппай еңбек жүктемесін жою, еңбек биржасын енгізу.

Осындай кеңестік үкіметтің қабылданған құжаттары негізінде елде көптеген өзгерістер жүзеге асырылды. Экономикалық сала орталықтандырылып, техникалық қамтамасыз етілген ірі кәсіпорындар трестерге бірікті. Бұл кезде нарықтық қатынастар дамыды, кәсіпкерлік, кооперация, жеке меншік өрістей бастады. Жерді жалға беру мен алуға, жалдама еңбекті қолдануға, ұсақ кәсіпорындарды жеке адамдарға немесе кооперативтерге жалға беруге рұқсат етілді. Базарлар ашылды. Салықтың мөлшері салғыртқа қарағанда төмен болды. Жаңа экономикалық саясаттың нәтижесінде ауыл шаруашылығының жай-күйі жақсара бастады. Сонымен қатар еңбекті бөлек төлеу жүйесі кеңінен таралды. Жұмысшылардың жалақысы оның мамандану деңгейі мен өндірілген өнімнің көлеміне байланысты болды. Мемлекет ұсақ кәсіпорындарды жеке тұлғаларға жалға бере бастады, ал оларға жеке өнеркәсіптің тауарларын өндіруге рұқсат берді. Жаңа

экономикалық саясатты сипаттайтын белгілердің бірі – мемлекет пен шетелдік фирмалар арасындағы келісім-шарттарға негізделген кәсіпорындар пайда болды.

ЖЭС-ке өте отырып, жеке капиталистік кәсіпкерліктің дамуына мүмкіндік берілді. Бұған қарамастан мемлекеттік реттеу бақылау, тексеру сипатында едәуір жоғары деңгейде еді. Кәсіпорын саласындағы жеке меншікшілердің қызметі кең қолданыстағы тауарлардың өндірісімен, кейбір шикізат түрлерін шығару мен қайта өңдеумен, еңбектің қарапайым құрал-жабдықтарын дайындаумен, ал саудада ұсақ тауар өндірушілердің арасындағы бәсекелестік пен жеке өнеркәсіпті дамытумен шектелді.

Мемлекеттің бақылауында ауыр өнеркәсіп кәсіпорындары, басымдық берілетін шикізат түрлерін шығару, сыртқы сауда қалды. Мемлекет жеке тұлғалардың қолындағы капиталдың шектен тыс шоғырлануын болдырмау үшін қаржы органдары арқылы салық езгісін пайдаланды. Ал, концессияларға келер болсақ, олар да кеңестік мемлекеттік аппарат пен еңбек заңнамасының бақылауына қойылды.

Нәтижесінде мемлекет жартылай денационализациядан кейін де өзінің бақылауында халық шаруашылығының ең ірі саласын ұстап, экономикада жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізді.

ЖЭС-тің нәтижелері мен тоқтатылуы. ЖЭС-тің нәтижелерін қозғағанда оның елдің экономикасын тұрақтандырып, өндірістік көрсеткіштерінің артуына ықпал еткендігін атап өткен жөн. 1922 жылдың күзінде-ақ аштық тоқтады. XX ғасырдың 20-жылдарының ортасында жеңіл және ауыр өнеркәсіп кәсіпорындары негізінен соғысқа дейінгі өндіріс көлеміне қол жеткізді. Ауылдағы экономикалық көрсеткіштер жақсарды: салғырт жойылып, орнын азық-түлік салығы алмастырды. Ал, ол бастапқыға қарағанда әлдеқайда төмен еді, шаруада еңбекке деген ұмтылыс пайда болды. Сонымен қатар, «Жер туралы» декрет бойынша жерлердің қосымша бөлінуі де өз ықпалын тигізді. Ұсақ жеке кәсіпкерлік пен жеке саудаға рұқсат берілуі салыстырмалы түрде қысқа уақытта жеңіл өнеркәсіпті алға жылжытып, дүкендерді күнделікті сұраныстағы тауарлармен толтыруға мүмкіндік берді.

ЖЭС шеңберінде кеңестік билік жекелеген жетістіктерге қол жеткізе алды. Бірақ, экономикалық саланың қалпына келуімен

қатар, ел экономикасындағы ескі мәселелер, оның құрылымдық сәйкессіздіктері мен қайшылықтары қайта орала бастады. Егер революцияға дейінгі Ресей алдыңғы қатарлы экономикалық дамыған мемлекеттердің қатарына кірмеген болса, ал XX ғасырдың 20-жылдары оның артта қалуы тереңдей түсті. Ел аграрлық бағытта дамып, оның индустриалды дамуы тікелей ауыл шаруашылығының жағдайына байланысты болды. Өнеркәсіп те, ауыл шаруашылығы да өздері үшін кеңейтілген өндірістің нарықтарын құра алмады. Ауыл өнеркәсіп пен қаланың тауарлық ауыл шаруашылық өнімінің қажеттіліктерін қанағаттандыра алмады. Себебі жартылай натуралды сипатқа ие болды. Өз кезегінде индустриализация қажеттіліктері өндірістің ауылдық сұранысқа қарағанда өзге бағытты ұстануды талап етті. Қала мен ауыл арасындағы тауарлық айналым бұзылды. Ауылға тауарлық қалдықтарға ешнәрсе беруге рұқсат етілмеді және шаруалар оларды өздерінің шаруашылығында қалдырды. XX ғасырдың 20-жылдарының екінші жартысында нан-дайындаудың белгіленген жоспарлары сәтсіз аяқталды.

ЖЭС-тің тоқтатылуына экономикалық саладағы сәйкессіздікпен қатар билеуші элитаның өз арасындағы бөлініс те әсер етті. ЖЭС-тің алғашқы сыншылары ретінде экономиканың мемлекеттік секторымен байланысты жұмысшы оппозициясының өкілдері (Ленинград жұмысшылары) шықты. Олар партияны өзінің негізгі мақсаты – ірі өнеркәсіпті дамытуды ұмытқандығы үшін сынға алды. Бірте-бірте партия жетекшілігінде елдің экономикасында радикалдық өзгерістердің қажеттілігі идеясы туындады. Партиялық элитаның бөлігі қалыптасқан жағдайдан, шығу жолын ЖЭС-ті реконструкциялау, «шектен тыс индустриализацияны» жүзеге асыру, әлемдік революцияға іргетасты дамыту мақсатында ауыр өнеркәсіпті дамытудан көрді.

Атап өтетін басты мәселе жаңа экономикалық саясат бастапқыда тек уақытша шара, шегініс ретінде қарастырылды. Ленин де өмірінің соңғы жылдарында ЖЭС-ке өтумен байланысты еркін сауда негізінде ұсақ буржуазия мен капитализмнің ел ішіне енетіндігін ескерткен болатын, ал бұл іс жүзінде революцияның нәтижелерін жоққа шығару еді. Партияның солшыл қанатындағы өкілдер XX ғасырдың 20-жылдарының ортасында КСРО-ның экономикасы жүргізілген шаралардың нәтижесінде әлемдік

шаруашылыққа көбірек интеграциялануда және осылайша мемлекеттік капиталистік жүйеге өтуде деп атап өтті. XX ғасырдың 20-жылдарының соңында КСРО-ның өнеркәсіптік өндірісінің деңгейі мен экономикалық көрсеткіштері батыстың жетекші мемлекеттеріне қарағанда 5-10 есе төмен болды. ЖЭС шеңберіндегі экономиканың кейінгі дамуы Кеңес Одағының екінші қатардағы мемлекетке айналуына қауіп төндіретіндігі айқындалды. Кеңес Одағы қуушы және артта қалушы мемлекет қатарында болды. Осы «көшбасшыға жету сайысында» партиялық жетекшіліктің пікірі бойынша қателіктер жібермеуі керек еді. 1929 жылы батыс әлемінде орын алған дағдарыс КСРО-ның саяси элитасының нарықтық экономикалық үлгінің тұрақсыз, болжауға келмейтіндігіне сенімділігін нығайтты. Сондықтан елдің экономикалық дамуына қатысты басқа ұстаным қажет болды.

Халықаралық қатынастардың факторлары елдің экономикалық үлгісін таңдауда ықпал етті. XX ғасырдың 20-жылдарының аяғында әлемдік революцияның жақын уақытта болмайтындығына сенімді емес еді, ал жас кеңестік республика әскери қауіптің жылдам артуынан капиталистік ортаның шетінде қалды. Әлемдік революцияға деген бағыт, бастапқы революциялық романтизм прагматизммен -жекелеген елде «социализмді» құру бағытымен алмасты.

Партия мен елдің басшылығындағы алғашқы рөлдерге Сталин бастаған прагматиктер келді. Олар өз қолында биліктің басты бөлігін шоғырландырып, партиялық аппарат пен номенклатураны бақылауға алды. Партиялық аппарат біртіндеп қысқа уақытта алдыңғы қатарлы капиталистік елдерді қуып жету қажеттілігі идеясын ұсына отырып, өз қызметтерінен оппозицияны шеттете бастады. 1927 жылы Бүкілресейлік коммунистік большевиктер партиясының XV съезінде елде халық шаруашылығын дамытудың бес жылдық жоспары қабылданды. Жоспардың негізіне индустриализацияның жоғарғы қарқыны, ауыл мен қаланың жеке капиталистік элементтеріне салық стандарттарын елеулі арттыру және ауылды кооперациялау арқылы ала ұмтылу бастау болды. Капиталистік лагерьге сәтті түрде қарсы тұру үшін мықты экономикалық негізді құру қажет еді. Ірі өнеркәсіпті, яғни ең алдымен қаруландыру өндірісімен байланысты ауыр өнеркәсіпті құру қажеттілігі туындады. Нәтижесінде XX ғасырдың 20-жылдарының

аяғында партиялық басшылықтың саясатында елдің индустриализациясы бағытына, социализмді жоспарлы-нұсқаулық күшейту, «ЖЭС-ті тоқтатуға» бет бұрылыс көрініс тапты.

Индустрияландыру мен ұжымдастыру. XX ғасырдың 20-жылдарының екінші жартысында жаңа экономикалық саясаттан бас тарту бағыты белгіленді. 1926-1927 жылдары нан нарығы толыққанды қайта монополизацияланды, бағаның нарықтық механизмі директивтік сипатқа ие болды. 1926 жылы шетелдегі червонецтің операциялары тоқталды, ал бұл өз кезегінде КСРО-ның халықаралық қатынастардағы беделіне үлкен соққы болып тиді. Осы жағдайда ел басшылығы алдында қай бағытта жүру қажеттілігі туралы мәселе туындады. Мәселені шешудің негізгі жолы ЖЭС-тен толыққанды бас тартып, жаңа социалистік қарым-қатынастар деңгейіне көшу болып белгіленді. 1925 жылдың желтоқсанында РКП(б)-ның XIV съезінде партия аты Бүкілодақтық (большевиктердің) Коммунистік партиясы (БКП)(б) болып өзгерді. Съездің басты қабылдаған шешімі – елдің индустриализация бағытын таңдауға қатысты болды.

Индустриализация бұл – ірі машина өндірісін, ең алдымен, ауыр өнеркәсіп саласын (энергетика, металлургия, машина жасау, мұнай химиясы мен басқа да салалар) құру; елді аграрлықтан индустриалдық мемлекетке айналдыру, оның экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету мен қорғанысқа мүмкіндігін арттыру; халық шаруашылығын техникалық қайта қамтамасыз ету. Оған сәйкес социалистік қоғамның экономикалық негізі және дамуы жоспарлы бағытқа негізделді. 1925 жылдың желтоқсанында БКП(б)-ның XVII съезінде индустриализацияға бағыты жарияланды. Заңдық түрде бұл бағыт 1927 жылдың сәуіріндегі КСРО Кеңестерінің IV съезінде бекітілді.

1929 жылы сәуір айында XVI партия конференциясы КСРО халық шаруашылығын өркендетудің 1928-1932 жылдарға арналған бірінші бесжылдық жоспарын мақұлдады. Ал мамыр айында Кеңестік Бүкілодақтық V съезі жоспарды бекітті. Кеңес халқы бес жыл ішінде орасан зор міндеттерді жүзеге асыруға: халық шаруашылығын индустрияландыру, ауыл шаруашылығын машина техникасы негізінде дамыту, шығыс аудандардағы шаруашылықты қайта құру, халықтың материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесін

көтеруге, еліміздің қорғаныс қабілетін нығайтуға тиісті болды. Халық шаруашылығын өркендету мақсатына 65 млрд. сомдай қаржы жұмсау белгіленді.

1934 жылы қаңтарда БКП(б) XVII съезі халық шаруашылығын дамытудың екінші бесжылдық жоспарын бекітті. Екінші бесжылдық жоспар 1933-1937 жылдарға жаңа міндеттерді қойды. Халық шаруашылығының барлық салаларын техникалық жағынан қайта құруды аяқтау, шаруалар шаруашылығында коллективтендіруді бітіру, ауылшаруашылығын механикаландыруды, халықтың тұрмыс дәрежесін көтеруді жеделдету басты мақсат етіп қойылды.

1939 жылдың наурызында БКП(б)-ның XVII съезінде үшінші бесжылдық жоспар бекітілді. Ол бойынша негізгі жұмыс елдің қорғаныстық мүмкіндігін қамтамасыз ететін салалық өнеркәсіпті дамытуға басымдық берілді. 1941 жылға таман осы салаларға барлық капитал салымдарының 43%-ы тартылды.

Ұжымдастыруға келетін болсақ, ол – ұсақ шаруашылықтарды ірілеріне біріктіруді, ұжымдарды өндірістік кооперация жолымен біріктіруді білдірді. 1927-1928 жылдардағы нан дағдарысы қалалардың азық-түліктік қамтамасыз етуін, экспорт пен импорт жоспарларына қауіп төндірді. Мемлекет басшылығы дағдарыстан шұғыл шығу жолдарын ойластыруы керек болды. Сондықтан 1927 жылы БКП(б)-ның XV съезінде ұжымдастыру ауылдағы партияның негізгі міндетіне айналуы тиіс деп жарияланды. Кооперацияның үлгісі ретінде 1928 жылдың наурызында колхоздарға мән беріле бастады. 1928 жылы «Жерді пайдалану мен дайындаудың ортақ бастаулары туралы» заң қабылданды. Ол бойынша колхоздарға жерді алу мен оны пайдалану, несиеге беру мен салық салымы бойынша жеңілдіктер берілді. Кулактардың жалға алуы қысқартылды, ауқатты шаруалардың бөлініп шығуына тыйым салынды. 1928 жылдың қарашасынан колхоздарға көмек ретінде мемлекеттік машина-тракторлық станциялар құрылды. Колхоз құрылысының тікелей басшылығын БКП(б) ОК-нің ауылдағы жұмыс бойынша хатшысы В.М. Молотов жүзеге асырды. Г.Н. Каминский басқарған КСРО-ның Колхоз орталығы құрылды.

Индустриализация мен ұжымдастыру арқылы кеңес республикаларында елеулі өзгерістер орын алды. Қазақстандық

авторлардың бағалағанындай, біздің еліміз үшін индустрияландыру мен ұжымдастырудың оңды мен сәтсіз тұстары да болды. Осы жылдары халықтың ерен еңбегінің арқасында қазақ жерінде бұрынғы кәсіпорындар қайта құрылып, жаңалары салына бастады. Шымкент қорғасын зауыты, Балқаш, Қарсақбай мыс қорыту, Лениногор, Зырянов, Ащысай полиметалл комбинаттары, Қоңырат кенішінің іске қосылуы, Жезқазған мыс қорыту комбинаты, Өскемен қорғасын-мырыш зауыты және т.б. салынуы түсті металлургияны Қазақстан өнеркәсібінің басты саласына айналдырды. Қарқынды түрде көмір өнеркәсібі саласы дамыды. Ол 1940 жылы Одақ бойынша Донбасс пен Кузбастан кейінгі көмір өндіруден үшінші орында болды және республикадағы бұл өнімнің 90 пайызы осында шығарылды.

1927-1931 жылдары Түркістан – Сібір теміржол магистралі салынды. Алайда, 1940 жылы КСРО аумағы бойынша мың шаршы шақырымға 4,4 шақырым темір жолдан келсе, Қазақстанның бұл саладағы көрсеткіші 2,3 шақырым-ақ. Оның үстіне техникалық жабдықтармен қамтамасыз етілуі төмен еді. Сондықтан оның өткізгіштік қабілеті Одақ деңгейінен үш-төрт есе кем болды.

Индустрияландырудың кемшіліктері де болды. Ең алдымен, Қазақстан баяғы Ресей заманындағы сияқты шикізат көзі болып қала берді. Мәселен, Ембіде шығатын мұнай РСФКР-да өңделді. Республикада машина жасауды айтпағанда, мұнайды, газды, түсті металдарды өңдейтін, әсіресе, машина жасаудың жетекші салалары станок, прибор, автомобиль, трактор және басқа ауыл шаруашылық машиналарын жасайтын кәсіпорындары болмады. Жеңіл өнеркәсіптің бірсыпыра жетекші салаларының нашар дамуы немесе болмауы салдарынан тұтыну заттарының көпшілігі (киім, аяқ киім, металдар және т.б.) республикадан тыс жерлерден тасылып әкелінді.

Ұжымдастыру да науқан ретінде жүзеге асырылды. Көшпелі және көшпелі шаруаларды отырықшылыққа, ұсақ шаруашылықтарды колхоз, совхоздарға айналдыру шаралары басталды. Алғашында оларға қаражат бөлініп, қарыз ақшалар берілу, алым-салықтар азайтылу, құрал-саймандармен қамтамасыз етілу және т.б. мүмкіндіктер қарастырылған. Бірақ кейін келе бұл процесс әміршілдік-әкімшілдік әдіспен күштеп жүргілуге ай-

налды. Басшылар жедел қарқынмен жүргізе бастады. Соның нәтижесінде 1930 жылы Ресейдің орталық аударында жеке шаруаны ұжымдастыру бар болғаны 15 пайыздың шамасында болса, оның Қазақстандағы көрсеткіші 64 пайызға көтерілген. Шаруалар колхоздарға өз еріктерімен кірмесе, зорлықпен енгізілді. Көшпелі шаруашылықтан отырықшылыққа және жаппай ұжымдастырудан туған асыра сілтеушілік саладарында халық қатты ашаршылыққа ұшырады. 20-жылдардың аяғы мен 30-жылдардың басында Қазақстан қуаңшылыққа ұшырады. Мал саны да күрт азайды. Осылайша, Кеңес Одағы индустриализация мен ұжымдастыру бағыты елеулі өзгерістермен енгізуімен қатар, Голощекин сияқты басшылар арқылы кеңестік республикаларда асыра сілтеушілікке салып, халықтың жағдайын қиындатты.

КСРО-ның құрылуы. Ақпан революциясынан кейінгі кезеңде көптеген ұлттарды біріктірген империяның құлауы бас-талды. Азамат соғысының аяқталуы тұсында елдің аумағы, әсіресе шеткері аймақтар әртүрлі мемлекеттік және ұлттық-мемлекеттік құрылымдардың жинақталған ортасы болды. Олардың мәртебесі көптеген факторлармен анықталды, яғни майданның жылжуы, жергілікті орындардағы сепаратистік және ұлттық қозғалыстардың әрекеті нәтижесінде қалыптасқан жағдай. Қызыл Армияның әр түрлі аумақтарда негізгі маңызды орындарды басып алуы нәтижесінде ұлттық-мемлекеттік құрылымды реттеу қажеттілігі пайда болды. Бірақ оның қандай жолмен жүзеге асатындығы туралы мәселеде большевиктік басшылықтың арасында ортақ пікір қалыптаспады. Мәселен, большевиктердің көп бөлігі мүлдем ұлттық өзін-өзі анықтау идеясын мойындамады. Олар толығымен «пролетарлық интернационализмға» сүйене отырып, унитарлық мемлекет идеясын жақтады. Сондықтан ұрандары да Г.Л. Пятаковтың ұсынуымен «Шекаралар жойылсын!» деп жарияланды. Қалған топ, яғни Бухарин және т.б. «еңбекшілердің өзін-өзі анықтаудың» жақтаушылары болды. Ал, Ленин ұстамды саясат ұстанды. Ол батыстың бірқатар социал-демократиялық партияларының бағдарламаларында қабылданған «мәдени-ұлттық автономия» идеясынан бас тартты. Ленин нақты қалыптасқан тарихи жағдайлармен байланысты большевиктер үшін қажетті ұлттық өзін-өзі анықтау формасы туралы мәселені

көтерді. Дегенмен, бастапқыда Лениннің көзқарасы айқын болды: ол орталықтандырылған мемлекет пен онда тұратын халықтардың автономизациясын жақтады. Бірақ бұл мәселенің күрделі екендігі ескере отырып, оны арнайы зерттеу қажеттілігіне аса қатты мән берді. Осындай зерттеуді жүргізуді ұлттық азшылықтың өкіліне беруді дұрыс деп есептеді. Сондықтан Лениннің ойының іске асыруға көмекке И.В. Сталин келді. Ол партияда ұлттық мәселе бойынша маман ретінде бекітілді. Мұндай таңдауды ресейлік тарихшылар Сталиннің сол уақыттағы «ой-пікірлерінің» Лениннің ойларымен сәйкес келу мүмкіндігімен байланыстырады. Сталин «Марксизм және ұлттық мәселе» еңбегінде қазіргі уақытта кең таралған ұлт анықтамасын берген және Ресейде Польша, Финляндия, Украина, Литва, Кавказ үшін облыстық автономия қажеттілігі туралы біржақты қорытындыға келеді.

Революциядан кейін Ұлт істері бойынша Халық комиссариатын басқарған Сталин іс жүзінде өз ұстанымын аз өзгертті. Ол Ресейдің құрамында ұлттардың ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, аса ірі тәуелсіз мемлекеттік құрылымдарды құруды жақтады, алайда мұндай бірлестіктердің құрылуын ол ұлттық көңіл-күйдің күшеюіне кедергі болатын таза уақытша міндеттерді жүзеге асыру ретінде қарастырды. Сонымен қатар, революция мен 1917-1918 жылдары «төменнен» ұлттық-мемлекеттік құрылымды қалыптастыру тәжірибесі большевиктердің Ресей үшін ұлттық мәселенің маңыздылығы анық бағаланбағандығын көрсетті. Әсіресе бұл шеткері аймақтардағы сепаратистік үрдістердің кең етек алуынан айқын көріне бастады. Ал Қазан революциясы ұлттық қозғалыстағы екі үрдістің шиеленісуіне әкелді.

Бірінші үрдіс – күшпен шеткері аймақтарды орыстандыру; православиенің таралуы; қоныстандырушыларға жақсы деген жерлерді беру; шенеуніктердің шектен шығуы; жергілікті халықтың саяси құқықтарын ескермей, қыспаққа алу сияқты мәселелермен байланысты тәуелсіздікке ұмтылды.

Екінші үрдіс – тарихи тағдырлары және шаруашылық дамуының ортақтығы, тығыз мәдени байланыстардың орнатылуына байланысты бірігуге деген ұмтылыстың болуы.

1918 жылдың басында Халық комиссарлары кеңесі «Ресей халықтарының құқығы декларациясын» қабылдады. Ол бойынша

«халықтардың бөліну және жеке мемлекетті құру деңгейіне дейінгі өзін-өзі анықтау құқығы» жарияланды. Еңбекшілер мен қаналушы халықтың декларациясында кеңестік Ресей «еркін ұлттардың азат одағы негізіндегі кеңестік республикалардың федерациясы» болып жарияланды, бірақ бұл жағдайда федеративті құрылымның қағидалары анықталмады.

Қазан революциясынан кейін ұлт-азаттық қозғалыс кеңінен таралды. Большевиктер елдің құлдырауын болдырмау үшін қарулы күштерді пайдалануға мәжбүр еді. Қазан революциясынан кейін Украинаның Орталық Радасы өзін Украина халық республикасының жоғарғы органы ретінде жариялады. Желтоқсанның басында ресейлік халық комитетінің кеңесі бұл шешімді заңды мойындады, бірақ күресті буржуазиялық республикасымен жалғастырды. 1918 жылдың қаңтарында Қызыл Армияның қолдауымен Орталық Рада құлатылды, Украина Ресейлік республиканың бөлігі ретінде жарияланды. 1918 жылдың 27 қаңтарында Рада Германиямен астыртын құпия келісімге келіп, Киевтегі өзінің билігін қалпына келтірді.

1917 жылдың 18 желтоқсанында Финляндияның тәуелсіздігін беру туралы декрет қабылдады. 1918 жылдың 1 наурызында РСФКР мен Финляндия социалистік республикасы Достық және бауырластық туралы келісімге қол қойды, бірақ революция жеңіліске ұшырап, келісімнің күші жойылды.

Украина мен Финляндиядан кейін Грузия, Әзірбайжан мен Армения, сонымен қатар Эстония, Латвия мен Литва тәуелсіздігін жариялады. 1918 жылдың мамырында Солтүстік-кавказдың ұлттық үкіметі (Кавказ біріккен таулықтар одағы) кеңестік Ресейден Солтүстік кавказдық мемлекеттің бөлінетіндігі туралы жариялады. 1919 жылдың қыркүйегінде таулы Шешенстанда тәуелсіз Солтүстік Кавказ мемлекеті құрылды. Қырым, Кавказ, Түркістан, Қырғызстан, Урал және Еділ жағалауының мұсылмандық облыстардан федеративтік түркі-татарлық республиканың құрылуы мәселесі қаралды.

1918 жылы РСФКР-дың Конституциясы мемлекеттік құрылымның түрі ретінде ұлттық-территориялық федерациясы аралығында РСФКР территориясында шамамен 20-дай ұлттық-автономиялық құрылымдар (республикалар мен облыстар) пайда болды.

Қайта құрылған ұлттық республикалар РСФКР-дың аумағында федеративті орталық ретінде топтасты.

1919 жылдың маусымының басында Бүкілресейлік Орталық Атқару комитеті «Ресей, Украина, Латвия, Литва, Беларуссия кеңестік республикаларының бірігуі туралы» декрет қабылдады. Бұл декрет бойынша республикалардың әскери құрылымдарын, халық шаруашылығы кеңестерін, теміржол көлігін, қаржы, еңбек комиссариаттарын ортақ басқару құрылды.

Жекелеген республикалар өзара қаржы келісімдерге қол қойды, ортақ өндірістік жоспарларды қалыптастырды, өздерінің шикізаттық және тауарлық нарықтарын біріктірді. Бірақ орталық және жергілікті билік органдарының арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жеткіліксіздігі өзара қақтығыстардың пайда болуына әкелді.

Кеңестік республикалардың арасындағы бірігу үлгісі келісімдік федерация деп аталынды. Оның ерекшелігі ресейлік басқарушы құрылымдардың жалпы мемлекеттік билік органдары рөліне ие болуында еді. Республикандық компартиялар РКП(б)-ның құрамына облыстық партиялық ұйымдар құқықтары негізінде кіргізілді. Осының арқасында маңызды шаруашылық мәселелерді шешуде республикалардың әрекеттерінің бірлігіне қол жеткізілді. Келісімдік федерацияның негізіне республикалардың әскери-саяси одағы (ал кейіннен саяси-шаруашылық) айналды.

Азаматтық соғыс кезеңінде кейбір республикалар Ақ армиялар немесе оккупациялық әскерлердің бақылауында болған кезде, РСФКР саяси және әскери әдістермен олардағы кеңестік билікті қалпына келтіруге күресті.

КСРО-ның құрылуына «әскери коммунизм» саясатының салдарлары да әсер етті. «Әскери коммунизм» кезеңіне тән қатаң орталықтандыру жағдайларында тұрақты түрде қақтығыстар және орталық пен жергілікті биліктің арасында даулар туындады. Мәселе коммунистердің өз ішінде де, әсіресе жергілікті орындарда ұлттық және сепаратистік көңіл-күйлердің айқын көрініс табуымен байланысты болды. Жергілікті басшылар да тұрақты түрде әлі толық орнатылмаған өздерінің ұлттық-мемлекеттік құрылымдарын мәртебесін көтергісі келді. Нәтижесінде бұрынғы империяның аумағында өз конституцияларын қабылдаған Латвия

мен Эстония сияқты тәуелсіз ұлттық мемлекеттер құрылды. Осы қатарда Қиыр шығыстық республика ерекше орынға ие болды. Бұл мемлекеттік құрылым Мәскеу және Қиыр Шығыстағы оккупациялық армиялардың бақылауында еді және Сібірдің райондары арасындағы «буферлік» аумағы ретінде қабылданды.

Польша, Финляндия, Балтық жағалауы елдері батыс мемлекеттерінің саяси қолдауына сүйене отырып, бұрынғы Ресей империясы аумағында пайда болған ұлттық мемлекеттердің одағынан бөлініп кетті. Сондықтан олар «санитарлық кордон» рөлін ойнай бастады.

1920 жылы Орта Азияда Хорезм және Бұхара халық республикалары құрылды. 1920 жылдың сәуірінен 1921 жылдың ақпаны аралығында кеңестік билік қатарынан Әзірбайжан, Армения мен Грузияда орнатылды. Кеңестік тәртіпті орнатуда шешуші рөлге Қызыл Армия ие болды.

Большевиктік басшылық Ресейдегі ұлттар мәселесін шешуде тарихи тағдырдың ортақтығы, тұрақты миграциялар, ортақ шаруашылық жүйе, мәдени байланыстар және жаулас қоршаған айналаның болуы жағдайындағы өмір сүру қажеттілігі сияқты объективті факторларды ескерді. Басты мақсат РСФКР-дың және әлемдік революцияның мүдделеріне өзге республикалардың экономикалық байлықтарын бағындыру еді (Донбасс көмірі, Кавказ мұнайы, Орта Азияның мақтасы). Бұл мақсатқа тек анық орталықтандыру және орталыққа қатаң бағыну жүйесі негізінде қол жеткізуге мүмкін болды. 1918-1921 жылдары ол РСФКР мен республикалар арасындағы екіжақты келісімдерге қол қоюылуы арқылы жүзеге асты. Олар бойынша қорғаныс, сыртқы сауда, қаржы, шаруашылық органдардың біріккен халық комиссариаттары құрылды. Іс жүзінде республикаларға ұлттық тәуелсіздікке кепілдік берілді, бірақ РСФКР басым рөлге ие болды. Мысалы, 1920 жылы қарашада РСФКР Әзірбайжанмен келісімге қол қойды. Ол бойынша қорғаныс, экономика, сыртқы сауда, көлік, қаржы және байланыс салаларының ведомостілері мен қызметтерін біріктіру қарастырылды. 1920 жылы желтоқсанында ұқсас келісімге РСФКР мен Украина, ал 1921 жылдың қаңтарында – РСФСР мен Беларусь, 1920 жылдың желтоқсанында – РСФКР мен Армения, 1921 жылдың мамырында – РСФКР мен Грузия арасында қол қойылды.

1921-1922 жылдары республикалардың арасындағы кедендік шекаралар жойылды. Ортақ қағидалар негізінде салық заңнамасы қалыптасты. Республикалардың бюджеті ортақ бюджеттің шеңберінде жүзеге асырылды.

Кеңестік республикалардың федерациясын құру туралы мәселе туындады. Ұлттық мәселелерді шешуде Коммунистік партияның (1918 жылдың наурызынан – Ресейлік коммунистік большевиктер партиясы (РКП(б)), 1925 жылдың желтоқсанынан Бүкілресейлік Коммунистік партияда саяси-идеологиялық мүдделері маңызды болды.

Кеңестік республикалардың бірігуінің алғышарттары:

– коммунистік партияның социалистік тәжірибе үшін қызмет ету ауқымын кеңейтуге деген ұмтылысы;

– бұрынғы шаруалық байланыстар;

– біріккен қорғаныс қажеттілігі.

1922 жылдың басында Ресей империясының аумағында тоғыз кеңестік республика болды: РСФКР, Украина, Белоруссия, Әзірбайжан, Армения, Грузия, Қиыр Шығыстық Республика, Бұхара мен Хорезм. РСФКР-дың құрамында Башқұрстан, Таулық, Дағыстан, Қырғыз, Қазақ, Қырым, Татар, Түркістан, Якутия сияқты он автономды облыстар мен Удмуртск, Қалмық, Шешен сияқты 14 автономды облыстар болды. Барлық негізгі мәселелер Мәскеуде – Орталық комитеттің саяси бюросында және РКП(б)-ның пленумдарында шешілді. 1922 жылдың қазанында РКП(б) Қиыр шығыстық республиканы тарату және оның РСФКР-ға кіруі туралы шешім қабылданды. 1922 жылдың наурызында Әзірбайжан, Армения мен Грузия кіретін Кавказ Федерациясы құрылды. Ол болашақ одақтың үлгісіне айналды. Сонымен қатар, барлық кеңестік республикаларды біріктірудің аса ыңғайлы формаларын дайындауға Жалпыресейлік орталық атқарушы комитеттің арнайы комиссиясы құрылды. Оның негізінде 1922 жылдың жазында РКП(б)-ның Орталық комитетінің шешімі бойынша кеңестік республикалардың бірігу үрдісі орын алды. Оларды біріктірудің екі үлгісі ұсынылды:

1) *Сталиннің үлгісі* (1921 жылдың наурызында партияның X съезінде баяндалған) – кеңестік республикалардың автономизациясы идеясы. Ол бойынша республикалардың автономиясы ортақ пролетарлық мемлекет құрамында болуы, кеңестендірілуі,

пролетариаттың диктатурасы, мәдени және экономикалық айырмашылықтарды шегеру барысында ұлттық мәселені шешу қарастырылды;

2) *Лениннің ұсынысы* – федеративті құрылым сипатында көрініс табатын жеке кеңестік республикалардың еркін және тең құқықтық негізде біріккен одақтық мемлекетті құру. Федерацияны республикалардың арасында келісімге келу арқылы құру қарастырылды және осы жағдайда республикалар өздерінің ішкі істерін толыққанды басқаруын қолға алады.

Екі үлгіде де коммунистік партияның жетекші рөлі мен жаңа мемлекеттік құрылымның бірлігінің кепілдігі болып табылатын социалистік идея негізге алынды. Нәтижесінде КСРО-ның бірігуі Сталиннің «автономизация» жоспарына сәйкес жүзеге асырылды.

1922 жылғы 6 қазандағы Ресейлік коммунистік партияның орталық комитеті Федеративті келісім жобасын қолдады. Ол бойынша Кеңестік Социалистік Республикалардың Одағында барлық құрылатын республикаларға кепілдік берілді, теориялық тұрғыда Одақтан еркін шығу құқығы берілді. 1922 жылдың күзінде осы жоспардың практикалық жүзеге асуы барысында «грузин оқиғасы» орын алды. Грузияның коммунистік партиясының орталық комитеті Кавказдық Федерацияға кірмей-ақ, КСРО-ға бірден тікелей кіруді ұсынды. Ресейлік коммунистік большевиктер партиясының Кавказдық крайкомын басқарған Г.К. Орджоникидзе мен Грузия басшылығы арасында өткір талқылаулар болды. Осы талқылауларда қол көтеру сияқты әрекеттер орын алып, Орджоникидzenің атына кінәлаушы сөздер айтылды. Пайда болған қақтығыстық жағдайды Каменев-Дзержинский бастаған комиссия зерттеді.

Бұл оқиға Ленинді қатты толғандырды. Ол «грузин оқиғасын» ұлы орыстық шовинизмнің көрінісі мен аз халықтардың мүдделерін кемсіту ретінде қарастырды.

1922 жылдың 30 желтоқсанында КСРО кеңесінің I съезінде Кеңестік Социалистік Республикалардың Одағының құрылғандығы туралы келісім және декларация бекітілді. Олар бойынша КСРО-ның құрылғандығы туралы шешім қабылданды. Осы уақытта қатты сырқаттанып жатқан Ленин «Ұлттар немесе автономия туралы мәселе бойынша» хатын жаздырды. Ол хатында ин-

тернационализмге қатысты өзіндік түсінігін баяндады. Сонымен қатар, әскери, дипломатиялық және Біріккен мемлекеттік-саяси басқармадан басқа нақты наркоматтарды біріктіруге асықпауды ұсынды. Бұл лениндік құжат сол уақытта партиялық басшылықтың тек азаумақтық тобына белгілі болды. Ол тек 1956 жылы жарияланды.

КСРО-ның құрылуы төрт республиканың, яғни РСФКР, Украина, Беларустік және Кавказдық Федерация құрамында болуымен құрылды. Әр республиканың өзінің конституциясы бар еді. 1924 жылы КСРО-ның II съезінде бекітілген Бүкіл мемлекеттік Конституциясын дайындау туралы шешім қабылдады.

Конституцияның негізгі шарттары:

– Кеңестік мемлекеттің ұлттық саясаты, кеңестік республикаларды біріктіру себептері мен қағидалары бекітілді;

– КСРО-ның құрамынан еркін шығу, республикалардың тең құқықтылығы мен КСРО-ның құрамына жаңа мемлекеттердің кіру құқығы жарияланды;

– орталық органдарға халық шаруашылығы мен қорғаныс, сыртқы істер және сыртқы сауданың маңызды салаларын басқару бойынша құқықтарды жүктеу;

– республикаларда жергілікті шаруашылықты, ағарту, жер өңдеу, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру мен әділетті әділет саласын басқарудағы жетекшілік сақталды.

Конституция жаңа мемлекеттің жоғарғы органы ретінде Кеңестер Съезін белгіледі. Кеңестердің кейінгі съездері жыл сайын шақырылып тұрды. Сонымен қатар Кеңестердің төтенше органдарын шақыруы да қарастырылды. Кеңестердің съездері аралығында биліктің жоғарғы органы Одақтың Орталық Атқару Комитеті болды. Ол Одақтық Кеңес және Ұлттар Кеңесі сияқты екі тең палаталардан тұрды. КСРО-ның орталық атқарушы комитеті тұрақты жұмыс істейтін органға айналды. Оның жиналыстарын кезегімен М.И. Калинин, Н.Н. Нариманов, Г.И. Петровский және А.Г. Червяков сияқты төрағалар алмастырып отырды. КСРО-ның орталық комитеті бірінші одақтық үкімет, яғни В.И. Ленин бастаған Халық Комиссарлары Кеңесін құрды. Оның қайтыс болуынан кейін төрағасы ретінде А.И. Рыков тағайындалды. Орталық Атқару Комитетінің (ОАК) президиумы жоғарғы заң шығарушы, атқарушы және басқарушы орган ретінде жарияланды.

ОАК-тың қарамағында КСРО-ның Жоғарғы соты мен Біріккен мемлекеттік-саяси басқарма (БМСБ) құрылды. Бұл құрылым билікті бөлу қағидаларына қайшы келді, бірақ пролетарлық диктатура қағидаларына сәйкес келді.

Одақтағы салалық басқарудың органдары ретінде бүкілодақтық және біріккен халық комитеттері байқалды. Бүкілодақтық халық комитеттері тек Одақта құрылатын еді. Яғни, бұл – сыртқы істер, сыртқы сауда, әскери және теңіз істері, көлік жолдары, почта мен телеграф наркоматтары. Біріккен халық комитеттері одақта да және әрбір одақтық республикада орналасты. Одақтың наркоматтары сәйкесінше республикалардың халық комитеттерін басқарды. Үшінші топты тек одақтық республикаларда болған республикалық халық комитеттері құрады. Аумақтардың тұрақтылығы бойынша одақтық республикалардың құқығына кепілдік берілді, бірақ әрбір мүдделестік танытқан республиканың келісімімен аумақтық өзгерістерді жүзеге асыру мүмкіндігі қарастырылды. Одақтық республикалардың егемендік құқығына жеке азаматтылық мәселесі де кіретін еді. Әрбір республиканың азаматы бір уақытта Одақтың да азаматы болып есептелінді.

КСРО-ның Конституциясы оның мемлекеттік елұраны, (герб) туы мен астанасын белгіледі. 1925 жылы КСРО-ға Өзбекстан мен Түрікменстан, ал 1929 жылы Тәжікстан, 1936 жылы Қазақстан мен Қырғызстан қосылды. 1936 жылы Кавказ Кеңес Федеративтік Социалистік Республикасы таратылды, Армения, Әзірбайжан және Грузия тікелей КСРО-ның құрамына кірді.

Осылайша ұлттық-мемлекеттік құрылым бірнеше кезеңдерден өтті. Бұрынғы Ресей империясының аумақтары тарихи дәстүрлер және экономикалық даму ерекшеліктерімен байланысты болды. Ортақ саяси құрылымы және сыртқы саясатта одақтастар ретінде қатыса отырып бұл құрылымдар РКФСР-дың айналасында бірікті. Логикалық осы үрдістің нәтижесі КСРО-ның құрылуы болды. Күрделі және бірыңғай болмаған бірігу үрдісі жергілікті ерекшеліктері және тарихи жағдайға сәйкес қалыптасты.

КСРО-ның құрылуы елдің әскери күшінің артуына ықпал етті, жемісті экономикалық даму және коммунистік тәртіпті нығайтуға ыңғайлы жағдай жасады. Коммунистік партия жетекші рөлді ойнаған жаңа ірі империя пайда болды.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:

1. Жаңа экономикалық саясат анықтамасын түсіндіріңіз.
2. КСРО-дағы ЖЭС қалай жүзеге асырылды?
3. ЖЭС-тің нәтижелері қандай болды?
4. КСРО қашан құрылды?
5. КСРО-ның жаңа Конституциясының мазмұнына тоқталыңыз.

Өзіндік жұмыс тақырыбы:

1. ЖЭС-тің маңыздылығы мен кемшіліктерін талдаңыз.
2. Сталин және Лениннің КСРО-ны құруға қатысты ұсыныстарын салыстырыңыз.
3. Ленин өзінің соңғы өсиеттерінде өзінен кейінгі билікке келген партиялық тұлғаларға берген бағасын талдаңыз.

1.5. КСРО халықаралық қатынастар жүйесінде (1920-1945)

Кеңестік мемлекеттің халықаралық мойындауға ие болу үшін күресі. XX ғасырдың басында большевиктер билік басына келгеннен кейінгі басты мақсат халықаралық қатынастарда мойындауға ие болу болып белгіленді. Кеңестік мемлекеттің сыртқы саяси қағидалары 1917 жылдың қазанда қабылданған Бейбітшілік туралы декретте көрініс тапты. Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы, Ресейдің өз аумағындағы азаматтық соғыс пен шетелдік интервенцияның орын алуы халықаралық қатынастардағы жаңа жағдайлардың қалыптасуына ықпал етті. Кеңестік мемлекеттің іс жүзіндегі жаңа қоғамдық-саяси жүйе ретіндегі өмір сүруі маңызды факторға айналды.

Кеңес мемлекетінің сыртқы саясатын қалыптастыруда В.И. Ленин ұсынған екі қағидалық ұстанымға негізделген сыртқы саяси бағыттың идеологизациясы тән болды.

Бірінші ұстаным – *пролетарлық интернационализм қағидасы.* Ол бойынша халықаралық жұмысшы қозғалысына және әлсіз дамыған елдердегі антикапиталистік ұлт-азаттық қозғалыстарға өзара көмек қарастырылды. Бұл қағида большевиктердің әлемдік ауқымдағы жедел болатын социалистік революцияға деген

сенімге негізделді. Осы қағиданың жалғасы ретінде 1919 жылы Мәскеуде Коммунистік Интернационал (Коминтерн) құрылды. Оның құрамына большевиктік (коммунистік) ұстанымдарға өткен Еуропаның көптеген солшыл социалистік партиялары кірді. Коминтерн өзінің құрылу уақытынан бастап Кеңестік Ресеймен әлемнің жетекші мемлекеттерінің ішкі істеріне араласу үшін пайдаланылды, ал бұл өз кезегінде оның өзге мемлекеттермен қарым-қатынастарын шиеленістірді.

Екінші ұстаным – *капиталистік жүйемен бейбіт қатар өмір сүру қағидасы*. Ол бойынша Кеңестік мемлекеттің халықаралық сахнадағы ұстанымдарын нығайту, саяси және экономикалық оқшауланудан шығу, оның шекараларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігі анықталды. Капиталистік жүйемен бейбіт қатар өмір сүру қағидасы бейбіт түрде ынтымақтастықты орнату мүмкіндіктерін мойындауды және ең алдымен, Батыспен экономикалық байланыстарды дамыту керектігін білдірді. Большевиктік биліктің осындай сыртқы саясатындағы екі қағидалық ұстанымның қарама-қайшылығы жас Кеңестік мемлекеттің сыртқы саяси бағытының тұрақсыздығын тудырды.

Батыстың Кеңестік мемлекетке қатысты саясатына келер болсақ, ол да қайшылықты сипатта еді. Бір жағынан, Батыс елдері жаңа саяси жүйені саяси-экономикалық жоспардан оқшауландыру арқылы тұншықтыруға тырысты, себебі Батыс мемлекеттері Кеңестік билікке қарсы күресте ақ қозғалыс өкілдеріне көмек көрсетті. Екінші жағынан, әлемнің жетекші мемлекеттері Қазаннан кейінгі айырылған қаржысы мен материалдық меншігінің орнын толтыруды басты мақсат етті. Сонымен қатар, олар Ресейдегі шикізаттық қорларға ену, шетелдік капитал мен тауарларды енгізу мақсатын алға қойды. Яғни Ресей тиімді сауда әріптес болды. Кіші және бағынышты мемлекеттер де оны одақтас ретінде қарастырды.

XX ғасырдың 20-жылдары Кеңестік Ресейдің Батыспен қарым-қатынастары елеулі өзгерістерге ұшырады. Оған тікелей әскери интервенцияның сәтсіздігі, өндіріс саласындағы дағдарыс пен капиталистік мемлекеттердегі жұмысшы қозғалысының артуы әсер етті.

Еуропалық мемлекеттер ЖЭС-тің енгізілуін большевиктік саяси жүйенің әлсіреуі ретінде және экономикалық ынтымақтастық

үшін мүмкіндік ашатын фактор ретінде бағаланды. Ал Кеңестік Ресей қираған халық шаруашылығын қалпына келтіру үшін дамыған капиталистік мемлекеттерге көмекке зәру болды.

1920 жылдың 16 қаңтарында шетелдік одақтастардың Жоғарғы кеңесі Ресей, одақтастар және бейтарап мемлекеттердің арасындағы тауарлармен айырбастауға рұқсат беретін резолюция қабылданды. Бұл іс жүзіндегі экономикалық блокаданы алып тастау еді. 1920 жылдың 31 наурызында-ақ, Кеңестік Ресейдің еуропалық мемлекет ретіндегі ең алғашқы сауда келісімі – кеңес-эстондық сауда келісіміне қол қойылды.

Экономикалық блокаданың тоқтатылуында 1920 жылдың 23 қарашадағы концессиялар туралы Халық Комиссарлары Кеңесінің (ХКК) декреті маңызды рөлге ие болды. 1920 жылдың күзінде американдық миллионер Вандерлин Камчаткадағы концессиялар туралы келіссөздерді бастады.

1921 жылдың 16 наурызында кеңес-американ сауда келісіміне қол қойылып, ол Ұлыбританияның де-факто Кеңестік мемлекетті мойындағандығын білдірді. Сонымен қатар 1921 жылдың 6 мамырында Германиямен сауда келісіміне қол қойылды. Ол бойынша герман басшылығы елдегі РСФКР-дың өкілдігін мойындап, оған дипломатиялық құқықтар мен басымдықтар берді.

Осындай жаңа социалистік жүйе бағытындағы мемлекетті мойындау бағытындағы келісімдер Норвегия, Австрия, Италия, Дания және Чехословакиямен жасалынды. Олардың мазмұнында тараптар өзара өшпенділікті насихаттаудан бас тартуға міндеттеме алды. Сондай-ақ, Ресей империясының құлауы нәтижесінде пайда болған көршілес Польша, Латвия, Литва, Эстония және Финляндиямен саяси-экономикалық байланыстар қалпына келтірілді.

Кеңестік мемлекеттің көршілес шығыстық мемлекеттермен де қарым-қатынастарды нығайтуы аса маңызды болды. 1921 жылдың РСФКР Иран, Ауғанстан және Түркиямен келісім-шарттарға қол қойды. Бұл құжаттарда даулы шекаралық және мүліктік мәселелер шешілді, өзара мойындау мен өзара көмек қағидалары жарияланды. Яғни, осы мемлекеттермен жасалынған келісім-шарттар Кеңестік Ресейдің Шығыстағы ықпал ету аумағын кеңейтті.

1921 жылғы кеңес-моңғол келісім-шарты іс жүзінде Кеңестік Ресейдің Моңғолиядағы протекторатын орнатқандығын және «ре-

волюция экспортының» алғашқы тәжірибесі екендігін білдірді. Бұл елге енгізілген Қызыл Армияның әскери бөлігі моңғол революциясын қолдап, оның көсемі Сухэ-Батордың тәртібін нығайтты.

XX ғасырдың 20-жылдары большевиктік басшылықтың сыртқы саясатындағы өзекті мәселелердің бірі – патшалық Ресейдің қаржылық қарыздары мәселесі. Оны шешу мақсатында жаңа билік тарапынан екіжақты әрі көпжақты деңгейде шешу мақсатында ұмтылыстар жасалынды. Ең алдымен, 1921 жылдың 28 қазанында РСФКР үкіметі патшалық Ресейдің қаржылық қарыздары бойынша нотамен шықты. Бұл құжатта РСФКР-дың осы мәселе бойынша келіссөздерді бастауға және Кеңестік Ресей мен өзге республикаларға қатысты өшпенділік іс-әрекеттерін тоқтатуы жағдайында қарыздарды мойындауға дайын екендігі мәлімделді. Туындаған мәселені толығырақ талқылау үшін халықаралық конференцияны өткізу ұсынылды. РСФКР үкіметінің ұсыныстарын 1922 жылы өткен Антантаның Жоғарғы Кеңесінің конференциясы талқылады. Оның нәтижесінде Генуяда экономикалық конференцияны шақырып, Ресейді шақыру шешілді.

1922 жылдың сәуірінде Генуя конференциясы ашылды. Оған 29 мемлекет қатысты: Ресей, Англия, Франция, Германия және т.б. АҚШ бақылаушы ретінде қатысты. Кеңестік Ресейдің делегациясын Г.В. Чичерин бастап барды.

Конференцияның негізгі мәселесі – Ресейдегі шетелдік капиталдың ұлттандырылған мүлкі және патшалық пен Уақытша үкіметтің қарыздары туралы мәселе. Кеңестік үкімет қарусыздандыру саясаты және халықаралық қатынастарды реттеу жолдарын іздеуді бастауды ұсынды. Сонымен қатар экономикалық ынтымақтастық саласындағы бағдарлама да болды.

Конференциядағы капиталистік мемлекеттердің өкілдерінің арасында екі топ қалыптасты:

1) *ағылшын-италиялық топ*. Ол бұрынғы үкіметтердің әскери қарыздарынан жекелей бас тарту, Ресей аумағындағы шетелдіктердің мүлкінің реституциясын ұзақ мерзімдік жалға беру, концессиялар және т.б. түрінде компенсациямен алмастыру сияқты бірнеше жеңілдіктерге баруға дайын болды.;

2) *француз-бельгиялық-жапон тобы*. Ол барлық қарыздарды төлеу, ұлттандырылған мүлікті қайтаруды талап етіп, өз ұстанымынан бас тартпады.

Сарапшылардың Лондон меморандумы орыс қарызы бойынша Комиссияны құруды қарастырды. Бұл комиссияның Кеңестік мемлекеттің ішкі істеріне араласу мүмкіндігі болды. Батыс мемлекеттері Ресейге бірқатар біріккен шарттарды ұсынды:

- патшалық және Уақытша үкіметтің қарыздарының орнын толтыру (18 млрд. алтынмен);

- большевиктермен ұлттандырылған бұрынғы Ресей аумағындағы орналасқан батыс мемлекеттерінің меншігін қайтару;

- сыртқы сауданың монополиясын жою және шетелдік капиталға жол ашу;

- осы мемлекеттердегі революциялық насихатты тоқтату.

Кеңестік үкімет келесі шарттарды ұсынды:

- азамат соғысы жылдарындағы шетелдік интервенциядан туындаған шығынның орнын толтыру (39 млрд. рубль);

- қару-жарақты жаппай қысқартудың және соғысты варварлық әдістермен жүргізуге тиым салу бойынша кеңестік бағдарламаны қабылдау;

- ұзақ мерзімдік батыс кредиттері негізінде кең экономикалық ынтымақтастықты қамтамасыз ету.

Алғашқы күндерден-ақ, тараптардың арасындағы келіссөздер тұйыққа тірелді. Чичериннің шығынның орнын толтыру мақсатында талап еткен қаржы патшалық қарыздардан асып түсті. Нақты осы жағдайда Гenuяға елдің дипломатиялық, экономикалық және сауда блокадасын үзу мақсатында келген кеңес өкілдері және репарацияларының көлемін азайтуға ұмтылған германдықтар 1922 жылдың 16 сәуірінде Раппало келісіміне қол қойды. Бұл келісімге сәйкес тараптар қарыздар, шығынның орнын толтыру мен ұлттандырылған мүлік туралы мәселелерде өзара ұмтылыстардан бас тартты, саудада бір-біріне ыңғайлы жағдай туғызуға келісті. Олар өзара дипломатиялық пен консулдық қарым-қатынастарды қалпына келтірді. Келісімге қол қоя отырып, Кеңестік Ресей мен Германия дипломатиялық оқшауланудан бас тартты. Яғни екі мемлекет те Версаль келісімімен келіспеді. Нәтижесінде келісімге қол қоюылуынан кейін рейхсвер Кеңестік мемлекетте өте құпия түрде өзінің әскери-оқу дайындықтарын жүргізу, ол жерлерде мамандарының қатысуымен қару-жарақты дайындау мен қамтамасыз ету жұмыстарына кірісті. Ал Версаль

келісімі бойынша Германияның қарулануына тиым салынған болатын. Бұл Кеңестік мемлекеттің Германияның оңшыл милитаристік күштерімен ынтымақтастық саясаты 1933 жылға дейін жалғасты.

Ресей кеңестік билікті мойындауға қол жеткізуге бағытталған сыртқы саяси іс-шараларын кейінгі Гаага, Мәскеу және Лозанна конференцияларында жалғастырды.

Гаага конференциясы 1922 жылдың шілдесінде өтті. Ол Генуя конференциясының жалғасы болды. Бірақ оған мүше-мемлекеттердің өкілдері қатыспады, тек сарапшылары болды. Оған Германиядан басқа Генуя конференциясының барлық қатысушы мемлекеттері қатысқан болатын. Күн тәртібі де ұқсас еді. АҚШ, Франция және Бельгияның келісімге келмеуінен конференция іс жүзінде ешбір нәтижеге әкелмеді.

Мәскеу конференциясы 1922 жылдың 2-12 желтоқсанында өтті. Қатысушылар: Ресей, Польша, Финляндия, Латвия және Эстония. Кеңестік делегация құрлықтағы қарулы күштерді өзара пропорционалдық түрде қысқарту жоспарын, 1,5 жыл ішінде әскери құрамды төрттен үш бөлігіне қысқартуды ұсынды. Барлық келісуші тараптарға әрбір әскери қызметкер үшін бірыңғай бюджеттік шығындардың көлемін орнату арқылы әскери шығындарды азайту, шекаралық аумақты өзара бейтараптандыруды жүзеге асыру мен барша әскери құрылымдарды таратуды жүзеге асыру қарастырылды.

Польша, Финляндия, Латвия және Эстонияның делегациялары шабуыл жасамау және арбитраж туралы келісімнің жобасын ұсынды. Сондай-ақ, әскери күштерді 25%-ға қысқарту көзделді. Бірақ 11 желтоқсанда бұл мемлекеттер декларациядағы армияны пропорционалды түрде қысқартуға қарсы болды және осылайша келіссөздер тоқтатылды.

Лозанна конференциясы екі кезеңге бөлініп өтуімен ерекшеленді. Бірінші кезең 1922 жылдың 20 қарашасы мен 1923 жылдың 24 шілде аралығында, ал екінші кезең 1923 жылдың 23 сәуірінде басталды. Қатысушылар: Англия, Франция, Италия (шақырылушы мемлекеттер ретінде), Жапония, Грекия, Румыния, Югославия, Түркия. АҚШ-тан бақылаушы қатысты. Жекелеген мәселелерді талқылауға қатысқандар: Кеңестік Ресей (қара теңіздік бұғаздар туралы мәселе), Болгария, Албания, Бельгия, Голландия, Испания, Португалия, Норвегия және Швеция.

Кеңестік делегацияны Г.В. Чичерин басқарды. Кеңестік делегацияның бағдарламасы (1922 жылдың 19 желтоқсанында көрініс тапты) бойынша:

- Түркияның ұлттық ұмтылыстарын қанағаттандыру;
- бейбіт және әскери уақытта барлық әскери кемелер үшін бұғаздарды жабу;
- теңіздегі сауданың толыққанды еркіндігі қарастырылды.

1923 жылы КСРО мен Ұлыбританияның арасында қақтығыс пайда болды. Ұлыбритания кеңестік үкіметке тарихта «Керзон ультиматумы» аталған нотаны ұсынды. Ол бойынша Англия Ресейдің Таяу Шығыс пен Орта Шығыстағы ықпалын кеңейтуге қарсылығын білдірді. Екі мемлекеттің арасындағы қақтығыс дипломатиялық жолмен шешілді.

1924 жыл КСРО-ның халықаралық қауымдастықпен мойындау кезеңі болды. Бірінші болып ресми түрде Кеңестік мемлекетті Англия мойындады. Оның артынша Италия, Франция және әлемнің басқа мемлекеттері мойындады. Дипломатиялық мойындаудың қатарынан болуы бірнеше маңызды себепке байланысты туындады: батыс мемлекеттеріндегі ішкі саяси жағдайдың өзгеруі (билік басына оңшыл социалистік күштердің келуі); КСРО-ны қоғамдық қозғалыстардың кеңінен қолдауы; капиталистік мемлекеттердің экономикалық мүдделері. Сонымен қатар, батыс елдері КСРО мен Германияның жақындасуынан қауіптенді. 1924-1925 жылдары Кеңес Одағы дипломатиялық қарым-қатынастарды әр алуан аймақтардың мемлекеттерімен орнатып, сауда келісімдеріне қол қойды. Жетекші капиталистік мемлекеттерден тек АҚШ қана КСРО-ны саяси тұрғыда мойындамау қағидасында болды. Халықаралық оқшауланудан шығу Кеңес Одағының XX ғасырдың 20-жылдарының бірінші жартысындағы сыртқы саясатының басты нәтижесі еді.

Кеңестік мемлекеттің әлемдік қауымдастыққа енуінің ерекшеліктеріне келер болсақ, біріншіден, бұл үрдіс патшалық үкіметтің қарыздарын төлеуден бас тартқан Кеңестік мемлекеттің дамуы жағдайында өтіп жатты. Екіншіден, Кеңестік мемлекет революциялық қозғалыстың әлемдік орталығы рөліне ұмтылысын жалғастырды. Осыдан туындаған кеңестің биліктің сыртқы саясатының екі жақтылығы халықаралық қатынастардың нормалары мен ережелерінде нағыз бетбұрысты білдірді.

XX ғасырдың 20-жылдарының екінші жартысындағы Кеңес Одағының сыртқы саяси бағдарын И. Сталин айқындады. Ол келешектегі капитализм дағдарысының орын алуы «империялар арасындағы қарама-қайшылықтардың» тереңдеуіне және революциялық жағдайдың пайда болуына әкелуі мүмкін деп есептеді.

XX ғасырдың 20-жылдарының екінші жартысындағы Кеңестік үкіметінің ресми сыртқы саяси бағыты елдің халықаралық беделін қалыптастыру, капиталистік мемлекеттермен ынтымақтастықты дамыту және қарусыздандыру мен халықаралық қауіпсіздік мәселелерін шешуге бағытталды. 1926 жылы КСРО Германиямен шабуыл жасаспау және бейтараптылық жөніндегі келісімге қол қойды. 1927 жылы КСРО толыққанды қарусыздандыру қажеттілігі туралы декларациясын ұсынды. Ал 1928 жылы қарулануды қысқарту туралы конвенция жобасын ұсынды. Батыс әлемі мемлекеттерінің осы ұсыныстардан бас тартқанына қарамастан, КСРО 1928 жылғы Бриан-Келлог пактісіне қосылды. Бұл пактіде соғыстан мемлекетаралық дауларды шешудің әдісі ретінде бас тарту қарастырылды.

Кеңестік үкіметтің ресми сыртқы саяси бағытын жүзеге асыруда Коминтерн арқылы оның өзге мемлекеттердің ішкі істеріне араласуы қиындықтар туғызды. Мәселен, 1926 жылы ереуілге шыққан ағылшындық жұмысшыларға материалдық көмек көрсетілді. Ал, бұл әрекет британ басшылығына ауыр соққы болып тиді. Сондай-ақ, пролетарлық интернационализм ұранымен КСРО Қытайдың ішкі істеріне араласты. Қытай коммунистерінің гоминьдандық үкіметке қарсы күресін КСРО-ның қолдауы кеңес-қытай қарым-қатынастарының нашарлауына әкелді. 1929 жылы жаз-күз айларында солтүстік Маньчжурияда (КВЖД аумағында) кеңестік әскерлер мен Чан Кайши армиясының арасында қарулы қақтығыс орын алды. КСРО-ның Қытаймен байланыстары Жапонияның Қиыр Шығыстағы басқыншылығы нәтижесінде XX ғасырдың 30 жылдарының басында қалпына келтірілді.

КСРО өзінің оңтүстік шекараларының қауіпсіздігін арттыру мақсатында Иран, Ауғанстан және Түркияда өзінің ықпалын кеңейтті. XX ғасырдың 20-жылдарының ортасында осы мемлекеттермен саяси-экономикалық сипаттағы жаңа келісімдерге қол қойылды.

1928 жылы Кеңестік үкіметтің сыртқы саясатының негізгі бағыттарын анықтаған Коминтерннің VI конгресі өтті. Ол халықаралық қатынастардағы қарбаластықтың артқандығын мәлімдеді. Сонымен қатар Еуропаның социал-демократтарын өзінің басты саяси қарсыласы ретінде жариялады. Сол себепті олармен ешбір ынтымақтастыққа келмеу және күрес бағыты белгіленді. Бірақ бұл шешімдер үлкен қателік болып, ол іс жүзінде халықаралық коммунистік қозғалыстың өзіндік оқшаулануына және бірқатар елдердегі оңшыл экстремистік (фашистік) күштердің қатарына қосылуына ықпал етті.

1929-1930 жылдары Коминтерндегі билікті сталиндік саясатты қолдаушы Мануильский және Молотов қолға алды. Осы уақыт аралығындағы Коминтерндегі жүргізілген тазалау бастапқыда жарияланған интернационализм мен орнын басқан ашық ұлттық идеологияның бекітілуімен қатар жүрді. 1929-1930 жылдары радикалдық түрде Сыртқы істер халық комиссариатының аппараты да өзгерістерге ұшырады. Г.В. Чичериннің халық комиссары қызметіндегі орнын М.М. Литвинов алмастырды. Ол 1939 жылдың мамырына дейін кеңестік дипломатияны басқарды.

Қорытындыласақ, осылайша кеңестік мемлекет XX ғасырдың 20-жылдары күрделі ұмтылыстардың нәтижесінде әлемдік қауымдастыққа ене отырып, өзінің беделін нығайтты.

XX ғасырдың 30-жылдары КСРО-ның сыртқы саясаты. 1928-1933 жылдары кеңестік саясат тез өзгеруші және күрделі халықаралық жағдайда жүзеге асты. Сондықтан да ол қайшылықты сипатта болды.

КСРО-ның XX ғасырдың 20-жылдарының соңы мен 30-жылдардағы сыртқы саясатында үш негізгі кезеңдерді бөліп көрсетуге болады:

Бірінші кезең – 1928-1933 жылдар: Еуропалық құрлықта Германиямен одақтастық қарым-қатынастардың орнатылуы және Англия мен Францияның қарсылығын танытуы; Шығыста – КСРО-ның Қытайға енуі және Ауғанстан мен Ирандағы қатысу белсенділігінің артуымен сипатталды.

Екінші кезеңде – 1933-1939 жылдары: оның Англия, Франция және АҚШ-пен антигермандық және антижапондық негізде жақындасуы; КСРО-ның өзінің иемденген ықпал ету аумақтарын

сақтап қалуға ұмтылуы және Шығыспен тікелей қайшылықтан құтылу оқиғалары орын алды;

Үшінші кезең – 1939-1941 жылдар: Германиямен тығыз одақ, Батыстағы және Шығыстағы фашистік блоктың жетекші мемлекеттерімен жақындасу.

XX ғасырдың 20-жылдарының аяғы мен 30-жылдарының басында КСРО-ның батыс шекаралары тұрақтылығымен сипатталды. Кеңестік дипломатия Кеңестік Одақтың халықаралық қақтығыстарға араласудан бас тартып, өзінің шекараларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тырысты. Өзге мемлекеттердегі коммунистік қозғалыстарды қолдау Коминтерн арқылы жүзеге асты.

1929 жылдың қазанында КСРО-ның Англиямен дипломатиялық қарым-қатынастары қалпына келтірілді. Олардың экономикалық байланыстары да сәтті дамыды. 1932 жылы Кеңес Одағы Франция, Финляндия, Латвия және Эстониямен шабуыл жасаспау жөніндегі келісім-шарттарға қол қойылды. Германиямен де қарым-қатынастар бірқалыпты дамыды.

КСРО осы кезеңде Еуропада өз қауіпсіздігін қамтамасыз етуде бірқатар жеңістерге жеткенімен, Қиыр Шығыстағы жағдай қиындай түскен еді. 1932 жылы Жапония өзі оккупациялаған қытайлық аумақта Маньчжоу-го қуыршақ мемлекетін құрды, ал кейіннен Ұлттар Лигасынан шықты. Осының нәтижесінде Қиыр Шығыста қауіпті әскери ошақ пайда болды.

Екінші әскери қауіп тудырған ошақ Еуропада байқалды. Германияда билік басына фашистік топтың келіп, ол жетекші еуропалық мемлекеттермен бірігіп, КСРО-ға қарсы күресу жоспарларын ойластырды.

1933 жылдың екінші жартысында кеңестік басшылар кезкелген халықаралық шиеленіс жағдайының күшеюі себебінен КСРО үшін тиімді шешілетін сыртқы саяси тұжырымдамадан бас тартуға мәжбүр болды. «Империялар арасындағы қарама-қайшылықтардың шиеленісуі» Германия мен Жапониядағы КСРО-ны басты қарсылас ретінде қарастырған ұлттық реваншистік идеологияның артуына ықпал етті. Осы қалыптасқан жағдайда Кеңес Одағы да өзіне одақтастарды іздей бастады. Сондықтан ол 1933-1935 жылдары Испания, Венгрия, Румыния, Чехословакия, Болгария және Бельгия сияқты көптеген мемлекеттермен

дипломатиялық қарым-қатынастар орнатты. Әсіресе, 1933 жылдың қарашасында АҚШ-пен дипломатиялық қарым-қатынастардың орнатылуы аса маңызды болды.

1933 жылы КСРО «Агрессорды анықтау туралы конвенцияға» 10 капиталистік мемлекеттермен бірге қол қойды. 1933 жылдың қыркүйегінде Италиямен достық, шабуыл жасамау және бей-тараптылық жөніндегі келісімге қол қойылды.

Кеңестік басшылықта сыртқы саяси бағытты анықтау мәселесі бойынша елеулі алшақтықтар болды. Толыққанды фашизммен келісімге келмеу және кеңес-герман қарым-қатынастарын жақсартуды жақтаушылардың арасында қызу талқылау көрініс тапты. Бірақ күшейіп келе жатқан германдық шабуылға қарсы әрекеттердің артуы бірте-бірте кеңестік сыртқы саясатта алғашқы орынға Еуропадағы ұжымдық қауіпсіздіктің жүйесін құру идеясын шығарды. Бұл доктрина ең алдымен, батыс демократияларымен одақты жақтаған Сыртқы істер халық комиссары М.М. Литвиновтың қызметімен байланысты болды.

Өзара көмек туралы ұжымдық пакт идеясының ұсынылуынан кейін 1934 жылы 30 мемлекеттің ұсынысымен КСРО Ұлттар Лигасына шақырылып, оған Лиганың Кеңесіндегі тұрақты мүшелік орны берілді. 1935 жылы өзара көмек туралы КСРО мен Франция, КСРО мен Чехословакия арасындағы келісімдерге қол қоюылуы елдің еуропалық құрлықтағы ұстанымын нығайта түсті.

1936 жылы Испанияда Халық майданының үкіметіне қарсы бағытталған фашистік бүлігі басталды. 1936 жылдың тамызында 27 еуропалық мемлекет, соның ішінде КСРО да испандық істерге араласпау туралы келісімге қол қойды. Бірақ Кеңес Одағы араласпау бойынша Комитеттің құрамынан шығып, Халық майданының үкіметіне әскери-моралдық қолдау көрсетті. Нәтижесінде испандық республика жеңіліске ұшырады. Ал фашистік мемлекеттердің бірлескен әрекеттері олардың жақындасуына ықпал етті. 1936 жылдың қазанында италиян-германдық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды, яғни Берлин-Рим белдеуі қалыптасты. Ал 1936 жылдың қарашасында Германия мен Жапония арасында Коминтернге қарсы күрес туралы келісімге қол қойылды. Бұл тарихта антикоминтерндік пакт деп аталды. Оған 1937 жылы 6 қарашада Италия қосылды.

Ресми түрде бұл одақ Кеңес Одағы және мүше-мемлекеттердегі солшыл күштерге қарсы бағытталды, бірақ іс жүзінде ол Батыстың демократиялық мемлекеттеріне де қауіп төндіретін еді. Алайда бұл мемлекеттер әлі де германдық агрессияны КСРО-ға қарсы бағыттап, «араласпау» саясатын жалғастырды.

КСРО жапон агрессиясының таралуына қарсылық көрсетуге ұмтылды. Жапонияның Моңғолияға тікелей шабуыл қаупі туындаған уақытта, 1936 жылдың наурызында Улан-Баторда өзара көмек туралы кеңес-моңғол хаттамасына қол қойылды. 1937 жылдың тамызында шабуыл жасаспау туралы кеңес-герман келісіміне қол қойылды, ал 1938 жылы Кеңес Одағы Қытайға материалдық әскери көмекті көрсете бастады. Елге кеңестік әскери мамандар келді.

1938 жылдың жазында Хасан көлі аумағында кеңестік және жапон әскерлері арасында әскери қақтығыстар орын алды. 1939 жылдың мамырында Жапонияның әскерлері Халкин-Гол көлінде Моңғолияға басып кірді. Бастапқыда жасалынған келісім бойынша Кеңес Одағы моңғол армиясымен қатар, оның аумағын босату мақсатында әскери әрекеттерге көшті.

Еуропада болса, Австрияның аншлюсінен кейін Гитлерлік үкімет Чехословакияны басып алуға дайындала бастады. Гитлер халқының басым көпшілігін немістер құраған Судеттік аумақты Германияға беру туралы талабын ұсынды. 1938 жылдың мамырында германдық армияның Чехословакия шекараларына жылжуы басталды. Кеңес Одағы Чехословакияға басқа еуропалық мемлекеттер бас тартқан жағдайда да көмек көрсетуге дайындығын жариялады. Бірақ Англия мен Францияның үкіметтері фашистер пайдасына жеңілдіктерден бас тартуға қол жеткізу үшін Чехословакияға қысым көрсетуін жалғастырды. Польша мен Венгрия чехословакиялық жерлерге өзінің ұмтылыстарын байқатты. Осы қалыптасқан жағдайда Чехословакия президенті Э. Бенеш Судеттік аумақтың Германияға өтуіне келісімін берді. 1938 жылдың қыркүйегінде Ұлыбритания, Франция және Италияның басшылары – Чемберлен, Даладье мен Муссолини Мюнхенге Германиямен келіссөздерге келді. Чехословакияның тағдыры бірнеше уақыттың ішінде шешілді. Чехословакиялық үкімет Мюнхендік келісімді қабылдайтындығын мәлімдеді.

Мюнхендік келісім соғыстан кейінгі кезеңдегі халықаралық саясаттағы жаңа кезеңді бастады. Ол ұжымдық қауіпсіздік бойынша жобаларға, еуропалық мемлекеттерді антифашистік негізде біріктіру идеясына ірі соққы болып тиді. Мюнхендік келісім Кеңес Одағы үшін үлкен қауіп тудырды.

Қалыптасқан жағдайда КСРО-ның Германиямен саяси-экономикалық байланыстарды белсендеді. 1939 жылдың мамырында Сыртқы істер халық комиссариатының басшылығы ауысып, бұл өз кезегінде сыртқы саясаттың өзгерісінде де көрініс тапты. Англия және Франциямен келісімге келуге тырысқан М. Литвиновтың орнын В. Молотов алмастырды. Осының артынан ұласқан сыртқы істер комиссариатының «тазалануы», көптеген дипломаттардың репрессиялануы «ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің» жақтаушыларына елеулі соққы болып тиді.

22 тамызда Рибентроп пен Молотовтың сұхбатынан кейін шабуыл жасамау туралы кеңес-герман пактісіне қол қойылды. Ол бойынша тараптар бір-біріне қатысты басқыншылық әрекеттерден бас тартуы қарастырылды. Келісім 10 жылға жасалынды.

Шабуыл жасамау туралы келісім аумақтық мәселелерге қатысы болмады. Бірақ сонымен бірге құпия құжаттарға қол қойылды. Олар бойынша Германия біржақты міндеттемелерді алды. Герман-поляктік әскери қақтығыс жағдайында Вермахт әскерлері Нарев, Висла, Сан өзендерінің шекараларынан алыстамауы тиіс. Сондай-ақ, Финляндия, Эстония, Латвия мен Литваға кірмеуі керек.

Литваның солтүстік шекарасы бір уақытта КСРО мен Германияның мүдделерінің шекарасы болатын. Германия КСРО-ның Бесарабияға қатысты мүдделестігін мойындады.

Кеңес Одағында бұл құпия хаттамалардың болуы жария ресми түрде тек 1989 жылы мойындалды. КСРО-ның халық депутаттарының II съезінде «хаттаманың көшірмелерінің графологиялық, фототехникалық және лексикалық сараптама-сы және кейінгі оқиғалардың даму барысының сәйкестігі оның болғандығын айғақтайды» делінген.

Шабуыл жасамау туралы пакт Гитлерге 1939 жылдың 1 қыркүйегінде Польшаға қарсы басқыншылықты бастауға мүмкіндік берген маңызды факторлардың біріне айналды.

Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы мен КСРО-ның қатысуы. Екінші дүниежүзілік соғыс адамзат тарихындағы ең ірі қарулы қақтығыс болды. Соғыстың әскери әрекеттері Еуропа, Азия және Африканың 40 мемлекетінің аумағын қамтып, төрт мұхит пен оған жағалаулас жатқан теңіздердің үлкен кеңістігін қамтыды. Соғысқа барлығы 1 млрд. 700 млн. халқы бар 61 мемлекет, яғни ғаламшардың бестен төрт бөлігі қатысты. Екінші дүниежүзілік соғыс бірнеше жылға жалғасып, көп адам шығыны мен елдердегі күйзеліске әкелді.

Екінші дүниежүзілік соғыстың пайда болуына әрине сол кезеңдегі қалыптасқан жағдай әсер еткен болатын. Әсіресе, осындай әлемдегі соғыс жағдайын туындатқан объективті және субъективті факторлардың ықпал елеулі еді.

Біріншіден, бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі әлемдік тәртіп жүйесінде жаңа әлемдік қақтығыстың және жаңа әлемдік бөліністің негіздері қаланған еді. 1929-1933 жылдардағы экономикалық дағдарыс мемлекетаралық қарым-қатынастарды мүлдем шиеленістіре түсті. Халықаралық қатынастар сахнасында әлемдік үстемдікке ұмтылған екі топ қалыптасты: бір жағынан, Германия, Италия мен Жапония. Екінші топта – Англия мен Франция болды. 1938 жылғы Мюнхен келісімі Англия, Франция, Германия және Италияның өзге мемлекеттер мен халықтардың есебінен өздерінің геосаяси мәселелерін шешуге ұмтылатындығын көрсетті.

Екіншіден, капиталистік мемлекеттердің саясаты басқыншылық сипатқа ие бола бастады. Батыс демократиясы басқыншылық сыртқы саясатпен қатар жүзеге асты.

Үшіншіден, екінші дүниежүзілік соғыстың пайда болуында Германия, Италия мен Жапониядағы фашисттердің билік басына келуі шешуші факторға айналды. 1939 жылға дейін әлемдік қауымдастық фашизмнің адамзат баласына зор қауіп төндіретіндігін түсінбеді.

Төртіншіден, әлемдік қақтығыстың катализаторы кеңестік жүйеге қарсылық болды. КСРО-ны талқандау жоспары Гитлер басшылығымен соғыс басталғанға дейін-ақ ойластырылған еді. 1936-1937 жылдары кеңестік билікті құлату мақсатында «Антикоминтерндік пакт» қабылданды. Ал Англия мен Франция

үкіметтері Германияны КСРО-ға қарсы бағыттау мақсатында «агрессорды тыныштандыру» саясатын жүзеге асырды. Бұл өз кезегінде олардың өздері үшін тиімді жағдайда соғысты бастауына мүмкіндік берді. Алайда осы кезеңдегі КСРО-дағы басшылықтың сыртқы саясаты да басқыншылық сипатқа ие бола бастаған еді.

Бесіншіден, большевиктер әлемдік империалистік соғыстың болатындығына сенімді еді. Олар бұл соғыстың нәтижесінде әлемдік социализм жеңіске жетеді деп есептеді. Сталин кез-келген капиталистік мемлекет тарапынан бейбітшілік жоспарларын ұсынатындығына сенбеді. Кеңес басшылығы КСРО-ның сыртқы саяси мәселелерін әскери әдіспен шешуді әділетті деп санады. Сталиннің пікірінше, Қызыл Армия еңбекшілерден қолдау табатын өзге аумақтарда соғыста жеңіске жетеді. Сол себепті 1942 жылдың 22 маусымына дейін КСРО-ның әскери саясаты осындай шабуылдық сипатқа ие болды.

Алтыншыдан, Сталин және оның айналасы өздері құрған саяси тәртіп арқылы басқа басшылықтың пікірімен келіспейтін альтернативті шешімдердің болуына мүмкіндік бермеді. Бұл әсіресе, КСРО-ның 1939 жылдың тамыздағы Германиямен шабуыл жасаспау жөніндегі құпия хаттамаларға қол қойылуынан көрініс тапты. Осы хаттамалар арқылы КСРО басқыншылық саясатты жүргізуге деген ниетін байқатып, өзінің ықпал ету аумағын кеңейтуге тырысты.

Екінші дүниежүзілік соғыстың себептері:

1) әлемдік үстемдікке ұмтылған ұлтшыл-социализм мен коммунизм сияқты бәсекелесуші жүйелердің күресі;

2) Германияның КСРО-ның ресурстық аймағын басып алуы арқылы «өмірлік кеңістікті» жаулауға деген ұмтылысы.

КСРО-ның соғысқа тікелей қатысуы 1941 жылдың 22 маусымындағы елге Германияның шабуылынан басталды. Бұл соғыс КСРО арасындағы тарихта «Ұлы Отан соғысы» деп аталды және 1941-1945 жылдар аралығын қамтыды. Германияның КСРО-ға шабуылы келесі жоспарлардың негізінде жүзеге асты:

– *«Барбаросса» жоспары* – КСРО-ға қарсы әскери кампанияны жүргізу жоспары. Ол 1940 жылдың жазында қас қағым сәтте жүзеге асырылатын соғыс стратегиясының бағытында дайындалды. Бұл жоспарды орындау мақсатында негізгі үш бағыт бо-

йынша, яғни Ленинградтық («Солтүстік» армияларының тобы), Мәскеулік (орталық) және Киевтік («Оңтүстік») әскери шабуылды бір уақытта ұйымдастыру қарастырылды. Жоспардың мақсаты – Архангельск-Астрахань бағыты бойынша шығып, КСРО-ның еуропалық бөлігін жаулап алу. Германияның стратегиясына сәйкес ірі бронетанктік әскер және авиацияның көмегімен қарсыласты қоршау мен жою қарастырылды. КСРО-ның шекарасы арқылы шабуылды ұйымдастыру бұйрығы Гитлермен 1941 жылдың 17 маусымында қойылды;

– «*Ост*» жоспары – соғыстан кейінгі КСРО-ның еуропалық аумағын бөлшектеу мен олардың табиғи қорларын қанау жоспары. Ол бойынша КСРО халқының көп бөлігін құрту көзделді.

КСРО-ның соғысты жүргізу жоспарларының негізіне К.Е. Ворошилов мен С.К. Тимошенко ұсынған «қызыл пакет» доктринасы алынды. Ол бойынша жауды оның аумағында және аз қанмен ойрату қарастырылды. Басқа барлық әскери-теоретиялық жоспарлардан басшылық бас тартты. «Қызыл пакет» доктринасын дайындауда азаматтық соғыстың тәжірибесі ескерілді. Тек шабуылдық әрекеттердің құндылығы мойындалды. Қорғаныс стратегиясы нақты қарастырылмады.

КСРО мен Германияның арасындағы Ұлы Отан соғысының тарихында үш негізгі кезеңді бөліп көрсетуге болады:

Бірінші кезең – 1941 жылдың 22 маусымы – 1942 жылдың 18 қарашасы аралығындағы соғыстың бастапқы кезеңі. Стратегиялық бастама, яғни ірі ауқымды шабуылдық операцияларды жоспарлау мен жүзеге асыру мүмкіндігі вермахтке тиесілі болды. Кеңестік әскерлер Беларуссия, Балтық бойы мемлекеттері мен Украинаны қалдырып, қорғаныстық шабуылдарды Смоленск, Киев және Ленинград үшін жүргізді. 1941 жылдың 30 қыркүйегі – 1942 жылдың 7 қаңтарындағы Мәскеу үшін шайқас қарсыластың бірінші жеңілісі, қас қағым сәттік соғыс жоспарының орындалмауымен сипатталды. Соғыс ұзақ мерзімдік сипатта болды. 1942 жылдың көктем-жазында Германия қайта стратегиялық бастаманы өз қолына алды. Сталинградтың қорғанысы мен Кавказ үшін қақтығыстың басталуы, КСРО-дағы экономиканы әскери рельстерге көшіру аяқталды, толыққанды әскери индустрияның жүйесі құрылды. Жаудың шебіндегі партизандық соғыс басталды. Антигитлерлік коалиция құрылды.

Екінші кезең – 1942 жылдың қарашасы – 1943 жылдың аяғы – шешуші өзгерістер кезеңі, яғни стратегиялық бастаманың толыққанды КСРО-ға өтуі. 1943 жылдың 2 ақпанындағы Германияның генерал-фельдмаршалы Ф. Паулюстің алтыншы армиясының Сталинград түбіндегі тізе бұғуі, Курскідегі қактығыс, Днепр үшін күрес – вермахттың шабуылдық стратегиясының талқандалуы, сол жағалаулық Украинаның босатылуы сияқты оқиғалар орын алды. Кеңестік экономика нығайды, яғни 1943 жылдың аяғында Германиядан экономикалық басымдық қамтамасыз етілді. Ірі партизандық Ковпак, Федоров пен Сабуров сияқты бірлестіктер құрылды. Осы кезеңде антигитлерлік коалицияның ынтымақтастығы күшейді.

Үшінші кезең – 1944 жыл – 1945 жылдың 9 мамыры – соғыстың аяқталуы кезеңі. Бұл уақытта КСРО-ның бүкіл аумағы азат етіліп, Қызыл Армияның Еуропадағы азаттық миссиясы жүзеге асырылды. Фашистік Германия талқандалды. Антигитлерлік коалицияның соғыстан кейінгі әлемдік саяси картасын анықтаған Ялта мен Потсдам конференциялары өтті.

1945 жылдың 9 тамызы – 1945 жылдың 2 қыркүйегіндегі ерекше кезеңде КСРО Жапонияға қарсы соғысты бастап, Маньчжуриядағы Квантун армиясын талқандады.

Ұлы Отан соғысының басталуы. Мәскеу үшін шайқас. Сталиндік басшылық Р. Зорге мен Ш. Радо сияқты барлаушылардың Германияның КСРО-ға қарсы шабуылын дайындалып жатқандығы туралы бірнеше рет ескертпелеріне мән бермеді. Бұл әрекеті арқылы Гитлер шабуыл жасамау туралы қол қойылған пактіні бұзып, кеңестік жүйенің өмір сүруіне елеулі қауіп тудырды. Фашистік билік соққыны орыстарға тұтқиылдан, олардың өз қорғанысын қамтамасыз ете алмайтындай жағдайда жүзеге асыру қажет деп есептеді. Сондай-ақ, бұл жолғы соғыс бір ғана КСРО-ға бағытталып, жоғарғы деңгейде дайындалған ірі неміс әскери-өнеркәсіптік кешеніне сүйенді. КСРО-ға қарсы шабуыл алдын ала толыққанды ойластырылған болатын. Оны жүзеге асыруда немістер Еуропадағы барлық өзіне бағынышты мемлекеттер, соның ішінде Франция, Финляндия, Словакия, Венгрия, Румыния мен Хорватия, Италияның тарапынан қолдау тапты. Іс жүзінде Германияға көмекті бейтараптылықты сақтаған Болгария, Түркия, Жапония көрсетті.

Соғыстың бірінші күні-ақ, әскери соққылар Киев, Минскіге жасалынды. Батыс майданда кеңестік армия жеңіліс таба бастады. Неміс фашистік армиясы КСРО аумағын тез жаулай бастады. Литва, Латвия, Беларуссия, Украина және Молдавияның елеулі бөлігі басып алынды. Бұл жағдайда ел ішінде басқару жүйесін өзгертуге бағытталған іс-шаралар жасалынды. Арнайы органдар құрылды. Қарулы күштердің құрамы фронттар, армиялар, дивизиялар мен бригадалардан тұрды. Соғыс жылдарында әскери құрылысқа, армияның әскери қызметкерлерін қамтамасыз ету сияқты мәселелерге мән берді.

Соғыс басындағы Қызыл Армияның жеңілісі келесі себептермен байланысты еді:

- шамамен барлық Батыс Еуропаның ресурстарын пайдаланған Германияның әскери-экономикалық мүмкіндіктері КСРО-ға қарағанда әлдеқайда басым болатын;

- гитлерлік армияға адамдар жаппай тартылды, яғни соғысты жүргізудің екі жылдық тәжірибесі енгізілді. Ал кеңестік армияның, әсіресе командалық құрамының кәсіби деңгейі жаппай репрессиялардан кейін әлдеқайда төмендеді;

- әскери техниканы бақылаудағы кеңестік басшылықтың қателіктері, әсіресе механизацияланған құрамаларды бағаламауы, соғысты бастапқы уақытта жүргізу әдістері туралы ескі түсініктердің сақталуы.

- XX ғасырдың 30-жылдары репрессиялар нәтижесінде командалық құрамның жоюылуы. Генерал Рычагов, Смушкевич, Штерн және т.б. командалық құрамның соңғы тазалаулары 1941 жылдың маусымында жүргізілді. 1941 жылдың маусымында командирлердің 75%-ы өз қызметінде бір жыл ғана болды;

- Сталин Токиодағы Р. Зорге, Берлиндегі Х. Шульц-Байзен сияқты барлаушылардың гитлерлік шабуылдың дайындап жатқандығы туралы хабарламаларын назарға алмады. Ол Гитлер екі майданға бөлінетін соғысты бастай алмайды деп есептеді. 21 маусымдағы Қорғаныс халық комиссары С.К. Тимошенко мен Бас штабтың бастығы Г.К. Жуковтың ұсынысымен әскерлердің соғысқа дайындығын қамтамасыз ету туралы нұсқауы кеш қабылданды.

- кеңестік әскерлер қорғанысқа дайындалмады. 1935 жылы идеологиялық әскери доктрина қабылданды. Ол бойынша Қызыл Армия өзге аймақта қанды аз төгіп, соғысады;

– неміс әскерлерінің басты соққысы оңтүстік-батыс бағытта, Киевке қарсы болады деп күтілді. Іс жүзінде негізгі соққыны «орталық» тобы батыс бағытта, Беларуссия арқылы Мәскеуге қарсы жүргізілді.

Басталған соғыс КСРО-ның кейінгі тағдырын анықтайтын оқиғалардың біріне айналды. Гитлер Ресейді отарлауға, оның Мәскеу және Ленинград сияқты мемлекеттік пен мәдени орталықтарын жоюға тырысты. Толыққанды көзін жоюға еврейлер мен сығандар да түсетін болды. Жартылай жоюлуға немесе құлдарға орыстар, украиндар және КСРО-ның басқа да халықтарын айналдыру көзделді. Фашистік әскерлердің ел аумағына дендеп ене бастауынан қауіптің артуы ұлттық патриоттық қозғалыстың күшеюіне әсер етті. Ал бұл фактор кеңес елін жеңісін қамтамасыз етуде маңызды болды.

1941 жылдың жазы-күзінде КСРО-да бірнеше қорғаныстық шайқастар орны алды:

– *Ленинград қорғанысы* қаланың Луж және Петергоф-Колпин қорғаныс шептерін құрды. 8 қыркүйекте «Солтүстік» армияның топтары Ленинградтың қоршауын орнатып, бірақ қаланы жаулап ала алмады.

– 10 шілдеде *Смоленск шайқасы* басталып, ол екі айдан аса жалғасты. Оған алғашқы ірі соққы Ельн түбінде жасалынып, «Орталық» армияның тобы қорғанысқа көшті.

– *Киев үшін қорғаныстық соғыс* 1941 жылдың 19-20 қыркүйегі аралығында болды. Оңтүстік-батыс майдан әскерлерінің біраз бөлігі қоршауда қалды. Одесса 73 күн бойы қорғалды. Кеңестік әскерлер қаланы тек 16 қазанда босатты.

1941 жылғы шілде-қыркүйектегі кеңестік әскерлердің бұл қорғаныстық шабуылдары бастапқы үлгідегі «Барбаросса» жоспарының жүзеге асуын болдырмады. Ендігі жаңа шабуыл герман басшылығымен тек бір бағытты «Тайфун» операциясына сәйкес Мәскеуге қарсы бағытталды.

Ұлы Отан соғысының бірінші кезеңіндегі маңызды оқиға Мәскеу үшін шайқас болды. Ол 1941 жылдың 30 қыркүйегі – 1942 жылдың 7 қаңтары аралығын қамтыды. *Мәскеу шайқасы* барысында Қызыл Армия уақытша қарсыластық стратегиялық бастамасын қолға алып, соғыс ұзақ мерзімдік сипатқа ие болды. Бұл шайқас соғыстың шешуші кезеңіне өтуіне жол ашты.

Көптеген ресейлік тарихшылар Ұлы Отан соғысының екінші кезеңіндегі негізгі оқиғалар ретінде Сталинград шайқасы, Курскідегі қақтығыс, Днепр үшін күрес және Кавказдың босатылуын атайды.

1942 жылдың аяғы мен 1943 жылдың басындағы соғыстағы басты оқиға болып Сталинград шайқасы қарастырылды. Бұл шайқаста кейінге шегінбеу туралы бұйрықтың негізінде Қызыл Армия өзінің төзімділігі мен батырлығын байқатты. Майдан шебінде ортақ отанды азат ету мақсатында КСРО-ның барлық халықтары қатысты. 1942 жылдың қарашасынан кеңес әскерлері «Орал» жоспарына сәйкес шабуылды бастап, қарсыластың әскерін қоршауға кірісті. 1943 жылдың 30 желтоқсаны – 2 ақпаны аралығында соңғы қоршауды анықтаған операция сәтті жүзеге асырылды. Генерал Паулюстің армиясы талқандалды. Сталинград шайқасы соғыстың бағытын түбегейлі өзгерткен оқиғаға айналды. Ол вермахтың шабуылдық стратегиясының күйреуінің бастауы болды.

1943 жылдың 5 шілдесі – 23 тамызында Курск шайқасы өтті. «Цитадель» жоспарына сәйкес 1943 жылдың 5 шілдесінде «орталық» пен «оңтүстік» армиясының топтары кеңестік әскерлерге Курск аумағында соққыны жүргізіп, оны қоршауға алуы тиіс еді. Осы мақсатта 50 дивизия, 2 мың танкілер, 900 ұшақтар жиналды. Кеңестік тараптан 3600 танкілер, 2400 ұшақ тартылды. 1943 жылдың 12 шілдесінде екінші дүниежүзілік соғыстың барысындағы ең ірі танкілік қақтығыс орын алды. 13 шілдеден Қызыл Армия Орел және Белгород бағыты бойынша шабуылды жүргізді. 5 тамызда Орел мен Белгород босатылды, ал 23 тамызда Харьков азат етілді. Курск шайқасында немістің шабуылдық стратегиясы күйретілді. 1943 жылдың тамызы-қараша аралығында кеңестік әскерлер Ленинградтан Қара теңізге дейін жиырмадан астам шабуылдық майдандағы операцияларды жүзеге асырды. Курск шайқасынан кейінгі жалпы контршабуыл сол жағалаулық Украинаның, Донбасс пен Белоруссияның оңтүстік-шығыс аумақтарының азат етілуіне әкелді. 1943 жылғы қазан-қарашадағы Днепр үшін күресте соғыстың түбегейлі өзгеріс кезеңі аяқталды. Бұл шайқас нәтижесінде Днепр арқылы «шығыстық шепті» құруды мақсат еткен вермахтың шабуылдық стратегиясы талқандалды. Соғыс өзінің соңғы аяқталуы кезеңіне өтті.

Антигитлерлік коалиция шеңберіндегі КСРО-ның ынтымақтастығы. Германияның КСРО-ға шабуылы басталысымен, Англия мен АҚШ үкіметтері өздерін кеңестік мемлекетті қолдайтын мәлімдеме жасады. Гитлердің КСРО-ның халықаралық қатынастарда оқшауландыру ұстанымында сақтауға деген үміті ақталмады. Антигитлерлік коалицияның қалыптасуы КСРО-ның Ұлыбритания және АҚШ-пен келіссөздерінен басталды. Ол 1941 жылғы 12 шілдедегі екі тараптың Германиямен сепараттық бітімге келмеуге міндеттенген ынтымақтастық туралы кеңес-ағылшын келісіміне қол қоюылумен аяқталды. 1941 жылдың 2 тамызында АҚШ өзінің Кеңес Одағына экономикалық көмек көрсету туралы ниетін білдірді. Өз тарапынан КСРО Польша, Чехословакия, Югославия, Франция сияқты эмиграциядағы оккупацияланған елдердің үкіметтерімен дипломатиялық қарым-қатынастарды орнатты. 1941 жылдың 16 тамызында Англия мен КСРО арасында сауда және несиелер туралы экономикалық келісімге қол қойды.

1941 жылдың тамызында Ньюфаундленд аралында АҚШ пен Англия арасында соғыстағы мақсаттар туралы Атлантикалық хартияға қол қойылды. Бұл хартияның негізгі шарттары:

- 1) нацизмді жою мен агрессорды қарусыздандыру;
- 2) халықтардың өзін-өзі анықтау құқығын құрметтеу;
- 3) аумақтық экспансиядан бас тарту;
- 4) әлемдік экономикадағы барлық мемлекеттер үшін тең мүмкіндіктер жарияланды.

1941 жылдың 24 тамызында Лондонда одақтар арасындағы конференция өтті. Бұл конференцияда КСРО-ның Атлантикалық хартияға қосылды.

Одақтас мемлекеттердің алғашқы біріккен іс-әрекеттері әскерлерді Иранға енгізуі, сондай-ақ, ниеттес бейтараптылыққа қол жеткізу мақсатында Түркия және Ауғанстанға қысым көрсетуі арқылы жүзеге асырды.

Одақтас мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатындағы келесі қадам 1942 жылдың 1 қаңтарында Вашингтонда АҚШ бастамасымен Біріккен Ұлттардың Декларациясына қол қойылды. Оған қатысқан 26 мемлекет осы декларация негізінде антифашистік коалицияны құрды.

Антигитлерлік коалицияның құрылуының соңғы кезеңінде КСРО-ның сыртқы істер халық комиссары В. Молотов Лондон

мен Вашингтонға сапарын жасады. Бұл сапарлар нәтижесінде 1942 жылдың 26 мамырында Лондонда КСРО мен Ұлыбритания арасында гитлерлік Германия мен оның Еуропадағы жақтастарына қарсы соғыстағы одақ және соғыстан кейінгі ынтымақтастық пен өзара көмек туралы келісімдерге қол қойылды. 1942 жылдың 11 маусымында Вашингтонда соғыстағы өзара көмек қағидалары туралы кеңес-американ келісіміне қол қойылды. Соғыс жылдары антигитлерлік коалицияға шамамен 40 мемлекет кірді. Ал, антигитлерлік коалиция заңды түрде 1942 жылғы қаңтардағы Вашингтондағы «Агрессорға қарсы күрес туралы Біріккен Ұлттардың Декларациясына» қол қоюылумен бекітілді. Соғыстың барысында Декларацияға шамамен 20 мемлекет қосылды.

1941 жылдың 1 қазанында Мәскеуде КСРО, Англия және АҚШ кеңестік мемлекетке стратегиялық шикізаттың орнына қару-жарак пен азық-түлікті тасымалдауға келіседі. КСРО-ға қару-жарак, азық-түлік пен басқа да әскери материалдар АҚШ пен Англиядан 1941-1945 жылдары аралығында тасымалданды. Олардың негізгі бөлігі келесі үш бағыт бойынша тасымалданды: Таяу Шығыс пен Иран арқылы (1941 жылдың тамызында Иранға ағылшын және кеңес әскерлері енгізілді), Мурманск пен Архангельск арқылы, Владивосток арқылы. АҚШ-та ленд-лиз туралы заң қабылданды. Ол бойынша одақтастарға қарызға немесе жалға қажетті материалдар мен қару-жаракты беру қарастырылды. Бұл көмектің жалпы бағасы шамамен 1 млрд долларды немесе КСРО-ның екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде барлық пайдаланған материалдық қорларының 4,5%-ын құрады. Ұшақтар, танкілер сияқты көмек те берілді. Жалпы алғанда бұл арнайы тапсырыстар кеңестік экономикаға әскери өндіріс саласындағы жағымсыз салдарларын азайтып, үзілген экономикалық байланыстарды қалпына келтіруге көмектесті.

Антигитлерлік коалицияның негізін құраған АҚШ пен Англияның КСРО-ға қатысты ұстанған саясатында өзгешелігі болды. Ресми түрде Америка ешбір мемлекетпен соғыспады; ол психологиялық және географиялық тұрғыдан соғыс аландарынан алшақ еді. Сондықтан да КСРО-ға қатысты американдық қоғамдық пікір Ұлыбританияға қарағанда тез болмады. Ұзақ уақыт бойы АҚШ-та КСРО-ға қатысты саясатта өзіндік көзқарас ұстанды, яғни оған одақтастан көрі өз жауының жауы ретінде қарастырды.

Алғашқы соғыс күндерінен-ақ, одақтастар арасында екінші майданды ашу мәселесінде келіспеушілік байқалды. Сталин өз одақтастарына екінші майданды ашуды 1941 жылдың қыркүйегінде ұсынған болатын. Бірақ одақтастардың әрекеттері 1941-1943 жылдары солтүстік Африкадағы шайқастармен, ал 1943 жылы Сицилия және оңтүстік Италиядағы әскерлердің орналасуымен шектелді.

Одақтас мемлекеттердің арасындағы туындаған келіспеушіліктің басты себебі – екінші майдан мәселесін әр түрлі түсінуі. Кеңес басшылығы екінші майданды солтүстік Францияның аумағында әскерлерді орналастыру арқылы құруды көздеді. Ал өзге одақтас мемлекеттер екінші майдан ретінде француздық солтүстік-батыс Африкада, ал кейіннен «балқан үлгісінде» қарастырды. Кейінгі екінші майданды ашу мәселесі 1942 жылғы мамыр-маусымда Молотовтың Лондон мен Вашингтонға сапарлары барысында, сосын Тегеран конференциясында талқыланды.

Екінші майдан 1944 жылдың маусымында ашылды. 6 маусымда Нормандияда «Оверлорд» операциясы бойынша, ағылшын-американ әскерлері орналастырылды.

1944 жылға дейін одақтастар жергілікті әскери әрекеттерді жүзеге асырды. 1942 жылы америкалықтар Тынық мұхиты бассейнінде Жапонияға қарсы әскери әрекеттерді жүргізді. 1942 жылғы жаздағы Жапонияның оңтүстік-шығыс Азияны жаулап алуынан кейін АҚШ флоты Мидуэй аралында жеңіске жетті. Жапондықтар шабуылдан қорғанысқа көшті. Монтгомери бастаған ағылшындық әскерлер солтүстік Африкада 1942 жылдың қарашасында Эль-Алайменде жеңіске жетті.

1943 жылы ағылшын-америкалықтар толығымен солтүстік Африканы босатты. 1943 жылдың жазында олар Сицилия аралында, сосын Италияда орнықты. 1943 жылдың қыркүйегінде Италия антигитлерлік коалицияның жағына өтті. Осыған жауап ретінде неміс әскерлері Италияның көп бөлігін жаулап алды.

Сонымен қатар одақтас мемлекеттер әскери жағдайдағы өзара ынтымақтастықты нығайту мақсатында бірқатар басқосулар өткізді. Мәселен, одақтастардың әскери ынтымақтастығындағы маңызды кезеңі – 1943 жылдың қазанында сыртқы істер министрлері деңгейінде Мәскеудегі конференцияның өтуі. Бұл басқосуда екінші майданды ашу және Германия, Италия мен

Австрияның кейінгі тағдыры мәселелері талқыланды. Сонымен қатар, соғыстан кейін беделді халықаралық ұйымды құру мәселесі туралы шешім қабылданды.

Одақтас мемлекеттердің келесі маңызды кездесуі Тегеранда 1943 жылдың 23 қараша – 1 желтоқсан аралығында өтті. И. Сталин, У. Черчилль мен Ф. Рузвельт қатысқан бұл конференцияда қарастырылған мәселелердің ауқымы:

1) Екінші майдан 1944 жылдың мамырында ашылады деп шешілді;

2) Сталин КСРО-ның Германияның тізе бұғуінен кейін Жапонияға қарсы соғысқа қатысуға дайын екендігін мәлімдеді;

3) Соғыстағы біріккен әрекеттер мен соғыстан кейінгі кезеңдегі ынтымақтастық турады декларация қабылданды;

4) Германия мен Польшаның тағдыры туралы мәселе бойынша шешім қабылданбады.

1945 жылдың ақпанында өткен Қырым конференциясында қарастырылған мәселелер:

1) Германия мен Польшаның соғыстан кейінгі шекараларын анықтау;

2) Германияны біртұтас мемлекет ретінде сақтау мәселесі; Германия мен Берлиннің өзі американдық, ағылшын, француздық және кеңестік сияқты уақытша оккупация аймақтарына бөлінді;

3) КСРО-ның Жапонияға қарсы соғысқа қатысу уақытын белгілеу, яғни ол Еуропадағы соғыс аяқталғаннан кейінгі үш айда қатысады;

4) Германияның демилитаризациясы мен денацификациясы туралы және осы елде демократиялық сайлауларды өткізу туралы. Еуропаны азат ету туралы Декларация қабылданды. Ол бойынша одақтас мемлекеттер еуропалық мемлекеттерге «олардың өз таңдауы бойынша демократиялық мекемелерді құруға» қолдау көрсетуге дайын екендігін мәлімдеді.

Одақтас мемлекеттердің арасындағы қайшылық Польшаның тағдыры және репарация мәселелерінде туындады. Конференция шешімдеріне сәйкес КСРО барлық репарациялық төлемдердің 50%-ын алуы тиіс еді. Сондай-ақ, батыс Украина мен батыс Беларуссияға компенсация ретінде Польшаға батыстағы және солтүстіктегі аумақтар берілді.

Одактас мемлекеттердің басты жеткен жетістігінің бірі бұл жаңа халықаралық ұйымды құруы еді. 1945 жылдың 25 сәуірінде Сан-Францискода Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылып, оның құрылтайшы ассамблеясы өтті. БҰҰ-ның негізгі органдары: Бас Ассамблея, Қауіпсіздік Кеңесі, экономикалық және әлеуметтік Кеңес, қамқорлық бойынша Кеңес, Халықаралық сот және Хатшылық. Штаб-пәтері Нью-Йоркте орналасты.

Келесі кездесу Потсдамда 17 шілде-2 тамыз аралығында жоғарғы деңгейде өтті. Оған И. Сталин, Г. Трумэн (Ф. Рузвельт 1945 жылдың сәуірінде қайтыс болды) және У. Черчилль (28 шілдеден оны парламенттік сайлауда жеңіске жеткен, лейбористердің көсемі К. Эттли алмастырды) қатысты. Конференцияда келесі шешімдер қабылданды:

- германдық мәселеде – Германияны қарусыздандыру, оның әскери өнеркәсібін жою, нацистік ұйымдарға тиым салу және қоғамдық құрылысты демократизациялау қарастырылды. Германия экономикалық біртұтастық мемлекет ретінде қабылданды;

- репарациялар бойынша мәселе, германдық әскери және сауда флотын бөлісу мәселесі шешілді;

- Германияда төрт оккупациялық аймақтарды құру туралы шешім қабылданды. Шығыс Германия кеңестік аймақ болып есептелінді.

- Германияны басқару үшін одактас мемлекеттердің өкілдерінен құралған Бақылау кеңесі құрылды.

- аумақтық мәселелер. КСРО шығыс Пруссияны Кенинсберг қаласымен алды. Польшаның батыс шекарасы Одер және батыс Нейсе өзендері арқылы анықталды. 1940 жылғы наурыздағы кеңес-фин және 1939 жылғы кеңес-поляк шекаралары мойындалды;

- АҚШ, Ұлыбритания, Франция, КСРО және Қытай мемлекеттерінің тұрақты түрде қызмет ететін сыртқы істер министрлерінің Кеңесі құрылды. Оған Германия және оның Болгария, Румыния, Финляндия мен Италия сияқты одақтастарымен бейбіт келісімдерді дайындау тапсырылды;

- нацистік партияның қызметі заңсыз деп шешілді;

- басты әскери қылмыскерлерді жазалау мақсатында халықаралық трибуналды шақыру қарастырылды.

Нәтижесінде Ялта мен Потсдам сияқты конференциялар екінші дүниежүзілік соғысты аяқтап, халықаралық сахнадағы жаңа күштердің арасалмағын анықтады. Бұл басқосулар тек өзара ынтымақтастық пен келіссөздердің конструктивті шешімдердің қабылдануына әкелетіндігін көрсетті.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:

1. Пролетарлық интернационализм қағидасының мәнісі неде?
2. Капиталистік жүйемен бейбіт қатар өмір сүру қағидасын түсіндіріңіз.
3. XX ғасырдың 20-жылдары патшалық Ресейдің қарыздары мәселесі Батыс әлем мемлекеттерімен қалай шешілді?
4. XX ғасырдың 20-жылдарының аяғы – 30-жылдарының басындағы КСРО-ның сыртқы саясатында қандай маңызды кезеңдер болды?
5. КСРО-ға қарсы фашистік Германияның қандай жоспарлары болды?

Өзіндік жұмыс тақырыбы:

1. XX ғасырдың 20-жылдары КСРО-ның сыртқы саяси бағдарын талдаңыз.
2. Молотов-Рибентроп пактісінің мазмұнын ашыңыз.
3. Ұлы Отан соғыс жылдарындағы маңызды шайқастарды қарастырыңыз.
4. Екінші дүниежүзілік соғысты аяқтаудағы халықаралық ынтымақтастықтың рөлі.

1.6. Н.С. Хрущевтың басқару жылдарындағы КСРО-ның дамуы (1953-1964)

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі КСРО-ның дамуы. Соғыстан кейін кеңестік қоғамда өзгерістердің қажеттілігі байқалды. Көптеген саяси және шаруашылық сала басшылары, зиялы қауым мен жастар, қарапайым еңбекшілер мен соғыстың қатысушылары өткен кезеңдегі басқару әдістері жойылып, КСРО-да саяси жүйеде реформалар болады деп сенді. Елдегі билік құрылымының ауысуымен қатар, басқару жүйесінің децентрализациясы жүргізіледі, көптеген жазалаушы институттар жойылады және саяси партиялық басшылық әкімшілікпен алмаспайды деген болжамдар таралды. Бірақ іс жүзінде ескі басқару

жүйесін нығайтуға бағытталған қатаң саясат жүзеге асырылды. Яғни, бұрынғыдай барлық билік Сталиннің қолында шоғырланды. Сталиндік тоталитаризмді күшейту мақсатында мемлекеттік басқару аппаратында біршама өзгерістер орын алды:

– 1945 жылдың қыркүйегінде Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті таратылып, оның қызметі КСРО-ның Халық Комиссарларының Кеңесіне берілді. Сонымен қатар, жергілікті кеңестердің атқарушы комитеттерінің бірқатар бөлімдері жойылды. 1946 жылдың наурызында КСРО-ның Халық Комиссарлары Кеңесі КСРО Министрлерінің Кеңесі болып өзгертілді, ал одақтық және автономдық республикалардың халық комиссарларының кеңестері сәйкес деңгейдегі министрлер кеңесі деңгейіне, халық комитеттері министрліктерге ауысты.

– Соғыс жылдарында елдің барлық салаларындағы партиялық органдардың ықпалы елеулі түрде күшейді. Сайланбалы лауазымдарға тағайындау кеңінен қолданылып, ол өз кезегінде Кеңестердің өздерінің мемлекеттік қызметтерін атқарудан шеттетілуіне әкелді.

– 1947 жылы одақтық және автономдық республикалардың Жоғарғы Кеңестеріне сайлау өткізілді, ал 1947 жылдың аяғы – 1948 жылдың басында жергілікті Кеңестерге кезекті сайлаулар өтті. 1950 жылдың наурызындағы Конституциямен белгіленген екінші шақырылымындағы КСРО-ның Жоғарғы Кеңесінің өкілеттігі мерзімінің аяқталуымен байланысты биліктің жоғарғы органына кезекті сайлау өтті. Сонымен қатар, 1947 жылдың ақпанында Одақ Кеңесі және екінші шақырылымдағы КСРО-ның Жоғарғы Кеңесінің Ұлттар Кеңесінің заң шығарушылық ұсыныстарының тұрақты Комиссиялары құрылды. Бұл комиссияларға Жоғарғы Кеңестің сессияларына заң жобаларын қарастыру мен дайындау міндеті жүктелді.

– Елдегі экономикалық жағдайдың өзгеруі де мемлекеттік аппаратты қайта ұйымдастыру қажеттілігіне әкелді. 1947 жылы КСРО-ның Министрлер Кеңесінің мемлекеттік жоспарлау комиссиясы КСРО-ның Министрлер Кеңесінің мемлекеттік жоспарлау комитеті деп өзгертілді. Оның өкілеттігіне халық-шаруашылық жоспарларын жоспарлау, есептеу мен орындалуын бақылау кірді. КСРО-ның министрлер Кеңесінің халық шаруашылығын

қамтамасыз ету бойынша Мемлекеттік комитет пен КСРО-ның министрлер Кеңесінің халық шаруашылығына жаңа техниканы енгізу бойынша Мемлекеттік комитет құрылды.

– 1946-53 жылдары саяси жүйе ретіндегі сталинизмнің жоғарғы деңгейге өтуімен сипатталды. Сталин біртіндеп әскери істерді тікелей басқарудан оқшауланып, 1947 жылы қорғаныс министрі қызметін Н.А. Булганинге берді, бірақ КСРО-ның Министрлер Кеңесінің Төрағасы қызметін сақтап қалды. Сондай-ақ, ол саяси бюро мен Бүкілресейлік коммунистік большевиктер партиясының ұйымдастырушылық бюросының мүшесі болып қала берді. Соғыс жылдарындағы Сталиннің беделі барлық әкімшілік-бюрократиялық және идеологиялық аппараттың жүйесімен нығайтылды.

Сталиндік тоталитаризмді нығайту мақсатында XX ғасырдың 40-50 жылдары империялық идеология мен мемлекеттік антисемитизм ашық сипатқа ие болды. КСРО-да антисемиттік іс-шаралар кеңінен етек жайды. 1948 жылы еврейлік зиялы қауым өкілдерін тұтқындау басталды. Бұл шаралар «тексіз космополитизммен» күрес бойынша компания деп аталды. Құпия жағдайда антифашистік еврейлік комитеттің мүшелері өлім жазасына кесіліп, атылып тасталды. Олар мемлекетке қарсы қызметті ұйымдастырғаны және АҚШ пайдасы үшін шпионажды жүргізгендігі үшін айыпталды. Елдің барлық еврейлік халқы көпшілік кеңес халқының жауы ретінде қарастырылды.

Саяси репрессиялар да өз жалғасын тапты. Зиялы қауым өкілдеріне қысым күшейтілді. Елде «Батыстың идеологиялық ықпалына» қарсы «кеңестік патриотизмді нығайту» ұранымен өткізілген жаппай компания жүзеге асырылды. Бұл шаралар зиялы қауымды «қайта тәрбиелеу» мақсатында жүргізілді. Қудалауға зиялы қауымның өкілдері болған көрнекті жазушы М. Зощенко, ақын А. Ахматова, Д. Шостакович пен Ю. Шапорин, С. Прокофьев сияқты композиторлар, кинорежиссерлар Э. Казакевич, С. Эйзенштейн ұшырады. Ғылым саласының қызметкерлері де бұл қысымнан тыс қалмады. Әсіресе, идеологиялық бақылау тарих, философия және саяси экономика бойынша ғылым салалары бойынша зерттеулер жүргізгендерге жасалынды. Партияның бастамасымен ғылымның әр алуан саласында өткізілген талқылаулар

іс жүзінде партиялық аппараттың пікірі бойынша марксизм-ленинизм тұжырымдамаларымен сәйкес келмейтін қозқарастарды ұстанған жетекші ғалымдарды айыптау жолы болатын.

Партиялық басшылықтың рухани идеологиялық қысымымен қатар, қанды террор да қатар жүргізілді. XX ғасырдың 40-жылдарының екінші жартысында КСРО-да жаппай репрессиялар кеңінен етек алды. Солардың ең ірісі – 1949-1951 жылдардағы «Ленинград ісі» болды. Бұл іс 1949 жылдың қаңтарында Бүкілресейлік Коммунистік большевиктер партиясының орталық комитетіне (ЖКП(б)ОК) Ленинград облыстық және қалалық комитеттері хатшыларының сайлау нәтижелерін бұрмалау туралы жасырын хаттың келуінен кейін басталды. Іс Ленинградтағы кезінде жұмыс істеген 2 мың басшыны қызметінен босату және соның ішінде 200-інің өлім жазасымен аяқталды. Олар Ленинградты Мәскеуге, ал Ресейді Одаққа қарсы қою арқылы КСРО-ны құлатуға ұмтылды деп айыпталды. Жазаланғандардың арасында Саяси бюро мүшесі мен КСРО-ның Мемлекеттік жоспарының төрағасы Н.А. Вознесенский, ЖКП(б) ОК-ның хатшысы А.А. Кузнецов, РСФКР министрлер кеңесінің төрағасы М.И. Родионов, Ленинградтық партиялық ұйымның жетекшісі П.С. Попков және т.б. болды.

XIX партия съезі Сталин репрессияларының келесі тізбегін бастауы тиіс жаңа қатал шараларды ұйымдастырды. 1952 жылдың қыркүйегінде жазалаушы органдар Саяси бюро мүшелері және олардың отбасыларына қызмет көрсететін Кремль ауруханасының басшылық етуші қызметкерлерін мен дәрігерлерін тұтқындады. Олар мемлекеттік және партия жетекшілерін дұрыс емдемеу арқылы өлтіру мақсатындағы қастандыққа қатысы бар деп айыпталды. Бастапқыда дәрігерлерді соттау жария түрде 1953 жылдың наурызында өтеді делінді. Тұтқындалғандардың қатарында еврейлермен қатар, орыстар мен украиндықтардың болғанына қарамастан, бұл «Дәрігерлер ісі» антисемистік сипатқа ие болды. Жарияланған хабарлама қағазда тұтқындалған дәрігерлер өздерінің аумақтық және тыңшылық қызметін шетелдік барлаушылардың нұсқаулары мен АҚШ-та орналасқан халықаралық сионистік ұйымдардың жетекшілігімен жүзеге асырды деп атап көрсетілді.

Бүкіл ел ішінде «кісі өлтіруші дәрігерлерді» өлім жазасына кесу және «большевиктік қырағылықты» күшейтуді талап еткен ереуілдер ұйымдастырылды. Жаппай террорлардың жаңа толқыны дайындалып жатты, бірақ Сталиннің 1953 жылдың наурызында дүниеден өтуі оның алдын алды.

И.В. Сталиннің қайтыс болуынан кейін кеңестік қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуында жаңа кезең басталды.

Саяси билік үшін күрестің басталуы. Партияның XX съезі. Хрущевтың билігінің нығаюы. 1953 жылдың 5 наурызында Сталин қайтыс болды. Әрине, елдегі сенімді әрі заңды билікті берудің механизмінің болмауы саяси дағдарысты тудырды. Билік үшін күрес өршіді. Сталиннің басқаруы кезеңінде нақты партия ресми түрде қоғамның дамуын анықтады. Бірақ іс жүзінде ол атқарушы, репрессивті органдармен шеттетілген еді. Ал нағыз билік саяси институттардан көрі И. Сталиннің жеке қолында шоғырланды. Халықтың тағдыры оның атынан әрекет еткен топпен шешілді. КОКП Орталық комитетінің хатшылығына Н.С. Хрущев, М.А. Суслов, П.Н. Поспелов және т.б. тағайындалды. Негізінен Л.П. Берия, Г.М. Маленков пен Н.С. Хрущев өз уақытында Сталиннің жақын аумағында болып, негізсіз репрессияларға қатысты болды.

1953 жылдың 5 наурызында Сталиннің қайтыс болуынан кейін елдің дамуының бір кезеңі аяқталып, жаңару бағытындағы келесі кезең басталды. Келесі күні Кеңес Одағының коммунистік партиясының (КОКП) Орталық комитеті, КСРО Министрлерінің Кеңесі, КСРО-ның Жоғарғы Кеңесінің Президиумының біріккен жиналысы өтіп, онда сталиндік жақтастар өз үстемдігін қалпына келтірді. Орталық комитеттің президиумының саны 26-дан 10-ға қысқарып, оған мүшелікке кандидаттардың саны 4 адамға азайды. Бұл сталиндік реформадан шеттетілуді білдірді. Партия мен елдегі барлық басқарушы қызметтер оның жақтастарының қолында шоғырланды. Г.М. Маленков Министрлер Кеңесінің төрағасы ретінде, сондай-ақ, КОКП-ның Орталық комитетінің Президиумының жиналыстарында төрағалық етті. Орталық комитеттің хатшылығын Н.С. Хрущев басқарды, ал жаңа ішкі істер Министрлігінің жетекшісі болып Л.П. Берия тағайындалды.

Олардың арасында орын алған билік үшін күрес КСРО-дағы кейінгі жылдардағы саяси-қоғамдық дамуды анықтады.

Сталиннің қайтыс болуынан кейінгі билікке басты үміткер Л.П. Берия екендігі айқындалды. Оған КСРО-ның негізгі ішкі істер министрлігі және мемлекеттік қауіпсіздік министрлігі сияқты жазалаушы органдар бағынышты болды. Кез-келген басшыға қатысты «мәліметті» иемдене отырып және өз қолында билікті жаулап алудың маңызды аппаратын шоғырландыра отырып, оның кез-келген қарсыласты саяси ойыннан алшақтатуға мүмкіндігі көп болды.

Берия ел басшылығында алғашқы болып радикалдық өзгерістер бағдарламасын ұсынып, командалық-әкімшілік жүйенің шектен шыққан деңгейінен бас тарту қажеттілігін ұғынды. Ең алдымен, Л.П. Берия баспасөз беттеріндегі Сталиннің жеке басына табынуды насихаттауға қарсы шықты. 1953 жылдың наурызында оның бастамасымен рақымшылық жасау туралы жарлық шықты, ал сәуірде атышулы «дәрігерлер ісі» тоқтатылды. Сонымен қатар Берия шаруашылық механизмнің дамуына ықпал етуге тырысады. КОКП Орталық Комитеті президиумындағы баяндамаларда ол халық демократиясы елдерінде колхоздық өндіріс тәжірибеден бас тартуға үндей отырып, колхоз өндірісі тиімділігіне сенімсіздігін білдірді. Сыртқы саясат саласында Л. Берия ГДР мен ГФР-дың бірігіп, оның негізінде бейтарап демократиялық герман мемлекетін құруды жақтады. Сондай-ақ Югославиямен қарым-қатынастарды реттеу қажет деп есептеді. Батыс әлемінің «демократиялық социализм» идеясын жақтаушыларымен байланыстарды орнатуға деген ұмтылыстар да орын алды. Осы жоспарларының барлығы Берияға «әлемдік капитализм» мүдделері үшін тыңшылық қызметпен айналысады деген айыптың тағылуына негіз болды. Үстемдікке ұмтылған Берияның билікке келуінен қауіптенген өзге қызметтегі жетекшілер бірігіп, армияның қолдауымен оған қарсы шықты. 1953 жылдың 26 маусымында КСРО Министрлерінің Кеңесінің Президиумында Берия аяқ астынан бірқатар қылмыстары үшін ұсталды. Нәтижесінде Берияға қатысты тергеулер жүргізіліп, ол 1953 жылдың желтоқсанында «Коммунистік партияның және кеңестік халықтың жауы» ретінде ату жазасына кесілді. Саяси полицияның басшысының биліктен кетуі ол басқарған органдарды

қайта ұйымдастыруға жол ашты. Бұл ұйымдастыру мемлекеттік биліктегі жазалаушы институттардың рөлін әлсірету мақсатында жүзеге асырылуы қажет еді. Яғни, саяси істерді соттан тыс қарастыратын органдар болған үштік қызметі шеттетілді. Ішкі Істер Министрлігін әділет министрлігіне беріп, лагерлерді басқару жүйесінен айырды. Саяси полиция жеке ұйымға өзгертіліп, Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті деп аталды.

Бериямен қатар, артынша оның жақтастары да жазаланды. Б.З. Кобулов, В.Н. Меркулов, В.Г. Деканозов, С.А. Гоглидзе, П.Я. Мешик, Л.Е. Влодзимерский сияқты қызметтестері жазаланды. Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігінің бұрынғы басшысы В.С. Абакумов сынды қызметкерлер тұтқындалды. Кейбір бұрынғы әскери тұтқындарға рақымшылық жасалынды.

Берияның саяси биліктен алыстатылуынан кейін КСРО-дағы саяси билік үшін күрес өз жалғасын тапты. Басты үміткерлер болып Министрлер Кеңесінің төрағасы Г.М. Маленков пен оның қызметтестерінің бірі Н.С. Хрущев қарастырылды. 1953 жылдың қыркүйегінде Н.С. Хрущев *КОКП-ның Орталық комитетінің бірінші хатшысы* қызметіне тағайындалды. Осы кезеңнен бастап Хрущевтің «жылымығы» саясаты басталды. Яғни, Сталиннің қайтыс болуынан кейінгі билік үшін күрес жылдарынан бастап Хрущевтің бұл саясаты басталды деп есептелінеді.

Билік басында болған Г. Маленков 1953 жылдың тамызында жаңа бағытты белгіледі. Ол бойынша:

– жеңіл өнеркәсіпті дамыту, халықтың тұтыну тауарларын өндіру, өндіріс құралдарын өндіру.

– азық-түліктік мәселені шешу мен ауыл шаруашылығын ұзаққа созылған дағдарыстан шығару қарастырылды.

Бірақ, осындай реформаларды ұсынғанымен, Берияның биліктен кетуі Г. Маленковтың ұстанымдарын әлсіретті. Коммунистік партияның қатаң бақылауына И.А. Серов басқарған Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті өтті. Елдің саяси жетекшілігінде біртіндеп партиялық аппараттың маңыздылығы артты. Бірінші хатшы ретінде Н.С. Хрущев өз өкілеттігін елеулі деңгейде күшейтіп, билік үшін күресте көшбасшылық мәртебесін қалыптастыра бастады. Бұл, ең алдымен, Г. Маленковқа қарағанда ХХ ғасырдың 30-50 жылдары саяси репрессиялар үшін жауапкершіліктің

жүгінің оған аз артылуында болатын. Нәтижесінде 1955 жылдың қаңтарында КОКП-ның Орталық комитетінің пленумында Хрущев Г. Маленковты «қатаң большевиктік басшы», «кеңестік үкіметтің басшылығындағы қызметпен қатар, Орталық комитеттің Президиумының жетекшілігіне ұмтылды» деп айыптады. Ол Бериямен жақын қарым-қатынаста болғандығы және «Ленинградтық іске» қатысқандығы үшін айыпталды. Осы деңгейлес саяси айыптаулардың нәтижесінде 1955 жылдың ақпанында КСРО-ның Жоғарғы Кеңесінің сессиясында Г.М. Маленков ресми түрде КСРО-ның Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметінен отставкаға кетуді сұранды. Бұл қызметте оның орнын Н.А. Булганин алмастырды. Бірақ Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметінен Г. Маленковтың босатылуынан кейін іс жүзіндегі билік Хрущевтің қолына көшті. Яғни, елдің қоғамдық-саяси өмірінде Хрущевтің беделі арта бастады. Әсіресе, халықтың арасында оның беделінің артуында КОКП-ның XX съезі маңызды рөл атқарды.

1956 жылғы ақпандағы КОКП-ның XX съезі елдің қоғамдық-саяси өміріндегі либерализациясының басталуында маңызды орынға ие болды. Съезде партияның Орталық комитетінің жұмысы туралы есеп, халық шаруашылық дамуының алтыншы бес жылдық жоспарының нұсқаулары талқыланды. В.М. Молотов, К.Е. Ворошилов, Л.М. Каганович пен Г.М. Маленков Сталин туралы мәселенің көтерілуіне қарсылығын білдірді. Бірақ өзара қайшылықтың нәтижесінде съездің соңғы жұмыс күнінде 25 ақпанда Н.С. Хрущев «Жеке басқа табыну және оның салдарлары» атты баяндамасымен жабық жиналыс жағдайында таныстырды. Баяндамада П.Н. Поспеловтың комиссиясы жинақтаған XX ғасырдың 30-40 жылдарындағы жаппай кінәсіз адамдарды ату мен халықтарды депортациялау туралы мәліметтер қамтылды. Сонымен қатар, репрессиялар, зорлық-зомбылық пен танымал адамдардың өлімі туралы, В.И. Лениннің съездге хаты және Сталиннің ұжымдық жетекшілікті елемейтін мәселесі, ауыл шаруашылығының қиын жағдайы мен Қызыл Армияның соғыстың бастапқы кезеңіндегі жеңілістері туралы айтылды. Идеологиялық догмалардың ықпалында қала отырып, Н. Хрущев барлық осы оқиғаларды Сталиннің жеке қасиеттерімен

байланыстырды. Жаңа партиялық басшылық «жеке басқа табыну» үшін сынмен ғана шектеліп, социалистік қоғамның өзіндік осыған дейінгі қалыптасқан жүйесіне қол сұқпады, яғни көп жылдарға шын мәнісіндегі кеңестік қоғамның қайта құрылуына жол жабылды.

КОКП-ның XX съезі әлемдік социалистік тәжірибені сыни тұрғыдан қайта бағамдау мен халықаралық коммунистік қозғалыстың дамуының бастауына айналды. XX съезде басталған сталиндік билікке қарсы үдеріс әлемдік коммунистік қозғалыстың өзінің ішінара бөлшектенуіне әкелді. Елде бірнеше бағыттағы партиялар тобы пайда болды:

– Сталиннің кейбір «қателіктерін» мойындайтын және КОКП-ға бағытталған топ;

– Сталинға қатысты сынды қолдамайтын және Қытайдың Компартиясына бет бұрған топ;

– «еврокоммунистер», яғни сталинизмді құбылыс ретінде бағалау арқылы өзгелерден алға кетіп, социализм түсінігі және оған қол жеткізу жолдарын қайта қарастырған топ.

Партияның съезі әлемдегі коммунистік қозғалыстың дамуымен қатар, КСРО-ның ішкі саяси өмірінде де елеулі өзгерістер енгізді. КОКП-ның XX съезінен кейін елдің қоғамдық өмірін, әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуын одан арғы демократизациялауға бағытталған бірқатар реформалар жүзеге асырылды. Іс жүзінде демократизацияландыру саясаты мемлекеттік басқару жүйесіні орталықтандыруға бағытталды. Бұл бағытта жүзеге асырылған шаралар:

– 1957 жылдың қаңтарында жергілікті Кеңестердің қаржы-материалдық негізінің өкілеттіктерін кеңейту және олардағы бюрократизмді жойып, қоғамды жұмысқа тартуға байланысты іс-шаралар белгіленді. Өнеркәсіптік мекемелермен қатар, орталықтан жергілікті билікке заң шығарушылық қызметі жүктелді, басқару саласындағы одақтас республикалардың құқықтары кеңейтілді. Кеңестердегі жұмыстарға бюрократия өкілдерімен қатар, еңбекшілердің өздері де тартылды. Осы бағыттағы маңызды қадам – 1957 жылдың қаңтарында қабылданған «Еңбекші депутаттар Кеңесінің қызметін арттыру және олардың халықпен байланысын күшейту туралы» қаулысы. Ол бойынша сайланбалы қызметтерге

үміткерлерді міндетті түрде талқылау және олардың өз орнында болуы екі мерзіммен шектеу енгізілді. Яғни, мұндай қаулы арқылы бюрократияның билігі шектелген болатын;

– қоғамда қайта қалпына келтіру үдерістері етек жайып, тұтас халықтарды да қамти бастады. 1957 жылы соғыс жылдарында таратылған балкар, шешен, ингуш, қалмақ және карачаев халықтарының ұлттық автономиясы қалпына келтірілді. Бірақ қырым татарлары, түрік-месхетиндіктер және Еділ жағалауының немістерінің құқықтары қалпына келтірілмеді;

– Бүкілодақтық кәсіподақтардың орталық кеңесі (БОКОК) қайта ұйымдастырылды. Бұрынғы 47 салалық кәсіподақтардың орнына 23-і құрылды. БОКОК-ның аппараты мен орталық комитеттері үш есеге азайды. Бастапқы кәсіподақтардың басым көпшілігін «босатылған қызметкерлер емес», керісінше белсенділер басқарды. Кәсіподақтардың құқықтары да кеңейтілді;

– Жастардың қоғамдық белсенділігінің артуы мен комсомол қызметінің жандануы. Шамамен 350 мың жас қыздар мен жігіттер тыңайған жерлерді игеруге жіберілді. Барлығы комсомолдық жолдаманы алуға 1 миллиондай өтініш түсті. КОКП-ның және комсомолдың шақыруы бойынша шамамен 300 мыңдай жастар ірі құрылыстарға жіберілді. Хрущевтің халықаралық байланысты нығайтуға деген бағыты 1956 жылы жастар ұйымының Комитетінің құрылуына және 1957 жылы Мәскеуде VII Әлемдік жастар және студенттердің фестивалінің өткізілуінде көрініс тапты. Бұл оқиғалар жабық мемлекет болған КСРО тарихындағы бетбұрыстық шараларға айналды;

– Жергілікті Кеңестерге қарайтын басқа да қоғамдық ұйымдардың дамуына көңіл бөлінді. Көше және квартал комитеттері, үй басқаруы қарамағындағы жәрдемдесу бойынша қоғамдық комиссиялар, милицияға жәрдемдесетін бригадалар, мектептер мен үй басқармаларындағы отбасылық кеңестер, клубтардың кеңестері, балалар үйі жанындағы қамқорлық кеңестері, еңбек ардагерлері кеңестерінің қызметіне мән берілді;

– Хрущев аппарат қызметкерлерінің артықшылықтарын шектеді. Ол «сталиндік пакет», яғни айлықтан бөлек аппарат, баспа мен ғылыми мекемелердің жоғарғы қызметкерлеріне құпия түрде берілетін және салықпен жүктелмейтін ақшалай түрдегі жүйесін

жойды. Хрущев бірнеше рет жоғарғы номенклатура үшін арнайы бөліністі жоюға және жеке машиналарға құқықтарды шектеуге тырысты;

– XX ғасырдың 50-жылдарының екінші жартысында қоғамдық-саяси саладағы заңдылықты қалпына келтіруге бағытталған саясат өз жалғасын тапты. Елдегі тәртіпті нығайту мақсатында әділ сот жүйесі енгізілді. Жаңа қылмыстық заңнама дайындалып, бекітілді. Сонымен қатар прокурорлық бақылау туралы заң қабылданды. Одақтас республикалардың заң шығарушылық өкілеттіктері кеңейтілді. Саяси-экономикалық салалардағы қосымша құқықтар КСРО мен одақтас республикалардың жоғарғы құрылымдарына берілді. Репрессиялардың құрбандарын ақтау бойынша жұмыс тоқтатылмады.

– XX ғасырдың 50-жылдарының аяғында жер аударылып жіберілген халықтар негізсіз айыптардан ақталды. Арнайы қоныстарда болған Польша, Венгрия, Болгария және басқа елдердің азаматтарының репатриациясы басталды. Ақталған репрессия құрбандарының саны күшейді. Бірақ, бұл саясат И.В. Сталинге қарсы оппозицияның жетекшілері болған А.И. Рыков, Н.И. Бухарин сияқты XX ғасырдың 30-жылдарындағы көптеген ірі кеңестік және мемлекеттік қызметкерлерге қатысты емес еді.

Осы қабылданған шаралар арқылы жүзеге асқан елдегі саяси жүйенің либерализациясы мен Сталиннің жеке басына табынуды айыптау халықтың арасындағы Н.С. Хрущевтің беделінің артуына ықпал етті. Бірақ либерализация бағытындағы жасалынған іс-шаралар көбінесе өтпелі сипатқа ие болды. Кейінгі қадамдардың бағыты мен ауқымы келесі факторларға негізделді:

- Хрущевтің реформатор ретіндегі әрекеттеріне;
- саяси басшылықтағы күштердің тікелей арасалмағына;
- қоғамның жүзеге асырылған іс-шаралар мен ұсынылған ұрандарға реакциясына.

Н.С. Хрущевпен жүргізілген десталинизация саясаты, саяси-экономикалық салалардағы көптеген қайта құрулар партиялық-мемлекеттік аппараттың бір бөлігінің наразылығын арттырды. Н. Хрущевтің беделінің артуы кейіннен «антипартиялық топ» деп атанған оған қарсы оппозицияның қалыптасуына әкелді. Сонымен

қатар, бұл оппозициялық топты сталиндік бағытты ұстанушылар деп бағалауға да болмайды. Өйткені оған «негізгі тірегі» Маленков, Молотов пен Кагановичпен қатар, әр алуан көзқарастағы және өзара достық қарым-қатынаста болмаған Первухин, Сабуров, Шепилов, Ворошилов және Булганин сияқты саяси қайраткерлер кірді. Бұл топтағы адамдарды кейбір мүшелерінің өздерінің кейінгі уақыттағы қылмыстарының ашылатындығына байланысты қауіп қана емес, сондай-ақ олардың дәстүршіл бағытта ұстануы мен Н. Хрущевтің жекелеген мәселелері бойынша жүзеге асырған саясатымен келіспеуі біріктірді. Ең алдымен, топ мүшелері Н. Хрущевтің «ұжымдық басшылықсыз» жалғыз көшбасшы ретінде орнығуына қарсы болды. Хрущевтің жеке билікті нығайту мақсатындағы жоспарларының жүзеге асуы барлық Сталинге жақын саяси қайраткерлердің саяси күйреуіне ғана емес, ол ұсынған партиялық және мемлекеттік қызметкерлердің де құлдырауына әкелді.

1957 жылдың маусымындағы Орталық комитет Президиумының мәжілісінде Молотов пен Маленков Хрущевті КОКП-ның Орталық комитетінің бірінші хатшысы қызметінен босату туралы мәселені аяқ астынан көтерді. Президиумдағы 11 мүшенің 7-уі, яғни Булганин, Ворошилов, Каганович, Маленков, Молотов, Первухин және Сабуров Хрущевтің отставкаіге кетуін талап етті. Олар оны «ұжымдық басшылық» қағидаларын бұзғандығы және жеке басқа табынуды орнатқандығы, ойластырылмаған әрі дербес қабылданған сыртқы саяси іс-әрекеттері, экономикалық волонтаризм үшін айыптады. Дегенмен, Хрущев бұл шартпен келіспей, Орталық комитеттің Пленумын жедел шақыруды талап етті. Жаңартылған Орталық комитеттің мүшелері, Жуков бастаған армия және МҚК-нің қолдауына сүйене отырып, Н. Хрущев 22 маусымда Пленумының шақырылуына қол жеткізді. Ол 29 маусымға дейін жұмыс істеді. Жиналыстың барысында оппозиционерлердің әрекеттері фракциялық деп бағаланып, сын тағылды. Молотовтан басқасының барлығы өз қателіктерін мойындады. Маленков, Каганович, Молотов пен Шепилов Орталық комитеттің және оның Президиумы құрамынан шығарылды. Булганинге қатаң сөгіс жарияланып, кейіннен ол Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметінен босатылып, ОК-ның Президиумы құрамынан шығарылды. Ал, оппозиционерлердің өзі олардың қауіпіне қарамастан, босатылып

қана қоймай, партияның құрамында да қалды. Бірақ олар Мәскеуден алыстатылды: Молотов Моңғолияға елші болып, Маленков Өскеменнің директоры, ал кейіннен Екібастұз электрстанциясының директоры қызметін атқарды. Орталық комитеттің президиумына Л.И. Брежнев, Е.А. Фурцева, Ф.Е. Козлов және Хрущевті қолдаған өзге партия мен мемлекеттің қызметкерлері енгізілді.

«Оппозицияның» алшақтатылуынан кейін елдегі жоғарғы билік органдарының құрамына өзгерістер енгізілді. КСРО-ның Жоғарғы Кеңесінің төрағасы қызметінен К.Е. Ворошилов босатылып, оның орнына Л.И. Брежнев келді. Келесі хрущевтік билікті нығайту мақсатында жасалынған қадам қорғаныс министрі қызметінен Г. Жуков аяқ астынан кетті. Бұл Г.К. Жуковтың халық арасындағы беделінің күшеюі және армиядағы оның бақылауының артуына байланысты Хрущевтің қауіптенуінен туындаған еді. Сондықтан, өзара қайшылықтардың болуына қарамастан, Хрущев өзін «сақтандыру» мақсатында қорғаныс министрі ретінде туыскандық жақындығы бар маршал Малиновскийді тағайындады.

Саяси биліктегі өзгерістер Хрущевтің ықпалының артуына әкелді. Нәтижесінде 1958 жылы ол екі қызметті қатарынан атқарды: КОКП-ның Орталық комитеттің бірінші хатшысы әрі Министрлер Кеңесінің төрағасы. Яғни XX ғасырдың 50-жылдарының аяғында Хрущев өз қолында жоғарғы партиялық және мемлекеттік қызметті шоғырландырды.

Хрущевтің ішкі саясаты. 1958 жылы екі қызметті үйлестірген Н.С. Хрущев негізгі билікті өз қолына шоғырландырды. Ол репрессиялық күш көрсету әдістерін саясатта пайдалануға бейім болмады. Партия мен мемлекет басшысы қызметінде Хрущев өз қызметінің басты мақсаты кеңес халқын бейбітшілік пен бақуаттылық жағдайымен қамтамасыз ету деп белгіледі. Бірақ, ол да өзінің жеке басын мақтап, көтеруге деген қызығушылықтан бас тарта алмады. Яғни XX ғасырдың 60-жылдары Н. Хрущевтің жеке еңбектері мен адамгершілік қасиеттерін шегінен асыра мақтау басталды.

Хрущевтің билік ету жылдарындағы саясаты «жылымық» деп аталды. Оның басталуы негізінен Сталиннің қайтыс болуынан кейінгі XX съезбен байланыстырылады. Себебі осы басқосуда алғашқы рет Сталин жеке басқа табынушылық саясатын жүзеге

асырғандығы үшін айыпталып, тоталитарлық жүйені әлсірету бағытында қадам жасалынған болатын.

Хрущевтің кезіндегі партияның қызметіне тоқталар болсақ, коммунизмді нығайту мақсатында жиналыстар өтті. 1959 жылы КОКП-нің кезектен тыс XXI съезі КСРО-дағы социализмнің толыққанды жеңіске жеткендігін жариялады. Бұл съезде 1959-1965 жылдары сәтсіз болған жеті жылдық халық шаруашылығының жоспары қабылданды. Нәтижесінде Кеңес Одағының дамыған коммунизмді құру кезеңі басталғандығы мәлімделді.

1961 жылы XXII съезде 1980 жылға дейінгі жаңа үшінші партияның бағдарламасы – коммунизмді құру бағдарламасы қабылданды. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін адам басына шаққандағы тауар өндірісі бойынша көрсеткіштерде капиталистік мемлекеттерге қуып жетіп, материалдық және мәдени игіліктердің молдығына қол жеткізу, ауыр еңбекті жою қарастырылды. Бағдарламада халықтың әл-ауқатын жедел арттыру және қоғамды демократизациялау бойынша міндеттер қамтылды. Сонымен қатар, съезде КОКП-ның жаңа жарғысы қабылданды. Ол бойынша партиялық топтардың құқықтарын кеңейту, партиялық қызметтердің ротациясы және партиялық жұмыстағы қоғамдық бастамаларды кеңейту қарастырылды.

Нәтижесінде XX ғасырдың 50-жылдарының ортасы мен 60-жылдарының басында КСРО-ның қоғамдық-саяси саласы қарама-қайшы үрдістермен сипатталды. Бір жағынан, елде саяси демократизация үдерісі жүріп жатты. Екінші жағынан, әкімшілік-командалық жүйе әлі де өз жалғасын тапты.

Экономикалық және әлеуметтік саладағы түбегейлі өзгерістер. XX ғасырдың 50-жылдарының басында елдің экономикасында түбегейлі өзгерістер басталды. Халықты азық-түліктік және жеңіл өнеркәсіптік шикізатпен қамтамасыз ету мақсатында ауыл шаруашылығы өндірісі саласында өзгерістер және оны жедел қарқынмен арттыру қажеттілігі болды. Халықтың ауқаттылығы деңгейін көтеру жаңа басшылықтың орталық міндеттерінің бірі ретінде жарияланды. Оны шешу мақсатында КОКП-ның Орталық комитетінің 1953 жылғы Пленумында негіздері бекітілген жаңа аграрлық саясаттың дайындығы басталды. Оның жұмысында бірқатар мәселелер орталық орынға ие болды:

1) ауыл шаруашылығы өндірісі саласына капитал салымдарын көбейту. Ауыл шаруашылығы салаларын қаржыландыру артты. 1956 жылы аграрлық салаға бағытталатын қаржы барлығы 18%-ды құрады, ал 1955 жылы тек 7% болатын;

2) ауыл шаруашылығы тауарларына мемлекеттік сатып алу бағаларының артуы. Ауыл шаруашылығы өндірісін жоспарлаудың жүйесі өзгерді. Осы уақыттан бастап мемлекет өткізетін өнімді дайындаудың көлемін ғана анықтады;

3) салық саясатын жетілдіру. Шаруалардың жеке көмекші шаруашылықтарына белгіленген салықтар төмендетілді және жаңа салық жүйесі енгізілді;

4) колхоздардың экономикалық дербестігін кеңейтуі. МТС-тегі шаруалардың есептері тәртіпке келтірілді: іс жүзіндегі астық өніміне байланысты қызмет көрсетуді төлеу бойынша қатаң бағлар белгіленді. Колхоздар мен совхоздарды техникалық қамтамасыз етуді жақсарту бағытындағы қадамдар жасалынды. Ауылдарға тракторлар және ауыл шаруашылық машиналардың тасымалы көбейді.

Партиялық басшылықтың әкімшілік әдістері және жедел сәттілікке қол жеткізуге ұмтылыс аграрлық саладағы бұл саясаттың тұрақты түрде жалғасуын тежеді.

Сталиннің биліктен кетуінен кейінгі аграрлық саладағы жасалынған келесі іс-шара – партияның тың және тыңайған жерлерді игеру бағытын ұстануы. 1954 жылы КОКП Орталық комитетінің пленумында осы бағыт жарияланды. Тың жерлерді игеруді арттыру мақсатында оңтүстік Орал, Сібір мен Қазақстан сияқты елдің шығыс аудандарына 350 мыңнан аса қоныстандырушылар келді. Олардың мұндай тәуекелді тың және тыңайған жерлерге жіберілуінің басты себебі – азық-түліктік дағдарыс болды. Тың жерлерді жоғарғы көлемде жырту елдің еуропалық бөлігіне капитал салымдарының түсіміне, техника мен кадрларға жолды жауып, реформаның дамуын баяулатты. Құнарсыз жерлер де игеріліп, жаппай қарқынды жүргізілген науқан өнімділігі тұрғысынан сәтті емес еді. Бірақ тыңайған жерлерді жыртудың оңды нәтижелері де болды: бидайдың құнды сорттарының өндірудің ірі орталығы құрылды; Қазақстанның, батыс және шығыс Сібірдің ауыл шаруашылығын дамытудағы рөлі артты және ауыл шаруашылығының өсуі бастал-

ды. Реформалар бастапқыда жағымды нәтижелерге әкелді, яғни үш жылда ауыл шаруашылығының өнімдерінің өндірісі саласы 25%-ға өсті. Бірақ 1957 жылдың мамырында Хрущев колхоз өкілдерінің жиналысында негізінен ет пен сүт өнімдерін өндіру бойынша «Америкаға қуып жету және басып озу!» ұранын ұсынды. Сол себепті 1957-1959 жылдары елде бірқатар әкімшілік реформалар мен шаралар жүргізілді. 1957 жылы МТС жойылып, оның техникасы колхоздарға төлем арқылы меншікке берілді. Прогрессивтік реформа аяғына дейін ойластырылмады, себебі колхоздар сен совхоздар техниканы сатып алуға қажетті қаржысы болмады.

Экономикалық саладағы жасалынған екінші реформа – колхоздарды ірілендіру. Бұл шараны ұсынылудағы басты мақсат кейіннен ауыл шаруашылығын индустриализациялауға мүмкіндік беретін ірі бірлестіктерді құру болатын. Межеден тыс міндеттемелерді орындауға ұмтылған колхоздардың жетекшілері үй маңындағы шаруашылықтарға шабуылды бастады. Мәселен, үй маңындағы участкілерді қысқартты, жеке төрт түлік малды колхозды сатуға мәжбүр болды. 1962 жылдың мамырында ауыл шаруашылығын басқару қайта құрылды. КСРО-ның райондарында колхоз-совхоздық басқармалар, облыстар мен республикаларда сәйкесінше сол деңгейлес комитеттер пайда болды. Дегенмен, бұл экономикалық саладағы Хрущевтің бастамасымен жүргізілген XX ғасырдың 50-60 жылдарындағы реформалар ауыл шаруашылығындағы жағдайды жақсартпай, керісінше дағдарыстың тереңдеуіне ықпал етті: 1963 жылы КСРО-ның тарихында алғашқы рет астықты шетелдік мемлекеттерінен сатып алды.

Ауыл шаруашылығындағы дағдарыс кейінгі жылдары да жалғасты. Оның себептері көп жоспарлы болатын:

Біріншіден, ауылды қаржыландыруға қажетті қаражаттың жетпеуі ерекше әсер етті. Ауыл шаруашылығы мен оған қызмет етуші салалар «коммунистік секіріс» және көлемді әлеуметтік бағдарламалардың кеңінен таралуы жағдайында қайта экономиканың «өгей ұлына» айналды. Ауыл шаруашылығының дамуына бағытталған 97 млрд. рубльдің 30,7 млрд. рублі тың жерлерді игеруге бөлінді.

Екіншіден, ауылға ұқыптылықпен қараудан шегіну ауыл шаруашылығына жағымсыз әсер етті. Бұл құбылыс XX ғасырдың

50-жылдарына тән болды. Еңбек нәтижелеріне колхозшылардың материалдық мүдделестігі қағидалары әсер етті. Сансыз кейде анық ойластырылмаған әкімшілік-шаруашылық қайта құрулар мен өзгертулер жүзеге асты. Ауыл шаруашылығын басқаруды қайта құру, кейбір колхоздарды совхоздарға айналдыру, шаруашылықтарды ірілендіру, мемлекеттік машиналық тракторлық станцияларды олардың техникаларын колхоздарға сату арқылы қайта құру, Хрущевтің үш жылда ет өндірісін үш есеге арттыру туралы үндеуі, шаруалардың ауладағы шаруашылығын жою немесе шектеу осының барлығы ауылдың дамуына елеулі соққы болып тиді.

Үшіншіден, кеңестік ауылдың дағдарысының басты себептері сталиндік репрессиялар жүйесінің жойылуынан кейінгі колхоздық құрылыстағы өзгерістердің басталуында болатын. Шаруаларға паспорт берілуі оларға еркін қозғалуына ықпал етіп, өмір сүру деңгейі жоғарырақ болған қалаға қарай жылжуына мүмкіндік берді. Колхоздағы белгіленген «қиын күндер» санын орындамағандығы үшін репрессиялар қаупінің жоюылуы «қоғамдық шаруашылықтағы» еңбекке деген маңызды ұмтылысты әлсіретті, себебі жеке ауладағы жұмыс әлдеқайда тиімді болатын. Осы жағдай, сонымен қатар, толығымен қоғамдастырылған коммунистік шаруашылыққа жақындауға деген ұмтылыс Хрущевті жеке шаруалардың аулалық шаруашылығын құртуға итермеледі. Қабылданған шаралар ауыл шаруашылығы саласына елеулі мөлшерде шығын келтірумен қатар, жаңа миллиондаған шаруалардың қалаларға қарай қозғалуына ықпал етті.

КСРО басшылығы алдында аграрлық саламен қатар, *өндірісті дамыту* да күн тәртібіне шықты. Экономиканы аграрлық саламен жеңіл өнеркәсіпті дамыту бағытына бұру қысқа мерзімде жүзеге асты. Ел жетекшілігінде экономика саласындағы қайта құрулардың жинақталған тұжырымдамасы болмады. 1955 жылы өндіріс құралдарының өндірісін, яғни «А» тобындағы салаға басымдықпен дамыту қағидасы қалпына келтірілді. XX ғасырдың 50-60 жылдарының тоғысында барлық шығарылатын өнеркәсіптік өнімнің төрттен үш бөлігі осы салаға тиесілі болды. «Б» тобындағы кәсіпорындар, яғни жеңіл, азық-түліктік, ағаш өңдейтін өнеркәсіп әлдеқайда баяу дамыды.

Келесі елдің ішкі саласында туындаған мәселе өндірісті дамытудағы ғылыми-техникалық прогресстің рөлінің артуы еді. КОКП-ның XX съезінде және 1955 жылдың шілдесінде өткен партияның Орталық Комитетінің пленумында өндіріске ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерін енгізуді жақсарту қажеттілігіне назар аударылды. Ғарышты игеру, халық шаруашылығының химияландырылуы мен ҒТР-дың басқа бағыттары ірі мемлекеттік бағдарламалармен бекітілді. 1955 жылы ғылым, техника және алдыңғы қатарлы технологияларды ендіруді бақылау мақсатында КСРО-ның Министрлер Кеңесінің Мемлекеттік Комитеті құрылды. XX ғасырдың 50 жылдарының аяғына таман елде бес мыңнан аса жаңа машина түрлері мен құрылғылар жасалынып, қолданысқа енгізілді. КСРО-дағы ҒТР-дың дамуының өзіндік символы болып ғарышты игеру белгіленді. 1957 жылдың қазанында Жерге ең алғашқы жасанды серік ұшырылды. Ал 1961 жылдың сәуірінде Кеңес Одағы бірінші болып ғарышқа адамды ұшырды.

ҒТР жетістіктері өнеркәсіп саласына да тартыла бастады. Өнеркәсіптің дамуындағы жаңа ұстанымдар алтыншы бесжылдықтың бірінші жылдарында-ақ байқалды. XX ғасырдың 50-жылдарының екінші жартысында КСРО-дағы кәсіпорынның дамуы жоғарғы деңгейге көтерілді. Яғни, 1956-1958 жылдары елеулі мөлшерде электр станцияларының қуаты артып, бірқатар химиялық, мұнай өңдеуші салаларда ірі кәсіпорындар құрылды. Сонымен қатар, машина жасау қарқынды түрде дамыды. Ал, 1959-1965 жылдары жетіжылдық жоспар жылдарында шамамен 5,5 мың ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар құрылып, соның ішінде шамамен 500 жаңа өндірістер ашылды. Бірақ өндірістің күшеюі негізінен экстенсивті фактордың есебінен жүзеге асып, ол ҒТР-дың дамуында көрініс тапты.

Өнеркәсіптің дамуындағы қатаң, орталықтандырылған басқару жүйесін өзгерту мәселесі де өз шешімін тапты. Оның құрылымындағы елеулі өзгерістер индустриалдық салаларды басқару формалары мен әдістерін өзгертуді талап етті. Сол себепті 1957 жылы өнеркәсіп пен құрылысты басқаруды қайта құру туралы заң қабылданды. Бұл қабылданған заңның басты мәнісі өндірісті басқаруда салалық қағидадан аумақтық қағидаға өтуінде. Ол бойынша министрлік пен ведоместілер

арқылы жүзеге асырылған бұрынғы салалық басқару жүйесі жойылды. Яғни, 141 бүкілресейлік, одақтық-республикалық және республикалық министрліктер таратылды, ал олардың орнына 105 халық шаруашылығының кеңестері құрылды. Барлық олардың аумағында орналасқан өнеркәсіптік кәсіпорындар мен құрылыстар қорғаныстық кәсіпорындардан басқасы жергілікті халық шаруашылығының кеңестерінің қарауына өтті. Салалық министрліктің басым бөлігі жойылды. Өнеркәсіпті басқаруда аумақтық жүйеге өту оның дамуын тежейтін кедергілерді жойып, аймақтар мен республикалар арасындағы экономикалық байланыстарды нығайтуда маңызды болмақ деп есептелді. Ал экономиканы жоспарлау мәселелері КСРО-ның Мемлекеттік жоспары қарамағында қалды.

Бастапқыда өнеркәсіп саласындағы басқару жүйесін қайта ұйымдастыру маңыздылыққа ие болды. Жергілікті басқару органдарының рөлі артты, ведомствоаралық кедергілер жойылды. Халық шаруашылығының кеңестері жергілікті қорлардың дұрыс бағытта пайдалануына, өндірістік бірлестіктердің құрылуына ықпал етті. Өнеркәсіптік өндірістің өсу қарқыны артып, жылына орташа 8%-ды құрады. 1962 жылдан өнеркәсіптік өндірістің негізгі көрсеткіштерінің төмендеуі байқалуда. Себебі реформаның тиімділігінің ұзаққа созылмағандығында. Аумақтық басқару жүйесінің кемшіліктері көрініс тауып, өндіріс салаларындағы ортақ техникалық саясат бұзылды. Бұл реформаны жүргізу нәтижесінде өнеркәсіпті басқару қиындай бастады.

Әлеуметтік салаға келер болсақ, Хрущев «жылымығы» кезеңінде халықтың әл-ауқатын арттыру бағытында іс-шаралар қабылданды. Жасөспірімдер үшін алты сағаттық жұмыс уақыты белгіленді. Басқа жұмысшылар мен қызметкерлер үшін ол сенбі және мереке қарсаңындағы күндері екі сағатқа қысқартылды. Сонымен қатар, 1956 жылы шілдеде Мемлекеттік зейнетақылар туралы заң қабылданды. Оған сәйкес зейнетақының көлемі азаматтардың жекелеген категориялары үшін екі есеге немесе одан да көп көлемге артты. Жұмысшылармен қызметкерлердің жалақысы төмен топтарына оны арттыру бағытындағы бағдарламаны біртіндеп жүзеге асыру басталды. Міндетті мемлекеттік салымдық облигациялардың шығарылуы тоқтатылды. Сонымен қатар, тұрғын

үй құрылысының көлемі артты. Оның жедел қарқынмен дамуына құрылыс жұмыстарының индустриализациясы, үй құрылысында жинамалы темір бетонның пайдалануы ықпал етті. Адамдар тұруға жасалынатын ықшам аудандар құрылысының жаңа қағидалары дайындалып, ол мәдени-тұрмыстық мекемелерін қамтыды. 1954 жылы индустриалдық жолмен үйлерді салу құрылысы басталды және бұл адамдардың коммуналдық пәтерлерге орналасуына мүмкіндік берді. Іс жүзінде, КСРО-да алғашқы рет жаппай тұрғын үй құрылысы етек жайды.

1958-1964 жылдары білім саласында да реформа жүргізілді. Көптеген мектеп түлектері ЖОО-ға түсіп, өндірісте жұмысшы қолдары жетіспеді. 1958 жылы мектептің өмірмен байланысын нығайту және КСРО-дағы халық білімі жүйесін кейінгі дамыту туралы заң қабылданды. Жалпыға ортақ он бір жылдық орта білім алу енгізіліп, мектеп «политехникалық кәсіпке» ие бола бастады. Сегіз жылдық мектептегі оқуды аяқтағаннан кейін орта білімді алғысы келген барлық оқушылар политехникалық кәсіби бағыты бар мектепте немесе ПТУ, техникумда білім алуын жалғастыруы керек еді.

XX ғасырдың 50-жылдарының аяғында қоғамның әлеуметтік құрылымында өзгерістер орын алды. Бұл өзгеріс 1959 жылғы КСРО халықтарының бүкіл одақтық санағында көрініс тапты. Елдің халқының саны артты: егер 1939 жылы 190,7 млн. адам болса, 1959 жылы халықтың саны 208,8 млн. адамға жеткен. Шығыс аудандардың табиғи байлықтарын игеру батыс Сібір, шығыс Сібір мен Қиыр Шығыстың халықтарының артуына әкелді. Азаматтардың үлесі 48%-ды құрады. Жұмысшылардың жалпы халық құрамындағы саны өсіп, ауыл тұрғындары мен колхоз шаруаларының пайызы қысқарды. Дегенмен, Хрущевтің ішкі саясаттағы экономикалық, әлеуметтік саладағы реформаларының сәтсіздігі байқала бастады. XX ғасырдың 60-жылдарының басында экономикалық дамуда дағдарыстық жағдай қалыптасты. Коммунизмді құру бағытындағы елеулі міндеттер шаруашылық жүйенің жетілмеген тұсына тап келді. Басшылықтың субъективизмі мен волюнтаризмі, экономикадағы көптеген басқармалық тәжірибелер, әскери қажеттілікке шығындардың айрықша артуы, экономиканы басқарудың саясаттануы мен идеологияландыруының жаңа толқыны жағдайды қиындатты.

Колхозшылар мен өнеркәсіптік кәсіпорын жұмысшыларының материалдық мүдделестігінің қағидалары бұзылды. Шаруалардың үй маңындағы шаруашылықты жүргізу мүмкіндіктері шектеліп, бұл 1962-1964 жылдары азық-түліктің жетіспеушілігін тудырды. Өнеркәсіптік өндірістегі материалдық стимулдың рөлі өндіріс жаңашылдарын моральдық тұрғыдан ұмтылдыру мақсатында енгізілген жүйе есебінен жоққа шығарылды.

Нақты Хрущевтің билік етуінің соңғы жылдарында «жүгері эпопеясы» орын алды. Азықтық өнімдерді шығаруды арттыру міндетін Хрущев жүгерілерді егуді кеңейту арқылы шешпек болды. 1955-1962 жылдардың аралығында осы мақсатта өңделетін жер көлемі екі есеге өсті. Нәтижесінде бидай дәндерінің жаппай көлемінің қысқаруы орын алды. Жағдай 1962-1963 жылдардың ауа райының ыңғайсыздығы және топырақтың эрозиясына әкелген ойластырылмаған жерді игеруге байланысты туындаған дағдарыстан қиындай түсті. Ауыл шаруашылығындағы дағдарыс көп жылдардан бері ең алғашқы рет шет елден бидайдың сатып алынуына әкелді. Қалаларда тіпті нан жетіспей, ертеден халық кезекке тұрды. 1962 жылдың 1 шілдесінен үкіметтің шешімімен «уақытша» етке деген баға 30%, ал майға 25%-ға өсті. Бұл жаппай наразылықты тудырып, кейбір жағдайда жұмысшы ортасындағы ашық ереуілдерге әкелді. Солардың ішіндегі ең ірісі 1962 жылдың 1-2 шілдесінде Новочеркаскіде болды. Онда жеті мыңдық жұмысшылардың ереуіліне қарсы әскер шығарылды. Милициямен қақтығыстар мен толқулар осы күндері Донбасс пен Кузбаста да орын алды.

Үкімет жағдайды реттеу үшін әлеуметтік саладағы шаралар қабылдады. Нақтылар болсақ, мемлекеттік сектордағы жалақы 35%-ға көбейді, зейнетақы үш есеге артты және зейнетақы жасы төмендетілді. Жұмыс аптасының ұзақтығы 48-ден 46 сағатқа қысқартылды. Басшылық XX ғасырдың 20-жылдары енгізген міндетті мемлекеттік салымдарды жойды. Тұрғын үй мәселесі де шешіле бастады. Қалалық тұрғын үй қоры 1955-1964 жылдардың аралығында 80%-ға өсті. Осының барлығы алғашқы соғыстан кейінгі жылдарға қарағанда XX ғасырдың 50-жылдарының екінші жартысы мен 60 жылдарының басындағы халықтың материалдық жағдайының елеулі түрде жақсару кезеңі болғандығын байқатты.

Қорытындылар болсақ, Хрущев басшылығы кезеңіндегі қайта құрулардың нәтижелері қайшылықты болғандығын атап өту керек. Бір жағынан, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы өндірісінің қарқыны артты, халықтың материалдық жағдайы жақсарды. Екінші жағынан, ХХ ғасырдың 60-жылдарының басында басшылықтың алдына қойған мақсаттарына қол жеткізе алмағандығын көрсеткен әлеуметтік-экономикалық саладағы дағдарыстық құбылыстар байқалды. Бұл реформалардың сәтсіздігінің басты себебі әкімшілік-командалық жүйенің сақталуында еді. КСРО-дағы Хрущев басқарған топ экономикалық мәселелерді әкімшілік шаралармен шешуге болады деп есептеді. Кеңестік экономиканың сипатын өзгертпей олар осылайша дағдарысқа тап келді.

Хрущевтің сыртқы саясаты. Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуымен халықаралық қатынастарда «қырғи-қабақ соғыс» басталды. Бұл соғыс КСРО мен АҚШ арасында ХХ ғасырдың 40-жылдарының аяғы – 90-жылдарының басындағы идеологиялық тұрғыдан соғыс болды. Осы терминді айналымға АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Д.Ф. Даллес енгізді. Ол екі жүйенің арасындағы саяси, экономикалық және идеологиялық қарама-қайшылықты, әскери көтеріліс жағдайындағы арасалмақты сақталуын сипаттайды.

«Қырғи-қабақ соғыстың» басталуы 1946 жылғы наурыздағы Фултондағы У. Черчилльдің коммунистік қауіп туралы баяндамасымен байланыстырылады. Бұл баяндамада кеңес басшылығы тарапынан сыртқы саяси жеңілдіктерге және елдің ішкі саяси дамуында өзгерістерге қол жеткізу мақсатында Кеңес Одағына қысым көрсетуге шақырды. 1947 жылдың 12 наурызында АҚШ президенті әкімшілігімен Трумэн доктринасы жарияланды. Ол бойынша «коммунистік қауіп» төнген елдерге американдық әскери көмекті көрсету қарастырылды. Бұл доктрина «қырғи-қабақ соғыс» кезеңінің идеологиялық негізіне айналды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Сталиннің басқаруы кезеңінде Кеңес Одағы мен Батыстың арасындағы қарым-қатынастар өткір әскери-саяси қарама-қайшылық сипатына ие болды. Осы қарама-қайшылықты жағдайдағы басты оқиғалар ретінде КСРО-ның Маршалл жоспарынан бас тартуы, Грекиядағы азаматтық соғыс, Коммунистік және жұмысшы партиялардың

Ақпараттық бюросы – Коминформ құрылды. 1947 жылдың 5 маусымында АҚШ-тың Мемлекеттік департаментінің басшысы Д. Маршалл еуропалық демократиялардың тәртібін нығайту үшін оларға шұғыл түрде қаржылық және экономикалық көмекті ұсыну қажеттілігін мәлімдеді. Кеңес Одағы бұл жоспарды Американың Еуропаны экономикалық қанауының тұжырымдамасы ретінде бағалап, оны жүзеге асырудан бас тартуды талап етті. Бірақ Маршалл жоспары бойынша 16 батыс мемлекеттері көмек алды. Көмекті ұсытудағы саяси талап – үкімет құрамынан коммунистерді шығару болып белгіленді. 1948 жылға таман Батыс Еуропаның ешбір мемлекетінде коммунистік партияның өкілдері қалмады. 1947 жылдың күзінде Коминформның құрылуымен Еуропа толыққанды екіге бөлінді: бір жағынан – КСРО мен оның одақтастары, екінші жағынан – АҚШ және оның әріптестері.

Екі жүйеге тек Еуропа ғана емес, әлемнің өзге аймақтары да тартыла бастады. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін тараптар әскери одақтарды құра бастады. 1949 жылдың 4 сәуірінде АҚШ пен Канада өзге 10 еуропалық мемлекетпен НАТО әскери одағын құрды. Екі жылдан соң АҚШ, Австралия мен Жаңа Зеландияның арасында әскери-саяси одаққа қол қойылды. Бұл одақтардың құрылуы АҚШ-тың әр алуан аймақтарындағы ұстанымдарының нығаюына ықпал етті. Оған қарсы социалистік мемлекеттердің экономикалық және әскери-саяси одағы қалыптасты. 1949 жылы Шығыс Еуропа мемлекеттерінің экономикалық ынтымақтастығының органы ретінде Экономикалық Өзара Көмек Кеңесі құрылды. Ал, 1955 жылы Варшава келісімі ұйымы құрылды. АҚШ пен КСРО жетекшілік еткен одақтардың топтасуы кейінгі халықаралық қатынастардың биполярлық сипатын анықтады.

XX ғасырдың 50-жылдарының ортасынан «қырғи-қабақ соғыс» қайшылығы сәл бәсеңдеп, екі тараптан да жақындасу бағытында қадамдар жасалынып, қару-жарақты шектеу бойынша талпыныстар болды. И. Сталиннің дүниеден өтуінен кейін кеңес басшылығы ғаламдық мәселелерді қайта талқылауға бет бұрды. КОКП-ның XX съезінде жаңа сыртқы саяси тұжырымдама ұсынылды. Оған сәйкес әр алуан мемлекеттік құрылыстағы мемлекеттердің бейбіт қатар сүруі және социализмді құру жолдарының әр түрлі үлгіде болуымен қатар, «пролетарлық интернационализмді» қолдау

қарастырылды. Съездің құжаттарында жаңа әлемдік соғыстың алдын алу мүмкіндігі мен социализмге өтудің сипатының алуандығы туралы қорытындылар жасалынды. Кеңес Одағының егемендік пен әлем мемлекеттерімен өзара қарым-қатынастарда тәуелсіз болу қағидаларына сенімділігі атап өтілді. 1957 жылы КСРО-ның сыртқы істер министрі болып А.А. Громыко тағайындалды. Осы кезеңдегі сыртқы саясаттағы негізгі бағыттар ретінде:

– «социалистік лагерь» мемлекеттерімен қарым-қатынастарды дамыту;

– Батыс әлемі елдерімен қарым-қатынастарда жаңа бағыт;

– «үшінші әлем» мемлекеттерін қолдау;

– КСРО-ның бейбітшілік пен қарусыздандыру үшін күресі белгіленді.

Осы бағыттарға толығырақ тоқталар болсақ, КСРО-ның социалистік мемлекеттермен экономикалық байланыстары, соның ішінде олардың халық-шаруашылық жоспарларының үйлесуі Экономикалық Өзара Көмек Кеңесі арқылы жүзеге асырылды. Әскери-саяси ынтымақтастық 1955 жылы НАТО-ға ГФР-дің кіруінен кейін Варшава келісімі ұйымы шеңберінде дамыды. Оған Кеңес Одағы, Польша, Румыния, Болгария, Албания, Венгрия, ГДР және Чехословакия мүшелер ретінде кірді. Ұйым алдында оған мүше-мемлекеттердің және Еуропадағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету басты міндет ретінде белгіленді. Мүше-мемлекеттер өзара туындаған дауларды бейбіт жолмен шешуге, бейбітшілік пен халықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша әрекеттерде ынтымақтасуға, олардың ортақ мүдделерін қозғайтын халықаралық мәселелер бойынша кеңес алмасуға міндеттенді. Бірлескен қарулы күштер мен ортақ басқару құрылды. Сыртқы саяси әрекеттерді үйлестіру мақсатында Саяси кеңес алмасушылық комитеті құрылды. Сонымен қатар, мемлекеттердің өзара қарым-қатынастарында қақтығыстық жағдайлар да көрініс тапты. Оның себептерінің бірі КСРО-ның бастапқы жариялаған өзара ынтымақтастық қағидаларынан шегінуінде болатын. Бір жағынан, социализм бағытындағы жолдардың әр түрлі үлгіде дамуымен қатар, Шығыс Еуропа елдерінің егемендігі мен тәуелсіздігі мойындалды. Екінші жағынан, тәуелсіз мемлекеттердің істеріне ашық әскери араласу мен басымдық көрсету ұмтылыстары

көрініс тапты. Мысалға алар болсақ, 1953 жылдың маусымында кеңес әскерлері ГДР-дың еңбекшілерінің ереуілдерін басып тастауға қатысты. 1953 жылдағы дағдарыстан кейін КСРО ГДР-ден репарацияның қалған бөлігін алудан бас тартып, қосымша несиелерді берді. КСРО-дағы десталинизация үрдісінен туындаған елеулі дағдарыс 1956 жылы Польша мен Венгрияны да қамтыды. Польшада кеңестік басшылық В. Гомулка ұсынған реформалар бағдарламасымен келісіп, дағдарыс бейбіт түрде шешілді. Венгрияда антитоталитарлық, антикоммунистік және антикеңестік көтеріліс бұрқ етті. Ұйымдастырушылар Венгрия аумағынан кеңес әскерлерін шығаруды талап етті. Будапештінде бұрқ еткен көтеріліс Варшава келісімі ұйымының біріккен қарулы күштерімен басып тасталынды. Сонымен қатар, кеңестік бағыттағы Қытай Халық Республикасы және Албаниямен қарым-қатынастар нашарлады. ҚХР басшылығы КСРО-ның оның аумағында кеңестік әскери нысандарды орналастыру туралы ұсынысынан бас тартты. Жауап ретінде Кеңес Одағы екі мемлекеттің арасындағы осыған дейін қол қойылған ядролық физика саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді орындамайтындығын мәлімдеді. Бірақ екі мемлекеттің қақтығысы идеологиялық негізге де сүйенді, яғни ҚХР Сталиннің жеке басына табынуды сынап, өзіндік ішкі және сыртқы саясат жүргізуге тырысты.

Екінші бағытта – КСРО-ның Батыс әлемі елдерімен байланыстары аса күрделі жағдайда дамыды. КСРО-ның Хрущевтің «жылымығы» кезеңіндегі сыртқы саясаты «қырғи-қабак соғыстың» қақтығыстық жағдайында қалыптасты. XX ғасырдың 50-жылдарының басында АҚШ-та жаңа заң енгізілді. Оған сәйкес американдық үкіметтен көмек алған мемлекеттер социалистік мемлекеттермен барлық сауда қарым-қатынастарын тоқтатуы тиіс. Сонымен қатар, АҚШ бастаған батыс мемлекеттері әскери-саяси одақтарды құруын жалғастырды. Мәселен, Оңтүстік-шығыс Азия мемлекеттерін біріктірген СЕАТО аталған әскери-саяси одағы құрылды. Олар «социалистік лагерьдің» ықпалын және отарланған халықтардың ұлт-азаттық қозғалыстарын тежеу мақсатында құрылды. КСРО партияның XX съезінде белгілеген екі жүйенің бейбіт қатар өмір сүру саясатын жүзеге асыру мақсатында Батыс әлемі мемлекеттерімен қарым-қатынастарды

қалпына келтіруге ұмтылды. 1954-1956 жылдары КСРО Австрия және ГФР-мен дипломатиялық қарым-қатынастарды қалпына келтірді, Жапониямен соғыс жағдайын тоқтату туралы келісімге қол қойылды. 1959 жылдың қыркүйегінде Н.С. Хрущев АҚШ президенті Д. Эйзенхауэрмен кездесті. Бұл кездесуде талқыланған негізгісі – Германия мәселесі болды. Әлі де ГФР-дың шекарасы мәселесі шешілмеді. Сонымен қатар, КСРО-ның ГФР-дың НАТО-ға қосылуына қарсылығын білдірді. ГФР мен ГДР-дың арасындағы қарым-қатынастар дағдарыстық сипатқа ие болды. 1961 жылдың 13 тамызында екі мемлекеттік арасындағы шекарасында Берлин қабырғасы салынды.

КСРО-ның ішкі жағдайының нашарлауы, кеңестік дипломатияның «бейбіт» ұмтылыстарының нәтижелеріне көңілі толмауы әсіресе 1960 жылдың көктемінде КСРО аумағында американдық барлаушы ұшақтың құлауынан кейін артты. АҚШ пен оның президенті Д. Эйзенхауэрдің сайлау қарсаңындағы беделін түсіру есебінен жүзеге асырылған дипломатиялық ойын оның КСРО-ға сапары және Париждегі АҚШ, КСРО, Ұлыбритания мен Франция басшыларының кездесуін болдырмады. Батыс пен Шығыстың қақтығысы қайта басталды. 1961 жылғы ГДР-дегі жастардың ГФР-ге еркін кіру мен елдің саяси жүйесін өзгерту талаптарымен шыққан ереуіл Берлин қабырғасының салуынуына және Батыс Берлинге қатысты жағдайдың шиеленісуіне әкелді.

КСРО мен АҚШ арасындағы «қырғи-қабақ соғыстың» қақтығысының шарықтауы 1962 жылдың күзінде Кариб дағдарысымен байланысты болды. 1962 жылдың ақпанында АҚШ Кубаның толық экономикалық қоршауын орнатты. 1962 жылдың көктемінде КСРО үкіметі Кубаны АҚШ-тан қорғау, Американың зымырандық-ядролық қарудағы басымдығын төмендету мақсатында Кубада кеңес зымырандарын орналастыру туралы шешім қабылдады. Өзара қарама-қайшылық 1962 жылдың қазанында өз шарықтау шегіне жетті. Бірнеше күнде әлем АҚШ пен КСРО-ның ядролық соғысы қарсаңында тұрды. Кубадан кеңестік зымырандардың шығарылуы, ал американдық күштердің Түркиядан шығарылуы мен АҚШ-тың Кубаға қарсы әскери интервенцияны пайдаланбауға міндеттемесі қақтығыстың алдын алды. Президент Д. Кеннеди мен КСРО-ның МК-нің төрағасы Хрущевтің арасында Кубадағы

сияқты қақтығыстық жағдай болса, тікелей телефондық байланыс орнатылады.

КСРО капиталистік мемлекеттермен қарым-қатынастарда бірнеше бастамалық қадамдар жасады: ядролық сынақтарға мораторийді жариялады және біржақты сипатта қарулы күштерді қысқартты, кәдуілгі қарулардың жекелеген түрлерін қысқартып, жойды. Яғни, қарулы күштердің саны 1955 жылы 5,8 млн. адам болған болса, 1960 жылы 2,5 млн. адамды құрады. Бірақ заманауи қару түрлері жетілдіріп, саны артты, армия мен флот құрлықаралық баллистикалық ядролық зымырандармен қамтамасыз етілді. Ал 1953 жылы кеңестік су бетіндегі бомба жасалынды.

Сонымен қатар, XX ғасырдың 50-жылдардың аяғы мен 60 жылдардың басында КСРО-ның сыртқы саяси бағытында «үшінші әлем» мемлекеттерімен байланыстарға айрықша мән берілді. Кеңестік басшылықтың белсенділігі ұлт-азаттық қозғалысты қолдау және дамушы мемлекеттерге несиелер беруде көрініс тапты.

Ерекше көңіл Үндістан, Индонезия, Бирма, Ауғанстан сияқты «үшінші әлем» елдерімен өзара қарым-қатынастарды дамытуға бөлінді. Кеңес Одағы оларға өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық объектілерінің құрылысында көмегін көрсетті. Сенімді қарым-қатынастар кеңестік насихат жүйесімен «социалистік бағыттағы елдері» қатарына жатқызылған «үшінші әлем» мемлекеттерімен де дамыды. Вьетнамның тәуелсіздігі үшін күресте әскери және дипломатиялық көмек, Египетке 1956 жылы Суэц каналының ұлттандырылуына байланысты Ұлыбритания, Франция мен Израильдің шабуылына тойтарыс беруде ашық қолдау, 1954-1962 жылдары Алжирдегі ұлт-азаматтық соғысты КСРО-ның қолдауы оның «үшінші әлем» мемлекеттері арасындағы беделін өсірді. Кеңестік үкімет зор стратегиялық үмітпен Кубадағы 1959 жылғы революцияны әсіресе Ф. Кастроның социалистік таңдауы туралы мәлімдемесінен кейін қарады. Сонымен қатар, 1960 жылғы 17 африкалық мемлекеттің тәуелсіздігін жариялауын саяси тұрғыдан кеңес үкіметі қолдайтындығын байқатты. Оларды социалистік жолды таңдауға итермелеуге ұмтылған КСРО іс жүзінде қайтарымсыз экономикалық көмекті көрсетті. Бұл идеологиялық бағалау мен жеңіл есептің сәтсіздігі кейінгі тарихи дамуда байқалды.

Хрущев кезеңіндегі сыртқы саясатта бейбітшілік пен қарусыздандыру үшін мәселе ерекше орынға ие болды. КСРО-ның бейбіт саясаты Қарулы күштерді екі есеге қысқартуда және 1958 жылы ядролық қару сынақтарын тоқтатуында көрініс тапты. 1958 жылы КСРО, АҚШ мен Ұлыбританияның арасында ядролық сынақтарды тоқтату туралы келіссөздер басталып, келісімге қол қоюылумен аяқталды. Кейіннен келісімге жүзден аса мемлекет қосылды.

Хрущев басшылығының сыртқы саясатының либерализациясы мемлекетаралық қарым-қатынастардың жаңа түрлерінің пайда болуымен тікелей байланыста болды. Яғни, соның ішінде КСРО басшылығының өзге мемлекеттердің басшыларымен тікелей байланыстары өз жалғасын тапты. Н.С. Хрущев сыртқы саясат саласында қызметінің міндеттерінің бірі ретінде қарулануды қысқарту, ядролық қару сынақтарын тоқтатуға қол жеткізу деп есептеді. Батыс әлемімен қарусыздандыру мәселелері бойынша уағдаластыққа келуге ұмтылыстар жасалынды. Кеңес Одағының өкілдері БҰҰ-да қарулы күштерді қысқарту мен ядролық қаруға тиым салуға бағытталған бастамалармен шықты. КСРО-ның өзінде нақты қарусыздандыру бойынша іс-шаралар жүзеге асырылды: әскери шығындар мен қарулы күштердің саны қысқартылды, атомдық және сутекті қарулардың сынақтарын жүргізуге мораторий енгізілді. 1963 жылы Мәскеуде КСРО, АҚШ пен Англия арасында ядролық қаруды атмосфера, ғарыштық кеңістік пен су астында сынауға тиым салу туралы келісімге қол қойылды.

Нәтижесінде Хрущев басшылығы кезеңінде либерализация бағыты сыртқы саясатта да көрініс тапты. Өзге мемлекеттермен саяси-экономикалық байланыстарды кеңейту, мемлекет басшыларымен жеке байланыстарды дамыту халықаралық жағдайдың қысқа мерзімдік «жылымығына» әкелді. Бірақ КСРО-ның ықпал аумағын кеңейту жоспарлары Батыс пен Шығыс арасындағы Куба мен Германия қатысты мәселелерде қақтығыстық жағдайды тудырды.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:

1. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі мемлекеттік басқару органдарында қандай өзгерістер болды?
2. Сталиннің дүниеден өтуінен кейінгі саяси билік үшін күреске тоқталыңыз.

3. Хрущевтің экономикалық саладағы реформалары қандай болды?
4. Хрущевтің әлеуметтік саясатының ерекшеліктеріне тоқталыңыз.
5. Хрущевтің сыртқы саясатында социалистік елдермен қарым-қатынас қалай дамыды?

Практикалық сұрақтар:

1. КОКП-ның XX съезінің маңыздылығын ашып көрсетіңіз.
2. Хрущев пен Берияның саяси тұлға ретіндегі рөлін талдаңыз.
3. Тың және тыңайған жерлерді игеру саясатының Қазақ КСР-інде жүзеге асырылуын талдаңыз.

1.7. «Дамыған социализм» дәуірі (1965-1985)

XX ғасырдың 60-жылдарының ортасы – 80-жылдарының басы КСРО тарихында коммунистік жарқын келешекті жақтаушылармен «дамыған социализм» деп бағаланды. Дегенмен іс жүзінде бұл кезеңде барлық салаларда «тоқырау» көрініс тапты. Қазіргі тарихи зерттеулерде кейінгі КСРО-ның құлауына ықпал еткен «дамыған социализм» дәуірінде жүзеге асырылған күрделі және көпжоспарлы үрдістерге қатысты жан-жақты баға берілуде. Осы кезең демократиялық және консервативтік күштердің арасында күрестің болуымен сипатталды. Консервативтік үрдістің жеңісі нәтижесінде қоғамның барлық салаларында жағымсыз құбылыстардың күшеюі орын алды. Ол экономиканың стагнациясына, халықтың оппозициялық көңіл-күйінің қалыптасуына және КСРО-ның халықаралық қатынастардағы беделінің төмендеуінде көрініс тапты. Мемлекет басшылығымен социализмді «жетілдіру» мақсатында жүзеге асырылған шаралар әкімшілік-шаруашылық жүйенің кейінгі жылдардағы дағдарысының дамуын тоқтата алмады.

Елдің қоғамдық-саяси өмірі. 1964-жылдың 14 қазанында КОКП орталық комитетінің пленумында Н.С. Хрущев барлық мемлекеттік және партиялық қызметтерден босатылды. Ол экономиканы құлдыратуы, партиялық пен кеңестік органдардың рөлін төмендетуі және жеке дара басқаруға ұмтылғандығы үшін айыпталды. Н. Хрущевтің қызметтен кетуі қоғамдық-саяси өмірдің ли-

берализация үдерісінің аяқталуына әкелді. Биліктен осы уақытқа дейін бірнеше рет ішкі саяси күрестерде жеңімпаз болып шыққан тұлға шеттетілді. Партияны басқаруға жаңа басшылық келді. КОКП ОК-ның бірінші хатшысы мен Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметтері бөлінді. Бірінші хатшы қызметіне Л.И. Брежнев келді, бірақ бұл лауазым 1968 жылдан КОКП ОК-ның Бас хатшысы деп өзгертілді. Н.С. Хрущевті волонтаризм мен субъективизм үшін сынаған Л. Брежнев оның осы уақытқа дейінгі барлық либералдық бастамаларын жоққа шығарды. Билік басына келген ол үшін ендігі мақсат бүкіл аппараттың қолдауына ие болатын саясатты жүргізу еді. Партиялық номенклатура арасында сталиндік бағыттағы көңіл-күй басымдықта еді. Брежнев саясаткер ретінде Сталиннің толық көлемді және жария қалпына келтіру мүмкін еместігін түсінді, себебі бұл елдегі жағдайға және КСРО-ның халықаралық сахнадағы беделіне жағымсыз әсер ететін болды. Сондықтан билік басына келгеннен кейін Брежнев сталиндік ықпалды бірден ашық қалпына келтірмей, бірте-бірте саясатта орныққан консервативтік бағытты қалыптастырды.

Саясаттағы жаңа ағымдық шаралар Хрущевтің биліктен кетуінен кейін-ақ жүзеге асырылды. КОКП ОК-ның 1964 жылғы қарашадағы пленумында партиялық, кеңестік, кәсіпорындық және комсомолдық органдардың «бірлігі» қалпына келтірілді. Жетекші қызметтерге Хрущевтің биліктен кетуінде маңызды рөл атқарған Н.В. Подгорный, П.Е. Шелест, Н.А. Шелепин сияқты адамдар ұсынылды. Л.И. Брежневтің жеке көшбасшы ретінде тікелей ұсынылуы 1966 жылғы КОКП-ның XXIII съезінде басталды. Бұл съезде КОКП жарғысынан партиялық органдардың құрамы мен партиялық ұйымдардың хатшыларын ауысуы және нормалары туралы нұсқаулар алып тасталынды. Оған тек партиялық органдардың жүйелі жаңаруы мен басшылықтың жалғасушылығының бейресми қағидасы жазылды. Брежнев осы съездің шешімімен 1968 жылдың бірінші емес, енді КОКП ОК-ның Бас хатшысы қызметін иемденді. XX ғасырдың 70-жылдарының басында ол жаңа конституцияны дайындау бойынша комиссияның басшысы ретінде тағайындалып, Қорғаныс Кеңесінің төрағасы қызметіне ие болды. Сонымен қатар, 1977 жылы Л. Брежнев КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасына айналды.

Барлық саяси билікті өз қолына шоғырландырған Л.И. Брежнев Украина, Молдавия және Қазақстандағы бірлескен жұмыстар барысында жақсы білетін тұлғаларды басты маңызды қызметтерге бекітті. Бұл Н.С. Хрущев кезіндегі ұсынылған басшыларды өзіне сенімді адамдармен алмастыруға мүмкіндік берді. Олардың арасында К.У. Черненко, Д.А. Қонаев, А.П. Кирилленко, Н.А. Щелоков және т.б. болды. XX ғасырдың 60-жылдарының соңында негізінен кадрлық революцияны аяқтаған жаңа басшы консервативтік бағытта ішкі саясатты дамытуға ұмтылды. Л. Брежневтің билік басына келуінен кейін елдің саясатында Сталиннің есімін баяу «қалпына келтіру» басталды. Біртіндеп оның есімі ғана емес, бейнесі де көркем фильмдерде, естеліктерде және мерзімді басылымдарда орталық тақырыптардың біріне айналды. Сталинді жақтаушылар оған қатысты толық беделін қалпына келтірмегенімен, «жеке басқа табынушылық» мәселесінің күн тәртібінен шығарылуына қол жеткізді. Сталиндік репрессия құрбандарының реабилитациясы тоқтатылды.

Л.И. Брежневтің консервативтік бағыты әр-түрлі салаларда көрініс тапты:

- сыртқы саясатта: Чехословакиядағы ішкі саяси тұрақсыздық және әскерлердің енгізілуі;
- саяси және мәдени өмірде: цензураның қатаюы мен басқаша ойлаумен күрес, зиялы қауым тарапынан болған әлсіз қарсылық әрекеттерін билік өз мақсатында пайдаланды;
- экономикада: шаруашылық механизмнің реформасы тежелді;
- идеология мен қоғамдық ғылымдарда консервативтік, догмалық үрдістер күшейді.

Консервативтік бағытта саясатын жүргізген жаңа басшылық үшін идеологиялық ұстанымдарды жаңарту қажеттілігін түсінді. 1961 жылғы КОКП-ның қабылдаған бағдарламасына сәйкес КСРО XX ғасырдың 70-жылдары адам басына шаққандағы тауар өндірісі бойынша дамыған мемлекеттерге қуып жетіп, 80-жылдары коммунизмнің материалдық-техникалық негізігін қалауы тиіс болды. Осы сипаттағы аңыз бен «коммунизмге жедел секірістен» бас тартқан жаңа басшылық «*дамыған социализм*» түсігінімен алмастырды. Ол Брежневпен алғашқы рет 1967 жылы жарияланды. Жаңа тұжырымдаманың ұсынылуы коммунистік идеяны жүзеге

асыруды ұзақ мерзімдік жоспарға қалдыруға, теория мен тәжірибе арасындағы алшақтықты жоюға, ал насихатта – социализмді құрудағы үлкен жетістіктер туралы мәлімдеуге мүмкіндік берді. 1971 жылғы КОКП-ның XXIV съезінде КСРО-да дамыған социалистік қоғамды құру туралы шешім ресми түрде бекітілді. Оның ұсынылуынан кейін тұжырымдамасы белсенді түрде дайындала бастады.

Ресми құжаттарда «дамыған социализм» кеңестік қоғамның коммунизмге өту жолындағы міндетті кезең ретінде қарастырылды. Оған қол жеткізу үшін қоғамдық өмірдің барлық салаларын үйлесімді біріктіру қажет болды.

«Дамыған социализм» тұжырымдамасының негізгі шарттары келесі еді:

1) осыған дейінгі жылдардағы партиялық құжаттарда көрініс тапқан коммунистік келешек туралы теориялық ұстанымдардың шынайылығына күмән келтірілмеді;

2) қоғамдағы орын алған дағдарыстық жағдайлар оның дамуы барысында міндетті түрде туындайтын үрдістердің нәтижесі ретінде қарастырылды. Оның кемшіліктерін жоюда социализмді «жетілдіру» саясаты маңызды болатындығы атап өтілді;

3) КСРО-дағы республикалардың экономикалық пен мәдени дамуы деңгейі бойынша және ұлттық мәселені шешуде теңдігіне қол жеткізу туралы мәлімделді;

4) қоғамның біркелкілігі туралы және жаңа тарихи қоғамдастық – кеңес халқының қалыптасып жатқандығы туралы шарт көрініс тапты;

5) басқаша ойлаушылардың ізіне түсудің идеологиялық негізі қаланды. Яғни ол бейбіт қатар өмір сүру жағдайларындағы екі жүйенің идеологиялық күресінің шиеленісуі туралы ресми қабылданған тезисте көрініс тапты.

Дамыған социалистік қоғамды қалыптастыру тұжырымдамасының белсенді түрде саясаттағы жетекшілер – Л.И. Брежнев, оның КОКП-дағы қызметін алмастырған Ю.В. Андропов және К.У. Черненко болды.

Бірінші хатшы қызметінде болған Брежнев «дамыған социализмді» қалыптастыруға іс-шаралар ұйымдастырды. 1976 жылы өткен партияның XXV съезінде дамыған социализм

жағдайында КОКП-ның жұмысшы партиясы болып қала отырып, сонымен қатар бүкіл халықтың партиясына айналғандығы атап өтілді. Бұл қорытынды шын мәнісіндегі қалыптасқан жағдайды сипаттамады, яғни партияның өз ішінде жетекшілердің мен қатардағы партиялық бұқара халықтың өмір сүру деңгейіндегі алшақтық күшейді.

Дамыған социалистік қоғамды қалыптастыруға бағытталған жаңа саяси биліктік қарым-қатынастар заңды түрде 1977 жылғы Конституциямен бекітілді. Жаңа Конституция 1977 жылдың 7 қазанында КСРО-ның Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс жетінші сессиясында қабылданды. Оның кіріспе бөлімінде ел тарихының негізгі кезеңдеріне сипаттама берілді, дамыған социалистік қоғам түсінігі анықталды. Конституция 21 бөлімнен және 174 баптан құралып, ол 9 тарауға біріктірілді. 1977 жылғы қабылданған жаңа конституция бойынша КОКП-ның кеңестік қоғамның жетекші және бағыттаушы күші, саяси жүйенің, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың орталығы ретіндегі монополиялық жағдайы заңдастырылды. Сонымен қатар, мемлекеттік билік құрылымы өзгермеді: жыл сайынғы сессияларда жиналатын КСРО-ның Жоғарғы Кеңесі жоғарғы заң шығарушы орган болды. Экономиканы басқаруды Министрлер Кеңесі жүзеге асырады. Оның қарауынан іс жүзінде мәдениет, гуманитарлық ғылым, білім саласы мәселелері алынып, бұл мәселелер партияның ОК-ның идеологиялық бөліміне берілді.

XX ғасырдың 60-жылдарының соңынан Министрлер Кеңесінің Төрағасы атқарушы биліктің ресми басшысы емес, тек «басты шаруашылық мәселелермен айналысушы адамға» айналды. 70-жылдары елді шетелде таныстыру өкілеттігі Бас хатшының қызметіне кірді. Нәтижесінде осы шаралар арқылы де-факто Бас хатшы Брежнев Кеңестік мемлекеттің басшысы ретінде мойындалды.

XX ғасырдың 60-жылдарының екінші жартысы – 80-жылдарының бірінші жартысында КСРО-дағы партиялық және мемлекеттік билік институттарының баяу дамуы жүріп жатты. Кейіннен бұл кезең кеңестік тарихнамада «тоқырау» дәуірі деп аталды. Елдің қоғамдық-саяси өмірінде демократиялық және антидемократиялық үрдіс қатарынан көрініс тапты. Бір жағынан,

70 жылдар – 80-жылдардың басында қоғамдық бірлестіктердің саны қарқынды түрде артты (кәсіподақтар, комсомол, халық бақылауы, техникалық шығармашылықты ұйымдастыру т.б.). Екінші жағынан, барлық халықтық бірлестіктер партиялық ұйымдардың бақылауында болды.

Әр алуан топ өкілдерінен жинақталған қоғамдық бірлестіктер жергілікті Кеңестердің қарамағында әрекет етті. Бірақ Кеңестерге сайлау, оның әлеуметтік құрамы, Кеңестердегі жұмысшылар, колхозшылар мен зиялы қауымның арақатынасы партиялық органдармен белгіленді. Қатаң иерархиялық билік органдарын құру әкімшілік басқарудың негіздерін сақтап, социалистік демократияны шектеді. Жоғарыдан келетін нұсқауларға негізделген басқару жүзеге асты, ал іс жүзіндегі билік партиялық-мемлекеттік аппараттың қолында шоғырланды. Партияның бақылауында орталық пен жергілікті мемлекеттік биліктің барлық құрылымдарының күнделікті жұмысы болды.

1972 жылы депутаттар туралы заң қабылданды. Ол бойынша депутаттардың өкілеттігін кеңейту қарастырылды. Бірақ бұл мақсат жүзеге аспады, себебі іс жүзінде Кеңестердің жұмыс тәжірибесіндегі басты рөл атқарушы комитеттерге тиесілі еді. Ал олардың өзі аппарат дайындаған шешімдер бойынша бірауыздылықты қамтамасыз ету мақсатында көнгіш депутаттардан санынан құралды. Нәтижесінде 80 жылдардың басында елде «партия-мемлекет» жүйесі нығайды. Ол билікті бөлісу қағидаларынан бас тарту; парламентаризмнің жоқтығы; саяси монополизм; партиялық құрылымдардың мемлекет үсті органдарына айналуында көрініс тапты.

Іс жүзіндегі атқарушы биліктің партиялық және мемлекеттік органдары Кеңестерді де, сотты да өзі басқарып, өз шешімін ұсынып отырды. Брежнев басқаруындағы тоқырау кезеңінде партиядағы мүшелер саны артты. Оның құрамындағы мүшелер мен кандидаттардың саны 1966 жылы 12,4 млн. болса, 1985 жылы 19 млн. адамға дейін жетті. Партиядағы мүшелік азаматтар үшін қызметтік көтерілудегі басты шартқа, тіпті социалистік қоғамның басымдық берілген жетекші тобы – партиялық номенклатураға тартылу маңызды қажеттілікке айналды. Номенклатура – партиялық, кеңестік, шаруашылық, қоғамдық, одақтық, облыстық және

республикалық биліктің жоғарғы тобы болды. Осылайша партияға мүшелік және номенклатураның билікке ұмтылу өз кезегінде мансапқорлық көңіл-күйді қалыптастырып, партияның қатарына өз қамы үшін бәрін жасауға дайын адамдардың қосылуына әкелді. Партияда бүкіл басқарушы аппарат пен мансапқор зиялы қауым өкілдері топтасты. Қатардағы партия мүшелері бастапқыдай маңызды мәселелерді шешуден шеттетілді.

Бұл құбылыстар партиялық-мемлекеттік аппараттың барлық билікті өз қолына шоғырландыруы және Конституциядан да жоғары дәрежеге ие болғандықтан мүмкін еді. Іс жүзінде жоғарғы партиялық органдардың шешімдері әрдайым заңдарға қарағанда басымдыққа ие болды. КОКП ОК мен КСРО-ның Министрлер Кеңесінің біріккен қаулылары ресми түрде заңнамамен теңестіріліп, ел заңдары жинағы қатарына енгізілді. Заңдар номенклатураның «телефондық құқық» аталған бейресми шешімдерімен және ауызша нұсқауларымен де алмасты. Осылайша, елдің қоғамдық-саяси өмірінде номенклатураның мүдделері толығымен мемлекеттік және қоғамдық мүдделерінен жоғары тұрды. Бұл партияның кадрлық саясатының әлсіздігіне әкелді. Көптеген басшылар қызметтерін асыра пайдаланып, өз саясатын конъюнктурамен және демагогиямен алмастырды. Протекционизм мен жемқорлықтың күшеюі оларға жоғарғы және жауапты қызметтерді иемденуіне мүмкіндік берді. Ал бұл қоғамның рухани азғындануына әкеліп, қылмысты арттырды. Елде социалистік меншікті ұрлау күшейді. 1985 жылға таман 1971 жылмен салыстырғанда ірі және аса үлкен көлемдегі ұрлық бес есеге артқан. Әсіресе, көлеңкелі экономикадағы капиталдар 70-80 жылдарының тоғысында 70-89 млрд. рубльге жеткен. Паракорлық пен ұрлық іс жүзінде барлық партиялық-мемлекеттік басшылық деңгейлерін қамтыған еді. Саяси биліктің қоғамдағы қылмыстың артуына көз жұма қарау себебінен көлеңкелі экономика қызметкерлері мен номенклатура өкілдерінің саны өсті. Ал олардың бірігуі нәтижесінде ұйымдасқан қылмыс, яғни «мафиялар» қалыптасты. Жемқорлығы үшін әшкереленген басшылардың арасында сыртқы сауда министрінің орынбасары Сушков, Өзбекстан Коммунистік партиясының бірінші хатшылары Рашидов пен Усманходжаев, Молдова КСР-інің министрлер кеңесінің орынбасары Вышку, Орта Азия мен Қазақстан республикаларының

облыстық комитетінің бірінші хатшылары мен бірқатар министрлері де кірді. Жемқорлық үшін айыпталушылардың арасында Мәскеудегі қызметкерлер де шет қалмады. Солардың бірі аты-шулы Щелоковқа қатысты мәселе болды.

1968 жылдың қарашасында Л. Брежнев Н.А. Щелоковты КСРО-ның ішкі істер министрі етіп тағайындайды. Ал 1982 жылдың желтоқсанында ол Брежневтің дүниеден өтуінен кейін КСРО-ның ішкі істер министрлігі қызметінен босатылды. Жаңа ішкі істер министрі Федорчуктың нұсқауымен өткізілген кешенді тексеру Щелоковтың министрлік қызметінде өз билігін асыра пайдаланғандығын анықтады. Нақтылар болсақ, оның отбасы мүшелеріне 80 мың рубльден аса көлемдегі материалдық меншіктер берілген, соның ішінде шамамен 30 мың рублі пәтерлерді жөндеуге жұмсалған. Сонымен қатар, арнайы объектілерге бағытталады деген сылтаумен шамамен 60 мың рубльден аса қаржы көбінесе Щелоковтың туыстары мен таныстары тұратын тоғыз пәтерді қатамасыз етуге кеткен. КСРО-ның ішкі істер министрі қызметінде оның қатысты өз отбасы мүшелері мен туыстары пайдаланатын арнайы дүкенді ашуы сияқты басқа да істері бетке шығарылды. Нәтижесінде 1984 жылдың 6 қарашасында КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарғысымен «армия генералы» әскери атағынан айырылды. 1984 жылдың 7 желтоқсанында КОКП ОК-ның қарамағындағы партиялық бақылау Комитеті Щелоковтың партиялық және мемлекеттік тәртіпті бұзғаны үшін, қызметтік лауазымын өзінің мақсаттарында пайдаланғандығы үшін партия құрамынан шығару туралы шешімді қабылдады. Осы деңгейлес елдегі басшылықтың халықтың көзінше азғындауы олардың беделінің төмендеп, саяси парықсыздықтың қалыптасуына әкелді.

XX ғасырдың 80-жылдары Бас хатшы Л.И. Брежневтің тұлғасын дәріптеу басталды. Сталинге қарағанда Брежнев билікті жан-жағын байқап пайдаланды. Егер шешімі қиын мәселе болса, ол мүлде әрекетсіздікке көшетін еді. Оның «әлсіз» тұсы атақ-құмарлығы, жағымпаздықты қабылдауы. Бастапқыда бұл жас бас хатшының билігін нығайту үшін жасалынған болса, кейіннен өзіндік мақсатқа айналды. Брежневтің тұлғасын дәріптеу 60-жылдардың аяғында басталып, 70-жылдарда шырқау шыңына жетті. 1973 жылы көсемнің «беделін арттыру бойынша» әдістер

туралы арнайы қаулы қабылданды. Теледидар Брежневті және басқа да саяси бюроның мүшелерін 3-1 арақатынасында көрсетуі тиіс болды. 1977 жылы Л. Брежнев КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасына айналды. 1975 жылы оған армия генералы атағы берілді, ал 1976 жылы Кеңес Одағының маршалы болды. Л. Брежневке билікте болу жылдарында төрт рет Кеңес Одағы батыры мен Социалистік Еңбек Ері атағы, сегіз Лениндік орден, екі Қазан революциясы ордені және К. Маркстың алтын медалі берілді. Бірқатар естеліктері үшін оған әдебиет саласындағы Ленин премиясы берілді. Тоқырау жағдайындағы коммунистік партияның съездері де көсемді дәріптеуге және мадақтауға бағытталған форумдарға айналды. Шығармашылық рух жоғарғы партиялық жасанды салтанатпен алмасты. Есептік құжаттарды және қабылданған шешімдерде маңызды мәселелерде саяси талдау жоғалып, съездерде теориялық ойлау әлсіреді.

Партия мен қоғамдағы бұл жағымсыз үрдістер Л.И. Брежневтің 1982 жылдың қарашасында дүниеден өтуінен кейін тоқтады. XX ғасырдың 80-жылдарының басында КСРО-дағы командалық әкімшілік басқару жүйесі дағдарыстық жағдайда болды. Кеңестік қоғамның реформаларды жүргізу қажеттілігін түсінуі Венгриядағы экономиканың салыстырмалы түрде сәтті дамуы жағдайында жүрді. Ауғанстандағы КСРО әскерлерінің енгізілуі елдегі экономикалық, саяси-әлеуметтік жағдайды ушықтырып, реформалардың бастауына айналды. Брежневтің орнына жаңа Бас хатшы қызметіне Ю.В. Андропов тағайындалды. 1967 жылдан Мемлекеттік қауіпсіздік комитетін басқарғандықтан ол қажетті ақпаратқа ие бола отырып, елдегі жемқорлықпен күресті және тәртіпті орнатуға белсенді кірісті. 1982-1984 жылдары 18 одақтық министрлер, 37 облыстық, одақтас республикалардың орталық комитеттерінің бірінші хатшылары қызметінен босатылды. Ю.В. Андропов Брежневтен жоғарғы кәсіби мен жеке қасиеттерімен ерекшеленгендіктен кейбір коммунизм туралы теориялық ұстанымдарға сенімсіздік байқатты. Ол ашық түрде қоғамды дамыған социализм бағытында дамытуға қатысты тұжырымдамада қиындықтар мен қайшылықтар барын мәлімдеді. Осы әрекеті арқылы қоғамдық пікірде бетбұрыс жасады. Дегенмен басшылықтағы қатаң және авторитарлық биліктің жақтаушысы ретінде Ю. Андропов өзінің қысқа мерзімдік

басқаруында «қырғи-қабак соғыстағы» бәсеңдеу саясатын үзіп, Еуропадағы келіссөздік үрдісті тоқтатты. Оның осындай жеке қасиеттері, соның ішінде басқаша ойлауға деген шыдамсыздығы бас хатшылыққа дейінгі саяси қызметінде көрініс тапқан болатын. Кеңестік елші, мемлекеттік қауіпсіздік қызметтерін басқарған Ю. Андроповтың тікелей араласуымен бірқатар мәселелер шешілді: 1956 жылы Венгриядағы көтеріліс басылды; 1968 жылы «прагалық көктем» аталынған Чехословакиядағы ішкі саяси толқу басып тасталынды; 1979 жылы Ауғанстанға әскер енгізу мәселесінде шешім қабылдауға қатысты. 1981 жылы Ю. Андропов Польшадағы әскери жағдайды енгізуге тікелей атсалысты.

Ю. Андроповтың дүниеден өтуінен кейін орнына 1984 жылдың ақпанында жаңа Бас хатшы К.У. Черненко келді. Ол өзінің әрекетсіздігін байқатып, қоғамдағы жағымсыз үрдістер шиеленісті. Елдегі дағдарыстық жағдайдан шығу үшін радикалдық өзгерістердің қажеттілігі анық болды.

Экономикалық реформалардың қайшылығы. Бас хатшылық қызметтен Н.С. Хрущевтің отставкаға кетуі оның реформаларының тиімсіздігін анық байқатты. Оның туындаған мәселелерді волонтаристік әдіспен шешуге ұмтылысы ойдағыдай нәтижелерге әкелмеді. Жаңа басшылық алдында экономиканы дамытудың жаңа жолдарын іздеу мәселесі туындады.

КОКП ОК басшылығынан Хрущевтің кетуінен кейін кеңестік саяси билікте елдің экономикалық саласын реформалауға қатысты екі көзқарас қалыптасты.

Бұл көзқарастың біріншісі КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы А.Н. Косыгиннің есімімен байланысты болды. А.Н. Косыгин ұсынған 1965 жылғы реформалар шаруашылық механизмді өзгертуге бағытталды. Оның бастамасымен кәсіпорындардың қызметін бағалаудың талаптары өзгертілді: басты талаптар ретінде реализацияланған өнімнің бағасы, түскен пайда негізге алынды. Кәсіпорындардың дербестігінің шекаралары кеңейтілді. Басшының және ұжымның экономикалық тәртібінің тиімділігіне олардың бақуаттылығы, соның ішінде кәсіпорындарда құрылған материалдық ынталандыру қорларының көлемі байланысты болды. Тұтастай алғанда экономикалық басқару әдістері мен жоспарлаудың рөлі артты. Реформалар еңбек ұжымдарының шаруашылық бастамаларын жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

КСРО экономикасын реформалауға қатысты екінші бағыт ретінде Л.И. Брежневтің көзқарасымен байланысты болды. Ол жеңіл өнеркәсіпке қарағанда, ауыл шаруашылығы саласына басымдық саясатын жалғастыру және ауыр өнеркәсіпке айрықша көңіл бөлуге мән берді. А.Н. Косыгиннен айырмашылығы И. Брежнев толыққанды шаруашылық реформаның жақтаушысы болмады және экономиканы басқарудың децентрализацияның елеулі көлемде жүзеге аспауын қалады. Бірақ елдегі шаруашылық қиындықтардың артуы және экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы басшылық арасындағы өзара келіспеушіліктерге қарамастан, реформаларды жедел жүргізу қажет еді.

Экономикалық саладағы реформалардың басталуы 1965 жылдардың жаңа әкімшілік орталықтандыру, халық шаруашылығы кеңестерін тарату мен өнеркәсіптік министрліктерді қалпына келтіруде көрініс тапты. Мемлекеттік баға комитеті, Мемлекеттік қамсыздандыру, ғылым және техника бойынша мемлекеттік комитет сияқты ірі мемлекеттік комитеттер құрылды. Кәсіпорындар белгілі бір автономияға ие болды.

Реформаларға КОКП ОК пленумының 1965 жылдың наурызындағы және қыркүйектегі шешімдерімен негіз қаланды. Наурыздағы пленумда ауыл шаруашылығы саласындағы басқару механизмін жетілдіруге басты назар бөлінді. Яғни пленум бойынша:

- жоспарлаудың жаңа тәртібі белгіленді; яғни ауылдағы саясатта басты назар ауыл шаруашылығы министрлігінің рөлін осы саладағы өндірісті жоспарлау мен басқаруда арттыруға бөлінді. Сонымен қатар міндетті астықты жинаудың сатып алудың жоспары төмендетіліп, ол 10 жылға дейін өзгермейтін болып жарияланды;

- сатып алу бағалары көбейтілді (жоспардан тыс сатып алу көтерме бағалар бойынша өндірілуі тиіс болды);

- капитал салымдары артты;

- ұлттық табысты ауыл шаруашылығының пайдасына қайта бөлісу орын алды;

- ауылдың әлеуметтік мәселелерін шешу бойынша шаралар қабылданды;

- салықтар қысқартылды;

- жеке көмекші шаруашылықты жүргізуге шектеулер алып тасталынды.

Ауыл шаруашылығын реформалау 1977-1978 жылдары өндірістік бірлестіктер, яғни колхоздар, совхоздар, азық-түлік өнеркәсібі, ғылыми-зерттеу лабораторияларында өз жалғасын тапты. 1982 жылы агроөнеркәсіптік кешендердің (АӨК) құрылуын қарастырған «Азық-түліктік бағдарлама» қабылданды. Колхоздар мен совхоздардың оларға қызмет ететін өнеркәсіп салаларымен ұйымдасқан бірігуі қарастырылған агроөнеркәсіптік саланың интеграциясына мән берілді. Аудандық агроөнеркәсіптік кешендердің (ААӨК) құрылысы басталды. 1985 жылы КСРО Мемлекеттік агроөнеркәсібі құрылды. Барлық ұмтылыстарға қарамастан ауыл шаруашылығы экономиканың әлсіз саласы болып қала берді. Тек 15 жылдың ішінде елде астық өнім бермей қалған оқиғалар болды. Мұндай шығындар тек табиғи-климаттық жағдайлардың есебінен ғана емес, еңбектің дұрыс ұйымдастырылмауынан және шектен тыс әкімшілік жүйенің сақталуы сияқты т.б. факторларға байланысты болды.

Л. Брежнев басқаруы кезеңінде ауыл шаруашылығымен қатар, өнеркәсіптік салада да реформалар басталды. 1965 жылғы КОКП ОК-ның қыркүйектегі Пленумының шешімімен өнеркәсіпті саланы басқаруда реформалар енгізілді. Жаңа өзгертулердің мәнісі экономикалық тетіктерді күшейтіп, шаруашылық бөлім ретінде кәсіпорындардың дербестігін арттыруға бағытталуында.

Шаруашылық реформаның негізіне украиндық кеңес экономисті бастаған Е. Либерман тобының екі қаулыда көрініс тапқан көзқарастары алынды. «Өндіріс пен экономиканы жоспарлауды жақсарту мен жетілдіру» және «Социализм жағдайындағы мемлекеттік өндірістік кәсіпорындар туралы» қаулылар нәтижесінде келесі шаралар жасалынды:

- жоғарыдан келетін міндетті тапсырыстық көрсеткіштердің көлемі қысқартылды;

- кәсіпорындардың бақылауында түскен табыстың бір бөлігі қалды (материалдық ынталандырудың, әлеуметтік-мәдени мен тұрмыстық дамудың, өндірістің өзін-өзі қаржыландырудың қорлары құрылды);

- шаруашылық есеп жарияланды;

- кәсіпорындардың пайдаланатын өндірістік қорлары үшін табысқа байланыссыз қатаң төлемі енгізілді;

– несиелердің көмегімен өнеркәсіптік құрылысты қаржыландыру жүзеге асырылды;

– кәсіпорындардың келісімінсіз жоспарлауды өзгертуге рұқсат берілмеді.

Жалпы алғанда өндірістік салада енгізілген қыркүйек пленумының реформалары нұсқаулық экономикаға қол сұқпады. Бұл реформаның ішкі қайшылықтарының болуына қарамастан, 1965 жылғы қысқа мерзімдік уақытта жақсы нәтижелерге қол жеткізді: 1966-1970 жылдардағы VIII бесжылдықтың көрсеткіштері алдыңғы жылдармен салыстырғанда сәтті болды. Бірақ кейіннен 1972-1973 жылдары экономикалық басымдықтардың алмасуы орын алды. Мұндай өзгеріс ішкі және сыртқы факторлардың ықпалымен түсіндірілді. Мысал келтірер болсақ, кеңес-қытайлық қарым-қатынастардың шиеленісуіне байланысты Қиыр Шығысты игерудің стратегиялық маңыздылығы артты, әскери-өнеркәсіптік кешен мен қарулы күштердің рөлі өсті. XX ғасырдың 70-жылдарының өзінде КСРО 170 млрд. «мұнай долларын» алып, оның экспортының құрылымы анық «отарлық сипатқа» ие болды: 1985 жылы экономиканың 55%-ы отын-шикізаттық экспортке тиесілі еді. Бірақ 80-жылдарының басынан батыстық экономиканың энергияны сақтаушы технологияларына көшуіне байланысты «мұнай долларларының» түсімі төмендеп, кеңестік экономиканың ішкі проблемалары ашық көріне бастады.

Ресейлік зерттеушілер 60-80 жылдары КСРО-ның экономикалық дамуында үш кезенді бөліп көрсетеді:

Бірінші кезең – 1965-1970 жылдардың ортасы – Либерманның экономикалық бағытын жүзеге асыруға ұмтылу кезеңі. Яғни, халық тұтыну тауарларын шығару бойынша кәсіпорындардың қарқынды түрдегі құрылысы басталды. Бірінші кезеңде өнеркәсіптік өндірістің көлемі 1,5 есеге өсіп, шамамен 1900 ірі кәсіпорындар салынды. Краснояр-Ачинск, Шымкент-Жамбылдық сияқты аумақтық өндірістік кешендердің құрылысы басталды;

Екінші кезең – 70-жылдардың ортасы – 1983 жылдар – «стагнация мен қайта құрулардың жекелген ұмтылыстарының» басталуы кезеңі. 1972-1973 жылдары жеңілден ауыр өнеркәсіпке өтуге басымдық берілді. Негізгі қаржы Сібірді игеруге, энергетика мен қорғаныстың өнеркәсіпті дамытуға бөлінді. Импорттық

құрылғылардың енгізілуі басталды, бригада сияқты жаңа жұмыс істеу әдістері енгізілуі мақсатында ұмтылыстар жасалынды;

Үшінші кезең – 1983-1984 жылдар – Ю.В. Андроповтың экономикалық қайта құруларға деген ұмтылысы кезеңі. Орталықтанған жоспарлау мен бөліністі әлсіретуді, кәсіпорындардың үлкен еркіндігі, еңбекшілердің рөлін арттыру, кәсіпорындар мен аймақтар деңгейінде бағаның құрылуын өзгертуді қарастыратын «кең көлемді экономикалық тәжірибе» өмірге енгізілді. 1983 жылы еңбек ұжымы туралы заң қабылданды. Сонымен қатар, өнеркәсіпте шикізатты шығару, оның бастапқы өңдеуі мен кейінгі тасымалдануымен байланыстырылатын аумақтық-өндірістік кешендерді құруға айрықша көңіл бөлінді.

XX ғасырдың 70-80 жылдары әлемде ГТР-дың жаңа кезеңі басталды. Елдің даму деңгейі микроэлектрондық техниканың пайдалануымен анықталды. Осы көрсеткіштері бойынша КСРО индустриалдық мемлекеттерден артта қалды. Себебі әкімшілік-командалық жүйе фундаменталды және қолданбалы жаңалықтарды өндіріске енгізуге мүдделі болмады. Тәжірибелік өнім үлгісінің шығарылуы мен оның жаппай қолданысына дейін 6-8 жыл өтетін.

Нәтижесінде елдің экономикалық дамуында:

– XX ғасырдың 70-жылдарының екінші жартысы – 80-жылдардың басындағы реформалардың қысқартылуы;

– жоспарлаудың формализациялануы;

– жабдықтардың ескіруі;

– ақшаның модернизация емес, жаңа кәсіпорындардың құрылысына бөлінуі;

– әскери шығындардың өсуі (жоғарғы технологиялы өндірістер әскери тапсырыстарға жұмыс істеді, жалпы ұлттық өнімдегі әскери шығындардың үлесі шамамен 23%-ды құрап, ол өз кезегінде үлкен диспропорцияларға әкелді);

– көлеңкелі экономиканың елеулі түрде өсуі орын алды.

Басшылық белгілеген 1981-1985 жылдары он бірінші бес-жылдықтың міндеттері ешбір көрсеткіштері бойынша орындалмады.

КСРО-ның сыртқы саясаты. 1964 жылдың қазанындағы елдегі басшылықтың ауысуы Кеңестік мемлекеттің сыртқы саясатындағы түбегейлі өзгерістерге әкелді. Жаңа басшылықтың сыртқы саяси

бағыты партияның үшінші бағдарламасында ұсынылып, кеңес халқының бейбіт еңбегін қамтамасыз етуді басты мақсат етіп белгіледі. Л.И. Брежневтің алдында алдыңғы басшылықтан қалған келесі халықаралық қатынастар мәселесінің шешілмеуі қиындық туғызды:

– біріншіден, осыған дейін біріккен социалистік лагерь Қытайдың ұстанымы есебінен бөліну жағдайында болды;

– екіншіден, Кариб дағдарысы нәтижесінде Батыс пен Шығыстың арасындағы қарым-қатынастар Вьетнамдағы соғыстың себебінен шиеленісті;

– үшіншіден, КСРО-ның үшінші әлем елдеріндегі ықпалы үміт тудырған нәтижелерге әкелмеді және ірі көлемдегі шығындарды ақтамады.

XX ғасырдың 60-жылдарының ортасы – 80-жылдардың басында сыртқы саясатына тән белгі – оның шектен тыс идеологиязациясы. Сыртқы саяси бағыттың негізіне қақтығыс идеологиясы алынды. Ол бойынша социализм мен капитализмнің бейбіт қатар өмір сүруі ұзақ сипатқа ие болмауы тиіс. Осы уақыттан бастап екі жүйенің идеологиялық күресін тұрақты түрде арттыру туралы идеяны айналымға енгізді.

Сыртқы саясаттағы негізгі мәселелер:

– социалистік жүйенің құлау қаупінің алдын алу, саяси-әскери және экономикалық қарым-қатынастарда оны біріктіру;

– Шығыс пен Батыстың арасындағы қарым-қатынастарды реттеу («ынтымақтастықта бейбіт қатар өмір сүру») болды. Бұл бағыт XX ғасырдың 70-жылдарының басында Қытаймен қарама-қайшылықтардың туындап, оның АҚШ-пен жақындасуына байланысты кеңес басшылығының қауіптенуінен кейін белгіленді;

– «үшінші әлем» елдеріндегі достық ниеттегі тәртіптер мен қозғалыстарды қолдау. Бұл саясат әсіресе КСРО-ның тікелей ықпалында болған мемлекеттерге қатысты саясатта белсенді еді.

Батыс пен Шығыс арасындағы қарым-қатынастардың реттелуі. XX ғасырдың 70-жылдарының басында КСРО мен АҚШ-тың әскери-стратегиялық теңестірілуге қол жеткізілді. Оған сәйкес әрбір тарап ядролық соғысты кім бастаса, жеңе алуы мүмкін емес деп түсіндірілді. Мұндай жағдай өзара ядролық арсеналдарды көбейтудің мәнсіздігін және жаңа жолдарды іздеу қажеттілігін байқатты.

XX ғасырдың 60-жылдарының аяғы – 70-жылдардың басында бірқатар дағдарыстардан кейін Шығыс пен Батыс арасындағы қарым-қатынастар реттеле бастады. Негізінен екі жүйе арасындағы жақындасу XX ғасырдың 50-жылдары Н. Хрущевтің сыртқы саясатында көрініс тапты. 1954 жылы Үндіқытай бойынша Женева келісіміне қол қойылды. 1955 жылы американдық және кеңестік әскерлердің Австриядан шығарылатындығы туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. 1959 жылы кеңес басшысы Н.С. Хрущевтің АҚШ-қа бірінші іс-сапары болды. Бұл жақындасу үрдісі Л. Брежнев басшылығының сыртқы саясатында да көрініс тапты. 1966 жылдың жазында алғаш рет соғыстан кейінгі кезеңде Мәскеуге Франция президенті Шарль де Голль келді. Осыдан бастап екі мемлекеттің кездесулері тұрақты сипатқа ие болды. Екі мемлекеттің ынтымақтастығы 1971 жылғы Л.И. Брежнев пен Францияның жаңа президенті Ж. Помпидудың арасында жаңа келісімдерге қол қоюылуымен бекітілді. Оның барысында «КСРО мен Францияның арасындағы ынтымақтастық қағидалары» туралы құжатқа қол қойылды. Кеңестік тарап Франциямен жақындасу күн тәртібіндегі негізгі мәселе болып қалған герман мәселесін шешуге ықпал етеді деп үміттенді. 1969 жылы Шығыспен қарым-қатынастарды жақсартуда ГФР-дың федералды канцлері Вилли Брандт елеулі үлесін қосты. 1970 жылы Мәскеудегі ГФР-мен келіссөздер келісіммен аяқталды. Ол бойынша Еуропадағы шекаралардың бұлжымастығы мойындалып, тараптар өзара қарым-қатынастарда күшті қолданудан бас тартты. Екі елдің арасында соғыстан кейінгі шекаралар мойындалды. Ал 1971 жылдың қыркүйегінде КСРО, АҚШ, Англия мен Франция арасында Батыс Берлин бойынша келісімге қол қойылды. Ол бойынша бұл қаланың мәртебесіне қатысты мәселесін шешуде күшті қолданбау қағидасына негізделді. 1972 жылдың 21 желтоқсанында ГФР ГДР-ды мойындады. Екі германдық мемлекет БҰҰ-ға қабылданды.

XX ғасырдың 70-жылдарының маңызды оқиғасы – жоғарғы деңгейде кеңес-американ қарым-қатынастарының өзгеріске түсуі болды. Негізінен ядролық қаруды шектеуге деген ұмтылыс 1963 жылғы келісім арқылы да жүзеге асқан еді. 1972 жылдың мамырында Мәскеуге АҚШ президенті Р. Никсонның сапарынан бастап, 1975 жылға дейін әлем «қырғи-қабақ соғыстың бәсеңдеуі»

кезеңінде өмір сүрді. Бәсеңдеу саясаты экономикалық келісімдер және ядролық қаруларды шектеу туралы келісімдерден құралды. 1972 жылдың мамырында Мәскеуде Стратегиялық қаруларды шектеу туралы СҚШ-1 деп аталған уақытша келісімге қол қойылды. Ол бойынша екі тарап үшін де құрлық аралық зымырандар мен су асты қайықтарынан жіберілетін зымырандардың саны шектелді. Сондай-ақ 1975 жылдың наурызында Бактериологиялық, токсиндік қару қорларын дайындау мен жинақтауға тиым салу және жою туралы Конвенция күшіне енді. 1976 жылы бейбіт мақсаттарда жер асты ядролық жарылыстарын жүргізуді регламенттеу туралы кеңес-американ келісіміне қол қойылды. КСРО мен АҚШ арасында ынтымақтастықты дамыту туралы және өзге салаларда бірқатар құжаттарға қол қойылды. 1975 жылдың жазында «Аполлон» және «Союз» атты екі кеменің біріккен ғарышқа ұшырылуы болды.

Батыс пен Шығыстың арасындағы бәсеңдеу саясаты 1975 жылы Хельсинкиде Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық бойынша мәжілісі өтіп, онда маңызды Қорытынды актіге қол қойылды. 1975 жылдың тамызында Еуропаның 33 мемлекеті және АҚШ, Канада мәжілістің Декларациясы мен Қорытынды актісіне қол қойды. Олар бойынша соғыстан кейінгі дамудың нәтижелері бекітіліп, форумға қатысушы мемлекеттердің мемлекетаралық қарым-қатынастарының қағидалары анықталды, экономика, ғылым, техника мен мәдениет саласындағы бейбіт ынтымақтастықтың келешегі белгіленді. Осыдан кейін әлемдегі бейбіт қатар өмір сүрудің шынайы келешегін анықтаған Хельсинки үрдісі басталды.

«Дамыған социализм» кезеңіндегі КСРО-ның социалистік қауымдастық елдерімен қарым-қатынастары оңайшылықпен қалыптаспады. Көптеген Шығыс Еуропа елдерінде саяси-экономикалық өмірдің дағдарыстық құбылыстары жылдам өтіп жатты. Кеңестік тоталитарлық үлгі осы елдерде де сәтті жүзеге аспады. Бірақ КСРО-ның партиялық-мемлекеттік басшылығы оларды өз ықпалында қалдыруға бар ұмтылысын салды. Егер социалистік ықпал аумағынан шығу қаупі туындар болса, КСРО басшылығымен тіпті әскери-саяси шаралар да қабылдады. Мәселен, 1968 жылғы Чехословакиядағы жағдайда КСРО араласты. 1968 жылы Чехословакияда сталиндік үлгідегі социализмнен

бас тартқан жаңару үрдісі басталды. Дубчек үкіметі реформаларды жүзеге асыруға кірісімен елге КСРО мен Варшава келісім-шартына қатысушы мемлекеттердің әскерлері «ішкі контрреволюцияны» басу мақсатында енгізілді. КСРО Шығыс Еуропадағы өз ықпалын күшейту мақсатында осы мемлекеттермен бірнеше мемлекетаралық келісімдерге келді. Яғни, бұл келісімдер Экономикалық өзара көмек кеңесі мен Варшава келісім-шарты ұйымына мүше-мемлекеттермен жасалынды. Мұндай саясат олардың егемендігін елеулі түрде шектеді және ол Брежнев доктринасы деп аталды.

1971 жылы Экономикалық өзара көмек кеңесі елдері 15-20 жылға бағытталған ынтымақтастықты тереңдетуге бағытталған кешенді бағдарламаны қабылдады. XX ғасырдың 80-жылдарының басында оның шеңберінде отын, энергия мен шикізат, ауыл шаруашылығы мен тамақ өнеркәсібі, машина жасау, халықтың тұтыну тауарлары, көлік салаларындағы бес ұзақ мерзімдік бағдарламалар қабылданды. Экономикалық ынтымақтастық сыртқы саяси істердегі саяси кеңес алмасумен және біріккен әрекеттермен толықтырылды. Дегенмен бұл саясат әрдайым жағымды нәтижелерге қол жеткізбейтін және кейде, тіпті, жағдай бақылаудан шығып кететін еді. XX ғасырдың 80-жылдарының басындағы поляк дағдарысы осыған мысал бола алады.

Польшадағы 80-жылдардағы үкіметке қарсы күрес КСРО тарапынан елеулі көмекті талап етті. 1981 жылдың 13 желтоқсанында В. Ярузельский үкіметі әскери жағдай енгізіп, бұл елдегі ереуіл мен саяси тұрақсыздықты уақытша тоқтатып, кеңестік шабуылдың алдын алды. Дегенмен еңбекшілердің жаппай наразылығы толқыны нәтижесінде пайда болған «Ынтымақ» кәсіподағы ақыр соңында Польшадағы коммунистік тәртіпті құлатуға қол жеткізді.

Кеңестің басшылық социалистік елдердегі реформалар ұмтылысына сақтықпен қарады. Ол социалистік бағыттағы өзге мемлекеттермен қарым-қатынастарды реттей алмады. КСРО Қытай және Албаниямен қақтығыстық жағдайда еді. Кеңес-албан байланыстары 1961 жылы үзілді. Ал «мәдени революция» уақытында күрделенген Қытаймен қарым-қатынастар ашық қақтығыс сипатына ие болды. 1969 жылы кеңес-қытайлық шекарада Даманский аралы мен Семей аумағында ірі әскери қақтығыс

орын алды. XX ғасырдың 70 жылдары кеңестік басшылықпен Қытай негізгі қарсыластың бірі ретінде қарастырылды. Тек осы екі елдің басшыларының дүниеден өтуінен кейін 1982 жылы қарым-қатынастар жақсарды. Сонымен қатар, КСРО өз ықпалына Югославияны бағындыра алмады. Олардың арасында ұстамдылық сақталды, экономикалық байланыстардың дамуы жағдайында саяси байланыстар әлсіз болды. Тәуелсіз бағытқа КХДР мен Румыния да ұмтылды.

КСРО-ның үшінші әлем елдерімен де байланыстарына мән берілді. КСРО бәсеңдеу саясатын ұран етіп өзінің сыртқы саясатын әсіресе үшінші әлем елдерінде жаһандандыруға тырысты. Кеңестік басшылық азат мемлекеттер социализм жүйесін толықтырып, Батысқа қарсы тұра алады деп есептеді. Сондықтан КСРО-дан бөлінетін көмек социалистік бағыттағы мемлекеттерге берілді. Кей жағдайда Ангола, Мозамбик, Эфиопия және Камбоджадағы сияқты мұндай саясат ішкі қайшылықты арттырып, таптық қайшылықтар мен ұлтаралық қақтығыстарды шиеленістірді.

XX ғасырдың 70-жылдарының аяғында КСРО-ның сыртқы саясатындағы бәсеңдеу кезеңі ұзаққа жалғаспады. Екі жүйенің сыртқы саясатының негізінде болған идеологиялық сәйкессіздігі және кеңестік басшылықтың сыртқы саяси қателіктері оның толық жүзеге асуына мүмкіндік бермеді. 1976 жылы КСРО Еуропалық кұрлықта орта қашықтықтағы зымырандарды орналастыруға кірісті. Бұл өз кезегінде Шығыс пен Батыстың арасындағы стратегиялық арасалмағын өзгертті. Кеңестік сыртқы саясаттың қателігі 1979 жылы желтоқсанда Ауғанстанға әскерді енгізуінде. Осы қадамды жасай отырып, соғыс нәтижесіндегі Л. Брежнев басшылығы әскери-саяси салдарларын есепке алмады. Кеңестік әскерлердің ауғандық соғыста тікелей қатысуы ішкі қайшылығын шиеленістіріп, КСРО-ны мағынасыз авантюраға тартты. Адам санының шығыны да көп болды. Ауғанстанға кеңестік әскерлердің енгізілуі халықаралық жағдайды елеулі түрде шиеленістіріп, кеңестік мемлекеттің беделінің төмендеуіне әкелді.

КСРО-ның сыртқы саясатында қақтығыстық жағдай күшейіп, ол қару-жарақ бәсекелестігінің қайта өршуінде көрініс тапты. 1978 жылы НАТО елдері әскери шығындарды жыл сайынғы 3%-дық өсіру туралы шешім қабылдады. Ал АҚШ 1979 жылғы

стратегиялық қаруды шектеу туралы Венада қол қойылған екінші келісімге бекітуден бас тартты. Батыс Еуропада орта және кіші қашықтықтағы американдық зымырандарды орналастыру басталды. 1979 жылы АҚШ президенті Дж. Картер Еуропадағы «шектелген ядролық соғысты» тұтандыруды және КСРО-ға әскери соққыны жасау мүмкіндігін қарастыратын жаңа әскери доктрина жарияланды. 1983 жылы АҚШ президенті Р. Рейганмен жердегі объектілерді де нысанаға ала алатын ғарыштық зымыранға қарсы қорғаныс жүйесін құруды қарастыратын «стратегиялық қорғаныстық бастама» қабылданды. Бұл оқиғалар КСРО мен АҚШ арасындағы қару-жарақ бәсекелестігінің қайша өршігендігін көрсетті.

Қорытындыласақ, ХХ ғасырдың 60-жылдарының екінші жартысы – 80-жылдарының басында кеңестік мемлекеттің сыртқы саясаты Батыспен қақтығыстан халықаралық жағдайдың бәсеңдеу сипатына дейінгі жағдайды бастан өтті. Брежнев басшылығының басқаруы кезеңіндегі сыртқы саясаттың соңы Батыспен қарым-қатынастардың шиеленісуімен аяқталды.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:

1. Н.С. Хрущевтің биліктен кетуінен кейін елдің қоғамдық-саяси өмірінде қандай өзгерістер орын алды?
2. Дамыған социализм тұжырымдамасының мәніне тоқталыңыз.
3. Номенклатура деп кімдерді атады?
4. Н.С. Хрущевтің кетуінен кейін елде экономикалық саясатқа қатысты қандай көзқарастар қалыптасты?
5. Л.И. Брежневтің билік ету жылдарында сыртқы саясатта қай мәселелерге көңіл бөлінді?

Практикалық сұрақтар:

1. КСРО-ның қоғамдық-саяси өмірінде маңызды рөлге ие болған 1977 жылғы Конституцияны талдаңыз.
2. Л.И. Брежнев пен Ю.В. Андроповтың саяси биліктегі қызметін салыстырыңыз
3. «Чехословакиядағы саяси жағдай мен КСРО-ның араласуы» мәселесін талдаңыз.
4. Ауғанстандағы КСРО-ның әскерлерді енгізуі себептері мен кейінгі елдегі жағдайдың дамуын ашып көрсетіңіз.

2.1. «Қайта құру» саясаты және КСРО-ның ыдырауы

Қайта құру саясатының мәні мен кезеңдері. XX ғасырдың 80-жылдарының ортасы кеңестік қоғам тарихында жаңа бетбұрыстық кезеңге айналды. 1985 жылдың наурыз-сәуірінде негізі қаланған жаңа кезең «қайта құру» деп аталды. КСРО тарихындағы осы дәуірге қатысты ғылыми баға беруде де пікірлер әр алуан. Қайта құруды жақтаушылар сол уақыттағы қалыптасқан объективті себептермен түсіндіреді. Ал қарсыластар жасалынған шаралардың жасанды және шетелдік ықпалдың әсерімен жүргізілді деген пікірді қолдайды. Осы тұрғыда, олардың келтірген уәждерінің қатарында 80-жылдардың ортасында кеңес экономикасының шын мәнісінде, дағдарыс қарсаңында тұрғандығы атап өтіледі. Олардың келтірген уәждерінің қатарында 80-жылдардың ортасында кеңес экономикасының шын мәнісінде, дағдарыс қарсаңында тұрғандығы атап өтіледі. Жоспарлық жүйенің абсолюттік үстемдігі халық шаруашылығының ғылыми-техникалық революцияның қарқынына ілесіп дамуын тежеді. Кейбір салалардағы өндіріс қол еңбегіне негізделіп, төменгі өнімділік деңгейінде болды. Осы мәселелерді шешу міндеті XX ғасырдың 80-жылдарында Ю.В. Андропов басшылығына жүктелді. 1983 жылдың басында Ю. Андропов КОКП ОК-ның жауапты қызметкерлерінің бір тобына, соның ішінде қайта құрудың негізін қалаушылар М.С. Горбачев пен Н.И. Рыжковке экономикалық реформа бойынша ұсыныстарды дайындауды тапсырды. Алайда Ю. Андроповтың өмірден озуы және билікке консервативтік көшбасшы К.У. Черненконың келуі бұл реформаларды тоқтатып тастады. Ю.В. Андропов кезеңінде ұсынылған реформаларды жүзеге асыру тек ел басшылығының

ауысуымен мүмкін болды. 1985 жылдың наурызында КОКП ОК-ның Бас хатшысы қызметіне М.С. Горбачев келді. Қайта құрудың алғашқы екі жылында бұрынғы Андроповтық реформаларға М.С. Горбачевтің бастамасымен өзгерістердің енгізілуімен қайта оралу үрдісі көрініс тапты. Жаңа хатшының экономика саласындағы қайта құрулары кейіннен саяси саладағы реформалармен толықтырылды.

Қайта құру тарихында үш кезеңді бөліп көрсетуге болады:

– 1985 жылдың наурызы – 1987 жылдың қаңтары – дәстүрлі шаруашылық механизмдерінің шеңберінде дайындалған экономикалық реформалардың кезеңі. Негізгі қағида «әлеуметтік-экономикалық дамуды жылдамдату» болып жарияланды және нұсқаулық жоспарлаудың сызбасы бойынша жоспарлар дайындалды;

– 1987-1988 жылдар. Бұл кезеңнің негізгі мәнісі КОКП ОК-ның шешімдерінде партияның қоғамды және ішкі саяси өмірді радикалдық тұрғыдан демократизациялауға деген ұмтылысы мәлімделді. Бұл шешімдер азаматтық қоғамды құруға бағытталған ХІХ-партконференцияның резолюцияларымен толықтырылды;

– 1989-1991 жылдар аралығы. Қайта құруды жақтаушылардың тобында бытыраңқылық пен бөлініс кезеңі болуымен сипатталды. Ол радикалдық реформаларды жақтаған күштердің арақатынасының күрт өзгеруінде көрініс тапты. М.С. Горбачев саясатының дағдарысы соңында КСРО-ның құлауына әкелді.

Қайта құру саясатының басталуы туралы КОКП ОК-ның сәуір Пленумында жарияланған болатын. Бұл партиялық форумда кеңестік қоғамның жағдайына жалпы талдау жасалынып, шаруашылық дамуды жеделдету стратегиясы ұсынылды. Ол бойынша басты экономикалық міндет ретінде жариялылықпен қатар, қатаң саяси тәртіпті демократизациялаудың негіздері қарастырылды. Іс жүзінде басталған қайта құрулар саяси да, шаруашылық та механизмнің негіздерін қозғамады, қайта олар либералдық сипатқа ие болып, өмір сүрген жүйені өзгертуге бағытталды.

Экономикалық реформалар. Қайта құрудың ресми түрде 1985 жылы КОКП ОК-ның сәуір Пленумында жариялануынан кейін экономикалық реформалар басталды. Ол бойынша ұлттық кірістің өсу қарқынын арттыру және әлеуметтік саланы белсен-

дету алға қойылды. Пленум шешімдеріне сәйкес техникалық қайта жабдықтау мен өндірісті жаңартуды жүзеге асыру, ең алдымен, машина жасау саласын жедел жаңарту қарастырылды. Бұл шараларға қосымша басшылық бірқатар тым асығыс шараларды қабылдады, соның ішінде маскүнемдікпен күрес күшейтілді. Кейбір жетістіктерге қарамастан, осы шаралардың экономикалық тиімділігі кері болды: бюджетке кіріс азайды, көлеңкелі экономика ішімдік сусындарына жылдам сұранысты қанағаттандырды. Жалпы алғанда, 1985-1986 жылдардағы экономикалық реформалау мемлекеттік басқарудың қарапайым сызбаларын пайдалану арқылы жүзеге асырылды. Бірақ елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын осы шаралар арқылы шапшандату міндеті орындалмады. Жаңа экономикалық шараларды ескі жүйенің шеңберінде қолдану көзделді. Мемлекеттік қабылдаудың енгізілуі басқарушылық аппараттың күшеюіне, материалдық шығындардың өсуіне әкелді. Ескі құрылғылар апаттық жағдайда болды. Мұндай апатты жағдай Чернобыль АЭС-тағы жарылыстан көрініс тапты. 1986 жылдың сәуірінде Чернобыльдегі турбогенератордың сынағы кезінде электр станцияның бірінде атомдық реактордың жарылысы орын алды. Нәтижесінде оның зардаптары бүгінгі күнге дейін сезілуде және бұл шаруашылық жүйенің әлсіздігін көрсетті. Қалыптасқан жағдай экономика мен саяси жүйедегі терең қайта құруларсыз радикалдық өзгерістерге қол жеткізу мүмкін еместігін көрсетті.

1987 жылдың ортасында экономикалық қайта құрулардың жаңа кезеңі басталды. 1987 жылы КОКП ОК-ның қаңтар Пленумында М.С. Горбачев қоғамдық өмірді демократияландыру туралы идеяны ұсынды. Ішкі саяси өмірді қайта құрудың бағдарламасы дайындалды және елдегі жалпы алғандағы саяси қайта құрулардың негізгі бағыттары белгіленді.

М.С. Горбачев экономикалық мәселелердің маңыздылығын түсіне отырып, 1987 жылдың маусымында КОКП ОК-ның Пленумын шақыртты. Онда экономикалық салада реформаларды жүргізу бағыты белгіленді. Кәсіпорындардың құқықтары кеңейтілді: олардың бір бөлігі шаруашылық есепке, өзіндік басқаруға өтті. Үкімет кейбір тауарға келісілген бағаларды енгізбек болды. Жалпы алғанда, кеңестік басшылық командалық-әкімшілік жүйенің шеңберіндегі нарықтық механизмнің қызмет етуімен

сипатталған экономикалық құрылымды қайта қалыптастыруға ұмтылды. Осы жағдайда министрліктер мен ведомстволардың рөлі жетекші болып қала берді. Кәсіпорын тұтынушыға байланыстырылды. Өндірістік қызметтің бостандығы қалдық қағидасы бойынша қарастырылды. Дегенмен, жартылай өндірістің децентрализациясы кейбір жағымды нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді: кенестік экономиканың көрсеткіштері едәуір жақсарды, соның ішінде ауыл шаруашылығында 5%-дық өсу болды. Атап өтерлік жайт, мұндай көрсеткіштер елеулі дәрежеде инвестициялардың өсуімен анықталды және бюджеттік дефициттің артуымен қатар жүрді. 1986 жылы дефицит шамамен үш есеге артты. Экономикалық дамудағы нақты алға жылжудың болмауы және қаржылық дағдарыстың басталуы М.С. Горбачев басшылығын әлдеқайда радикалдық экономикалық реформаларды жүргізу қажеттілігіне әкелді. Тығырықтан шығатын жол ретінде саяси элита жеке меншікті заңдастыру деп есептеді. 1986 жылдың соңында-ақ, жеке еңбек қызметі туралы заң, 1988 жылдың мамырында – кооперация туралы заң қабылданды. Колхозшылар жалға алатын және мердігерлік ұжымдарды құруға мүмкіндік алды. 1990 жылы үкімет кіші кәсіпорындар туралы заң шығарады. Оған сәйкес бұл кәсіпорындар нақты заңды мәртебені иемденіп, ірі кәсіпорын шеңберінде белгілі бір дербестікке ие болды. Дәл осы жылы жалға алу туралы заң шығады. Ол бойынша еңбек ұжымы жалға өз кәсіпорнын иемденді. Сонымен қатар, ел ішінде фермерлік және жеке шаруалық шаруашылықтар құрылды. 1990 жылдың соңында елде шамамен 50 мың фермерлік шаруашылықтар болып, оларда бүкіл ауылшаруашылық өнімнің 1%-ы өндірілді. Мемлекеттік емес сектор ұжымдық пен жеке сипаттарда экономикада кеңінен таралды.

Қоғамдағы экономикалық қайта құрулардың салдарлары. М.С. Горбачев басшылығының қайта құрудағы экономикалық қатынастардың заңды негіздері тек 1989-1990 жылдары қаланды. Осы уақытта мемлекеттің шаруашылық қызметінің заң шығару мен атқарушы биліктерден бөліну үрдісі басталды. Шаруашылықтың екі жақты сипаттағы құрылымдық шарттары құрылды: кәсіпорындардың тек бір бөлігі кәсіпкерлік қызметтің еркіндігіне ие болды, ал қалған бөлігі командалық-әкімшілік жүйенің шеңберінде

қызметін жалғастырды. Мемлекеттік атқарушы билік өз қызметін нарықтық экономиканың талаптарына сәйкестендіріп қайта құра алмады. Нарықтық механизмдер бұрынғы жүйенің шеңберінде әрекет етуге мәжбүр болды: мемлекеттік тапсырыс сақталды, өнімді шектеу енгізілді. Кооперативтердің өзі өндіріс құралдарын еркін сатып алу мүмкіндігінен айырылды. Нәтижесінде олардың басым көпшілігі қызметті өз мақсаты үшін асыра пайдаланды. Мемлекеттік кәсіпорындарға тоқталсақ, олардың жағдайы ауыр болды: кәсіпорындардағы еңбек етудің беделі төмендеп, елде ереуілдердің толқыны таралды. КСРО экономикасы терең дағдарысқа ұшырады. 1991 жылы өндірістің төмендеуі – 11%-ға, бюджет дефициті – 20-30%-ға, ал сыртқы қарыз 103,9 млрд долларға жетті. Елдің дағдарыстық жағдайы оның бақылаусыздығы қаупін тудырды. КСРО-дағы экономиканы қайта құру саясатының сәтсіздігі, елдің тоқырауы күн тәртібіндегі басты мәселеге айналды, бүкіл ресейлік аумақта реформаларды жүргізу қажеттілігі туындады.

Саяси өзгерістер. Көппартиялық жүйенің қалыптасуы. Жаңа басшылық елдегі экономикалық реформалармен қатар, қоғамның саяси жүйесін қайта құруға ұмтылыс жасады. Қайта құрудың идеологтары теориялық негіз ретінде жалпы адамдық құндылықтар тұжырымдамасына сүйенді. Оған саясимен қатар, экономикалық қағидалар кірді. Тауарлық-нарықтық қатынастар, жеке еңбек меншігі қоғамды демократияландыру үрдісімен, бюрократиямен күреспен, жариялылықпен және құқықтық реформамен толықтырылатын болды. Кеңестерді парламентаризм заңдарына сәйкес қайта құру міндеті белгіленді. Жоғарғы тұрақты орган ретінде халық депутаттарының кеңесін шақыру шешілді. Бұл шешімдер іс жүзінде кейінгі кеңес тарихының дамуына түбегейлі өзгерістер енгізді.

М.С. Горбачев тұсындағы КСРО-дағы қайта құру кезеңіндегі саяси реформалар жариялылық жоспарына сәйкес жүзеге асырылды. Жариялылық саясатының негізгі көріністеріне:

- цензураның алып тасталынуы мен жаңа газеттердің шығарылуына рұқсат берілуі;
- қайта құруды қолдаған көптеген қоғамдық бірлестіктердің пайда болуы;

- азаматтардың жаппай жиналатын ереуілдерінде жаңа үкіметтік бағытты кеңінен талқылау;
- мерзімді басылым беттерінде қоғамдық даму жолын таңдау туралы талқылаудың пайда болуы жатты.

Жариялылық саясатына сәйкес бейресми қоғамдық ұйымдар құрылды. Сондай-ақ, құқықтық мемлекет ретінде қалыптастыру үшін елде КОКП-дан басқа саяси партияларды құру қажеттілігі байқалды. Талқылауларда, кейбір баспасөз органдарының баяндамаларында бір партияның жетекшілігі құқықтық мемлекет қағидаларына сәйкес келмейді деген ой-пікір айтылды. 1990-жылдардың басында КСРО Конституциясының 6-бабын алып тастауды қолдаған көңіл-күй қалыптасты.

Ультра оңшыл бағыт қоғамдық дамудың күрт өзгерісін қолдаған «Демократиялық одақпен» және христиандық-демократиялық бағыттағы партиялармен ұсынылды. Либералдық бағыттың өкілдері «Кеңес Одағының Демократиялық партиясы», «Ресейдің демократиялық партиясы» және өзге де демократиялық партиялар болды. Демократиялық қозғалыс бұл кезеңде жаңа стратегияны ойластырды. Оған сәйкес ең алдымен, елдегі билікті жаулап алып, содан кейін ғана онда реформаларды жүргізу шешілді. Радикалдық бағыт ұстанған депутаттар «Демократиялық Ресей» деген блокты құрды. Оның бағдарламасына экономикалық ынталандыруда нарық пен мемлекеттік тетіктер жүйесінің үйлесуі кірді. КОКП-да Б. Ельцин, Н. Травкин және Т. Гдляннан құралған демократиялық платформа қалыптасып, ол партияда орталық ұстанымдарды иеленуді мақсат етіп қояды.

Социал-демократиялық бағытты Социал-демократиялық және Социалистік партиялар ұсынды. Олар қоғамды әлеуметтік реформалар арқылы жаңартуды жақтады. Бұл атап көрсетілген партиялардың барлығын біріктіргені олардың КОКП-ға қарсы оппозиция ретінде пайда болуында. Сондықтан олар социалистік бағыттан бас тартып, антикоммунизмді қолдады. Партиялардың бағдарламаларында М. Горбачев айналымға енгізген дәл сондай демократиялық ұрандар ұсынылды. Сол себепті қайта құру бағытын алмастыратын жаңа саясатты ешбір партия ұсына алмады.

Жаңа партияларға қарсы тұратын орталық саяси күш КОКП болып қала берді. 1990-1991 жылдардың басында оның ішінде

демократиялық, марксистік және большевиктік платформа қалыптасты. Олардың әрқайсысы реформалардың өзіндік бағытын ұсынды. Марксистік және большевиктік бағыттар КОКП-ның өз ішінде қалыптасып, коммунизм идеалдарының жақтаушылары болып қала берді.

1990 жылдың наурызында КСРО Конституциясының КОКП-ның қоғамдағы жетекшілігі туралы 6-бабы жойылды. Осы уақытқа дейін елде көптеген саяси ұйымдар болған еді. 6-баптың жойылуы жаңа партиялар мен қозғалыстардың пайда болуына мүмкіндік берді. 1991 жылдың наурызындағы «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңның қабылдануынан кейін жаңа партияларды тіркеу басталды.

XX ғасырдың 80-жылдары КСРО-ның қоғамдық-саяси өмірін демократияландыру партиялық хатшылардың баламалы сайлауларын енгізуге ықпал етті. Қайта құрудың бастапқы жылдарында М. Горбачев партократиялық элитадағы үш топтың: Брежневтің жақтастары, жаңашыл партократтар және көзқарастары бойынша еуропалық социал-демократтарға жақын реформаторлар арасының арасалмағын сақтады.

XX ғасырдың 80-жылдары қайта құрулар мемлекеттік билік құрылымын да қамтыды. Олардың негізін 1988 жылдың маусымындағы XIX Бүкілодақтық партиялық конференция қалады. Онда қайта құруды жақтаушылар мен қарсыластардың арасында елдің кейінгі дамуы бойынша қойылатын міндеттер мәселесінде өткір талқылау болды. Әкімшілік-командалық жүйені жақтаушылар «жариялылық саясаты мемлекеттің мүдделері, қоғам мен адам құқықтарына нұқсан келтірмеуі тиіс» деген пікірді білдірді. Конференцияға жиналған делегаттардың басым көпшілігі М.С. Горбачевтің экономикалық реформа және қоғамның саяси жүйесін қайта құрудың қажеттілігінің пісіп жетілгендігі туралы мәлімдемесін қолдады. Нәтижесінде конференция құқықтық мемлекетті құру бағытын белгіледі. Оны қалыптастырудағы негізгі рөл саяси реформаға берілді. Саяси реформаның мәнісі партиялық органдар мен Кеңестердің міндеттерін айқындап бөлуде, Коммунистік партияның қолынан билікті Кеңестерге беруінде. Бұл шешімді жүзеге асыру қоғамның жаңа саяси құрылымдары орнатылғанға дейінгі уақытты қамтыды. Дегенмен,

конституциялық реформа жоғарғы билікті демократиялық орган – Халық депутаттарының съезі мен Жоғарғы Кеңестің пайдасына бөлу арқылы саяси жүйені демократияландыруда маңызды рөл атқарды. Осылайша, 1918 жылғы Конституцияның үлгісі бойынша өкілдік органдардың екі деңгейлік жүйесі қалпына келтірілді. Бірақ азаматтардың елдің жоғарғы органындағы теңсіз өкілдігі сақталды. Халық депутаттарының бір бөлігі тікелей дауыс берумен тағайындалғанымен, «халық таңдаулыларының» елеулі бөлігі елдің жоғарғы заң шығарушы және өкілдік органына партиялық, кәсіподақтық пен басқа да қоғамдық, кәсіби ұйымдардың тізімі бойынша өтті. Нәтижесінде жаңа билік органы – КСРО-ның халық депутаттарының съезді құрылып, ол тұрақты қызмет ететін парламентке айналды. Ұқсас мемлекеттік құрылымдар одақтас республикаларда құрылды.

Елдің басқару жүйесімен қатар, сайлау жүйесінде де өзгерістер енгізілді. 1989 жылдың соңында КСРО-ның Жоғарғы Кеңесі Кеңестерге сайлау жүйесін өзгерту туралы заңды қабылдады. Ендігі халық депутаттарын сайлау баламалы негізде өткізілуі тиіс болды. 1989 жылдың көктемінде КСРО тарихында бірінші рет баламалы сайлаулар өткізілді және ол сайлаушылардың белсенділігін байқатты. Депутаттық корпусның құрамында радикалдық қайта құруларды жалғастыруды қолдаған Б.Н. Ельцин, Г.Х. Попов, А.Д. Сахаров, А.А. Собчак, Ю.Н. Афанасьев мен Ю. Черниченко болды. 1989 жылы халық депутаттарының съезі КСРО-ның Жоғарғы Кеңесін қалыптастырды. М.С. Горбачев оның төрағасы болып сайланды.

Бірінші съезд шын мәнісінде, тарихи оқиғаға айналып, онда алғашқы рет елдің басшылығына қатысты сын айтылды. Бірте-бірте XIX партиялық конференцияның идеялары аппараттың өзіне қарсы жұмыс істей бастады, себебі оған оппозицияның қаупі артты. Жоғарғы Кеңестің радикалдық қанаты Аймақаралық депутаттық тобын құрып, ол халықтың санасына жаңа идеяларымен әсер етті. Радикалдар командалық-әкімшілік жүйені ыдырату қажеттілігіне назар аударғандықтан КОКП-дан айырып, барлық билікті Кеңестерге беру бойынша реформаны ұсынды. 1989 жылы Горбачев басшылығы алғашқы рет сенім дағдарысына тап болды. Билік беделінің төмендеуінің тікелей себебі халықтың тұтыну

тауарларының дефицитінің артуы, саяси тұрақсыздық, қылмыстың өсуімен байланысты еді. Әлеуметтік сауалнама нәтижелері бойынша халықтың басым көпшілігі радикалдардың талаптарын қолдады.

Саяси қауымдастық шеңберінде президенттік лауазымды енгізу мәселесі де өзектілікке ие болды. Бастапқыда КОКП ОК-ның бас хатшысы М.С. Горбачев бұл идеяны қолдамады. Тек 1989 жылы Жоғарғы Кеңеске қатысты оппозициялық бағытты ұстанған Аймақаралық топтың президенттік идеясын белсенді түрде насихаттауынан кейін, М. Горбачев пен оның жақтастары оппозицияның бұл бастамасын іліп әкетті. 1990 жылдың наурызында халық депутаттарының III Съезінде КСРО президенті болып М.С. Горбачев сайланды.

Қайта құру саясатының дағдарысы. Жоғарғы Кеңес, КОКП және қоғамның іс жүзіндегі кеңестік құрылысты қайта құруды жақтаушылар мен қарсыластарына бөлінуі жағдайында мемлекет басшысы М.С. Горбачев орталық ұстанымда болды. 1990-1991 жылдары М. Горбачев радикалдармен келісімге келуге ұмтылды: бұл кезеңде ол К. Маркстың қателіктерін мойындады және батыс социал-демократиясының тәжірибесін ескеру қажеттілігін мәлімдеді. Кейіннен М. Горбачев радикалдардың президентті сайлау туралы ұсынысымен келісті, Конституцияның 6-бабын жояды. Бірақ ол президенттік билікті иемденген кейін маңызды идеяларын ұсынбады. Президенттің саяси ықпалы түсе бастады. РСФКР Жоғарғы Кеңесін радикалдық реформаторлардың көшбасшыларының бірі, М. Горбачевтің айқын қарсыласы Б.Н. Ельцин басқарды. Радикалдар мәскеулік және ленинградтық Кеңестердегі билікті алды. 1991 жылдың 12 маусымында РСФКР-дағы президенттік сайлаудың бірінші кезеңінде Б. Ельциннің жеңісі ескі номенклатуралық құрылымның шайқалғандығын анық байқатты. Бұл жағдайда М. Горбачев таңдау алдында тұрды: ескі билік құрылымдарын күш әдісімен сақтауға бағытталған күштерді қолдау немесе толыққанды демократтардың тарапына өту керек болды. Президент саяси бақылаушы жолын таңдап, осы арқылы өзінің кейінгі басшылық тағдырын белгіледі. М. Горбачев өзінің жеңілдікке бару мен екіжақтылық саясаты арқылы жоғарғы басшылықтың төтенше жағдайларды қабылдауына итермеледі.

Яғни, 1991 жылдың тамызында мемлекеттік төңкерілістің орын алуына ықпал етті.

Тамыз төңкерілісі мен КСРО-ның құлауы. XX ғасырдың 90 жылдарының басы КСРО құрамына кіретін республикалар тарапынан сепаратизмнің өсуімен сипатталды. Әсіресе, одақтас республикаларда ұлттық қозғалыстар кеңінен таралды. Бұл ең алдымен, жаңа басшылықтың ұлттық саясатының әлсіздігінен туындаған болатын. Осы уақытта КСРО құрамына 15 одақтас республикалар кірді. Олардағы ұлттық саясаттың теңестірілуінің жалғаспауы 80-жылдары-ақ наразылықтарға әкелді. Солардың бірі 1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан оқиғасы болды. Ол ұлты орыс Г. Колбиннің Қазақстан компартиясының бірінші хатшысы қызметіне келуіне наразылықтан туындады.

1986 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Коммунистік партиясы ОК-нің 5-пленумы болды. Пленумды КОКП Орталық Комитетінің хатшысы Г.П. Разумовский ашты. Ол Д.А. Қонаевтың зейнеткерлікке шығуына байланысты Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы қызметінен босатылатынын хабарлады. Д. Қонаевтың орнына бұдан бұрын Грузияда хатшы, Ульянов облысында бірінші хатшы болған, қазақ елінде тұрмаған және біздің аумақта қызмет істемеген Г.В. Колбинді сайлау жөнінде ұсыныс жасады. Осылайша 18 минуттық шешіммен қазақ халқы үшін бейтаныс Г.В. Колбин республиканың бірінші хатшысы болып шыға келді. Бұл жағдай Лениннің бейбітшілік қағидаларына негізделіп, өмір сүрген қазақ жұртшылығының ашу-ызасын келтірді. Ата-бабамыз «Шыдамның да шегі бар» деп айтылған даналық сөзі осы 1986 жылғы Желтоқсан жағдайын сипаттағандай.

Кеңестік тоталитарлық биліктің қыспақта болуы, қазақ тілінің мәртебесінің кемсітілуі және КСРО басшылығының ұлттар мәселесіне мән бермеуі осы уақытқа дейін ашынған халық үшін 1986 жылғы желтоқсандағы Г. Колбинді тағайындау туралы шешім үлкен соққы болып тиді. Жаңа басшының келуіне қарсылық көрсету мақсатында желтоқсанның 16-сынан 17-сіне қараған түні халық бейбіт түрде, стихиялық сипатта көшеге шықты. Келесі күні 17 желтоқсанда пленум туралы хабар ақпарат құралдарында басылып шықты. Республикада тұратын миллиондаған қазақтың

ішінен бірінші хатшы боларлық бір адам табылмады деген сұрақ әркімнің көңіліне қаяу келтірді. Сөйтіп студенттік және жұмысшы жатақханаларында толқу басталып, алаңға шығуына әкелді.

Ақиық ақын М. Шаханов бастаған комиссия қозғалысқа қатысқан адамдардың айтуынша кешке қарай алаңда 15 мыңдай адам болды деп шамалайды. Шеру алғашында бейбіт және саяси сипатта болды. Ешкім заңды немесе қоғамдық тәртіпті бұзбай, тек өздерінің талап-тілектерін білдіріп, өткен пленум шешімдерімен келіспейтіндіктерін білдіруге шыққан. Олар Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшылығына қазақты немесе республиканың жергілікті халқының жай-жапсарын білетін орысты неге қоймады, сырттан келген адам халықтың мұң-мұқтажын қайдан біледі деген сауалдарға жауап алғылары келіп шыққан болатын. Бірақ бұл оқиға КСРО басшылығымен «нашақор және маскүнем жастардың бұзақылығы» деп хабарланып, шұғыл әскери күш тартылды. 17 желтоқсанда бірінші басшылармен кездесу болмай, мәселелер шешілмегендіктен, шеру 18 желтоқсанға ұласты. Алаңдағы наразылықты басу үшін кеңес басшылығы әскери күшті қолданып, шеруге қатысқан халықты аяусыз қырды. Алаңға саны 50 мың әскер, 20 мың милиция адамдары, 16 мыңдай жасақшылар шоғырландырылды. Қақаған қыстың суығында өрт сөндіргіш және көшеге су шашатын машиналар алаңдағы қатысушыларға қарсы қолданып, оларға су шашылып, нөсер жауынындай боратты. Мұндай қатыгез әрекеттер шерушілердің қатарының толығына әкелді. Шеруге қатысушылардың көптігінен олардың жартысы қамауға алынды. Кейбіріне тіпті зорлап тамыр арқылы есірткі енгізілді деген мәліметтер де бар. Көптеген жастарды бір колонна автомашиналарымен әл-Фараби даңғылымен Жоғарғы Каменка кентіне қарай, екінші колонна Жоғарғы Қаскелең жолымен жұрт көзінен жасырып, жартылай жалаңаш күйде «ақ қар, көк мұзда құла түзге топырлатып тастап кетіп отырған». Осылайша қыстың қараша-желтоқсан аталған сол бір суық айларының бірінде қазақ елі кеңестік басшылықтың қатаң саясатының құрбанына айналды. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы нәтижесінде қазақтың жас өрімдерінің тағдыры қыл үстінде болып, кейбірі тіпті көз жұмып кетті. Бұл күн қазақ елінің қаралы күніне айналып, шеруге қатысушылардың есімі ел есінде мәңгі қалды.

Қоғамдық наразылықтың ашық сипаттары Балтық елдерінде, Украина мен Белоруссияда да орын алды. Армения мен Әзірбайжан арасындағы Таулы Қарабах үшін әскери әрекеттер басталды. Ұлттық мәселе XX ғасырдың 90-жылдары қайта өршиді.

1990 жылы бірқатар республикалар, ең алдымен, Балтық елдері біржақты түрде өзін-өзі анықтау және тәуелсіз ұлттық мемлекеттерді құру туралы мәлімдеді. Экономикалық реформалардың сәтсіздігі, орталықтың елді дағдарыстан шығара алмауы республикалардың саяси элиталарын тығырықтан шығудың өз жолдарын іздестіруге итермеледі. 1988-1990 жылдары одақтас республикаларда ұлттық қозғалыс күшейіп, КСРО-дан шығуды қолдаған Литвадағы «Саюдис», Украинадағы «Рух», Латвия мен Эстониядағы «Ұлттық майдан» сияқты партиялар қалыптаса бастады. Республикалардың Жоғарғы Кеңестеріне сайлау нәтижелері бойынша олардың кейбірі билікке келді. Республикалар орталықтың үстемдігінен өз тәуелсіздігін жариялау арқылы құтылуға тырысты. Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияларды Эстония, Литва, Латвия, Әзірбайжан КСР мен т.б. қабылдады. Егемендік туралы жариялаудан кейін бұл бұрынғы одақтас республикалардың Президенттері сайланды. Алайда Кеңес Одағын сақтап қалуға деген ұмтылыс коммунистік басшылықпен 1990-жылдардан бастап-ақ жасалынған еді.

1990 жылдың желтоқсанындағы КСРО-ның халық депутаттарының IV съезі КСРО-ны сақтап қалу мен оны демократиялық федеративтік мемлекетке айналдыруды ұсынды. Онда «Одақтық келісімнің ортақ тұжырымдамасы және оған келісу тәртібі туралы» қаулы қабылданды. Құжатта жаңартылған Одақтың негізі республикалық декларацияларда қаралған азаматтар мен халықтардың теңдігі, өзін-өзі анықтау құқығы мен демократиялық даму, аумақтық тұтастық сияқты қағидалар болатындығы атап өтілді. М. Горбачев пен оның жақтастары Кеңес Одағын сақтап қалғысы келді.

1991 жылдың 23 сәуірінде Ново-Огаревода, яғни КСРО Президентінің мәскеулік резиденциясында М.С. Горбачевтің 9 одақтас республикалармен жаңа одақтастық келісім туралы бойынша келіссөздер өтті. Билік пен басқару органдары құрылымында өзгерістерді жүргізу, жаңа Конституцияны қабылдау және сай-

лау жүйесін өзгерту қарастырылды. Келісімге қол қойылу күні ретінде 1991 жылдың 20 тамызы белгіленді. Бұл жобаны Армения, Грузия, Молдавия мен Балтық республикаларынан басқасы қолдады. Бұл келіссөздер консерваторларды шешуші әрекеттерге көшуге итермеледі, себебі жаңадан қойылатын келісім іс жүзінде КОКП-ның жоғарғы билеуші тобын басты биліктен, қызметтері мен артықшылықтарынан айырар еді. Сондықтан КОКП және орталықтың билігін қалпына келтіру мақсатында елдегі төтенше жағдайға дайындық басталды. Сонымен қатар, 1991 жылдың тамызына дейін РСФКР-дың басшылығына радикалдық өзгерістерді талап еткен жаңа тұлғаның келуі де өз әсерін тигізді. 1991 жылдың 12 маусымында РСФКР-дың халық депутаттарының І-ші съезінде Ресейдің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданды. Ол заңды түрде республикалық заңдардың одақтас республикаларға қарағанда басымдығын бекітті. РФ-ның бірінші Президенті болып Б.Н. Ельцин, ал вице-президент ретінде А.В. Руцкой тағайындалды. Өз кезегінде декларацияның қабылдануы жағдайында кейінгі Кеңес Одағының дамуы мәселесі күн тәртібіндегі басты мәселеге айналды. Олар 1991 жылдың 19 тамызында мемлекеттік төңкерілісті ұйымдастырады. Вице-президент Г. Янаевтың төрағалығымен құрылған КСРО-ның төтенше жағдайлар бойынша Мемлекеттік комитеті іс жүзінде басшы ретінде М.С. Горбачевті президенттік қызметін атқарудан шеттетіп, оның Қырымдағы Форос резиденциясында қоршалды. Жаңадан құрылған төтенше комитеттің құрамына жоғарғы шенді қызметкерлер: қорғаныс министрі Д. Язов, МҚК-ның төрағасы В. Крючков, премьер-министр В. Павлов және т.б. кірді. Ел астанасына әскерлер енгізілді. Мыңдаған адамдар ел астанасы көшелеріне шығып, мемлекет әскерінің бөлігі Ресей президенті Б.Н. Ельциннің жағына өтті. Б. Ельциннің өзі «төңкерілісшілерді» мемлекеттік қылмыскерлер деп жариялап, 21 тамызда олардың басшылығын тұтқындады.

Тамыз оқиғаларынан кейін қалыптасқан жағдайда М. Горбачев жаңа мемлекеттік одаққа кіруге ниетін сақтаған республикалардың арасында келісімді дайындауға бар күшін салды. Атап өтерлігі, Қазақ КСР-ның одақтық мемлекет ретінде сақталуға деген ұмтылысы 1991 жылдың 17-18 тамыздағы біздің елге Б. Ельциннің жұмыс сапары барысында «Егеменді мемлекеттердің Одағының

тұрақтылығының кепілдігі туралы» біріккен мәлімдемеде көрініс тапқан еді. Алайда, жаңа одақтық келісім дайындығы тұйыққа тірелді. Мұндай жағдайда әлі де КСРО құрамында болған Беларусь Республикасы, РСФКР мен Украинаның басшылары 1991 жылдың 8 желтоқсанында Беловеж шоқ тоғайында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құратындығы туралы келісімге қол қойды және бұл шешімді үш мемлекеттің Жоғарғы Кеңестері заңдастырды. Келісім бойынша Беларусь Республикасы, Ресей Федерациясы (РСФКР) мен Украина КСРО-ның құрылтайшы мемлекеттері ретінде оның халықаралық құқықтың субъектісі және геосаяси шынайылық ретіндегі өмір сүруін тоқтатындығы туралы мәлімдеді. Сондай-ақ Достастық бұрынғы кеңестік мемлекеттер мен өзге де ТМД-ның мақсаттары мен қағидаларын бөлісетін мемлекеттер үшін қосылуға ашық деп жарияланды. Осылайша, 1991 жылдың желтоқсанында КСРО өзінің өмір сүруін тоқтатты. Бұрынғы КСРО мемлекеттері өз тәуелсіздігін жариялады.

КСРО-ның құлау себептері. 1991 жылдың 8 желтоқсанында ТМД-ның құрылуы туралы Беларусь Республикасы, РСФКР және Украинаның келісімге қол қоюы КСРО-ның толыққанды құлауына әкелді. Кеңес Одағы геосаяси тұрғыдан Ресей империясының мұрагері болды. Бұл Еуразияның шексіз кеңістігінде ғасырлар бойы қалыптасқан әртүрлі халықтардың өзара ұйымдасқан көпұлтты ел еді. Бірақ қайта құру саясатының сәтсіздігі КСРО-ның құлауына әкелді. М.С. Горбачевтің Одақты сақтап қалуға деген ұмтылыстары нәтиже бермеді. XX ғасырдың басынан бері ұзақ жыл бойы өмір сүрген алып одақтың құлауы себептері қазіргі уақытқа дейін сарапшылардың, саясаткерлер мен тарихшылардың өзекті мәселелерінің бірі болып қалуда.

КСРО-ның құлау себептерін талдағанда ең алдымен, жүйенің өз ішіндегі қалыптасқан жағдаймен байланыстырған дұрыс болар. Әрине, «қырғи-қабақ соғыс» жағдайында сыртқы фактордың да елеулі үлесін болғандығы даусыз. Осы тұрғыдан КСРО-ның құлауын бірқатар себептермен айқындауға болады:

Біріншіден, Кеңес Одағында көпұлтты және іс жүзіндегі федеративті мемлекет ретінде әлдеқайда шиеленіскен әкімшілік-аумақтық құрылым болды. Ол сатылық сипатқа ие еді, яғни кеңестік федерация ұлттық-мемлекеттік құрылымдардың бес түріне бөлінді

– одақтас республикалар, автономдық республикалар, автономдық облыстар, шеткері аймақтар, ұлттық аудандар. Федерацияның әрбір субъектісінің түрі әралуан құқықтар мен өкілеттіктерге ие болды және бұл оларды тең құқықсыз жағдайға әкелді. Сол себепті кеңестік федерацияның әлсіздігі байқалысымен, көптеген ұлттық және аймақтық элиталар бірден барлық әдістермен КСРО-дан шығу деңгейіне дейін өз мәртебесін көтеруге ұмтылды. Сонымен қатар, елуден астам Кеңес Одағындағы тұрғылықты және тұрғылықты емес халықтар ешбір автономияға ие болмады. Бірқатар одақтас республикалар мен көптеген автономдық құрылымдар қолдан жасалынған жасанды сипатта еді, себебі оларда негізгі ұлт халықтың көпшілігін құрамады.

Екіншіден, кеңестік идеологияның рөлі әлсіреді. КСРО Конституциясында одақ құрамына кіретін республикалардың шығу құқығы жазылған болатын, ал бұл өз кезегінде жарияланған федерализм мен іс жүзіндегі унитарлықтың арасындағы қарама-қайшылықты тудырды. Көпұлтты мемлекеттің басты тіреуіші рөлінде идеология маңызды болды. Ортақ кеңес қоғамын құруға шақырған интернационалистік идеологияның үміті ақталмады. Қайта құру жылдарындағы коммунистік құндылықтардың дағдарысы орын алды. Елдегі демократиялық үрдістер, социалистік мемлекеттердегі демократиялық бағыттағы өзгерістер Одақтың өз ішіндегі республикалардың арасында да ұлттық қозғалыстардың қалыптасуына әкелді. Коммунистік жүйе құндылықтарының дағдарысы іс жүзінде рухани бос кеңестіктің пайда болып, оның өзі ұлттық идеялармен толығына әкелді. КСРО-ның соңғы өмір сүру жылдарындағы көрініс тапқан саяси, экономикалық пен идеологиялық дағдарыс орталық билігінің әлсіреуіне және республикалар, олардың саяси элиталарының күшеюіне әкелді.

Үшіншіден, соңғы онжылдықта Кеңес Одағының өмір сүруі жағдайында оның экономикасы қиындай түсті. Кеңестік орталықтан жоспарланған, командалық-әкімшілік экономикалық жүйе нарықтық жүйеге қарағанда тиімсіздеу болды. Ірі табиғи ресурстарды пайдалана отырып, Кеңес Одағы елдерінің экономикасы ХХ ғасырдың соңында да қарқынды даму жолы бойынша дамуын жалғастырды. КСРО индустриалдық даму жолын таңдап, өзге постиндустриалдық мемлекеттерге қарағанда кейінгі қатарда

болды. Кеңестік экономика Солтүстік Америка, Батыс Еуропа мен Жапония елдерінің экономикалық даму деңгейінен артта қалды. Бұл Кеңес Одағының ішінде ғана емес, кеңестік жүйедегі елдерде де наразылықты тудырды. XX ғасырдың 80-жылдарының ортасында кеңестік экспорттың негізгі тауары мұнайға баға елеулі деңгейде төмендеді. Қайта құру кезеңіндегі экономикадағы орталықтанған жүйенің үстемдігі де КСРО ішіндегі халықтардың наразылығын тудырды.

КСРО-ның ішкі экономикалық саласы да дағдарысқа ұшырады. Қайта құру жылдарында ресми экономиканың көлеңкелі экономикамен үйлесуі қатар жүрді. Әр алуан сипаттағы заңды және заңсыз өндірістік пен сауда қызметтің қарқын алуынан біршама кәсіпорындар тартылды. Көлеңкелі экономикадан түскен табыстар көптеген миллиардтармен бағаланды. XX ғасырдың 80-жылдарының басында кеңестік жүйені шектелген реформалау ұмтылыстарының сәтсіздігі айқын болды. Шаруашылық жүйенің стихиялық түрдегі қайта қаралуы кеңестік қоғамның бүкіл өмір салтын өзгертті: басшылар мен кәсіпорындардың құқықтары қайта бөлінді, ведомство қызметі артты, әлеуметтік теңсіздік күшейді. Кәсіпорындардың арасындағы өндірістік қарым-қатынастардың сипаты өзгерді, еңбек тәртібі әлсіреді, ұрлық-тонау әрекеттері көбейді. Сонымен бірге, елде еңбекке мәжбүрлеу сақталды. Таза еңбекке бастаған ортақ құндылықтар орнын материалдық заттар алмастырды. Саяси биліктегі жемқорлық күшейді. Номенклатураның арасында да моралдық құлдырау орын алды.

Төртіншіден, Кеңес Одағы ұзақ уақыт бойы шығынды сыртқы саясатты жүргізіп, елдің беделін түсірді. Екінші дүниежүзілік соғыстағы және одан кейінгі «қырғи-қабақ соғыстың» барысында әскери салаға көп қаржыны жұмсады. Кеңестік басшылық әлемдік сахнада идеологиялық қағидаларға сәйкес әрекет етіп, өзінің басты мақсаты ретінде бүкіл әлемде коммунизммен күресте жеңіске жету деп белгіледі. Әрине, КСРО-ның сыртқы саясатында біршама жетістіктер де болды. Бірақ қайта құру жылдарында КСРО-ның сыртқы саясаты да дағдарысқа тап келгендігі айқын. Бұл ең алдымен, негізгі басшы М. Горбачевтің «қайта құруы» жылдарындағы социалистік жүйенің құлауымен байланысты болды. 1989 жылы кеңестік әскерлердің Шығыс және Орталық Еуропа

мемлекеттерінен шығарылуы басталды. КСРО-ның Варшава әскери келісім-шарты бойынша одақтастарына айналған Еуропа мемлекеттеріндегі әскери қатысуының әлсіреуі антикеңестік көңіл-күйдің белсенді сипатқа ие болуына әкелді. 1989 жылдардың аяғы – 1990 жылдардың басында басталған демократияландыру үрдістері Польша, ГДР, Чехословакия, Венгрия, Болгария және Албаниядағы революцияларға әкелді. 1989 жылдың желтоқсанында Румынияда әскери күштің пайдалануымен В. Чаушеску тәртібі құлатылды. 1990 жылғы өткізілген референдумның нәтижесінде ГДР ГФР-ге қосылды. Осы елдерде билік басына келген ұлттық-демократиялық топтар радикалдық өзгерістер мен қоғамдық даму үлгісін жедел ауыстыруды жақтады. Бұл олардың өз кезегінде кеңестік басқару жүйесінен алшақтауына әкелді. Нәтижесінде КСРО-ның одақтастарының қатары азайып, әлемдік саясаттағы социалистік жүйенің құлдырауы орын алды.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Қайта құру саясатының мәнісі және қандай кезеңдері болды?
2. М. Горбачевтің басқаруы жылдарында қандай экономикалық реформалар жүргізілді?
3. Жариялылық саясатының мәнісі және нәтижесі қандай болды?
4. Қайта құру саясатының дағдарысын сипаттаңыз.
5. КСРО-дағы демократиялық үрдістердің таралуының рөлін айқындаңыз.
6. 1986 жылғы Желтоқсан қозғалысының қазақ елі тарихындағы маңыздылығын сипаттаңыз.
7. КСРО-ның құлау себептеріне қатысты көзқарасыңызды ашып көрсетіңіз.

2.2. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының қалыптасуы мен қызметі

ТМД-ның құрылуы. 1991 жылдың соңында КСРО аумағындағы демократиялық үрдістердің белең алуына байланысты кеңестік мемлекеттердің басым көпшілігінде егемен мемлекеттер ретінде өмір сүруге деген ұмтылыс байқалды. Ұлттық мәселенің де шешілмеуі ХХ ғасырдың 80-жылдарының аяғында

кеңестік мемлекеттердегі ұлт-азаттық қозғалыстардың пайда болуына ықпал етті. Осындай қайта құрудың дағдарыстық жағдайында консерваторлық М. Горбачевтің басшылығы туындаған мәселелерді шешудегі өзінің қауқарсыздығын көрсетті. КСРО құрамында болған Украина, Эстония, Латвия, Литва және Әзірбайжанның одақтан шығуға деген әрекеттері қарқынды сипат алған жағдайда 1991 жылы 8 желтоқсанда Беларусь үкіметінің Беловеж шоқ тоғайындағы резиденциясында Беларусь Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Станислав Шушкевич, РСФКР-дың президенті Борис Ельцин және Украинаның президенті Леонид Кравчук ТМД-ның құрылуы туралы Келісімге қол қойды. Атап өтерлігі, ТМД-ны құру туралы келісімді қоюшы үш мемлекеттің ішінде өз тәуелсіздігін жариялаған мемлекеттер де бар еді. РСФКР-да тамыз оқиғасынан кейін коммунистік партияның билігі әлсіреді. 1991 жылғы 23 тамыздағы шешіммен КОКП-ның таратылуы туралы шешім қабылданды. Мұндай іс-шара бірқатар одақ құрамындағы мемлекеттердің тәуелсіздігі үшін әрекеттерінің қарқынды сипат алуына ықпал етті. Яғни, КСРО құрамында болған Украинаның Жоғарғы Кеңесі өз тәуелсіздігін 1991 жылғы 1 желтоқсандағы жаппай референдум өткізу арқылы жариялады. 1991 жылдың 19 қыркүйегінде Беларуссия Кеңестік Социалистік Республикасы Беларусь Республикасы деп аталуы өзгертілді. Осындай қалыптасқан жағдайда Б. Ельцин басшылығы КСРО-ның өмір сүруін тоқтататындығына келісетіндігін 1991 жылғы 8 желтоқсандағы келісімге қол қою арқылы байқатты.

1991 жылы үш мемлекеттің ұйымды құру туралы мәлімдемесі бойынша ТМД-ның негізі қаланды. Оған сәйкес үш мемлекет КСРО-ның құлауына әкелген келесі себептерді анықтады: Кеңес Одағы аумағында жаңа тәуелсіз мемлекеттердің құрылуының объективті үдерісі; терең саяси-экономикалық дағдарысқа әкелген одақтық басшылықтың ұзақ мерзімге бағытталмаған саясаты; қоғамдағы әлеуметтік наразылықтың күшеюі; көптеген адам құрбандықтарына әкелген ұлтаралық қақтығыстардың дамуы.

1991 жылдың 8 желтоқсанындағы Тәуелсіз Мемлекеттерінің Достастығының құрылуы туралы Беловеж келісіміне сәйкес: «Кеңес социалистік республикалардың одағы халықаралық құқықтың субъектісі және геосаяси шынайылық ретінде» өзінің

өмір сүруін тоқтатады. ТМД-ны құра отырып, тараптар өздерінің мемлекеттік егемендікті құрметтеу, тең құқықтылық пен бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, күшті, экономикалық және басқа да қысым көрсету әдістерін қолданудан бас тарту, уағдаласқан жолдармен даулы мәселелерді реттеу, шекаралардың ашықтығы мен азаматтардың еркін қозғалу және Достастық шеңберінде ақпаратты ұсыну қағидаларына беріктігіне кепілдік берді. Сонымен қатар бұл келісімде ТМД мемлекеттері ортақ басқарудың қарамағында ядролық қару мен ортақ әскери-стратегиялық кеңістікті сақтауға уағдаласты. Ортақ институттар арқылы жүзеге асырылатын біріккен қызмет саласына істер кіргізілді: сыртқы саяси қызметті үйлестіру, ортақ экономикалық кеңістікті, кедендік саладағы ортақ еуропалық және еуразиялық нарықтарды қалыптастыру мен дамыту, өзге салалардағы ынтымақтастық сияқты іс-шаралар жатқызылды. Арнайы декларацияда тараптар Достастықты басқа мемлекеттер үшін қосылуға ашық деп жариялады.

Беловежде қойылған келісім 1991 жылдың 10 желтоқсанында Беларусь пен Украинаның Жоғарғы Кеңестерімен бекітілді, ал 12 желтоқсанда ол Ресейдің Жоғарғы кеңесімен бекітілді. Украинаның Жоғарғы Кеңесі келісімді он екі қосымша ескертпелер енгізу арқылы бекітті және олардың негізгі мәнісі келісімнің «конфедеративті мазмұнда құрастырылған» баптарын өзгертуінде (мәселен, «сыртқы саяси қызметті үйлестіру» орнына украиндық үлгіде «сыртқы саясат саласындағы кеңес алмасу» туралы қозғалды, сондай-ақ, ашық шекаралар мен қарулы күштер туралы баптар да басқаша түсіндірілді). Тараптардың келісіміне сәйкес 1922 жылғы КСРО-ның құрылуы туралы келісім өз күшін жойды деп жарияланды.

1991 жылдың 13 желтоқсанында Ашхабадта Қазақстан Республикасының президенті Н. Назарбаев және Түрікменстан президенті С. Ниязовтың бастамасымен бес орталық азиялық мемлекеттер президенттерінің кездесуі өтті және нәтижесінде біріккен мәлімдеме қабылданды. Ол бойынша бес мемлекет Беловеж келісімдеріне өз қолдауын танытып, әрбір бұрынғы КСРО-ның республикасының жаңа Достастықтың құрылтайшысы рөліне ұсыныла алатындығы атап өтілді. ТМД-ны қалыптастыру үшін арнайы кездесу ұйымдастыру мәселесі қозғалды. Қауымдастыққа

қосылу ниетін Әзірбайжан мен Армения да білдірді. ҚР-ның президенті Н. Назарбаевтың еңбектерінде Қауымдастыққа қосылу туралы қазақстандық бастаманың ұсынылуының басты себебі ретінде Орталық Азия мемлекеттерінің славяндық мемлекеттердің одағын қалыптасу қаупінен және ең алдымен, КСРО-дағы қалыптасқан ортақ шаруашылық байланыстарды сақтап қалудан туындады деп түсіндіріледі.

ТМД-ның құрамында бұрынғы көптеген посткеңестік мемлекеттердің басын қосқан маңызды кездесу 1991 жылғы 21 желтоқсанда Алматыда өтті. Ресми түрде оған он бір мемлекет Беларусь, Ресей, Украина, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Армения, Әзірбайжан, Молдавия қатысты. Грузия Алматыдағы кездесуге өз бақылаушысын жіберіп, мүше ретінде тек 1993 жылдың 3 желтоқсанында қосылды.

Алматыда бас қосқан бұрынғы кеңестік республикалар КСРО-ның өмір сүруін тоқтатқандығын мәлімдеді. Алматыдағы кездесуде тараптар ТМД-ны құру туралы келісімнің қосымша Хаттамасына қол қойды, ол бойынша Достастықтың құрылтайшыларының саны он бірге дейін кеңейтілді. Ал Алматы Декларациясында Достастықтың негізгі мақсаттары мен қағидалары бекітілді. Онда ТМД мемлекет те, ұлт үсті құрылымы да емес деп атап өтілді. Алматыдағы кездесуде Достастықтың мүше-мемлекеттері «Ресейдің КСРО ретіндегі БҰҰ-дағы мүшелігін, соның ішінде Қауіпсіздік Кеңесіндегі тұрақты мүшелігін және өзге де халықаралық ұйымдардағы мүшелігін жалғастыруын қолдайтындығын» мәлімдеді. Алматы декларациясы бұрынғы одақтық республикалардың арасындағы әр алуан салаларындағы ынтымақтастыққа беріктігін мәлімдеді. Алматыдағы кездесуде қатысушылар Мемлекет басшыларының кеңесі мен үкімет басшыларының кеңесі сияқты үйлестіруші органдарды құруға, әскери-стратегиялық күштер мен ядролық қару бойынша ортақ басқаруды сақтауға уағдаласты. Өз аумағында ядролық қару орналасқан Беларусь, Қазақстан, Ресей және КСРО бекіткен 1991 жылғы Стратегиялық шабуылдық қаруларды шектеу мен қысқарту туралы келісімді орындауға келісті. Беларусь, Қазақстан мен Украина біріккен бақылаумен тактикалық ядролық қаруды жою үшін оларды Ресейдің аумағына жеткізуге келісті. 1991 жылдың

желтоқсанының аяғына дейін Алматыдағы келісімдер Беларусь, Қазақстан, Ресей, Украина, Тәжікстан мен Түрікменстанның парламенттерімен бекітілді.

Құқықтық тұрғыдан ТМД-ның құрылтайшысы болып Беловеж кездесуіндегі үш мемлекет қана емес, барлық он бір мемлекет саналады. Ал құрылтайшы құжаттар ретінде үш негізгі құжат – 1991 жылғы 8 желтоқсанында Беларусь Республикасы, РСФКР және Украинаның арасында жасалынған келісім, Келісімнің хаттамасы мен 1991 жылдың 21 желтоқсанындағы Алматы Декларациясы есептеледі.

Нәтижесінде биполярлы жүйенің өз өмір сүруін тоқтатуынан кейін халықаралық қатынастар сахнасында бұрынғы КСРО-ны құраған кеңістікте жаңа тәуелсіз мемлекеттер дүниеге келді. Осы мемлекеттер өз егемендігін баянды ету мақсатында әрі кезінде КСРО-ға кірген мемлекеттер ретіндегі ортақ экономикалық байланыстарын сақтау үшін белгілі бір интеграциялық құрылым шеңберінде бірігу қажеттілігін түсінді. Сол себепті бұрынғы КСРО мемлекеттерін біріктірген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы құрылды. 1991 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін ТМД-ның қызметі қалыптасқан жағдайға байланысты біршама өзгерістерге түсіп, оның дамуында маңызды кезеңдердің айқындалуына ықпал етті. Осы кезеңдерді тереңірек қарастыру арқылы ғана Достастықтың дамуын бағалауға болады.

Бірінші кезең – 1991-1993 жылдар аралығын қамтыды. Бұл кезеңде одақтық республикалар саяси тәуелсіздігін алып, өздерінің мемлекеттігінің мойындалуы мен құқықтық қалыптасуына ие болады. Халықаралық қатынастардың субъектісі ретінде беделді ұйымдарға кіріп, өзара қарым-қатынастардың құқықтық негізін қалыптастырды. Сонымен қатар, бұл кезең ТМД-ның құрылымдық негізінің қалыптасу кезеңі болуымен сипатталды.

Бірінші кезеңде 1991 жылдың 30 желтоқсанында Минскіде алғашқы мемлекет басшыларының кездесуі өтіп, онда ұйым мүшелерінің саяси, экономикалық, т.б. қызметін арттыруға байланысты кең көлемдегі мәселелер талқыланды. Мемлекет басшыларының Кеңесі мен Үкімет басшыларының Кеңесі туралы Уақытша келісімге қол қойылды. Қол қойылған келісімге сәйкес ТМД-ға мүше-мемлекеттер стратегиялық ядролық күштерді ортақ

басқару мен жаппай қыру қаруларын ортақ басқару қажеттілігін мойындады. Басқа қарулану жүйесіне қатысты ұйымға мүше-мемлекеттер оның жоғарғы басқаруына бағынышты бұрынғы кеңестік республикаларда ұлттық армияларды құру қағидасын мойындады. ТМД-ның қарулы күштерін құру мәселесі екінші кездесуде талқыланды. Достастыққа мүше-мемлекеттердің екінші кездесуі 1992 жылдың 16 қаңтарында Мәскеуде өтті. Оған сәйкес Мемлекет басшыларының Кеңесі мен И.М. Коротченей басқарған Үкімет басшыларының Кеңесінің мәжілістерінің ұйымдастырушылық-техникалық дайындығы және өткізу үшін Жұмысшы тобын құрды.

1992 жылдың 14 ақпанындағы үшінші ТМД-ға мүше-мемлекеттердің кездесуінде 8 мемлекеттің көшбасшылары екі жыл шеңберінде қарулы күштерді ортақ басқаруды сақтау туралы келісті. Бұл мәселеде Достастыққа мүше-мемлекеттердің арасында өзара келісім болмады. 1992 жылдың 20 наурызындағы төртінші кездесуде әскери мәселелер бойынша өкілеттіктерді бөлісу туралы келісімге қол жеткізілді. Оған сәйкес ТМД-ның қарулы күштері өз құрамына стратегиялық күштер және ортақ басқару күштерін қамтуы тиіс. Бұл шешімді Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Ресей, Тәжікстан мен Өзбекстан қолдады. 1992 жылдың мамырындағы Ташкенттегі бесінші кездесуде Армения, Қазақстан, Ресей, Тәжікстан, Қырғыз Республикасы мен Өзбекстанның мемлекет басшылары ұжымдық қауіпсіздік туралы пактіге немесе келісімге қол қойды және іс жүзінде ортақ шекаралық бақылау туралы уағдаласты. Кейіннен бұл келісімге Әзірбайжан (1993 жылдың 24 қыркүйегінде), Грузия (1993 жылдың 9 желтоқсанында) және Беларусь (1993 жылдың 31 желтоқсанында) қосылды. Келісім тек 1994 жылдың 20 сәуірінде күшіне енді. Ол бойынша мемлекеттер күшті қолдану және қолдану қаупін тудырудан бас тартады, әскери одақтарға қосылмау мен мүше-мемлекеттің біріне қарсы бағытталған шабуылды барлығына қарсы шабуыл ретінде қарастыруға ниеті бекітілді.

1992 жылдың шілдесінде ТМД кеңістігіндегі «негізгі қақтығыс ошақтарына» бейбітшілік күштерін жіберу туралы шешім қабылдады. Әзірбайжан бұл шешіммен келіспеді. Себебі нақты осы жылдары Армения мен Әзірбайжан арасындағы Таулы Қарабах қақтығысы қайта өршіген еді. Сонымен қатар, Ресей

мен Украина арасында бұрынғы КСРО-ның Қара теңіздік флоты мен стратегиялық қарулануды ортақ басқару проблемалары бойынша туындаған өткір даулар 1992 жылдың маусымындағы екі мемлекеттің арасындағы келісімге қол қойылу арқылы шешілді.

1992 жылдары ТМД-ға мүше-мемлекеттер арасында бірқатар мәселелер бойынша келіспеушіліктер бар еді. 1992 жылдың наурызында мүше-мемлекеттердің парламент төрағалары Достастықтың парламенттік жиналысын құру туралы және оған республикалардың арасындағы заңдарды талқылау мен қабылдау міндеттері тапсырылды. Әзірбайжан, Молдова, Украина мен Түрікменстан бұл мәселе бойынша келісімге қол қоймады. Сонымен қатар, мемлекеттердің арасында экономикалық ынтымақтастыққа қатысты көзқарастарда да кайшылықтар байқалды. Соның ішінде рубльдік аумақты сақтауға қатысты келіспеушілік болды.

1992 жылдың тамызындағы жоғарғы деңгейдегі Мәскеудегі алтыншы кездесуде Украина президенті Л. Кравчук біріккен экономикалық сотты және зымыранға қарсы ортақ қорғаныс жүйесін құру туралы келісімге қол қоюдан бас тартты. Бұрынғы кейбір кеңестік республикалардың рубльдік аумақтан шығуы туралы келісімге қол жеткізілді. Рубльдік валюта ретінде сақтауға ниеттестігін байқатқан Ресей, Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Молдова мен Өзбекстан ресейлік Центробанктің басшылығымен ортақ валюталық-ақшалық саясатты жүргізуге келісті. Сондай-ақ ТМД-ның бейбітшілік күштерін бұрынғы Кеңес Одағының аумағындағы қақтығыс аймақтарына жіберу туралы шешім қабылданды.

1992 жылдың қазанындағы Бішкекте өткен мемлекет басшыларының жетінші кездесуінде ТМД-ның қарулы күштерін азаматтық соғыс жүріп жатқан Тәжікстанға жіберу туралы шешім қабылданды. Экономикалық ынтымақтастықтың орталық Кеңесін құру туралы келісімге қол жеткізілмеді, бірақ тек экономикалық мәселелер бойынша кеңесші органды құру туралы шешім қабылданды. Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Молдова, Ресей мен Өзбекстан рубльді валюта ретінде сақтау туралы және ортақ Центробанктің құрылуы туралы келісімге қол қойды. Билік басына оппозициялық «Халық майданы» келген Әзірбайжан Республикасының парламенті ТМД-ның

құрылуы туралы келісімді бекітуден бас тартты және оның делегациясы бұл кездесуде бақылаушы ретінде қатысты.

Жалпы алғанда 1992 жылы жоғарғы деңгейде 9 кездесу өтті, оның ішінде алтауы мемлекет басшыларының деңгейінде, ал 1993 жылы 5 кездесудің төртеуі мемлекет басшыларының деңгейінде өтті. 1993 жылғы кездесулерде маңызды құжат ТМД-ның жарғысы және осыған қатысты мәлімдеме қабылданады. 1993 жылдың 22 қаңтарындағы жоғарғы деңгейдегі кездесудегі ТМД жарғысын қабылдау біршама даулы өтті. Бұл құжатқа тек 7 мемлекет, яғни Армения, Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан мен Беларусь қол қойды. Молдова, Украина мен Түрікменстан Достастықтың үйлестіруші органдарының өкілеттіктері шексіз деп есептеп, одан бас тартты. 1994 жылдың 22 қаңтарында ТМД Жарғысына қол қоюылуынан кейін Достастықтың алты мемлекеті – Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Ресей мен Өзбекстан бекітті.

Жарғыда ТМД-ға мүшелікке қойылатын талаптар анықталған, ұйымның құрылу мақсаттары; ұжымдық қауіпсіздік пен әскери-саяси ынтымақтастық, қақтығыстардың алдын алу мен дауларды шешу, экономикалық, әлеуметтік пен құқықтық, парламентаралық байланыстар салаларындағы өзара әрекеттестік, мүше-мемлекеттердің егемендігі теңдігі қағидалары бекітілді. Жарғыдағы атап көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін өзара қабылдай алатын ынтымақтастық қағидалары мен ортақ ұйымдастырушылық құрылымдары дайындалды.

Жарғыға сәйкес Достастықтың жоғарғы органына мүше-мемлекеттердің ортақ мүдделері саласындағы қызметімен байланысты мәселелерді талқылап, шешетін Мемлекет басшыларының Кеңесі айналды. Кеңес жиналысқа жылына екі рет жиналады, кезектен тыс жиналыстар мүше-мемлекеттердің бірінің бастамасымен шақырылады. Ал Үкімет басшыларының Кеңесі атқарушы билік органдарының экономикалық, әлеуметтік және басқа салалардағы ынтымақтастығын үйлестіреді және жылына төрт рет жиналыстарға бас қосады. Сыртқы істер министрлері сыртқы саяси қызметті үйлестіреді.

ТМД Жарғысымен, сонымен бірге тұрақты қызмет ететін атқарушы мен үйлестіруші орган – Үйлестіруші-кеңес алмасу

комитеті белгіленген. Ол Мемлекет басшыларының Кеңесімен тағайындалатын әрбір мемлекеттің екі өкілетті өкілдерінен құралған. Достастықтың Қорғаныс министрлерінің Кеңесі, Қарулы күштердің біріккен бас басқармасы, Шекаралық әскерлердің қолбасшыларының Кеңесі, ТМД-ның Экономикалық Соты, Адам құқықтары бойынша комиссия және салалық ынтымақтастық органдарының да қызметі құжатта көрініс тапты.

Басты атап өтерлік жайт ТМД қызметінің бірінші тарихи кезеңінің маңызды ерекшелігі – жаңа интеграциялық құрылымды құруға егеменді мемлекеттер емес, әлі одақтық республикалар болған мемлекеттер басшылары ниеттестігін байқатқан еді. Себебі 1991 жылғы 21 желтоқсандағы мемлекет басшыларының кездесуі соңында қол қойылған Алматы декларациясында алғаш рет 11 мемлекет біріге «ТМД-ның құрылуымен байланысты Кеңес Социалистік Республикаларының өз өмір сүрулерін тоқтатындығы мәлімдеген еді». Достастық мүше-мемлекеттермен бейбіт мақсатта жаңа мемлекеттерді құру, экономикалық жоспарда ортақ шаруашылық кешеннің құрылымдық негізін құраған бұрынғы тығыз байланыстарды сақтауға мүмкіндік беретін ұйым ретінде қарастырылды. Достастықтың құрылтайшы құжаттарында бұл ұйым мен жекелеген республикалар арасындағы өкілеттіктерді шектеу анықталмады, себебі ТМД біріккен саяси-экономикалық іс-әрекеттер бойынша міндеттемесі бар құрылым ретінде емес, өз еркімен біріккен ынтымақтастық түрі ретінде қарастырылды. Яғни, ТМД-ның қалыптасуының күрделілігі мен қарама-қайшылықтылығы алғаш құрылуынан-ақ байқалды. Мәселен, 1993 жылдың қаңтарындағы Минскідегі саммитте ұйымға мүше-мемлекет басшылары ең алдымен, өз елдерінің мүдделері туралы мәлімдеді. Тәжікстан Республикасының президенті Э. Рахмонов: «Алғашқы рет жоғарғы деңгейде біздің республикадағы жағдай қарастырылды. Мәселені талқылаудың соңындағы қорытындылар бойынша Минскіде қабылданған құжаттар тәжік халқының тағдыры үшін тарихи болып табылады. Олар біздің республикадағы жағдайды жедел реттеуге негіз бола алады», – деп мәлімдеді. М. Снегур: «Молдованың ұстанымы өзгеріссіз қалады: республикалар делегациялары тек экономикалық мәселелерді талқылап, саяси және әскери мәселелерге қызығушылықты байқатпады»,

– деп ренішін білдірді. Яғни, осындай мәлімдемелерден ТМД бастапқыда бұрынғы одақтас мемлекеттердің өзара байланыстарын сақтап қалу мақсатында құрылғандығын көрсетті.

1993 жылы көптеген халықаралық келісімдерді оларды бағалау мен талдаусыз қабылдау тәжірибесі ТМД-ға мүше-мемлекеттерді қанағаттандырмады. Сол себепті 1993 жылғы Минскідегі кездесуде мүше-мемлекеттердің басым бөлігі ұйымның тиімділігі мәселесін талқылауға мән берді. Ресей Федерациясының президенті Б. Ельцин мен Қазақстан Республикасының президенті Н. Назарбаев Достастықтың нақты ұйымдастырушылық жұмысын қалыптастыру және ТМД-ның әрекеттерін үйлестіретін органдарды құруды ұсынды. Осы уақытқа дейін бірнеше құжаттар қабылданып, бірақ оларды жүзеге асырудың ұйымдастырушылық жұмысы іс жүзінде жасалынбаған еді. Сондықтан Достастықты одан әрі нығайту туралы құжаттарды дайындау тапсырылды. Сонымен қатар, осы жылғы кездесулерде өзара экономикалық ынтымақтастықты тереңдету мәселесі күн тәртібіндегі басты мәселеге айналды. Мәселен, 1993 жылдың мамырындағы кездесуде Декларация қабылданып, ол бойынша терең интеграция бағытын ұстануға деген сенімділік, тауарлар, қызмет, еңбек ресурстарының еркін қозғалуын қамтамасыз ету үшін ортақ нарықты құру және экономикалық одаққа біртіндеп қозғалу туралы мәлімделді. Сонымен қатар, Атқарушы Хатшылықтың құрылуы да маңызды болды. Бұл Мәскеудегі ТМД-ға мүше 9 мемлекет Қазақстан мен Ресейдің Еуропалық Одақ үлгісіндегі келешекте экономикалық одақты құру туралы ұсынысын қолдады. Мұндай одақ жоспарына Түрікменстан президенті қосылмады, себебі ол екіжақты келісімдер негізінде ынтымақтастықты дамытуды қолдады.

ТМД-ға мүше-мемлекеттердің экономикалық одақты құруға деген алғашқы қадамы 1993 жылдың тамызында жасалынды. Яғни, бұл күні Ресей президенті Б.Н. Ельцин, Қазақстан президенті Н.Ә. Назарбаев пен Өзбекстан президенті И.А. Каримов Мәскеуде келісімге қол қойып, ол бойынша барлық мемлекеттердің қосылуы үшін ашық экономикалық және валюталық одақтың құрылуы туралы қарастырылды. Келісімге сәйкес рубльдің ортақ валюта ретінде сақталатындығы атап көрсетілді. Рубльдік аймақты сақтау идеясына Армения да қолдауын білдірді. Дегенмен, бұл келісім осы

жылдың қарашасындағы Қазақстан, Өзбекстан мен Арменияның өз валюталарын енгізуіне байланысты жүзеге аспады. Сол себепті 1993 жылы ТМД құрамында екі бейресми мемлекеттердің тобы қалыптасты. Бұл топтың бірі – Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Ресей, Тәжікстан мен Өзбекстан болды. Олар сыртқы саясат, қорғаныс, валюталық саясат, экономика мен көлік салаларындағы ынтымақтастықты кеңейтуді жақтады. Екінші топтағы Түрікменстан мен Украина өз ұлттық мүдделерін қорғауға негіздей отырып, шектелген ынтымақтастыққа мүдделестігін білдірді. Сондай-ақ жағдай ТМД кеңістігіндегі өткір қақтығыстармен, яғни Тәжікстандағы азаматтық соғыс, Днестрлік қақтығыс пен армян-әзірбайжандық соғыспен шиеленіскен еді. Орталық Азия мемлекеттері де өзара қарым-қатынастарды дамыту және көршілес Иран, Пәкістан мен Түркиямен байланыстарды кеңейтуге мүдделі болды. 1993 жылы Әзірбайжанда билік басына Гейдар Әлиевтің келуімен бұл ел қайта ТМД-ға мүше ретінде қабылданды. Сонымен қатар Грузияның басшысы Э.А. Шеварднадзе Достастықпен жақындасу саясатын жүзеге асырып, желтоқсанда мүшеге айналды.

1993 жылдың 24 қыркүйегінде Армения, Әзірбайжан, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Ресей, Тәжікстан мен Өзбекстанның премьер-министрлері Экономикалық Одақты құру туралы келісімге қол қойды. ТМД-ның ортақ нарығы идеясы Ресей, Қазақстан және Беларусьтің бастамасымен іс жүзінде жүзеге асуына мүмкіндік туды. Оған Грузия да қосылды. 1993 жылдың желтоқсанында Түрікменстан ассоциацияланған мүшеге айналды, ал Украина 1994 жылдың сәуірінде толыққанды Экономикалық одаққа мүше болды. Одаққа қатысушылар тауарлар, қызмет, жұмысшы күші мен капиталдың еркін қозғалысына; ақша-кредиттік, салық, бағалық, кедендік пен сыртқы экономикалық саясатта келісімге келу; шаруашылық қызметті реттеу әдістерін жақындастыру мен тікелей өндірістік байланыстардың дамуы үшін ыңғайлы жағдайды қалыптастыруға негізделген ортақ экономикалық кеңістікті құруды қолдайтындығын білдірді.

Шын мәнісінде, 1993 жылдың қыркүйегі ТМД қызметінің бірінші кезеңі аяқталып, оның нәтижесінде мүше-мемлекеттердің жаңа ынтымақтастығының негізі қаланды. Оның басты нәтижесі

Достастықтың ұйымдастырушылық-құқықтық қалыптасуы, атқарушы органдардың құрылуы мен бірінші орынға экономикалық өзара әрекеттестік міндеттерінің шығуы болды. Бірақ бірінші кезеңде-ақ Достастықтың әлсіздігі байқалды: қабылданған көптеген құжаттардың орындалмауы және егеменді мемлекеттердің мүдделерінің ортақ міндеттер мен мақсаттардан басым болуы сияқты әлсіздігі байқалды.

ТМД қызметінің екінші кезеңі – 1993-1996 жылдар аралығын қамтыды. Бұл уақыт аралығында посткеңестік кеңістіктегі жаңа тәуелсіз мемлекеттер өз саяси егемендігін нығайтып, халықаралық қауымдастыққа, халықаралық қаржы ұйымдарына жеке және толыққанды кіріп үлгірді. Сондай-ақ Кеңес Одағына кірмеген жақын көршілермен және басқа да аймақ мемлекеттерімен сауда-экономикалық байланыстарын дамыта бастады. Жаңа тәуелсіз мемлекеттер жеке қаржы-экономикалық жүйелерді құру арқылы өзінің экономикалық тәуелсіздігін қалыптастырды. Алайда, ТМД шеңберінде кейбір мемлекеттерді ғана біріктірген жаңа интеграциялық құрылым пайда бола бастады.

1994 жылдың сәуірінде Молдова ТМД-ның құрылуы туралы келісімді бекітті. Осы арқылы оның толыққанды мүшесіне айналды. Сонымен қатар молдовалық басшылық миграция саласында сыртқы саяси қызмет пен саясатты уағдаласуда қатыспайтындығы туралы мәлімдеді.

1994 жылғы кездесулердегі күн тәртібіндегі негізгі мәселелердің бірі – экономикалық ынтымақтастықты тереңдетуге арналды. 1994 жылғы мемлекет пен үкімет басшыларының алғашқы кездесуінде-ақ, Экономикалық Одақты құру туралы келісімді жүзеге асыру мақсатында: Еркін сауда аймағын құру туралы және кеден мәселелерінде ынтымақтастық пен өзара көмек туралы келісім, Экономикалық одаққа мүше-мемлекеттердің Төлем одағының тұжырымдамасы сияқты экономикалық құжаттарына қол қойылды; атқарушы орган – Экономикалық одақ Комиссиясының Мемлекетаралық экономикалық комитетін құру туралы шешім қабылданады. ТМД-ға мүше-мемлекеттердің экономикалық ынтымақтастығы тереңдей түсті. 1996 жылдың 29 наурызында Беларусь, Ресей, Қазақстан мен Қырғыз Республикасы басшылары Мәскеуде экономикалық және гуманитарлық салада интеграция-

ны тереңдету туралы келісімге қол қойды. Ол «Интеграцияланған мемлекеттердің қауымдастығы» сипатындағы тығыз бірлестікті құруға, экономика, мәдениет, ғылым мен әлеуметтік салада тараптардың егемендігін сақтай отырып, ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталды. Келісім бойынша сыртқы саясатты үйлестіру, ортақ қауіпсіздік жүйесі мен шекаралардың қауіпсіздігі, мемлекетаралық кеңес пен тең деңгейдегі парламентаралық комитетті құру қарастырылды.

ТМД қызметінің екінші кезеңінде оның институттары да толықтырылды. 1994 жылдың ақпанында РФ Кеңесінің төрағасы Владимир Шумейко ұйымның Парламентаралық ассамблеясының төрағасы қызметін иемденді. 1994 жылдың қазанында Достастыққа мүше-мемлекеттер басшыларының, үкімет басшылары, Сыртқы істер және Қорғаныс министрлерінің басқосуында Экономикалық мәселелер бойынша мемлекетаралық комиссия құрылды және оның штаб-пәтері Мәскеуде болып белгіленді. 1995 жылдың ақпанында ТМД мүше-мемлекеттері Алматыда бейбітшілік пен тұрақтылықты қолдау туралы меморандумға қол қойды. Ол бойынша мүше-мемлекеттер бір-біріне саяси, экономикалық және басқа да қысымның түрлерін қолданбауға міндеттенді. 1995 жылдың мамырында Минскіде Достастық мемлекеттері ТМД-ның қаржы және несиелік саясатын үйлестіруге бағытталған валюталық-қаржы мәселелер бойынша мемлекетаралық комитетті құру туралы шешім қабылдады.

Достастықтың дамуының екінші кезеңінде қиындықтар оның әскери саясаты мәселелерін талқылауда туындады. 1994 жылдың қазанында этникалық азшылықтардың құқықтарын қорғау туралы конвенция қабылданды. 1995 жылдың мамырында өткен жоғарғы деңгейдегі кездесудің қатысушылары Тәжікстан мен Абхазиядағы ТМД-ның бейбітшілік күштерінің мандатын созды. Бірақ Әзірбайжан, Молдова, Түрікменстан, Өзбекстан мен Украина сыртқы шекаралардың ортақ қорғанысы туралы келісімге және адамның негізгі құқықтары туралы ортақ конвенцияға қосылудан бас тартты. ТМД-ға мүше-мемлекеттер Тәжікстандағы бейбітшілік күштерінің мандатын созып, зымыранға қарсы қорғаныстың ортақ жүйесі туралы уағдастыққа қол жеткізді. Украина оның құрылуында қатысудан бас тартты. 1996 жылдың мамырында

Мәскеудегі үкімет басшыларының кездесуінде 1996-1997 жылдары интеграция жоспарлары және экономикалық пен ұйымдасқан қылмыспен күрестің біріккен бағдарламасы қабылданды.

ТМД-ға мүше-мемлекеттердің арасында іс жүзіндегі жекелеген мемлекеттердің коалицияларды құруға деген ұмтылыстары да байқала бастады. Достастық қызметінің екінші кезеңіне елбасы Н. Назарбаевтың мемлекеттердің Еуразиялық одағын құру туралы идеясын ұсынуы да тұспа-тұс келді. Бұл бастаманы ол 1994 жылдың 29 наурызында Ресейге ең алғашқы ресми іс-сапары барысында Мәскеу мемлекеттік университеті студенттері мен профессорлық-оқытушылық құрамы алдында ұсынды. Елбасы Н. Назарбаев ТМД-ға қатысушы мемлекеттерден құралған жаңа бірлестік – Еуразиялық одақты құруды ұсынды. Мұндай мәселенің ұсынылуы ТМД елдері арасындағы нарықтық экономиканың дамуы, саяси үрдістердегі демократияландыру деңгейіндегі айырмашылықтардан туындады. Сонымен қатар Достастық мемлекеттерінің интеграциялық қарқындарының бірнеше үлгіде екендігі және даму деңгейіндегі әртүрлі векторлығы мен бірыңғай еместігі назарға алынды. Осының барлығы Достастық шеңберінде жаңа экономикалық тәртіпті қалыптастырудың қажеттілігін арттырды. Еуразиялық идеяны жүзеге асыру мақсатындағы алғашқы жасалынған қадам 1994 жылдың 30 сәуірінде Қазақстан, Қырғыз Республикасы мен Өзбекстан президенттері Ортақ экономикалық кеңістікті құру туралы келісімге қол қоюы. Тараптар жаңа интеграциялық құрылым – Орталық-Азиялық одақтың үйлестіруші органдарын құруға келісті. Сондықтан 1994 жылдың шілдесінде Алматыдағы кездесуде Мемлекетаралық кеңес туралы келісімге қол қойылды, тамызда атқарушы комитет пайда болды. Ал 1995 жылдың маусымында Премьер-министрлер Кеңесі, Сыртқы істер министрлер Кеңесі мен Қорғаныс министрлер Кеңесі құрылды.

ТМД-ға мүше-мемлекеттердің экономикалық интеграциясы саясатын жүзеге асыру мақсатында жасалынған келесі қадам – Кедендік одақтың қалыптасуы болды. 1995 жылдың қаңтарында Беларусь, Ресей мен Қазақстан үкімет басшыларымен үш мемлекеттің Кедендік одағы және өзара ынтымақтастықты тереңдету мен кейінгі кеңейту бағытындағы уағдаластықтарды жүзеге асыру бойынша олардың үкіметтерінің әрекеттестік

Бағдарламасына қол қойылды. Бірақ бұл ұйым кеңею мақсатын көздегенімен, ол толыққанды жүзеге аспады. 1996 жылдың наурызында оған тек Қырғыз Республикасы қосылды. Өзге де екіжақты ынтымақтастықтың көрініс ретінде Беларусь пен Ресей арасындағы Қауымдастық құрылды. 1996 жылдың 2 сәуірінде Беларусь пен Ресей президенттері Мәскеуде егеменді мемлекеттердің Қауымдастығын құру туралы келісімге қол қойды. Бұл құжатқа сәйкес екі мемлекет сыртқы саясат, сыртқы саясат саласында, экономикада және әскери мәселелерде тығыз ынтымақтасуға міндеттенді; Мемлекет басшылары, үкімет басшылары мен парламент басшылығы қатысатын біріккен органдарды құру қарастырылды. 1997 жылдың 2 сәуірінде Ресей мен Беларусьтің Қауымдастығы Одақ туралы келісіммен алмасты.

Нәтижесінде 1993-1996 жылдар аралығын қамтыған екінші кезеңде өз тәуелсіздігінің құқықтық негізін қалыптастырып, халықаралық қауымдастықта өзіндік рөлге ие бола бастаған посткеңестік мемлекеттер ендігіде ТМД шеңберінде жаңа ынтымақтастық бағыттарын анықтады. Яғни, әскери және экономикалық саладағы өзара байланыстардың негізі мен бағыттары белгіленді.

Екінші кезеңдегі қол жеткізген басты жетістік ТМД-ның құрылуы жылдарынан-ақ жарияланған мүше-мемлекеттер арасындағы өзара қарым-қатынастарда күшті қолданбау қағидасы бекітілді. Достастықтың өзіне бірнеше әскери қақтығыстарға бетпе-бет келуіне тура келді. Солардың ішінде Қарабахтағы соғыс, Оңтүстік Осетиядағы қақтығыс, Днестрдегі соғыс пен Абхазиядағы жағдай іс жүзінде реттелді. Сонымен қатар, бейбітшілік күштерінің қақтығыс аумақтарындағы алғашқы үлгілері көрініс тапты. Днестр қақтығысына ресейлікпен қатар, украиндық әскери құрам тартылды. Ал 1994 жылдан азаматтық соғыс басталған Тәжікстанда Ресей, Қазақстан және Өзбекстанның қатысуымен көпжақты бейбітшілік күштері әрекет ете бастады. Бірақ ТМД қызметінің жетістіктерімен қатар, мүше-мемлекеттердің қабылданған құжаттарды орындамауынан оның тиімділігі мәселесі де дау тудыра бастады. Ұйым құрылғаннан бергі бес жылда қол қойылған құжаттардың саны 600-ден асты. ТМД мемлекеттердің қоғамдық пікірінде мұндай құжаттардың көптігінің қажетсіздігі және Достастық пен оның

атқарушы органдарының қызметінің тиімсіздігі туралы мәселе талқылана бастады. Келісімдердің орындалмауы олардың жүзеге аспауына әкелді.

Қазақстандық дипломат Нығметжан Есенғариннің «10 лет СНГ: проблемы, поиски, решения» деген еңбегінде ТМД-ның мемлекетаралық экономикалық комитетін басқарған Алексей Большаковтың 1996 жылы осы қалыптасқан жағдай туралы: «Комитеттің Экономикалық одақ туралы келісімнің орындалуы бойынша жұмыс тәжірибесі нормативті-құқықтық негізді дайындаудың өзі маңызды біріктіруші бастауға ие болуына қарамастан, іс жүзінде жедел уақытта интеграциялық үрдістерді алға жылжытуы мүмкін емес. Заң, келісімшарт, келісім, қабылданған шешім нақты нәтижені тек олар нақты әрекеттерге сүйенгенде ғана, яғни тәжірибеде жүзеге асуына сүйенеді. Бұл әсіресе, экономика туралы идеяға қатысты болғанда маңызды болмақ. Мемлекетаралық экономикалық комитеттің қабылдаған шешімдерін нақты түрде жүзеге асуын қамтамасыз ететін механизмді қалыптастыру әлі алда», – деген пікірін келтірген. Бірақ іс жүзінде мұндай механизм екінші кезеңде құрыла алмады.

Екінші кезеңде ТМД-ға мүше-мемлекеттердің оған қатысты ұстанымы өзгерді. Ол қатаң әрі сыни бағытта қалыптаса бастады, экономикалық өзара әрекеттестіктің қандай да бір мәселелері бойынша тараптардың пікірлері алшақтады. Экономикалық және Төлем одақтарын құруға талпыныстар жасалынды, бірақ бұл шешімдер жүзеге аспады. Сондықтан жекелеген мемлекеттердің арасындағы тығыз байланыстарды дамыту бағытындағы ұмтылыс байқалды. Бұл ұмтылыс үш мемлекеттің Кедендік Одағы және Орталық Азиялық одақты, Беларусь-Ресей одағының құрылуында көрініс тапты.

ТМД қызметінің үшінші кезеңі 1997-2000 жылдар аралығын қамтыды. Бұл кезеңде Достастыққа мүше-мемлекеттер салыстырмалы түрде саяси және әлеуметтік-экономикалық тұрақтылық кезеңіне өтті. Мемлекеттердегі ұлттық валюта орнығып, инфляция деңгейі төмендеді. Бірақ осы кезеңде нарықтық қатынастардың енгізілуі мен қоғамдық өмірдің демократияландыруының әртүрлі деңгейлілігіне байланысты мемлекеттердің ТМД шеңберінде өзара байланыстарды дамыту мәселелерінде мүдделер алшақтай

бастады. 1998 жылғы Ресейдегі дағдарыстың әсерінен қаржылық-экономикалық жағдайдың шиеленісуі де ТМД-ға мүше-мемлекеттердің экономикасына әсер етті. Халықаралық лаңкестік пен ішкі лаңкестік, діни экстремизммен күрес мәселесі қиындады. Бұл халықаралық қатынастағы өзгерістер ТМД-ның тиімділігін арттыру мәселесінің күн тәртібіне шығуына әкелді.

ТМД-ның келешек тағдыры туралы ашық талқылаулар 1997 жылдың наурызында өткен Мемлекет басшыларының Кеңесінде басталды. Кеңес төрағасы, Ресей президенті Борис Ельцин: «Барлығы ұйымның жұмысымен қанағаттанбауда. Тағы қосып айтарым бар: Достастық оның алдында өте ірі мәселелер өткір тұрған өтпелі кезеңде тұр....», – деп мойындауға мәжбүр болды. Алайда, мемлекет басшылары талқылау нәтижелері бойынша тек атқарушы хатшылыққа келесі мәжіліске ұйымның жұмысы мен оның органдарын жетілдіру бойынша жобаны дайындау шешімін тапсырумен ғана шектелді. Кездесу соңында Мемлекетаралық экономикалық комитет дайындаған Достастықтың экономикалық интеграциялық дамуының тұжырымдамасына қатысты ортақ пікірге келмеді. Мүше-мемлекеттер тұжырымдама бойынша міндеттемелерді өз мойнына алудан бас тартты. Келесі үкімет басшыларының кездесуінде үкімет басшылары Достастықтың экономикалық интеграциялық дамуының Тұжырымдамасын жүзеге асыру механизмін қолдады, бірақ осы жолы шешімге Әзірбайжан, Өзбекстан қол қоймады және Грузия мен Украина елеулі ескертпелер жасады.

ТМД дамуының үшінші кезеңіндегі жоғарғы деңгейдегі басқосулардағы күн тәртібіндегі басты мәселесі Достастықтың жұмысының сынға алынуы болды. Мәселен, 1997 жылдың қазанындағы Кишиневтағы мемлекет басшыларының саммитінде Достастықтағы қалыптасқан жағдай сынға алынды. Ресей президенті Б. Ельцин Достастық тиімсіз жұмыс істейді, ал көптеген уағдаластықтар орындалмауда (мысалы Центробанктің құрылуы, Орталық-азиялық республикалардың экономикалық қауымдастығы, экономикалық одақ, ортақ экономикалық кеңістік туралы уағдаластықтар) деп мәлімдеді. Ол ТМД-ны қайта құруды талап етті. Ресей Президентінің мәлімдемесіне өзге мемлекеттер де қолдау білдірді. Кишиневтағы кездесуде де нақты

шешім қабылданбады. Тек Б. Ельциннің баяндамасы ақпараттық құралдарда жарияланатындығы туралы және 1998 жылдың 23 қаңтарында Мәскеуде Достастықтың Мемлекет басшыларының кезектен тыс мәжілісін өткізу туралы шешім қабылданды. Сонымен, Достастықтағы жағдайды реттеу мақсатындағы ендігі 1998 жылдың наурызындағы үшінші басқосуда екі маңызды шешім қабылданды:

Біріншісі – 1998 жылдың шілдесінде Мәскеуде Мемлекет басшыларының Кеңесіне Достастықтың қызметін жетілдіру және оны реформалау мәселелері бойынша келісілген ұсыныстарды талқылау мен енгізу мақсатында ТМД-ның мүше-мемлекеттерінің үкімет мүшелері деңгейіндегі Арнайы мемлекетаралық комитетті шақыру. Мемлекетаралық форум ТМД алдында туындаған мәселелердің кешенін талқылап, ұйымның басым бағыттарын анықтап, келешегі мен даму стратегиясын белгілеуі тиіс болды.

Екіншісі – Достастықтың атқарушы хатшысы ретінде И.М. Коротченконың орнына Б.А. Березовскийді тағайындау. Бірақ 1999 жылдың наурызында-ақ ол «лауазымына сәйкес емес қызметі» үшін қызметінен босатылды. Осылайша Достастықтың тағдыры мен интеграция мәселесін шешу ТМД мәселелері бойынша Мемлекетаралық комитетке берілді.

Кишинев кездесуіне дейін-ақ, Б. Ельциннің ТМД-ны реформалауға қатысты ұсынысына басқа мемлекеттер өз көзқарасын білдірген еді. Мәселен, Беларусь Президенті Александр Лукашенко: «Борис Ельцин мен Леонид Кучманың ТМД-ны дамыту бойынша жоғарғы деңгейдегі конференцияны шақыру туралы идеясын қолдаймын. Оны алдында беларуссиялық тарап ұсынғандай ертеректеу жүзеге асыру керек еді. Сонда ғана оның кеңестеріне сүйене отырып, Мемлекет басшыларының Кеңесі практикалық шешімдерді қабылдай алады. Ал ТМД-ның дамуына қатысты қазіргі асығыстық бүкіл 1998 жылдың жалпы тек әңгімемен шектелуіне әкеледі және біз осылайша Достастық реформаларымен кешігіп қаламыз», – деді. А. Лукашенконың мәлімдемесінің растығын кейінгі кездесулер айғақтады. Соған дәлел Мемлекетаралық форумның шеңберінде жүргізілген кейінгі жұмыс кездесулерінде Украина Достастық ауқымынан саяси, әскери, шекаралық, әскери-техникалық, гуманитарлық,

құқықтық, ақпараттық, экологиялық ынтымақтастық мәселелерін алып тастауды ұсынуы. Армения ТМД-ның құрылымдарын реформалауды қолдады, бірақ Мемлекетаралық экономикалық комитет пен Атқарушы хатшылықты біріктіру туралы ұсынысқа қарсы болды; Грузия Мемлекетаралық экономикалық комитеттің орнына Мемлекетаралық әлеуметтік-экономикалық комитетті құруды ұсынды; Молдавия жаңа орган – Экономика мен қаржы министрлерінің Кеңесін құруды ұсынды; Өзбекстан ТМД-ның органдарының қызметін сақтауды қолдады, бірақ Парламентаралық Ассамблеяның өмір сүруіне қарсы еді; Қырғыз Республикасы – Мемлекетаралық экономикалық комитет пен атқарушы хатшылықтың бірігуін қолдады.

1999 жылдың 2 сәуіріндегі ұйымға мүше-мемлекеттердің басшылары басқосуында ТМД дамуының негізгі бағыттары туралы Декларацияны қабылдады. Олар декларацияға сәйкес: «ТМД-ның мүше-мемлекеттері арасында достық пен әріптестікті дамытуға ниеттестігін және Достастықтың қарқынын мемлекеттер халықтарының игілігіне пайдалануға ұмтылатындығын» мәлімдеді. Декларацияда саяси, әлеуметтік, қоғамдық және басқа салалардағы ынтымақтастығын дамытудың міндеттері белгіленді.

Мемлекет басшыларының Кеңесі ТМД органдарының құрылымын жетілдіру мен реформалау туралы шешім қабылдап, жұмыс тәртібін анықтады. Бұл тәртіпке сәйкес тұрақты қызмет ететін атқарушы, әкімшілік пен үйлестіруші орган – ортақ бюджетті қалыптастыра отырып, Достастықтың Атқарушы комитеті құрылды.

Үшінші қабылданған маңызды шешім – 1994 жылдың 15 сәуіріндегі Еркін сауда аймағын құру туралы Келісімге өзгертулер мен түзетулер енгізу туралы Хаттамаға қол қойылуы болды. Осы шешім арқылы бұл кезеңдегі өзара тиімді экономикалық ынтымақтастық саласындағы басым бағыт әрі негізгі міндет ретінде еркін сауда аумағын құру ретінде белгіленді. Сонымен қатар, Атқарушы комитеттің атқарушы хатшысы болып Юрий Яров тағайындалды.

1996–2000 жылдары аралығын қамтыған үшінші кезеңде ТМД кеңістігінде құрылған ұйымдардың қызметі де өз жалғасын тапты. 1992 жылғы Ұжымдық қауіпсіздік келісім-шартының мерзімінің

аяқталуына байланысты 1999 жылдың сәуірінде Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Ресей мен Тәжікстан ортақ экономикалық кеңістікті құруды қолдады. Өзірбайжан, Грузия және Өзбекстан оған қол қоюдан бас тартты.

1999 жылдың ақпанында Беларусь, Қазақстан, Қырғыз Республикасы мен Тәжікстан ортақ экономикалық кеңістікті құруды қолдады. Тәжікстан Кедендік одаққа қосылатындығын мәлімдеді. 1998 жылдың наурызында бастапқыда бақылаушы мәртебесінде болған Тәжікстан Орталық-Азиялық одаққа мүшелікке қабылданды. 1998 жылы шілдедегі Ыстықкөлдегі кездесуде Орталық-Азиялық одақ Орталық-Азиялық экономикалық қауымдастық деп өзгертілді. Үшжақты Орталық-Азиялық аймақтық одақтың құрылуы аймақ елдерінің ТМД-дағы істердің жағдайының қанағаттандырмауы деп қарастыруға болады.

Нәтижесінде ТМД қызметінің үшінші кезеңінде Достастықтың жұмысының тиімділігін арттыруға айрықша көңіл бөлінді. Осы мақсатта ұйымдағы органдарды реформалау қарастырылып, оны талқылауды Мемлекетаралық комитет пен атқарушы комитетте талқылауға тапсыру көзделді. ХХІ ғасыр қарсаңында ТМД алдында әскери саламен қатар, ең алдымен, экономикалық ынтымақтастық және интеграциялық байланыстарды дамыту міндеті алда тұрды. Бұл жоспарлар тек ұйым шеңберінде ғана емес, сонымен қатар Орталық-Азиялық экономикалық қауымдастық сияқты аймақтық ұйымдар ауқымында жүзеге асты.

ТМД қызметінің төртінші кезеңі 2000 жылдан қазіргі күнге дейінгі аралықты қамтиды. Себебі нақты осы кезеңде Достастық мүшелері алдында 2001 жылғы 11 қыркүйектегі лаңкестік әрекеттерден кейін экономикалық мәселелермен қатар, әскери мәселелерге де ерекше назар аударылды.

2000 жылдан ТМД-ның қызметін анықтаған негізгі құжат – 2005 жылға дейінгі Достастықты дамыту бойынша әрекеттер Бағдарламасы қабылданды. Бұл бағдарлама ТМД-ға мүше-мемлекеттердің негізгі бағыттары туралы Декларацияның негізінде дайындалып, бес жылдық мерзімдегі ТМД шеңберіндегі ынтымақтастықтың басты мақсаттары, міндеттері мен салаларын анықтады.

ТМД қызметінің төртінші кезеңіндегі кездесулерде өзге де шешімдер қабылданды. 2000 жылғы 25 қаңтардағы Мәскеудегі

саммитте халықаралық лаңкестікке қарсы әрекет ету бойынша шешім қабылданды. Мемлекет басшыларының Кеңесінің төрағасы ретінде РФ-ның президенті В. Путин тағайындалды. 2000 жылдың басында Сыртқы істер министрлері Тәжікстаннан елдегі жағдайдың реттелуіне байланысты бейбітшілік күштерін шығаруға және Абхазияда бейбітшілік күштерінің мандатын созу туралы шешім қабылдады. 2000 жылғы маусым мен желтоқсандағы саммиттер нәтижесінде ТМД-ға мүше-мемлекеттер Мәскеуде жұмыс істейтін ұйымның Лаңкестікке қарсы орталығын құрды. Ол қазіргі күнге дейін арнайы бөлімшелер және қауіпсіздік органдары, арнайы қызметтер және ТМД мемлекеттерінің басқа өкілетті органдарының біріктірілген мәліметтер банкі мүмкіншіліктерін пайдалану арқылы жұмыс жүргізіп келеді.

2001 жылғы Достастықтың саммиттері Минскіде, Сочи мен Мәскеуде өтті. Минскідегі 1 маусымдағы саммитте мемлекет басшылары халықаралық саясат мәселелеріне, халықаралық лаңкестікпен және ақпараттық қылмыспен күрес, әлемдегі стратегиялық тұрақтылық және қарулы қақтығыстарды реттеу мәселелеріне айрықша мән берді. 1-2 тамыздағы Сочидегі бейресми саммитте экономикалық ынтымақтастықтың келешегі мен Достастық шеңберіндегі аумақтық қауымдастықтардың қызметі туралы талқыланды. Стратегиялық тұрақтылық пен зымыранға қарсы қорғаныс жүйесі, Ауғанстан, Балқан мен Тәжікстандағы жағдай қарастырылды. Сонымен қатар 2001 жылы есірткіге қарсы күрес бағытында бірлескен күш жұмсалды. ТМД-да Есірткі, психотроптық тәсілдер және олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес бойынша қарым-қатынас тұжырымдамасы 2002 жылы бекітілген, осы қауіппен күресу бойынша 2002-2004 жылдар аралығында арнайы бағдарлама жүзеге асырылды.

2002 жылғы Достастықтың саммиттері Алматыда, Кишиневте өтті. 1-2 наурыздағы Алматыдағы бейресми саммитте экономикалық және саяси мәселелер талқыланды. Саммит барысында Ресей, Қазақстан, Өзбекстан мен Түрікменстан басшылары энергетикалық саладағы өзара әрекеттестік мәселерін талқылады. 7 қазандағы Кишиневтегі басқосуда ТМД мемлекеттері 2003-2004 жылдары қылмыспен күрестің біріккен шараларының Халықаралық бағдарламасы, ТМД-ға мүше-мемлекеттердің

демократиялық сайлауларының стандарттары, сайлау құқықтары мен бостандықтарының стандарттары туралы Конвенцияға қол қойды.

2003 жылғы кездесулерде де маңызды мәселелер талқыланды. 29 қаңтардағы басқосуда оған қатысушылар экономикалық саладағы ынтымақтастық мәселелерін талқылады. Мемлекет басшылары Кеңесінің төрағасы болып Леонид Кучма тағайындалды. 30 мамырдағы Санкт-Петербургтегі бейресми мемлекет басшыларының кездесуінде ТМД елдері Иракка қатысты санкцияны жою туралы БҰҰ-ның шешіміне қолдау білдірді. 19 қыркүйектегі Ялта мәлімдемесі қабылданып, оған сәйкес Достастыққа мүше-мемлекет басшылары Достастықтың сөзсіз басымдығы ортақ экономикалық кеңістікке бірте-бірте жылжу арқылы еркін сауда аумағын қалыптастыру мен қызмет етуі болып жарияланды. Ресей, Беларусь, Қазақстан мен Украина басшылары 4 мемлекеттің Ортақ экономикалық кеңістігін құру туралы келісімге қол қойды.

2004 жылғы кездесулер Мәскеуде және Астанада өтті. 3 шілдедегі басқосуда Достастық мемлекеттерінің көшбасшылары мүше-мемлекеттер Ұлы Отан соғысының 60 жылдығына ортақ дайындық мәселесін талқылады. 2004 жылғы 16 қыркүйектегі саммит Астанада өтті. Саммитке Түрікменстан мен Молдова мемлекеттері басшыларынан басқа ТМД-ға қатысушы елдер басшыларының барлығы келді. ТМД басшыларының бас қосуында күнтәртiбiнде қаралған басты мәселелердің бірі – лаңкестікпен күрес және қауіпсіздік шараларын күшейту, заңсыз көші-қон мәселесіне тосқауыл қою. Сонымен қатар ТМД-ға мүше мемлекеттерінің арасындағы өзара түсінбеушілік мәселелері Астанада өткен саммитте екі жақты деңгейде талқыланды. Айталық, Армения мен Әзірбайжан президенттері Ресей президентімен Таулы Қарабах мәселесін талқылады. Сонымен қатар Ресей президенті мен Грузия президенті екіжақты кездесу өткізді. ТМД басшыларының кездесуінде заңсыз көші-қонға тосқауыл қоятын тұжырымда қабылданды және 2005-2007 жылға арналған есірткі құралдарын заңсыз жөнелтуге қарсы күрес жайында қарар қабылдады. Сонымен қатар Украина басшысы Леонид Кучманың айтуына қарағанда, ТМД аясында сауда-экономикалық қарым-қатынасқа кері әсер ететін маңызды проблемаларды талдаған көрінеді. Бұл

төңіректе олар ТМД аясында экономикалық қарым-қатынасты өркендету үшін еркін экономикалық кеңістікті құруды жеделдету қажеттілігі туралы қорытындыға келген болатын. Беларусь президенті Александр Лукашенко өз кезегінде Тәуелсіз мемлекеттер достастығы іс-әрекеттері жағынан арта қалып бара жатқандығын жеткізді. Ол Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың ТМД-ны түбірімен қайта құрылымдау керек деген ұсыныстарымен толық келісетіндігін мәлімдеді. Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің ТМД-ны жетілдіру мен реформалау жобасы аясында құрамында Сыртқы істер және Қорғаныс министрлері, құқық қорғау органдарының басшылары бар Қауіпсіздік кеңесін құру мәселесін ұсынды. Қазақстан басшысының айтуынша, ұсынылып отырған Қауіпсіздік кеңесін Сыртқы істер министрлері басқарып, олар бәрімізді толғандыратын ғаламдық мәселелер мен біздің сыртқы әлеммен қарым-қатынасымыздағы ортақ мүдделерге қатысты құжаттарды әзірлеуі тиіс. Қазақстанмен қатар, Армения және басқа да мемлекеттер ТМД-ны реформалау қажеттілігімен келісті.

2005 жылғы ТМД-ның қызметіндегі негізгі өзгеріс тамызда Түрікменстанның ТМД-ның тұрақты мүшелігінен шығып, ассоциацияланған бақылаушы мемлекет мәртебесін алуы болды. Сондай-ақ 2005 жылғы саммиттердің барысында да қауіпсіздік мәселесіне айрықша көңіл бөлінді. 26 тамызда Қазанда өткен ТМД саммитінде Достастық елдерінің қауіпсіздік саласындағы ықпалдастығының құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін нығайта түсетін бірқатар құжаттарға қол қойылды. Бірінші кезекте Достастық елдерінің өзара келісілген шекаралық саясаты мен әскери ынтымақтастық тұжырымдамасын атауға болады. Сонымен бірге Достастықтың сыртқы шебінде дағдарысты ахуалдар туындаған және оларды реттеген жағдайдағы шекаралық пен басқа да органдардың ықпалдастығы туралы тұжырымдама бекітілді. Лаңкестікпен және экстремизмнің басқа да зорлыққа негізделген көріністерімен күрес саласындағы ынтымақтастық саясатына қол қойылды. Осы кездесу барысында Ресей президенті В. Путин: «Саммит барысында біз қауіпсіздікті қамтамасыз ету – бірлескен іс-қимылдардың стратегиялық бағыты екенін дәлелдедік. Әскери саладағы, лаңкестікке қарсы және трансұлттық

қылмыстарға қарсы күрес салаларындағы әріптестік – бүкіл ТМД кеңістігіндегі тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды факторы екенін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Ол ТМД елдеріндегі әлеуметтік-экономикалық ахуалға тікелей әсер етеді», – деп мәлімдеді. Ресей президенті В. Путиннің мәлімдемелері Достастықтың жұмысын жетілдіру мақсатында оны реформалау қажеттілігіне де қатысты болды. Кейінгі ТМД мемлекет басшылары деңгейіндегі басқосулардағы күн тәртібіндегі өзекті мәселе ретінде ТМД-ны реформалау қарастырылды. Оны реформалаудың жоспарлары да ұсыныла бастады. Мәселен, 2006 жылғы Достастықтың бейресми саммитінде елбасы Н. Назарбаев өз үлгісін ұсынып, ТМД-ны:

- келісілген миграциялық саясат;
- біріккен көліктік байланыс жолдарын дамыту;
- ғылым мен білім, мәдени-гуманитарлық салалардағы өзара әрекеттестік;
- трансшекаралық қылмыспен күрес сияқты салалардағы ынтымақтастық бағыттарында шоғырландыру керектігіне тоқталды.

ТМД-ны реформалау мәселесі әсіресе, 2007 жылғы басқосуларда кеңінен талқыланды. 2007 жылы Петербургте ТМД мемлекеттері басшыларының бейресми саммиті өтті. Онда Тәуелсіз мемлекеттер достастығын реформалау арқылы оған мүше мемлекеттер арасындағы ықпалдастық шараларын белсенді жүргізу жайы айтылды. ТМД мемлекеттер басшыларының бейресми саммитіне оған мүше елдердің барлығының, яғни он екі елдің президенті түгелдей қатысты. Оған әу бастан ықпалдастық шараларының бәрінен сырт қалып келген Түрікменстанның да, соңғы жылдары шартты түрде ГУАМ деп аталып, ТМД-дан шеттеп қалған Грузия, Украина, Әзірбайжан және Молдова елдерінің басшылары да қатысуы бұл басқосуға барлығының баса мән бергенін көрсетеді. Осы сапар барысында ТМД жұмысының жекелеген кемшіліктерін ашық айтқан елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ұйымның ең басты міндетін атап көрсетті. Ұйымға қатысушы мемлекет басшылары кеңесінің мәжілісінде Достастықты реформалау жөнінде шешім қабылданды. Бұл жөнінде Достастықтың төрағасы Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаев саммит соңынан өткен баспасөз мәслихатында: «Бүгінгі саммит ТМД болашағын бүге-

шігесіне дейін қарауға мүмкіндік берді. Мәжілістің күн тәртібінде, әдеттегідей, маңызды мәселелер аз болған жоқ, алайда, мен төраға ретінде өз құқығымды пайдаланып, ТМД-ны реформалау туралы мәселені соңына дейін қарастыруды ұсындым», – деп атап өтті. «ТМД ықпалын күшейтіп, біздің ынтымақтастығымызға жаңа екпін, тың серпін беру қажет деген ортақ пікірге келдік. Қазақстан реформалау процессіне байланысты өз ойын ұсынды. Талқылау нәтижесі бойынша тиісті шешім қабылданды», – деді.

Президенттік баспасөз қызметінің таратқан ақпаратына қарағанда, ТМД сыртқы істер министрлері кеңесінің саммит қорытындысы бойынша 2007 жылдың 1 маусымына дейінгі мерзімде Достастық мемлекеттерінің ұсыныстары мен баяндамалары негізінде ТМД қызметін жетілдіру тұжырымдамасын дайындау үшін мемлекетаралық жұмыс тобын құру тапсырылды.

ТМД-ның кейінгі саммиттеріне келер болсақ, 2008 жылғы оның дамуына әсер еткен бірқатар оқиғалар болды. Солардың бірі 2008 жылдың 12 тамызында Грузия Президенті Михаил Саакашвилидің ТМД-дан шығатындығы туралы мәлімдеуі еді. Билік басына 2004 жылғы революция нәтижесінде келген Саакашвили басшылығы 2006 жылы-ақ ТМД саммитіне қатыспайтын болды. Саакашвили саммит аясында Ресей президенті В. Путинмен кездесіп, ресейлік бітімгершілердің Абхазия мен Оңтүстік Осетияда қалу-қалмауы туралы мәселені талқылауы керек болатын. Саакашвилидің төңірегіндегі дереккөздің түсіндіруінше, Грузия президентінің саммитке қатысудан бас тартуына, Ресей президентімен екіжақты кездесудің өтпейтіндігі туралы ақпарат себеп болуы мүмкін. Артынша Грузия парламенті Оңтүстік Осетия мен Абхазиядағы ресейлік бітімгершілерді шығару туралы қаулы қабылдаған болатын. Саакашвили өз кезегінде, бұл мәселе бойынша нақты шешімді Ресей президентімен кездесуден кейін қабылдайтынын мәлім еткен еді. Осы оқиғаның нәтижесінде ресми түрде Грузияның ТМД-дағы мүшелігі 2009 жылдың 1 тамызынан бастап тоқтатылды. Жалпы алғанда Грузияның мүшеліктен шығуымен қатар, ХХІ ғасырдың басында ТМД құрамындағы мүшеліктің мазмұны өзгеріске түсті деуге толық негіз бар. Достастықтың мүше-мемлекеттері Жарғының Мемлекеттер басшыларының Кеңесімен қабылданғаннан кейінгі

бір жылда одан туындайтын міндеттемелерді өз мойнына алған құрылтайшы мемлекеттер болып табылады. Бұл ұйымға қосылу үшін потенциалды мүше-мемлекет ТМД мақсаттары мен міндеттеріне қосылып, Жарғыда қамтылған міндеттемелерді алып, барлық мүше-мемлекеттердің келісімін алуы тиіс. Сонымен қатар, Жарғымен ассоциацияланған мүше және бақылаушылардың мәртебесі анықталған. Ассоциацияланған мүшелер деп ассоциацияланған мүшелік туралы келісімдермен анықталған шарттарға сәйкес ұйымның жекелеген қызметінің бағыттарында қатысатын мемлекеттер болып табылады. Ал бақылаушы деп Мемлекет басшыларының Кеңесінің шешімі бойынша Достастық органдарының мәжілістерінде өкілдері қатыса алатын мемлекеттерді қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда, 2001 жылғы соңғы мәліметтер бойынша ТМД-ға мүше-мемлекеттер мемлекеттер: Ресей, Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Өзбекстан, Беларусь, Әзірбайжан, Армения, Молдова болып табылады. Түрікменстан 2005 жылдың 26 тамызындағы ТМД-ның Қазандағы саммитінде ұйымда ассоциацияланған мүше ретінде қатысатындығын мәлімдеді. Украина ТМД-ның Жарғысын бекітпеді, сол себепті де-юре ол Достастықтың мүше-мемлекеті болып табылмайды, бірақ ТМД-ның құрылтайшы мемлекеттер және қатысушы мемлекеттер қатарында.

2008 жылғы мемлекеттер басшылары деңгейіндегі басқосулардың мазмұнына келер болсақ, қазанда Бішкекте өткен Тәуелсіз мемлекеттер достастығы саммитінің қорытындысы бойынша бірқатар маңызды құжаттар қабылданды. Олардың қатарында Ұлы Жеңістің 65 жылдығын атап өту және оған дайындық жүргізуі іс-шараларының жоспары, Достастық елдерінің ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастық тұжырымдамасының жобасы, шекара ынтымақтастығы туралы конвенция жобасы, т.б. құжаттар бар. Сондай-ақ мемлекет басшылары, Достастықтың Аймақаралық және шекара ынтымақтастығы жөніндегі кеңесі туралы келісімге қол қойды.

2009 жылғы ТМД шенберіндегі басқосулар, ТМД-ның құрылғанына 18 жыл толуына орайластырылып қазанда Кишиневте Достастыққа мүше-мемлекеттер Үкімет басшыларының кеңесінің

отырысы, артынан Мемлекет басшыларының кеңесінің отырысы болып өтті. ТМД үкімет басшылары 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған достастық елдерінің экономикалық даму стратегиясын бекітті. ТМД-ның Кишиневтегі саммитінде 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған достастық елдерінің экономикалық даму стратегиясы мақұлданды. Кеңейтілген құрамдағы үкімет басшылары саммитінде ТМД Атқару комитетінің төрағасы – Атқарушы хатшы Сергей Лебедевтің атап өткеніндей, «қазір құжат мемлекет басшылары алға қойған талаптар мен мақсаттарға жауап береді». Стратегия нақтылы жоспарларды әзірлеу арқылы үш кезеңде іске асырылатын болады. Өз ұсыныстарын Қазақстан, Беларусь, Қырғыз Республикасы, Молдова, Ресей, Өзбекстан, Украина берді. Біз келесі жылдың бірінші жартысында жоспар жобасының мазмұны бойынша нақтылы ұсыныс даярлаймыз деп ойлаймыз», – деп мәлімдеді С. Лебедев.

Стратегияның мақсаты ТМД-ға қатысушы-мемлекеттердің экономикалық дамуына тың тыныс беру, тұрақты және тепе-тең экономикалық өсуді, экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, халықтың әл-ауқатын және өмір сүру сапасын арттыру болып табылады.

2009 жылғы ТМД-ға мүше-мемлекеттердің бейресми басқосуы Алматыда желтоқсанда өтті. Достастық елдерінің президенттері: Армениядан Серж Саргсян, Беларусьтен Александр Лукашенко, Қырғыз Республикасынан Құрманбек Бакиев, Ресей Федерациясынан Дмитрий Медведев және Тәжікстан Республикасынан Эмомали Рахмон, Түрікменстаннан Гурбангулы Бердымұхаммедов Қазақстан Республикасына келді. Мемлекеттер басшылары келіссөздерінің аясында аймақтық өзара ықпалдасу мен қазіргі қауіп-қатерлерге қарсы әрекет етудің көкейкесті мәселелерін, экономикалық ынтымақтастықтың барысын, соның ішінде, ЕурАзЭҚ шеңберінде Кеден одағын құру және Беларусь, Қазақстан және Ресейдің Біртұтас экономикалық кеңістігін құру үдерісін талқылады. Сонымен қатар, 2010 жылы Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі туралы пікір алмасу болып өтті. Кездесудің қорытындылары бойынша Кеден одағына қатысушы елдердің – Қазақстанның президенті Нұрсұлтан Назарбаев, Ресейдің президенті Дмитрий Медведев пен Беларусьтің президенті

Александр Лукашенко Біртұтас экономикалық кеңістікті (БЭК) құру бойынша бірлескен іс-қимылдардың жоспарына қол қойды.

Соңғы өткізілген жылдардағы саммиттердің барысында да мүше-мемлекеттердің арасындағы өзара ынтымақтастықтың бағдарлары айқындалды. Әсіресе, ТМД шеңберіндегі әр жылдың бір тақырыптық ауқымда өткізілуіне байланысты сол саладағы байланыстарға мүше-мемлекетте райрыққа көңіл бөледі. ҚР-ның СІМ-нің ресми сайтының мәліметтеріне сәйкес 2011 жылғы 21 желтоқсанда Мәскеу қаласында өткен мерейтойлық саммит барысында Мемлекеттердің басшылары Достастығы 20 жылдық жұмысының қорытындыларын және оның дамуының болашағын бағалай отырып, осы формат шеңберіндегі ынтымақтастыққа өз ұстанымын растады. Сондай-ақ, тараптар Достастығы жұмысының нәтижелілігін артыруға мүмкіндік туғызуға ниет білдірді. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің арасындағы мәдениет байланыстарды дамыту мақсатында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Мемлекеттер басшыларының кеңесі 2012 жылды Астана және Мары қалаларын Достастықтың мәдени астаналары деп жариялап, 2011 жылғы 20 желтоқсанда Қазақстан Республикасында және Түрікменстанда «Достастығының мәдениет астаналары» атты мемлекетаралық бағдарламасын пилоттік тәртіпте іске асыру туралы шешімді қабылдады. «Бір жыл – бір тақырып» формуласы бойынша жұмыс принципін ескере отырып, 2012 жыл экономика саласындағы байланыс және информатизацияға арналса, ал гуманитарлық саласында Спорт және салауатты өмір салты жылы деп жарияланды. Бұл дәстүр 2012 жылғы желтоқсанда өткізілген мемлекет басшылары деңгейіндегі кездесуде де жалғасын тапты. Биылғы жылдың 15 мамырында ТМД-ға мүше елдер Мемлекет басшылары кеңесінің шешімімен 2013 жыл «Экологиялық мәдениет және қоршаған ортаны қорғау жылы» болып жарияланды. 2013 жылдың 5 желтоқсандағы Ашхабадтағы Мемлекет басшылары кездесуінде жиырмаға тарта мәселені талқылады. Ең маңызды бастама, отырыста «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығын жоғары деңгейде атап өтуге дайындық шаралары жөніндегі» шешім қабылданды. Кеңеске қатысушылар Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің Достастық елдерін біріктіретін негізгі тарихи оқиға екенін, сол себепті бұл күнді жоғары деңгейде атап

өту – қазіргі көзі тірі соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне көрсетілетін құрмет екенін атап өтті. «Достастықтың мәдени астаналары» мемлекетаралық бағдарламасы қабылдануына байланысты «Достастықтың мәдени астанасы» болып Қазақстанның елордасы – Астана қаласы мен Түрікменстанның Мары қаласы белгіленді.

Достастыққа мүше елдердің гуманитарлық саладағы ынтымақтастығын дамыту төңірегінде мәселе қозғалды. Кеңес отырысында тараптар әскери және қауіпсіздік саласына қатысты мәселелер жайын да назарда ұстады. Бұл ретте олар ТМД елдерінің қорғаныс саласына қажетті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау бағытындағы ынтымақтастық туралы келісім, Терроризм мен экстремизмге қарсы күрес жұмыстарын жүргізетін мүдделі органдарды материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуде ынтымақтастық орнату жөніндегі келісім, Антитеррорлық іс-шаралар жұмысын үйлестіретін құзырлы органдар үшін арнайы мамандар шоғырын даярлау мен олардың кәсіби біліктілігін жетілдіру бағытында Достастық елдерімен әріптестік байланыс орнату туралы келісім жобалары жайын қозғады.

Нәтижесінде 2000 жылдан бергі өткізілген ТМД шеңберіндегі басқосуларда мүше-мемлекеттердің ынтымақтастығы тек экономикалық саламен шектелмей, лаңкестікпен күрес, есірткі тасымалымен күрес секілді өзара байланыстармен толықты. Алайда ТМД-да қабылданған құжаттардың жүзеге аспай қалғандары да жеткілікті. Мұндай деңгейдегі қарым-қатынастардың дамуы ең алдымен, мүше-мемлекеттердің мүдделерінің алуандығымен байланысты болып отыр. ТМД мемлекеттерін КСРО-ның құлауынан кейін интеграциялық әрекеттестікті жаңа негізде барынша нығайтуға қатысты ниеттестігіне қарамастан, өзара байланыстардың дамуы ойлағандай бағытта дамымады. Әсіресе, өзара экономикалық қарым-қатынастардың нашарлауы 1993 жылы ортақ рубльдік аймақтың таратылуынан кейін көрініс тапты. Тәуелсіздік алған кезеңнен бастап посткеңестік мемлекеттердің геосаяси бағыты мен сыртқы саяси байланыстарды таңдау Достастықтан тыс орналасқан елдермен байланыстарды дамытуына әкелді. Сонымен қатар, 2000 жылдан бергі кезеңде ТМД-ға мүше-мемлекеттердің саяси-экономикалық саладағы байланыстар ортақ мүдделер

біріктірген өзге Ұжымдық қауіпсіздік келісім-шарты ұйымы, Орталық-Азиялық экономикалық қауымдастық және Ортақ экономикалық аймақтық ұйымдар шеңберінде белсенді түрде дами бастады. Осындай ұйымдардың біріне жаңадан құрылған Еуразиялық экономикалық қоғамдастық айналды.

2000 жылдың 23 мамыр күні Минскіде Беларусь, Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы мен Тәжікстанның Мемлекетаралық кеңесі Кедендік одақтың негізінде Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіру, кедендік шекаралар мен сыртқы экономикалық байланыстарды қалыптастырумен байланысты халықаралық экономикалық ұйымды құру туралы шешім қабылдады. Мұндай қадамды жасау қажеттілігі Кедендік Одақтың қатысушысы болған бес мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік және құқықтық салалардағы жаңа қарым-қатынастар жүйесін қалыптастыруға бағытталған экономикалық интеграцияны дамыту керектігімен байланысты болды. 2000 жылдың 10 қазанында Астанада Беларусь, Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Ресей мен Тәжікстан президенттері Еуразиялық экономикалық қауымдастықты құру туралы келісімге қол қойды. ЕурАзЭҚ оған кіретін мемлекеттер арасындағы ортақ кедендік шекараларды қалыптастыру, ортақ экономикалық, кеден, баға және ортақ нарықтың басқа да құрамдас салаларындағы саясатымен байланысты қызметтер жүктелген халықаралық экономикалық ұйым ретінде белгіленді. 2003 жылы ЕурАзЭҚ БҰҰ-мен халықаралық ұйым ретінде бекітіліп, оған бақылаушы мәртебесі берілді.

Қазіргі күні бұл ұйымға мүше-мемлекеттер – Қазақстан Республикасы, Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы.

Қорытындылайтын болсақ, КСРО ыдырауына кейін пайда болған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы қазіргі күні посткеңестік аумақтағы мемлекеттердің басын қосатын маңызды негізгі ұйымдардың біріне айналды деуге толық негіз бар. Ұйымның даму кезеңдерін қарастыру нәтижесінде оның шеңберінде қабылданған құжаттардың бірқатарының толыққанды жүзеге асқанына қарамастан, бұл ұйымның мемлекеттердің арасында өзекті мәселелер бойынша кеңес алмасушылық сипатта болуы-

мен маңыздылыққа ие болып отырғандығын көрсетіп отыр. ХХІ ғасырдың басында қазақстандық саясаткерлер мен сарапшылар ТМД-ның келешегінің дамуын үш жолын ұсынған болатын. Сол үш жолдың ішінде саясатшылар мен сараптамашылардың көбісі дамудың екінші жолу болуын болжамдаған еді. Яғни, оған сәйкес ТМД-дағы жағдай біршама ұзақ уақыт бойы нақты емес болып қала береді. Оның шеңберінде жылына екі-үш рет мемлекет пен үкімет басшыларының кездесулері өтіп, орындауға міндетті емес шешімдер қабылданады. Достастық мүше-мемлекеттердің саяси, қоғамдық-әлеуметтік, экономикалық салалардағы әртүрлі мәселелер бойынша ой-пікір алмасатын және басым көпшіліктің ұстанымдары мен пікірлерінің ортақтығына қол жеткізуге мүмкіндік беретін ұйым ретінде сақталады. Шын мәнісінде де, ТМД-ның қазіргі дамуы осы бағытта дамуда. Дегенмен ұйымның кеңес алмасушылық сипатқа ие болуына қарамастан, ол қатысушы мемлекеттердің арасындағы жаңа ынтымақтастық бағыттарының немесе ЕурАзЭҚ сияқты жаңа аймақтық құрылымдардың қызметіне негіз қалауымен маңызды болып отыр. Сондықтан ТМД-ның рөлі посткеңестік кеңістік мемлекеттері үшін өз маңыздылығын жоғалтпақ емес.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. ТМД қандай құжаттардың негізінде құрылды?
2. ТМД-ның қазіргі уақытқа дейінгі қызметінде қандай негізгі кезеңдерді бөліп көрсетуге болады?
3. 1991-1993 жылдар аралығындағы Достастық қызметінің ерекшеліктерін талдаңыз.
4. ТМД дамуының екінші кезеңінде қандай маңызды интеграциялық бастамалар мен жобалар ұсынылды?
5. Достастықтың қызметінің үшінші кезеңінде көтерілген ұйымды реформалау мәселесінің мәнісі мен барысын ашып көрсетіңіз.
6. ТМД дамуының төртінші кезеңіндегі Қазақстанның ұйымды реформалауға қатысты ұсыныстарының мәнісі мен маңыздылығын талдаңыз.
8. ХХІ ғасырдағы ТМД шеңберінде қандай жаңа интеграциялық құрылымдар пайда болды және оның себептері қандай?
9. ТМД-ның келешегіне қатысты өз пікіріңіз қандай?

2.3. Н. Назарбаевтың еуразиялық идеясының интеграциялық үдерістердегі ролі

Бүгінгі уақытта Қазақстан Республикасы халықаралық қатынастардағы өзінің саяси-экономикалық мүмкіндіктері бойынша әлемді мойындатқан беделді мемлекетке айналды. Тәуелсіздік алған 20 жылдан астам уақытта мемлекетіміздің әлеуеті артып, әр түрлі саладағы көптеген жетістіктерге жеттік. Әсіресе, соңғы жылдардағы Қазақстан Республикасының Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы сияқты аймақаралық байланыстарды дамытатын ұйымдардағы төрағалық міндетін абыроймен атқарып шығуы еліміздің халықаралық қауымдастағы ірі жетістіктерін көрсетеді. Мұндай еліміздің айқын табыстары оның осы уақытқа дейінгі ішкі және сыртқы саясатының дұрыс бағытта дамығандығын айқындайды.

1991 жылдан бері Қазақстан Республикасының басшылығы демократиялық әр бейбіт мемлекет ретіндегі даму жолын таңдайтынын мәлімдеді. Біздің еліміз посткеңестік кеңістіктегі тәуелсіздігін алған мемлекеттердің ішінде алғашқы болып ядролық қарудан бас тартуға ұмтылысын білдірді. Тәуелсіздік алған жылдан бастап Қазақстан Республикасының басшылығы өзінің негізгі сыртқы саясатын айқындады. 1991 жылдың 2 желтоқсанында елбасы Н.Ә. Назарбаев президенттік сайлау нәтижелері бойынша өткізілген баспасөз-конференциясында алғаш рет елдің сыртқы саяси бағдарын көпжақты сипатта болатындығын мәлімдеді. Сонымен қатар орталықта орналасқан мемлекет ретінде Қазақстан Еуропа мен Азия арасындағы көпірге айналуы тиіс деп жариялады. Ал Қазақстан Республикасы Шығыс немесе Батыстың арасында қайсысына бағытталады деген сұраққа елбасы Н.Ә. Назарбаев еліміздің ашықтығын мәлімдеп, республиканың әлемнің барлық мемлекеттерімен экономикалық және саяси байланыстарды дамытуға мүдделігін танытты. Сонымен қатар елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстан тек азиялық құрлықпен шектелмейді. Республикамыз Еуропа мен Азия арасындағы арасалмақты сақтай білуі тиіс», – деп жариялады.

Бұл елбасының мәлімдемесі негізінде Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты қазіргі уақытқа дейін көпжақты

сипатта дамып келеді. 1991 жылдан бергі еліміздің сыртқы саясатында белгіленген көпвекторлық бағдар әлемнің әр түрлі аумақтарымен маңызды идеялар және бағдарламалардың негізінде өзара ынтымақтастықты дамытуға мүмкіндік берді. Осындай Қазақстанның сыртқы саясатындағы маңызды рөлге ие болған идея ретінде елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Еуразиялық Одақты құру туралы ұсынысын айрықша атап өту қажет.

Еуразияшылдық қазіргі уақыттағы Қазақстандағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Еуразияшылдық мәселесі ҚР-ның Президенті Н.Ә. Назарбаевтың еңбектері мен баяндамаларында айрықша орынға ие.

Алғашқы рет елбасы Н.Ә. Назарбаев еуразиялық идеяны 1994 жылдың 22 наурызындағы Лондондағы «Чатем-хаус» аталған халықаралық мәселелер бойынша Патшайымның институтында сөз сөйлеуінде ұсынды. Ал 1994 жылдың 29 наурызындағы Мәскеу Мемлекеттік университетінің профессорлық-оқытушылық құрамымен кездесуде Еуразиялық одақты құру жоспарлары толықтырылып, ресми жоба ретінде 1994 жылдың 3 маусымында «Мемлекеттердің Еуразиялық Одағын құру туралы» аталған құжатта жарық көрді. Еуразиялық одақты құру моделі идеясы кездейсоқ емес. КСРО ыдырауынан кейін ТМД-ның қайта құрылған бірлестігі ауыр жағдайда дамыды, еуразиялық аймақ елдерінің өзара байланыстарын нығайту мақсатында жаңа қадамдар жасау қажет болды. Осындай интеграциялық бірлестікке Еуразиялық одақ айналуы тиіс еді.

1994 жылы ұсынылған елбасының еуразиялық идеясының негізгі саяси мәні – интеграция негізінде максималды түрде Шығыс пен Батыстың жаһандық жақындасуына ықпал ету ұмтылысы болды.

1994 жылғы елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Еуразиялық идея туралы жобасына сәйкес: «Еуразиялық Одақ – әрбір қатысушы мемлекеттің ұлттық-мемлекеттік мүдделерін жүзеге асыруға бағытталған және жинақталған интеграциялық мүмкіндіктері бар тең құқықты тәуелсіз мемлекеттердің одағы. Еуразиялық Одақ тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту, посткеңестік кеңістікте әлеуметтік-экономикалық жаңаруды жүзеге асыру мақсатында құрылатын егеменді мемлекеттердің интеграциясының түрі бо-

лып табылады. Экономикалық мүдделер тәуелсіз мемлекеттердің жақындасуының негіздерін қалайды. Еуразиялық Одақтың саяси институттары бұл мүдделерді нақты сипаттап, экономикалық интеграцияға ықпал етуі керек».

Тарихтың дамуының логикасы да әлемдік қауымдастыққа интеграцияның тек Достастыққа мүше барлық мемлекеттердің ортақ ұмтылыстарын салғанда мүмкін болатындығын көрсетті. Сол себепті елбасы Н.Ә. Назарбаев Еуразия құрлығындағы мемлекеттерінің басын қосатын жаңа интеграциялық құрылымды құру туралы жобасын ұсынды. Бұл жоба 1994 жылғы қазандағы ТМД мемлекеттер басшыларының саммитінің күн тәртібіне енгізіліп, мүше-мемлекеттер тарарыпынан толық қолдау таппады. Бірақ уақыт өте келе өзара келіссөздер мен талқылаулардың нәтижесінде Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың Еуразиялық одақты құру туралы идеясы жүзеге аса бастады.

Ең алдымен, ТМД кеңістігінде өзара интеграциялық байланыстар дамып, жаңа бірлестіктер пайда болды. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2004 жылғы халықаралық конференциясында мәлімдемесінде атап өткендей: «Еуразиялық Одақ мәселесіне қатысты 4 негізгі қағида басшылыққа алынды:

- біріншіден, интеграция ең алдымен экономикалық мүдделестікке негізделіп, прагматикалық сипатқа ие болуы тиіс;
- екіншіден, әр түрлі жылдамдықтағы және көпжақты интеграция идеясы;
- үшіншіден, қауіпсіздікті қамтамасыз ету тек бір елдің ұмтылыстарымен жүзеге аспайды, аймақтық қауіпсіздіктің механизмдерін іздеу қажет;
- төртіншіден, интеграцияны дамытуға өз еркімен келу».

Елбасы Н.Ә. Назарбаев Еуразиялық Одақтың қызметінің осындай негізгі бағыттарын айқындап қана қоймай, өз сыртқы саясатында еуразиялық идеяны жүзеге асыруға ұмтылды. 1990-жылдардың басынан-ақ, ҚР-ның Президенті Н. Назарбаев еуразиялық интеграция бойынша бастамаларды ұсынды.

1994 жылы елбасы Н.Ә. Назарбаев ұсынған еуразиялық идеяны жүзеге асырудың алғышарты ретінде, алдымен, ТМД шеңберінде Кедендік Одақ құрылды. Сонымен қатар 1994 жылдың

сәуірінде Қазақстан, Қырғызстан мен Өзбекстан Президенттері үш мемлекеттің арасындағы Ортақ экономикалық кеңістікті құру туралы келісімшартқа қол қойды. 1994 жылдың шілдесінде Орталық Азиялық Одақ ұйымына қатысушы мемлекеттің басшылары Мемлекетаралық Кеңесті құрды, премьер-министрлер, сыртқы істер министрлерінің Кеңестерін бекітті. Ұйымның Жұмыс органы – Мемлекетаралық Кеңестің Атқарушы комитеті мен Орталық Азиялық ынтымақтастық және даму банкі құрылды.

1995 жылы Қазақстан, Ресей мен Беларусь Президенттері Кедендік Одақ туралы Келісімге қол қойды. Бұл келісім экономикалық интеграцияны жаңа сатыға көтерді. Кейіннен Кедендік Одаққа Қырғызстан мен Тәжікстан қосылды.

1996 жылы Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы мен Ресей Федерациясының Президенттері интеграциялық қарқынды жеделдету мақсатында Экономикалық және гуманитарлық салада интеграцияны тереңдету туралы Келісім-шартқа қол қойды. Оның басты мақсаты – тауарлардың, қызметтер, капитал мен жұмысшы күшінің еркін қозғалуына қажетті алғышарттарды қалыптастыру, шаруашылық субъектілердің тікелей байланыстарын нығайту және ортақ ақпараттық, білім мен гуманитарлық кеңістікті құру болып белгіленді.

1998 жылдың қарашасында Алматыдағы Кедендік Одақтың кезекті кездесуінде мемлекет басшылары «білім, ғылыми дәрежелер мен атақтар бойынша құжаттардың эквиваленттілігі, сонымен қатар, біздің елдің азаматтарына ЖОО-на түсуге тең құқықтарды беру туралы» келісімге қол қойды. Олар мемлекеттік үлгідегі аттестаттар, куәліктер мен дипломадарға таралды. Жоғары квалификациялық ғылыми мен ғылыми-педагогикалық қызметкерлерді аттестациялау саласындағы ынтымақтастықтың бағыттары анықталды.

ТМД кеңістігіндегі экономикалық саладағы келісімдердің шырқау шегі 2000 жылы Еуразиялық Экономикалық Қауымдастықты құруымен (ЕуразЭҚ) байланысты болды. Ол 2000 жылдың қазанында Астанада Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстанның Еуразиялық экономикалық қауымдастықты құру туралы келісімге қол қоюы негізінде дүниеге келді. Ұйымның бүгінгі таңға дейінгі қызметіне және оның шеңберінде атқарылған

жұмыстарға келер болсақ, ҚР-ның СІМ-нің мәліметтеріне сәйкес, оның бірінші халықаралық экономикалық форумы Мәскеуде 2001 жылдың 19-20 ақпанында өтті.

2001 жылдың 31 мамырында Минскіде ұйымның іс жүзіндегі қызметінің басталғандығы туралы жарияланды. ЕуразЭҚ-қа қатысушы мүше-мемлекеттердің басшылары Қауымдастықтың қызметін анықтаған негізгі құжаттарға қол қойып, посткеңестік интеграцияның тарихындағы жаңа бетті ашты. Онда өзара есептер үшін ресейлік рубльді пайдалану мен 2011 жылға дейін ЕуразЭҚ елдерінің ортақ валютасын енгізу, шекаралық кедергілерсіз еркін сауда аймағын құру туралы ұсыныстар талқыланды. Форумда мемлекетаралық көлік дәліздері мен біріккен энергетикалық жобалар да қарастырылды.

2002 жылдың сәуірінде Алматыда «Еуразиялық экономикалық саммит – 2002» өтті. Оның тақырыбы «Тұрақсыздық кезеңдерінде тұрақты өсуді қамтамасыз ету» болды. Саммиттің жұмысында Орталық Азия республикаларының, Кавказ, Ресей үкіметтерінің басшылары мен бірқатар халықаралық қаржы институттарының, соның ішінде, Әлемдік банк, Еуропа даму банкі, Ислам даму банкі, Батыс Еуропа мен АҚШ-тың ірі халықаралық компанияларының өкілдері қатысты. Басқосуда тараптар кең еуразиялық кеңістікте оқшаулану мен бытыраңқылықтың орнын интеграция мен өзара әрекеттестік басуы тиіс. Бұл – уақыттың талабы. Әлемдік қаржы институттары алдында Орталық Азияның мемлекеттері біздің ортақ су, инфрақұрылым, экологиялық мәселелерін шешуді қаржыландыру бойынша біріккен ұсыныстармен шығады,

2002 жылдың 26 сәуірінде Қазақстанда бірінші Еуразиялық медиа-форум өтті. Оған алыс және жақын шет мемлекеттердің журналистері жиналды. Форумның барысында конструктивті, қызу талқылаулар жалғасты. Еуразияның жаңа мыңжылдықтағы жаһандық үдерістердегі мүмкіндіктері, аймақтағы Ресей, Қытай мен АҚШ-тың рөлі қарастырылды.

2002 жылдың 13 мамырында Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың Мемлекетаралық Кеңесінің кезекті мәжілісі өтті. Басты назардағы мәселе – Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылу бойынша келіссөздерге сәйкес қауымдастық елдерінің өзара әрекеттесуі. Н.Ә. Назарбаев баспасөз конференциясын-

да мәжілістің нәтижелерін қорытындылай отырып, нақты осы мәселе бойынша келісімді аса маңызды құжаттардың қатарында атады. Өзара саудада арнайы қорғаныстық, демпингке қарсы және компенсациялық шараларды қоланбау жағдайында ішкі нарықтарды қорғау механизмін дайындау туралы мәселе шешілді.

2002 жылы жазда «ЕурАзЭҚ Іскерлік кеңесі» қауымдастығы құрылды.

2003 жылғы 27 сәуірдегі Душанбедегі басқосуда ЕурАзЭҚ-тың мемлекет басшылары деңгейіндегі Мемлекетаралық кеңестің мәжілісінде Қоғамдастықтың 2003-2006 жылдары дамуының басым бағыттары қолдау тапты. ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің Төрағасы, Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтағы іс ахуал және интеграциялық ынтымақтастықты жеделдету жөніндегі ұсыныстар туралы» баяндамасы қаралды, ол Қоғамдастықтың таяу болашақтағы негізгі мақсаттары мен міндеттерін белгілейді. Сондай-ақ, Қоғамдастыққа мүше мемлекеттер, экономиканың нақты секторында мүше мемлекеттердің өзара іс-қимылын дамытудың маңыздылығын тани отырып, Қоғамдастық шеңберіндегі интеграциялық процестерге іскер топтарды тарту жөніндегі жұмыстарды жандандыру туралы шешім қабылдады.

2003 жылы БҰҰ ЕуразЭҚ-қа халықаралық ұйым мәртебесін бекітіп, оған бақылаушы мәртебесін берді. Ал 2003 жылғы 27 сәуірдегі Душанбедегі басқосуда ЕуразЭҚ-тың мемлекет басшылары деңгейіндегі Мемлекетаралық кеңестің мәжілісінде Қоғамдастықтың 2003-2006 жылдардағы дамуының басым бағыттары қолдау тапты. ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің Төрағасы, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтағы іс ахуалы және интеграциялық ынтымақтастықты жеделдету жөніндегі ұсыныстар туралы» баяндамасы қаралды, ол Қоғамдастықтың таяу болашақтағы негізгі мақсаттары мен міндеттерін белгілейді. Сондай-ақ, Қоғамдастыққа мүше мемлекеттер, экономиканың нақты секторында мүше мемлекеттердің өзара іс-қимылын дамытудың маңыздылығын мойындай отырып, Қоғамдастық шеңберіндегі интеграциялық процестерге іскер топтарды тарту жөніндегі жұмыстарды жандандыру туралы шешім қабылдады.

2003 жылдың ақпанында Мәскеуде ЕурАзЭҚ-тың алғашқы Экономикалық форумы өтіп, онда ынтымақтастықтың әр түрлі бағыттары бойынша сындарлы пікір алмасулар болды және өзара қызығушылық туғызатын жобалар бойынша ұсыныстар енгізілді. Ұйымның қызметіне өзгеріс енгізген іс-шаралардың бірі аймақтық екі ұйымның біріктірілуі еді. 2005 жылғы 6 қазанда «Орталық Азиялық Ынтымақтастық» ұйымы мемлекет басшылары саммитінде бұл ұйымды Еуразиялық экономикалық қоғамдастықпен біріктіру туралы шешім қабылданды. Осылайша, Қауымдастықта Өзбекстан секілді тағы бір қатысушы мемлекет пайда болды. 2006 жылдың 25 қаңтарында Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовтің қатысуымен өткен ЕурАзЭҚ-қамүше-мемлекеттер басшыларының кезектен тыс саммитінде 2000 жылдың 10 қазанындағы Еуразиялық экономикалық қауымдастық құру туралы шартқа Өзбекстан Республикасының қосылуы туралы хаттамаға қол қойылды. Осылайша Өзбекстанның ұйымға толық құқылы мүшелігі рәсімделді. Бірақ уақыт өте келе, ЕуразЭҚ шеңберіндегі экономикалық ынтымақтастықты нығайту міндеті алға қойылды. Сол себепті 2007 жылдың қазан айында ЕуразЭҚ-тың Тәжікстан астанасы Душанбеде өткен Мемлекетаралық Кеңестің отырысында Кеден одағын құру туралы шешім қабылданды. ЕурАзЭҚ-тың қызметі барысында өзге де экономикалық мүдделестікке негізделген интеграциялық байланыстарды дамыту мақсатында жаңа бастамалар ұсынылды. Душанбедегі басқосуда Қазақстан, Ресей және Беларусьияның басшылары ЕуразЭҚ шеңберіндегі аумақта бірыңғай кедендік кеңістік құру туралы келісім-шартқа қол қойып, 2008-2010 жылдары Кеден одағын құру жөніндегі іс-әрекет Жоспарын бекітті. Осы жоспарға сәйкес 2007-2009 жылдары Кеден одағының құқықтық негізі қаланып, 50-ден аса маңызды халықаралық келісімге қол қойылды.

2010 жылдың қаңтарынан Қазақстан, Ресей мен Беларусьия кірген Кеден Одағының қызмет етуі елбасы Н. Назарбаевтың Еуразиялық Одағын қалыптастыру бағытындағы маңызды қадам болды. Кеден Одағы айрықша экономикалық интеграцияның үлгісі ретінде оған кіретін мемлекеттердің еуразиялық кеңістікте өзара тығыз экономикалық байланыстарын дамытуға қызмет етті. Осы уақытқа дейін Кеден Одағы шеңберінде қатысушы мемлекеттер

бірқатар іс-шараларды жүзеге асырды: үш мемлекеттің ортақ Кеден кодексі қабылданды; ортақ кеден тарифі белгіленді. 2007 жылдың 6 қазанында Душанбеде Қазақстан, Ресей мен Беларусьияның мемлекет басшылары ұлтүсті орган Кеден одағының Комиссиясын құру туралы Келісімге қол қойылды. 2012 жылдың 1 шілдесінен бастап үш мемлекеттің арасында ортақ кеден аумағы әрекет етуде. Ортақ кеден салықтары мен сыртқы сауданы тарифтік емес жолдармен реттеудің ортақ шаралары қолданылуда.

Үш мемлекеттің басшылары кеден нарығынан кейінгі келесі интеграцияның сатысы – ортақ экономикалық кеңістікті құру бағытында да іс-шараларды жүзеге асырылуда. Сонымен қатар 2011 жылдың 18 қарашасында үш мемлекеттің Президенттері Еуразиялық экономикалық комиссияның құрылуы туралы Декларацияға қол қойды. 2012 жылы Қазақстан, Ресей мен Беларусьия мемлекет басшылары қол қойған Ортақ экономикалық кеңістік туралы келісім күшіне енді. Осыдан бастап, жаңа ұлтүсті орган – Еуразиялық экономикалық комиссия қызметін бастап, ол Кеден Одағының Комиссиясының орнына келді. Комиссияның қызметі үш мемлекеттің үкіметтеріне бағынбайды. Оның шешімдері барлық қатысушы мемлекеттердің аумақтарында орындау үшін міндетті болып табылады. Еуразиялық экономикалық комиссияның негізгі міндеті – Кеден одағы мен Ортақ экономикалық кеңістіктің қызмет етуі мен дамуы үшін қажетті шарттармен қамтамасыз ету; интеграцияның кейінгі дамуы бойынша ұсыныстарды дайындау. Еуразиялық экономикалық комиссия туралы келісімнің 4-бабына сәйкес Комиссия оның Кеңесі мен Коллегиясынан тұрады. Комиссия Кеңесіне әр тараптан үкімет басшысының орынбасары болып табылатын бір өкіл кіреді. Ол бұл қызметке өз елінің заңнамасына сәйкес қажетті өкілеттіктерімен тағайындалады. Кеңестің жиналыстары қажет болған жағдайда тоқсанына бір рет өткізіледі. Ал Коллегия болса, Еуразиялық экономикалық комиссияның атқарушы органы болып табылады. Ол Кеден Одағы мен Ортақ экономикалық кеңістік шеңберіндегі интеграцияны дамыту саласында ұсыныстарды дайындайды. Коллегия 9 мүшеден құралған, оның бірі Коллегияның Төрағасы болады. Комиссия коллегиясы оның департаменттерін басқарады. Бұл қабылданған іс-шара мен үш мемлекеттің басшылығы арасындағы қызу

талқылаулар олардың еуразиялық негізде интеграциялық байланысты дамытуға ашық мүдделестігін айқындайды. 2011 жылы премьер-министр болған В. Путиннің «Известия» газетіне берген сұхбатында атап өткендей: «Біз енді Кеден Одағынан Ортақ экономикалық кеңістікке қадам жасаудамыз. 165 млн. тұтынушысы бар және унификацияланған заңнамасы, еркін капитал, қызмет пен жұмысшы күшінің қозғалысы бар кең ауқымды нарықты қалыптастырудамыз».

Кеден одағына қосылуға басқа мемлекеттер де өз ниетін білдіруде. ЕуразЭҚ-тың басқа мүше-мемлекеттерінің Кеден Одағына қосылу мәселесі 2007 жылдың 6 қазанындағы Қазақстан, Ресей мен Беларусь Президенттері қол қойған Хаттамаға сәйкес анықталады. 2009 жылы бұрынғы Қырғызстан Республикасының Президенті Қ. Бакиев ЕуразЭҚ-тың Мемлекетаралық Кеңесінің Төрағасы А. Лукашенкоға Қырғызстанның Кеден Одағының құқықтық негізін қалыптастыру жұмысында қатысуы туралы мәселені қарастыруды ұсынды. Бірақ Қырғызстандағы қақтығыстық оқиғалардың нәтижесінде осы мәселе тоқтатылды. 2011 жылдың 12 сәуірінде Қырғыз Республикасының қазіргі Президенті А. Атамбаев ЕуразЭҚ-тың Мемлекетаралық Кеңесінің Төрағасының орынбасарына өз елінің Кеден одағына қосылуды бастауға дайын екендігі туралы және Қырғыз Республикасының Кеден одағында қатысу мәселесі бойынша Жұмыс тобының қызметін қайта бастайтындығын ұсынды. Осыған байланысты, ЕуразЭҚ-тың Мемлекетаралық Кеңестің 30-шы мәжілісінде мемлекет басшылары Интеграциялық Комитеті мен Кеден Одағының Комиссиясының Хатшылығына Қырғыз Республикасының Кеден Одағына қосылу мәселесін зерттеуді тапсырды. Ресей Федерациясының президенті Дмитрий Медведев 2011 жылда ЕуразЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің Төрағасы болады. Мемлекеттердің басшылары Бірыңғай экономикалық кеңістік 2012 жылдың 1 қаңтарынан жұмыс жасай бастайтынын және басқа мемлекеттердің оған қосылуына ашық екенін белгіледі.

Осылайша, Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың Еуразиялық Одақ туралы идеясының *экономикалық өлшемі* бойынша нақты қадамдар жасалында деуге толық негіз бар.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Еуразиялық идеясы қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты нығайтуда да рөлі зор. Одақтың қауіпсіздік өлшемінде жүзеге асқан интеграциялық құрылым ретінде Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымын қарастыруға болады. 1992 жылдың 15 мамырында Ұжымдық қауіпсіздік шартына Ташкентте Армения, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан қол қойды. 1993 жылдың 24 қыркүйегінде Әзірбайжан, 1993 жылдың 9 желтоқсанында Грузия және 1993 жылдың 31 желтоқсанында Беларуссия мүше ретінде қабылданды. Оның негізгі мақсаты ретінде әскери-саяси ынтымақтастық және олардың кез-келгеніне қатысты шабуыл туындаған жағдайда әскери көмекті көрсету қажеттілігі болып жарияланды. Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымының қызметі әсіресе ХХІ ғасырдың басында қарқынды түрде дами бастады. Осы уақытқа дейін саяси себептерге байланысты Әзірбайжан, Грузия және Өзбекстан ұйымнан шығатындығын мәлімдеді. 2000 жылы ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен әдістерін жетілдіру мақсатында олардың мәртебесі туралы келісімге қол қойылып, 2001-2005 жылдардағы ұйымға қатысушы мемлекеттердің ұжымдық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыру бойынша негізгі іс-шаралардың жоспары бекітілді. 2001 жылдың тамызында Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы шеңберінде Орталық Азия аймағының жедел әрекет ету бойынша Ұжымдық күштері құрылатындығы туралы шешім қабылданды. Оның құрамында әскери батальонмен қатар, сәйкесінше қарулану және әскери техникамен қамтылған. Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы шеңберінде елбасы Н.Ә. Назарбаев тарапынан өзге де бастамалар ұсынылды. Солардың бірі 2007 жылғы 5-6 қазандағы Душанбедегі өткен ҰҚШҰ-ның сессиясы барысында ұсынылды. Елбасы Н.Ә. Назарбаев күн тәртібіне трансұлттық сипатқа ие экологиялық және энергетикалық қауіпсіздік мәселелерін қосуды ұсынды. Осылайша, қазіргі уақытта Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ) өңірдегі тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі өзара іс-қимыл мен үйлестіру жұмыстарының құралдарының бірі болып табылады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев еуразиялық идеяны қауіпсіздік саласында жүзеге асыруда посткеңестік кеңістікпен ғана шектелмейді. Қазақстан басшылығы еуразиялық құрлықтағы белді

интеграциялық құрылымдарда бастамашылығын танытып келеді. 2011 жылы маңызды оқиға – Еуропадағы Қауіпсіздік және Ғылымға Ұйымының Төрағалығын алғашқы рет бұрынғы КСРО мемлекеті иемденді. Бұл – посткеңестік кеңістікте тұрақты түрде дамушы мемлекет Қазақстан Республикасы болды.

ЕҚЫҰ-дағы ҚР-ның Төрағалығы әлемге Астананың бұл жұмысқа қабілеттілігін көрсетті. Себебі біздің ел Орталық Азияның көшбасшысы мен Еуроодақтың негізгі әріптесі екенін көрсетті. Қазақстанның ЕҚЫҰ-дағы төрағалығымен ескі мәселелер жаңа сипатқа ие болып, «еуразиялық бейнеге» ие болды. Республикада ЕҚЫҰ арқылы құрылған қауіпсіздік механизмдеріне құрметпен қарайды.

Қазақстанның Президенті Н.Ә. Назарбаев саммитте баяндама жасай отырып, бүгін Астанада еуро-атлантикалық пен еуразиялық қауымдастықтың ортақ пен бөлінбейтін қауіпсіздігінің қалыптасуы басталды. Мемлекет басшысының сөздері бойынша биылғы саммит бірінші рет Хельсинки Қорытынды актісінің қағидаларына сәйкес жүргізілуде.

ЕҚЫҰ-ның осы жолы өткізілген саммитінің ерекшелігі – оның Еуразияның жүрегінде, Еуропаның жағрафиялық шекараларынан мың километрлік жерде орналасуында. Бұл, ең алдымен, еуропалық қауіпсіздіктің парадигмасының өзгергендігін көрсетеді.

XXI ғасырдың басында еуропалық қауіпсіздіктің тұрақтылығының ең қауіпті қауіптері мен қатерлері оның шекарасынан тыс аумақта орналасуда. Мәселен, Ауғанстандағы проблемалық ошақта ЕҚЫҰ-ның 43 мүше-мемлекеттері тартылған. Қазақстан мәселені кешенді реттеудің стратегиясын дайындауға, экономика мен бейбіт өмірді қалпына келтіруді қолдайды.

Елбасы Н. Назарбаев атап өткендей, Қырғызстандағы өткір саяси дағдарыс Орталық Азиядағы жаңа қақтығыстардың катализаторы бола алады. Біз АҚШ, Ресей және басқа да әріптестермен осы аймақта қақтығыстың шарықтауының алдын алып, тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін ЕҚЫҰ-ның барлық инструменттерін тиімді пайдаландық.

Еуразиялық қауіпсіздік – бұл метафора емес, бұл өткір геосаяси факт. Сондықтан Астанадағы саммит – ЕҚЫҰ-ның жаһандық қауіпсіздіктегі келешегін талдауға жақсы мүмкіндік береді. ЕҚЫҰ-

ның кейінгі онжылдықтардағы негізгі міндеті – жоспарлы түрде қарама-қайшылықтарды шешу, соның ішінде қазіргі қызмет етіп жатқан мемлекетаралық бірлестіктер шеңберінде өзара сенім мен интеграцияны нығайту. «Батыс-Шығыс» линиясы бойынша бұл – бірі жағынан, Еуропалық Одақ пен НАТО-ның, екінші жағынан, ЕуразӘЖ пен ҰҚҚҰ арасындағы өзара әрекеттестікті жақсарту болып табылады.

Астана саммитінде елбасы Н. Назарбаев атап өткендей: «Қазақстан еуразиялық қауіпсіздік саласында байланыстырушы мемлекет болуға дайын. Біз 2011 жылдағы Ислам конференциясы ұйымындағы төрғалықты бүкіл Еуразия құрлығында сенімділікті нығайту үшін пайдалануға ұмтыламыз. Сонымен қатар біз Еуропалық қауіпсіздік туралы келісімді дайындау мәселесін бастауға дайынбыз».

Елбасы Н. Назарбаевтың еуразиялық идеясы бойынша еуразиялық кеңістіктегі мемлекеттердің өзара интеграциялық байланыстары экономикалық, қауіпсіздік сияқты салалармен қатар, мәдени салада да дамуы керек. Әрбір ұлттың жан дүниесі оның мәдениетінен көрініс табады десек, осы саладағы мемлекеттердің жақындасуы олардың өзара рухани тұрғыдан баюына әкелетіндігі анық. Қазақ елі де атам заманнан бері Батыс пен Шығыстың құнарлы мәдениетін бойына сіңіріп келеді. Қазіргі уақыттағы еліміздегі еуразиялық мәдени интеграцияның өмірге енуінің тамыры тереңде жатыр. Қазақстан аумағында өмір сүрген сақтар, үйсіндер, ғұндар, түріктер сияқты барлық тайпалар біздің аймақ арқылы өтіп, еуразиялық мәдениеттің қалыптасуында айрықша ізін қалдырған. Қытай және Ресеймен көрші болуы да еуразиялық мәдениеттің өзіндік ерекшелігін айқындады. Кеңес уақытында бұл үдеріс жалғасты. Тағдыр айдауымен еліміздің аумағына келген халықтар еуразиялық мәдениетке жаңа элементтер әкелді.

Қорытындылайтын болсақ, елбасы ұсынған Еуразиялық одақты құру идея бүгінгі уақыттағы еуразиялық интеграциялық үдерісте салмағы бәрінен басым тұр. XX ғасырдың 90-шы жылдарының басында Ресейдегі профессорлық-оқытушылық құрамның алдында ұсынылған бұл бастаманың посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттердің арасындағы интеграциялық байланыстарды ғана емес, еліміздің Еуропадағы қауіпсіздік және

ынтымақтастық ұйымындағы төрағалықты абыроймен алып шығу сияқты кең көлемді мүдделерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Н.Ә. Назарбаевтың еуразиялық идеясының тарихи маңыздылығы оның алдыңғы еуразияшылдық өкілдерінің көзқарасынан ерекшеленіп, өз ауқымын кеңейтуінде Еуразиялық идеясы елбасы тұжырымдамасына сәйкес бір бағытты монолог емес, көпжақты сипатқа ие болды. Қазіргі еуразияшылдық елеулі түрде өзінің ауқымын кеңейтіп, еуразиялық идеясының негізінде 1991 жылдан тәуелсіздігін алған Қазақстан халықаралық қатынастардың белсенді субъектісіне айналып, халықаралық еуразиялық диалогтың теңқұқықты және маңызды қатысушысы мәртебесіне көтерілді. Елбасы ұсынған еуразиялық тұжырымдама негізінде Қазақстан Орталық Азиядағы интеграциялық үрдістерге қосылумен қатар, ТМД шеңберінен тыс кеңістікпен де байланыстарды орнатты. Сол бастамалардың біріне 2010 жылдағы Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымындағы төрағалығы айқын дәлел бола алады. Еуразиялық идеяның түркі тілдес халықтармен байланыстарды дамытуда маңызды екендігін ескерер болсақ, елбасының ұсынған жобасының келешегі зор екендігі дау тудырмайды.

3.1. Армения Республикасы

Кавказ аумағы бұл – Еуропа мен Азияның шекарасында орналасқан географиялық аумақ. Ол батысынан Қара және Азов теңіздерімен, шығысында Каспий теңізімен, оңтүстігінде Армения, Грузия және Әзірбайжанмен шектелген. Дәстүрлі түрде Кавказдағы негізгі мемлекеттер болып Армения, Әзірбайжан мен Грузия табылады. Әрі осы елдердің барлығын кеңестік басқарудағы мемлекеттер ретіндегі ортақ тарихы мен тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде ТМД құрамындағы мүшелердің қатарында болуы біріктіреді.

Армения Республикасы – Кавказ тауларының оң жағында орналасқан мемлекет. Ел астанасы – Ереван. Армения солтүстік-батысында Грузия, шығыс, солтүстік-шығысында Әзірбайжан, оңтүстігінде Түркия, Иран мемлекеттерімен шектеседі. Жерінің аумағы 29,8 мың шаршы км, халқы 3 млн. (2007). Халқының 93%-дан астамы армяндар. Армения Армян таулы қыратының солтүстік-шығысындағы жанартаулық үстіртті алып жатыр. Ең биік жері – Арагац тауы (4090 м). Оның оңтүстік беткейінде әйгілі Бюрокан астрофизикалық обсерваториясы (расытханасы) орналасқан. Кен байлықтарынан мыс, молибден, алтын, темір кентасы, нефелин сиениті; құрылыс материалдарынан: туф, мәрмәр көптеп кездеседі.

Арменияның саяси жүйесіне келер болсақ, ол үш негізгі билік тармағы арасында бөлінеді. Негізгі заңы болып табылатын бірінші Конституция 1995 жылдың 5 маусымында бүкілхалықтық референдум нәтижесінде қабылданды. Қазіргі Арменияның Конституциясы 2005 жылдың 27 қарашасында референдум нәтижесінде қабылданды.

Конституцияға сәйкес Армения Республикасы – егемен демократиялық, әлеуметтік және құқықтық мемлекет. Мемлекеттік

билік Конституция мен заңдарға сәйкес атқарушы, заң шығарушы және сот билігіне бөлініп жүзеге асады.

Мемлекет басшысы – президент. Мемлекет басшысы, атқарушы биліктің басшысы Президент болып есептелінеді және ол 5 жылға сайланады. Президент Конституцияның орындалуын бақылайды, заң шығарушы, атқарушы және сот билігінің қалыпты түрде қызмет етуін қамтамасыз етеді. Ол Республиканың тәуелсіздігінің, аумақтық тұтастығы мен қауіпсіздігінің кепілі болып табылады.

Атқарушы билікті премьер-министр және министрлерден құралған үкімет жүзеге асырады. Президент депутаттардың басым көпшілігінің сеніміне ие болған тұлға немесе депутаттардың көп даусын жинаған адамды тағайындайды. Республика президенті премьер-министрдің ұсынысымен Үкімет мүшелерін тағайындайды және оларды қызметінен босатады.

Арменияның жоғарғы заң шығарушы органы – 131 депутаттан құралған Ұлттық жиналыс: соның ішінде 75 депутат мажоритарлық, ал 56-сы пропорционалдық қағида бойынша сайланады және оның өкілеттілігінің мерзімі төрт жыл. Жоғарғы заң шығарушы органы ретінде Ұлттық жиналыс бір палаталы парламент болып табылады. Жиналыс жалпы халықтық сайлау арқылы бес жылдық сайлаулардың негізінде сайланады. 2007 жылдан 41 депутат мажоритарлық бірмандатты сайлау округімен, 90 депутат – пропорционалды негізде сайланады. Соңғы парламенттік сайлау 2007 жылдың мамырында өтті және оның құрамы келесідей болды. Шамамен жарты орынды Арменияның Республикалық партиясы (пропорционалдық тізім бойынша 32,8%, 41 мажоритарлық округ бойынша орынның 21-ін иемденді. Екінші орынға Арменияның экс-президенті Робер Кочарян құрған және бизнесмен Гагик Царукян басқарған «Көркеюші Армения» партиясы шықты (14,7%). Оппозицияның өкілі ретінде – либералдық «Оринац Еркир» және «Мұра» Ұлттық-демократиялық партиялары сайлауға қатысты.

Армениядағы сот билігін Конституцияға сәйкес тек соттар жүзеге асырады. Армения Республикасында жалпы юрисдикцияның бірінші инстанцияның соттары, Апелляциялық Сот пен Кассациялық Сот қызмет етуде, ал заңмен қарастырылған

жағдайларда мамандырылған соттар жұмыс істейді. Армения Республикасындағы конституциялық әділ сот Конституциялық Сотпен жүзеге асырылады. Соттардың тәуелсіздігі Конституция және заңдармен кепілдік беріледі. Конституция және заңмен бекітілген тәртіпте Әділ сот қалыптасып, жұмыс атқарды. Армения Республикасының прокуратурасы Бас прокурор басқаратын ортақ жүйе болып табылады.

Арменияның саяси партиялары: Арменияның Республикалық партиясы, Армяндық жалпы ұлттық қозғалыс, «Ұлттық өзін-өзі анықтау» бірлестігі, «Арменияның Рамкавар-Азотакан» партиясы, «Шмирам»-әйелдер ұйымы, Армяндық революциялық федерация «Дашнакцутюн», Арменияның коммунистік партиясы.

Кеңестік Армения Республикасының қалыптасуы мен оның жағдайы. Армения аумағы жаңа заман кезеңінде-ақ Иран мен Түркия сияқты мемлекеттердің арасындағы ықпал ету күрес аумағы болған еді. XVI-XVIII ғасырлар Армения үшін Түркия мен Иран арасында соғыстар болып, нәтижесінде оның батысы Түркияға, шығысы Иранға қарады. Шығыс Грузияны өзіне қосып алған Ресей Арменияны қосып алу үшін Иранға қарсы соғыстарын бастады. 1828 жылғы орыс-иран соғысынан кейін Эриван, Нахичеван хандықтары Ресейге қосылды. XIX ғасырдың II жартысында Ресей Түркияның қол астындағы армян жерлерін тартып алу үшін Түркияға қарсы соғыс ашты. Кезекті орыс-түрік соғысынан (1877-78 жылдары) кейін Батыс Арменияның бірқатар жері Ресейдің меншігіне айналды. Ресейдің Армения аумағындағы ықпалын күшейту мақсатындағы саясаты XX ғасырда да жалғасын тапты. 1918 жылдың 28 мамырында Кавказдық Демократиялық Федеративтік Республиканың таратылуынан кейін Армения Республикасы құрылды. Оның құрамына Эривандық губерния мен Ресей империясының Карск облысы кірді. Арменияның тәуелсіздігін жариялау қарсаңында оның аумағының елеулі бөлігі түрік әскерлерімен жаулап алынған болатын. Сондықтан кей бөліктердегі жеңістерге қарамастан, қлаыптасқан қауіп жағдайында Армения 1918 жылдың 4 маусымында Осман империясының үкіметімен Бейбітшілік пен достық туралы келісімге қол қоюға мәжбүр болды. Түркия Арменияның сол уақытқа дейін Армения бақылаған аумақтың көлеміндегі тәуелсіздігін мойындады. Яғни,

ол Эриван және Эчмиадзан уездерімен шектелген болатын. 1918 жылы маусым-қазан айлары аралығында Армения Республикасы іс жүзінде Түркияның бақылауында еді. Арменияның кейінгі тағдырын анықтаған 1918 жылдың 30 қазанындағы Түркия мен Ұлыбритания арасындағы Мудросс бітіміне қол қойылды. Ол бойынша Түркияның Бірінші дүниежүзілік соғыстағы жеңілісі айқындалып, түрік әскерлерінің Кавказдан шығарылуы қарастырылды. 1918 жылдың қарашасында Түркия Арменияға өз әскерлерінің 1918 жылғы Брест бітімімен белгіленген шекарадан тыс аумақтардан шығатындығы туралы хабарландырды. 1918 жылдың қарашасында армяндық әскерлер Караклис, ал желтоқсанда Александропольге кірді. 1919 жылдың сәуірі-мамырында Армения үкіметі Карс, Олту және Кагызванда бақылауын орнатты. Армения үкіметі Қарабахта өз бақылауын орнатуға ұмтылды. Сондықтан Қарабах пен Занзегурдағы армяндық халыққа барынша қолдауын көрсетті. Алайда, 1920 жылдың сәуірінде Әзірбайжанда кеңестік биліктің орнатылуынан соң Қызыл Армия Қарабах пен Нахичеванды жаулап алды. Маусымның ортасына таман Қарабахтағы армяндық қарулы күштердің қарсылығы басып тасталынды. 28 шілдеде Нахичевандық кеңестік республика жарияланды. 10 тамызда Тифлисте РСФКР және Армения өкілдері бітім туралы келісімге қол қойды. Ол бойынша Қарабах, Нахичеван мен Занзегур уақытша Қызыл Армияның бақылауында қалды. Армяндық аумақта да кеңестік армияның әскерлері белсенді әрекет етті. Нәтижесінде 1920 жылдың 29 қарашасында Армяндық Кеңестік Социалистік Республика жарияланып, Арменияның Революциялық комитеті құрылды. 1920 жылдың 2 желтоқсанындағы Эриванда РСФКР мен Армения арасында келісімге қол қойылып, ол бойынша барлық билік Ревкомға өтті. 1922 жылдың 12 наурызында Армения Әзірбайжан және Грузиямен келісімге қол қойып, ол бойынша Кавказдық Социалистік Кеңестік Республикалардың Федеративті Одағын құрды. Бұл одақ 1922 жылдың 13 желтоқсанында Кавказдық Социалистік Федеративтік Кеңестік Республика (ЗСФКР) деп аталып, оның құрамындағы әрбір мемлекет егемендігін сақтап қалды. 30 желтоқсанда Армения Кавказдық Федерацияның құрамында Кеңес Одағына кірді. Бірақ осы жылы ұжымдастыру саясатына қарсылығын білдірген шамамен 25 мың армяндық Орталық Азияға

депортацияланды. Сталиндік елдегі тазарту нәтижесінде бірқатар үкімет министрлері, Армения компартиясының бірінші хатшысы Агаси Ханджян сияқты тұлғалар қаза болды. 1936 жылы ЗСФКР таратылып, оның құрамына кірген Армения, Әзірбайжан КСРО құрамындағы тәуелсіз одақтық республикалар болып жарияланды.

XX ғасырдың 20-30-жылдары Армениядағы саяси жағдайды орталық басшылық анықтады. Кеңестік Арменияда құрылған мемлекеттік жүйе егеменді мемлекеттілік сипатында емес еді, себебі толыққанды тәуелсіздікке тән бірқатар қызметтерін иемденбеді. Армяндық КСР шетелдермен дербес дипломатиялық қатынастар жүргізбеді, ұлттық қарулы күштері болмады және сыртқы сауда қызметімен айналыспады. Бұл барлық қызметтер одақтық үкіметпен жүзеге асырылды. Республикалық биліктің қарауында халық шаруашылығын басқару, заңдар мен үкімет қаулыларының орындалуын бақылау, жергілікті билік органдарын басқару, ағарту, мәдениет және т.б. салалардағы қызмет болды. Барлық қызметтер орталықтың қатаң нұсқауларына сәйкес орындалды. Сталиннің басқару кезінде елде партиялық орталық биліктің саясатын барлық өмірдің салаларында орнату, индустриализация, урбанизация және дінді қатаң бақылау жүзеге асты. XX ғасырдың 40 жылдары армяндық зиялы қауымның жаппай депортациясы орын алып, олар Орталық Азияға отбасыларымен айдалды.

Тәуелсіз Арменияның ішкі және сыртқы саясаты. 1990 жылдың 23 тамызында Армяндық КСР-ның Жоғарғы Кеңесі елдің тәуелсіз мемлекеттілігінің бекітілу үрдісінің басталуын сипаттаған «Арменияның тәуелсіздігі туралы декларацияны» қабылдады. Ол КСРО құрамындағы Армения Республикасы болып өзгертілді.

1991 жылдың 17 наурызында Армения КСРО-ның республика аумағында сақтау туралы референдумды жүргізуге қарсы болды. 1991 жылдың 21 қыркүйегінде КСРО-ның құрамынан Арменияның шығуы туралы және тәуелсіз мемлекеттіліктің орнату бойынша референдум өткізілді. Бұл сұраққа көптеген азаматтар қолдауын білдірді. Нәтижесінде Арменияның тәуелсіздігі туралы референдум өтті және нәтижесінде 99%-дық халық даусымен «Тәуелсіздік декларациясы» қабылданды. Референдумның қабылдану уақыты Мәскеудегі тамыз көтерілісіне тұспа-тұс келген еді, яғни бұл оқиғаның референдумдағы халықтың қолдауына ықпал етті деу-

ге толық негіз бар. 1991 жылғы 16 қазандағы президенттік сайлау өтіп, оның нәтижелері бойынша Л. Тер-Петросян жеңіске жетті. Оған сайлаушылардың 83,4%-ы дауыс берді. Сонымен қатар, Тер-Петросян 1996 жылдың 21 қыркүйегінде сайлаушылардың 51,75% даусын алып, екінші рет президент болып сайланды. Оның негізгі қарсыласы бұрынғы премьер болған Вазген Манукян 41,29% дауысты алды. Барлығы сайлауда сайлаушылардың 60,5%-ы қатысты. Сайлау барысында қатысқан халықаралық бақылаушылар елеулі заң бұзушылықтардың болғандығын, бірақ олардың сайлау нәтижелеріне әсер етпегендігін атап өтті. Еревандағы сайлаулардан кейін жаппай қарсылық әрекеттері орын алды. Оларға 200 мыңнан астам адам қатысты. 1996 жылдың 25 қыркүйегінде оппозиционерлердің бір бөлігінің парламент ғимаратына кіруге ұмтылыстарынан кейін полиция арнайы құралдарды пайдаланып, халықты таратты. Нәтижесінде 1998 жылы 3 ақпанда Тер-Петросян елдің президенті қызметінен отставкаға кетті. Оның қызметтен кетуінің басты себебі Таулы Қарабах мәселесіне қатысты Армения үкіметінің жікке бөлінуінде еді. Премьер-министр Роберт Кочарян, қорғаныс министрі Вазген Саргсян және ішкі істер мен ұлттық қауіпсіздік министрі Серж Саргсян президент Тер-Петросян ұсынған Таулы Қарабах қақтығысын реттеу бойынша жоспарды қолдамады. Бұл жоспар бойынша қақтығыс аумақтарын демилитаризациялау мен 1992-1994 жылдары қарулы әрекеттер барысында басып алынған жерлерді Әзірбайжанға қайтаруды қамтыды.

Президент Тер-Петросяның басқару жылдарындағы Арменияның ішкі саясатына келер болсақ, ең алдымен, елдің конституциясының қабылдануын атап өткен жөн. Ол 1991-1995 жылдары конституциялық комиссияның жұмысын басқарады. Нәтижесінде Конституцияның мәтіні 1995 жылдың шілдесінде қабылданды. Ал елдің экономикалық жағдайына келер болсақ, КСРО құлауынан кейінгі шаруашылық байланыстардың үзілуі халықтың басым көпшілігінің өмір сүру деңгейінің күрт төмендеуіне әкелді. Елдің экономикалық жағдайының нашарлауына 1992-1993 жылдары Таулы Қарабах бойынша Әзірбайжанмен соғыстың да әсері елеулі болды. Абхазияға қатысты мәселедегі араласуы нәтижесінде Арменияны сыртқы әлеммен байланыстырушы соңғы темір жол қоршалды. Нәтижесінде XX ғасырдың

80-жылдарымен салыстырғанда елдегі өндіріс 20%-ға төмендеді. Бұл қалыптасқан жағдайда ел үкіметі барлық мүмкін деген ұмтылыстарын салып, экономикалық жағдайды тұрақтандыруға кірісті. 1991 жылдың ақпанында посткеңестік кеңістіктегі алғашқы Жер туралы заң қабылданды. Заң бойынша жер жеке меншікке берілді; жерді сатып алу және сатуға рұқсат берілді; оны тіпті аграрлық сектордан тыс саладағы адамдар да ала алды. Елдің жеке меншікке өтуі ресейлік сарапшылардың пікірінше, халықтың жаппай ашығуынан құтқарды. 1997 жылға таман жеке меншікке ауылшаруашылық жердің 87%-ы тиесілі болды. 1993 жылдан шамамен толығымен төрт жылдың шеңберінде аяқталған өнеркәсіптегі жекешелендіру жүзеге асырылды. ТМД-ның өзге мемлекеттерімен салыстырғанда, Армения өз валютасын енгізуге асықпады, тек 1993 жылғы ТМД кеңістігіндегі рубль аумағының толық ыдырауынан кейін ғана қабылдады. 1995 жылы жаңа әкімшілік басқару жөнінде заң қабылданып, осы заңға сәйкес губернаторлар басқаратын 11 облыс (мазр) құрылды.

Армения президенті Тер-Петросян басқару жылдарындағы сыртқы саясатқа келер болсақ, негізгі сыртқы саяси мәселе бұл Таулы Қарабах мәселесі болды. Екі елдің арасындағы соғыс тәуелсіздік алғаннан-ақ басталды. Екі мемлекеттің бір-біріне ресми түрде соғысты жарияламауына қарамастан, іс жүзінде ұлттық армиялар толыққанды әскери әрекеттерді бастады. Соғыстың басталуына Таулы Қарабах мәселесінің өзін тәуелсіз деп жариялауы себеп болды. Яғни, 1991 жылдың 2 қыркүйегінде әзірбайжандық КСР-дың Шаумяндық аумағы мен Таулы Қарабах атономды облысы шекараларында Таулы Қарабах Республикасы жарияланды. Осы әрекетке жауап ретінде 1991 жылдың 23 қарашасында Әзірбайжан Таулы Қарабахтың автономдық мәртебесінің күшін жойды. 1991 жылдың 27 қарашасында Горбачевтің жоспарына сәйкес құрылған КСРО-ның Мемлекеттік Кеңесі Әзірбайжанның шешімін конституцияға қарсы әрекет деп жариялады. 1991 жылдың 10 желтоқсанында Таулы Қарабах Республикасы армяндық қоғам үшін бағдарланған тәуелсіздік туралы референдум өтті. 1992 жылдың 6 қаңтарында моноэтникалық Таулы Қарабах Республикасының тәуелсіздігі жарияланды. Бұл шешімдермен армяндықтардың Әзірбайжанмен қақтығысының ушығуына әкелді. 1992 жылдың

жазында соғыста әскери жетістіктер басымдығы Арменияның тарабына өтіп, армяндық күштер әзірбайжандық Сушу қаласын, Нахичеванға еніп, Лачинді жаулап алды. Осы арқылы армяндықтар Армения мен Қарабах арасындағы еркін дәліздің негізін қалады. 1993 жылдың көктемінде армяндық күштердің бақылауында Әзірбайжан аумағының 20%-ның 15%-ы тиесілі болды. Мұндай қақтығыстың дамуы жағдайында оны күшпен шешу мүмкін емес еді. 1994 жылдың 5 мамырында Бітім туралы Бішкек хаттамасына қол қойылды. 1993-1994 жылдары Армения шабуылы нәтижесінде Кельбаджар, Лачинск, Кубатлинск, Джабраильск, Зангиланск, Агдамск және Физулинск аймақтары жаулап алынды. Шамамен 1 миллион адам босқындарға және мәжбүрлі қоныстанушыларға айналды. Таулы Қарабахқа байланысты туындаған соғыс ТМД, Ресей мен ЕҚЫҰ сияқты халықаралық қауымдастық өкілдерінің араласуымен шешілді. ТМД-ның кейінгі жылдардағы басқосуларында Таулы Қарабах мәселесі екіжақты және көпжақты деңгейдегі талқылауларда қарастырылып, шешімдер қабылданды. Мәселен, 1995 жылы ТМД-ға мүше-мемлекеттер қол қойған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау туралы Меморандумға қол қойылды. Бұл құжатты қол қоюда Армения 7 және 8-пунктілерді мойындаудан бас тартты. Оған сәйкес «Мүше-мемлекеттер өз аумақтарында сепаратизм, ұлтшылдық, шовинизм мен фашизмнің кез келген көріністерінің алдын алу үшін шараларды ұйымдастырып, өзге мүше-мемлекеттердің аумақтарындағы сепаратистік қозғалыстар мен сепаратистік тәртіптерді қолдамауға және оларға экономикалық, қаржылай, әскери және басқа да көмек көрсетпеуге міндеттенді».

XX ғасырдың 90-жылдарының басында Арменияның сыртқы саяси бағытында ТМД шеңберінде де ынтымақтастық дамыды. Сыртқы саяси салада бұрынғы посткеңестік мемлекеттердің ішінде беловеждік келісімдерге қосылуға дайындығын білдірді. ТМД елдерімен екіжақты деңгейдегі қарым-қатынастарға келер болсақ, 1991 жылдың 29 желтоқсанында армяндық басшылық Ресеймен Достық, ынтымақтастық және өзара қауіпсіздік туралы келісімге қол қойды. Кейінгі ТМД шеңберіндегі үрдістерден де Ереван шет қалмады. 1992 жылы қыркүйекте РФ-мен шекаралық әскерлердің мәртебесі туралы келісімге қол қойды. 1993 жылғы ТМД Жарғысы

бекітілді. Ал 1995 жылдың наурызында ресейлік әскери базаның Арменияда орналасуына келісім берілді. 1993 жылдың қазанында Қазақстан Республикасы мен Армения Республикасы арасындағы қарым-қатынастардың негізі жөніндегі шартқа қол қойылды. Ал ТМД шеңберіндегі бірнеше мемлекет қатысқан ынтымақтастық үлгілеріне келер болсақ, олар әскери және экономикалық саланы дамыды. 1992 жылдың мамырында Армения ТМД-дағы Ұжымдық қауіпсіздік келісімшартының мүшесіне айналды. Армения Республикасы ТМД-дағы Экономикалық Одақтың және оның шеңберінде жасалынған көптеген келісімдердің мүшесіне айналды. Бұл ТМД шеңберіндегі байланыстар кейінгі Армения президенттері Кочарян мен Серж Саргсянның саясаты арқылы жалғасын тапты.

1997 жылдың наурызында Армения президенті Тер-Петросян Кочарянды елдің премьер-министрі етіп тағайындады. Ал 1998 жылдың ақпанындағы Тер-Петросяның отставкасінен кейін Кочарян оның міндеттерін уақытша атқарды. 1998 жылдың наурызында ол 59,5% дауыс жинап, Армения президенті болып тағайындалды. Кочарян президент болмай тұрып-ақ, 1998 жылдан Таулы Қарабах Автономдық облысының Әзірбайжан КСР-інен шығуын қолдаған Арцахск қозғалысының көшбасшыларының бірі болған еді. 1999 жылғы 27 қарашадағы Арменияның Ұлттық мәжілісі ғимаратындағы лаңкестік кезінде Кочарян армяндық депутаттарды тұтқынға алған әскери лаңкестермен келіссөздерді жеке жүргізді. Президент оларды жеке қауіпсіздік кепілдігімен өз бетімен берілуге көндірді. Алайда, лаңкестік әрекет нәтижесінде бірқатар Ұлттық жиналыс пен ел үкіметі өкілдері қайтыс болды.

2003 жылдың наурызында Кочарян 67,5% сайлаушылардың даусын алып, Армения президенті болды. Баспасөз беттерінде сайлау нәтижелерінің фальсификациясы және әкімшілік қысымның пайдаланғандығы туралы айыптаулар айтылды. Бұл жайтқа қарамастан, Арменияның Конституциялық Кеңесі Кочаряның жеңісін заңды деп тауып, бір жылдан кейін өзіне сенім туралы референдумды өткізуді ұсынды. Бірақ 2004 жылдың наурызында референдум өткізілмей, армяндық оппозиционерлердің көшбасшысы Степан Демирчян Ереванда жаппай митингілерді ұйымдастырып, қатысушылардың саны оң мыңнан асты. Бақылаушылардың

пікірінше, армяндық оппозиция Грузиядағы революция сияқты әрекет ұйымдастырып, бірақ Кочарян қатаң шаралар қабылдап, оппозиционерлердің қарсылығы тоқтатылды. Кочарян Таулы Қарабах мәселесіне де қатысты қатаң ұстанымды ұстанды. Кочарян бұл аумақтың Арменияға тиесілі болу керек деп есептеді. Ресейлік сарапшылардың пікірінше Кочарян Еуропаға бет бұрды. Яғни, ол Арменияның келешекте еуропалық құндылықтар негізінде және еуропалық мемлекеттік құрылым үлгісі бойынша құрылған ел ретінде көретіндігін мәлімдеді. Сол себепті Армения президент Кочаряның тұсында 2001 жылы Еуропа Кеңесіне және 2003 жылы ДСҰ-ға қабылданды. Сонымен бірге, армяндық сыртқы саясатта ресейлік бағыт маңызды болды. Яғни, ол армяндық-ресейлік бизнестің дамуына белсенді түрде ықпал етті. Оның тұсында Ресей Армения инвестициялар көлемі бойынша бірінші орынға шығып, оның көлемі 200 миллион долларды құрады. Бұқаралық ақпарат құралдары бірнеше рет Армения аумағында 102-ресейлік армия орналасуын жалғастырды.

2008 жылдың 19 ақпанында Арменияда кезекті президенттік сайлаулар өтіп, Кочарян қолдаған Серж Саргсян жеңіске жетті. Ол сайлаушылардың 52,86% даусын иемденді. Екінші орынды бұрынғы президент Тер-Петросян 21,5% -дық дауыспен иемденді. Соңғы сайлау нәтижелерін Тер-Петросян мойындамай, Ереванда бірқатар қарсылық акцияларын ұйымдастырды. 2008 жылдың 1 наурызында полиция оны қолдаған кезекті ереуілді таратып жіберді. Нәтижесінде ереуіл полициямен қарулы қақтығысқа ұласып, жаппай тәртіпсіздіктерге әкелді. Сондықтан Кочарян Ереванда төтенше жағдай енгізіп, оның әрекет ету мерзімі 2008 жылдың 21 наурызында тоқтады. 2008 жылдың 9 сәуірінен Саргсян Армения президенті қызметіне кірісті. Бұл қызметте ол әлі де басқарып отыр. Негізінен, Армения Ресеймен және Иранмен, Батыс елдері, соның ішінде АҚШ-пен достық қарым-қатынастарды сақтауға тырысуда. Алайда, Арменияның Таулы Қарабахқа қатысты мәселеде Әзірбайжанмен келіспеуі мен армяндардың геноцидін мойындауы көршілес Әзірбайжан және Түркиямен қақтығыстық қарым-қатынастардың себебіне айналып отыр. Арменияның қазіргі уақытта 150-ден аса әлем мемлекеттерімен дипломатиялық

қарым-қатынастары орнатылған және 40-тан аса халықаралық ұйымдардың, соның ішінде БҰҰ, Еуропа Кеңесі, ТМД, ЕҚЫҰ, ҰҚКҰ. Халықаралық валюталық Қор сияқты ұйымдарға мүше болып табылады.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Арменияның атқарушы билігін кім жүзеге асырады?
2. Армения аумағы ұзақ жылдар бойы жаңа заман кезеңінде қандай мемлекеттердің арасында таласқа түсті?
3. Армениядағы кеңестік билік қашан орнады?
4. Арменияның сыртқы саясатындағы Ресейдің рөлін ашып көрсетіңіз.
5. Президент Тер Петросянныйң басқаруы жылдарындағы елдің ішкі саясатын талдаңыз.
6. Қазіргі президент С. Саргсянның рөлі.

3.2. Әзірбайжан Республикасы

Әзірбайжанға жалпы сипаттама. Әзірбайжан Республикасы (парсы тілінен аударғанда азар «от», абадаган – «жинаушы») – Кавказдық оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан мемлекет. Ол солтүстігінде Ресей Федерациясымен, солтүстік-батысында – Грузиямен, оңтүстік-батысында – Армения және Түркиямен, оңтүстігінде – Иранмен шектеседі. Шығысында Каспий теңізімен шайылады. Астанасы – Баку қаласы. Әзірбайжан аумағының көлемі 86600 шаршы км. құрайды. Халқының саны жылдан-жылға артып келеді: 1939 жылы – 3,2 млн., 1959 жылы – 3,7 млн., 1987 жылы – 6,8 млн. және 1998 жылы – 7,7 млн., 2010 жылдың басына таман 9 млн. адамды құраған. Әзірбайжан халқының құрамы: әзірбайжандықтардың өзі – 90,6 %, қалған бөлігіне лезгиндер, орыстар, аварлықтар, грузиндер және т.б. кіреді.

2010 жылғы сәуірдегі Әзірбайжанның мемлекеттік статистикалық комитетінің мәліметіне сәйкес, қалада – 54,1 %, ауылда – 45,9 % адам тұрады. Елдегі орташа жас – 31, орташа өмір сүру ұзақтығы – 72,4 жас.

Әзірбайжанның саяси жүйесіне келер болсақ, 1995 жылдың 12 қарашасында қабылданған Конституцияға сәйкес, ол

демократиялық, құқықтық, зайырлы әрі президенттік формасы бар унитарлы республика болып табылады.

Мемлекеттік билік жүйесі негізгі үш билік: атқарушы, заң шығарушы және сот билігі тармағына бөлінген. Мемлекет басшысы және атқарушы биліктің басшысы президент болып саналады. Қазіргі таңда Әзірбайжан Республикасының президенті Ильхам Гейдарұлы Әлиев. 35 жастан асқан, Әзірбайжанда 10 жылдан астам тұрақты тұратын, сайлауға құқылы, университеттік жоғарғы білімі бар, оған қарсы ауыр қылмыс жасады деп айыпталмаған, басқа мемлекеттердің алдында міндеттері жоқ, тек Әзірбайжан азаматы Әзірбайжан Республикасының президенті болып сайлануға құқылы. Әзірбайжан Республикасының президенті 5 жыл мерзімге тікелей сайлау жолымен және жасырын дауыс беру арқылы сайланады. Мемлекеттің президенті дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың үштен екі дауыстарының басым көпшілігімен сайланады. Сондай-ақ, президент Әзірбайжан Республикасының Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы болып табылады. Президент өз Әкімшілігін қалыптастырады және өзінің конституциялық міндеттерін орындау үшін қажетті жағдайлар жасау мақсатында өзінің басшысын тағайындайды.

Атқарушы билікті Әзірбайжан Республикасының президенті басқарады. Атқарушылық міндеттерді ұйымдастыру және іске асыру мақсаттарында Әзірбайжан Республикасының президенті Министрлер Кабинетін құрады, ол президенттің Атқарушы билігінің жоғарғы органы болып табылады және оның алдында есеп береді. Әзірбайжан үкіметінің құрамына Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қаржы министрлігі, Еңбек және халықты қорғау министрлігі, Экология және табиғат ресурстары министрлігі сияқты сан-салалы бағытта жұмыс істейтін министрліктер кіреді. Әзірбайжанда Мемлекеттік Кеден комитеті, Діни Құрылымдар Істері жөніндегі мемлекеттік комитет, Орталық Банк, Мемлекеттік Мұнай қоры, Босқындар мен мәжбүрлі көшпенділер істері жөніндегі мемлекеттік Комитет, Мемлекеттік Статистика комитеті, Шетелдерде тұратын әзірбайжандар істері жөніндегі мемлекеттік комитет және Стандарттау, метрология мен патенттер жөніндегі мемлекеттік комитет, Жер жөніндегі мемлекеттік комитет бар.

Заң шығарушы билікті Әзірбайжан Республикасының Парламенті – Милли Меджлис, сот билігін – тәуелсіз соттардың басқаруы жүзеге асырады. Милли Меджлиске 125 депутат кіреді. Олар мажоритарлық жүйемен, тікелей сайлау жолымен, еркін, дербес және жасырын дауыс беру арқылы сайланады. Милли Меджлистің әрбір шақырылымы қарашаның бірінші сенбісінде бес жыл мерзімге сайланады. Милли Меджлис депутаттарының өкілеттік мерзімдері парламенттің өзінің өкілеттік мерзімдерімен шектелген. 25 жасқа толған Әзірбайжан Республикасының әрбір азаматы заңмен бекітілген ережелердің шеңберінде депутат – Милли Меджлистің мүшесі болып сайлана алады. Қос азаматтығы бар, басқа мемлекеттерде қызмет атқаратын, атқарушы немесе сот билігінде еңбек ететін, ғылыми, шығармашылық және оқытушылық қызметтерді қоспағанда, айрықша нысанда төленетін еңбекпен байланысты адамдар, діни органдардың министрлері, қызметсіздігі сотпен дәлелденген тұлғалар, сот шешімімен жазасын өтеуші адамдар депутат болып сайлана алмайды.

Әзірбайжан Республикасындағы сот билігі Конституциялық, Жоғарғы, Апелляциялық және Экономикалық Соттардан тұрады. Конституцияның 7-бабы бойынша Заң шығарушы, Атқарушы және Сот биліктері өзара үйлесімдікті сақтай отырып, байланыстарды дамытады және өз өкілеттіктерінің шеңберінде тәуелсіз болады.

Әзірбайжанның саяси партиялары: «Жаңа Әзірбайжан», Әзірбайжанның ұлттық майданы, Ұлттық тәуелсіздік партиясы, Мусават, Әзірбайжан халық партиясы, Әзірбайжан шаруалар партиясы.

Кеңестік Әзірбайжан Республикасының қалыптасуы. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде Кавказ аумағы елдерінде автономия алуға күрес басталды. 1918 жылдың 28 мамырында Оңтүстік Кавказдың шығыс бөлігі аумағында мұсылмандық шығыстағы алғашқы парламенттік демократиялық республика ретінде Әзірбайжан Демократиялық Республикасы болып жарияланды. Оның құрылуында Мусават партиясының ықпалы зор еді. Яғни, Ақпан революциясынан кейін Кавказдағы мұсылман түрік-татар ұлттық қозғалысы баспасөзде негізінен ұлттық-мәдени сипаттағы мәселелерді талқылаудан саяси міндеттерді шешуді талап ете бастады. Әсіресе, Баку және Елизаветполь

губернияларындағы мұсылмандардың арасында Мусават партиясы басым рөлге ие болды. 1911 жылдан құрылғаннан бұл партия кавказдық түрік-мұсылмандардың өзін-өзі анықтау қағидасын ұстанды.

Петроградтағы әскери көтеріліс аяқталғаннан кейін бір апта өткен уақытта 1917 жылдың 31 қазанында Жұмысшылар, шаруалар мен солдаттар депутаттары Баку кеңесінің кеңейтілген жиналысында оның жетекшісі Степан Шаумян өздерін жергілікті революциялық заң шығарушы орган ретінде жариялап, Ресей Республикасының Халық комитеті кеңесінің билігін мойындау туралы резолюциясын қабылдады. Степан Шаумян Баку Кеңесінің атқарушы комитетінің төрағасы болып тағайындалды. Алайда Баку уезінен тыс аумақта Кеңестің билігі іс жүзінде атқарылмады. Кавказдың қалған бөлігі 1917 жылдың 15 қарашасында ұлттық және социал-демократиялық партиялардың өкілдерімен құрылған коалициялық Кавказдық комиссариатпен басқарылды. Евгений Гегечкори жетекшілік еткен кавказдық үкімет құрамына әзірбайжан өкілдері Фатали Хан Хойский, Маммед Юсиф Джафаров, Х. Хасмамедов пен Худадат-бек Мелик-Асланов та кірді. Осылайша Кавказда қос үкіметтің билігі қалыптасып, әрине, олардың арасында кейінгі билік үшін күрес басталды.

Баку Кеңесі Гегечкори басқарған комиссариаттың билігін мойындамау туралы мәлімдеп, Кеңестік Ресейдің Халық Комиссарларының Кеңесінің билігін мойындауды талап етті. 1917 жылдың 16 желтоқсанындағы Кеңестік Ресейдің Халық Комиссарларының Кеңесінің декретімен С. Шаумян Кавказ істері бойынша уақытша төтенше комитеттің комиссары болып тағайындалды. Бірақ 1918 жылғы кейінгі оқиғалар оның күшін жоққа шығарды. Нақтылар болсақ, 1918 жылдың 5 қаңтарында Мәскеуде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы ашылып, оның басым көпшілігін социал-демократтардың өкілдері – меньшевиктер мен социалист-революционерлер құрады. Құрылтай жиналысы көпшілік дауыспен Ресейді демократиялық федеративтік республика ретінде жариялады, ол Халық Комиссарлары Кеңесінің билігі мен II-Бүкілресейлік Кеңестер съезінің декреттерін мойындаудан бас тартты. Біршама уақыт өткен соң 12 қаңтарда кавказдық комиссариат саяси жағдай туралы мәселені талқылап,

Кавказдың заң шығарушы органы ретінде Кавказдық сеймды құру туралы шешім қабылдады. 10 ақпанда Тифлисте Сеймның бірінші жиналысы өтіп, оның құрамына Петроградтан оралған Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының мүшелері және Кавказдық сайлау округімен тағайындалған саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері кірді. Сеймның мұсылмандық фракциясы «Мусават», «Иттихад», «Гуммет» партиялары және мұсылмандық социалистік блоктан құралған 44 депутаттан тұрды. Фракцияның көшбасшысы Мамед Эмин Расулзаде болды.

1918 жылдың 3 наурызында Кеңестік Ресей Брест бітіміне қол қойды. Ол бойынша Түркияға Ресеймен 1877-1878 жылдары орыс-түрік соғыстары нәтижесінде Ресеймен аннексияланған Батум, Карс пен Ардаган облыстары өтті. Бірақ түрік әскерлері Кавказдық майдандағы бітімді бұзып, шабуылды ұйымдастырды. 30 наурыз – 1 сәуірде Бакуде қанды этносаралық қақтығыстар болып, нәтижесінде билік Бакиндық халық комиссарларының Кеңесінің қолына өтті. Халық комиссарларының Кеңесі большевиктер мен солшыл эсерлерден құралып, ол Баку кеңесінде 25 сәуірде құрылған еді. Оның төрағасы ретінде Степан Шаумян тағайындалды.

Кавказ аумағындағы қос билік ретінде Кавказдық Сейм мен Кеңес өмір сүру жағдайында түрік әскерлері шабуылын күшейтті. Сондай-ақ, Кавказдың тәуелсіздігін жариялау мен оның Ресейден шығу талабының орындалғанда ғана бейбіт келіссөздерді бастауға келісті. Сондықтан 1918 жылдың 22 сәуірінде Кавказдық сейм Кавказды тәуелсіз, демократиялық және федеративтік республика ретінде жариялау туралы резолюцияны қабылдады. Ол Ресейден тәуелсіз Кавказдық Демократиялық Федеративтік Республиканың құрылғандығын жариялады. Ал 26 сәуірде Кавказда Акахия Чхенкели басқарған жаңа үкімет қалыптасты. Ортақ мықты билігі болмаған Кавказда ұлтаралық өшпенділік шырқау шегіне жетіп, 80 мың жергілікті халық босқынға айналды. Бұл уақытта түрік әскерлері Карс, Ардаган сияқты қалаларды жаулап алды. Кавказ әскерлері шабуылға төтеп беретін күштерге ие болмағандықтан, Түркиямен келіссөздерге келуге мәжбүр еді. Бірақ Түркия қатаң талаптар қойғандықтан, Грузияның Ұлттық кеңесі Германияның қамқорлығын сұрады. 1918 жылдың сәуірінде Түркия мен

Кавказды ықпал ету аумақтарына бөлу туралы құпия келісімге қол қойған германдық басшылық бұл сұрауға жедел жауабын берді. Германдық өкілдер Грузияға тезарада тәуелсіздігін жариялап, түрік шабуылын алдын алу үшін ресми түрде герман басшылығынан қамқорлық туралы сұрауға кеңес берді. 1918 жылдың 24 мамырында Грузияның Ұлттық кеңесінде атқарушы комитетінің отырысында германдық ұсыныс қабылданды. 26 мамырда Кавказдық сеймның таратылуы туралы жариялады. 27 мамырда Әзірбайжан, артынша Армения Кавказдық Демократиялық Федеративтік Республикадан шықты. Яғни, 28 мамырда тәуелсіз Әзірбайжан Демократиялық Республикасының құрылғандығы туралы жарияланды. Құрылтай жиналысы шақырылғанға дейінгі Әзірбайжанды басқару Ұлттық Кеңес пен оның алдында жауапты Уақытша үкіметке тапсырылды. Жаңа әзірбайжандық үкіметті Фатали-хан Хойский басқарды.

Кавказ аумағына көз тіккен Түркия болса, жаңадан құрылған кавказдық демократиялық республикалардың әрқайсысымен келісімдерді бөлек жасасты. Соның ішінде Әзірбайжан мен Түркия арасында 1918 жылдың 4 маусымында бейбітшілік пен достық туралы келісімге қол қойылды. Ол бойынша Түркия «Әзірбайжан Республикасының үкіметіне елдегі тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қажет болса, қарулы күшпен көмек көрсетуге» міндеттенді. Түркиялық басшылық Әзірбайжандағы кеңестік билікпен күресуге жәрдемдеспек еді. Түрік-әзірбайжан әскері 1918 жылдың сәуірі-мамыры аралығында Баку аумағында болған Бакулық коммуна сипатындағы кеңестік билікке қарсы бірікті. Нәтижесінде 1918 жылдың жазында Әзірбайжан үкіметі түрік әскерлерінің көмегіне сүйеніп, елдегі кеңестік билікті жойды. 25 шілдеде Баку кеңесінің төтенше жиналысында большевиктік үкіметтің қарсыластары социалист-революционерлер, меньшевиктер мен дашнактардың одағы көпшілік дауыспен «Бакуға ағылшындарды шақыру және барлық социалистік партиялардың өкілдерінен құралған билікті құру туралы» резолюцияны қабылдады. Ал 31 шілдеде большевиктер бұл коалицияға қосылудан бас тартып, өз өкілеттіктерін тоқтататындығы туралы жариялады. Оның орнына билік Бакуде Орталық Каспий Диктатурасы мен Жұмысшы және жауынгер депутаттардың Кеңесінің комитет Президиумының қолына өтті. Сондықтан ол

ағылшындардан көмек сұрап, Бакуге Энзелиден шамамен 1000 адамдық экспедициялық корпус жіберілді.

1918 жылдың 30 қазанында Антанта мен Түркия арасында Мудросс бітіміне қол қойылып, ол бойынша түрік әскерлерін Кавказдан шығару және Антанта державаларына Баку мен Батумды оккупациялауға құқық беру қарастырылды. 25 желтоқсанда ағылшындық әскерлер Тифлиске кіріп, артынша ілесе американдық және француздық әскери құрылымдар жіберілді. Интервенттер мусаватистер Әзірбайжанда қанды террорды ұйымдастырды. Әуел бастан-ақ, тамызда бакулық комиссарлар атып тасталынды. Осыдан кейінгі бір жылда елде бес үкімет ауысты және олардың барлығы Мусават партиясының өзге партиялармен коалициялары арқылы қалыптасты. Бастапқы үш үкіметтің премьер-министрі ретінде Фатали Хан Хойский, соңғы екі үкіметті Насиб Юсуфбеков басқарды. Мемлекет басшысы болып парламент төрағасы А.М. Топчибашев саналды.

Әзірбайжанның КСРО-ға қосылуы. Тәуелсіз Әзірбайжанның ағылшын әскерлерін шығарылуынан кейінгі жағдайы Ресейдегі азаматтық соғыстың нәтижелеріне байланысты болды. 1920 жылдың көктемінде жеңіс Қызыл Армияның жағына өтті. 1920 жылдың ақпанында Бакуде Әзірбайжанның барлық коммунистік ұйымдарын Әзірбайжан Коммунистік партиясына біріктірген елдің коммунистік ұйымдарының I съезі өтті. Нақты осы съезде қарулы көтерілісті дайындау белгіленді. 1920 жылдың 28 ақпанында кеңестік әскер Әзірбайжанға кірді. Нәтижесінде мусаваттық буржуазиялық билік құлатылды және Әзірбайжан егемен Кеңестік Социалистік Республика болып жарияланды. Кеңестік жаңа үкіметті Нариман Нариманов басқарды.

Әзірбайжан Кеңестік Республикасы бірден 1920 жылдың 30 қыркүйегінде Кеңестік Ресеймен әскери, шаруашылық, қаржы, сыртқы саяси және басқа салаларда өзара көмек туралы келісімге қол қою арқылы одақтастықтың негізін қалады. Әзірбайжандағы кеңестік билікті орнату ел ішіндегі және сырттағы қарсылыққа тап келді. «Қызыл террор» бүкіл Әзірбайжанды қамтыды. Большевиктер тәртібіне қарсы күрескен әрбір адам «халық жауы», «революцияға қарсы» немесе «бүлікші» деп аталып, «қызыл террордың» құрбанына айналды. 1918 жылғы наурыздағы ге-

ноцидтен кейін Әзірбайжан халқын тағы бір озбырлық күтіп тұрды. Екінші қырып жою Әзірбайжанның зиялы қауымына, мемлекеттік қайраткерлеріне – генералдарға, Ұлттық Армияның жоғары офицерлік құрамының басқа мүшелеріне, белгілі және алдыңғы қатарлы саясаткерлеріне, ғылыми қайраткерлеріне қарсы бағытталды. Большевиктік-дашнақтық бандылар қоғамның тыныштылығын бұзуға тырысты. Бұл наурыздағы геноцидке қарағанда қауіптірек және қатаңырақ болды. Кавказ Майданының Революциялық әскери кеңесіне 1920 жылғы 17 наурызда жолдаған «Бакудегі жеңіс біз үшін өте қиын» деген өзінің жедел хатында В.И. Ленин Солтүстік Әзірбайжанды жаулап алуды бұйырды. Кеңестік Ресей бакулік мұнайды иемденіп алды. Өз кезегінде 1920 жылдың көктемі мен жазында Гянджа, Қарабах пен Закавказье кеңестерге қарсы толқулар болды, бірақ кеңестік армия еңбекшілердің көмегіне сүйеніп, жеңіске жетті. 1920 жылдың Кеңес билігі көршілес Арменияда, ал 1921 жылдың 25 ақпанында Грузияда жеңді.

Солтүстік Әзірбайжанда 1921 жылғы 6 мамырдағы АКСР-ның I-съезінен кейін толықтай кеңестік билік орнады. Бұл Кеңесте Әзірбайжанның конституциясы қабылданып, Н. Нариманов бастаған оның жаңа үкіметі қалыптасты. Елде бас бостандығынан айыру байларды тонаумен қатар жүрді. Жерге жеке меншік құқығы жойылды, елдің ұлттық байлықтары мемлекетке берілді, Мұнай Экономикасын басқару арнайы құрылған Әзірбайжанның Мұнай Комитетіне сеніп тапсырылды. В.И. Лениннің бұйрығымен Комитеттің басшысы болып, А.П. Серебровский тағайындалды. 1921 жылдың жазында республикаға Әзірбайжан Орталық Комитетінің Компартиясының бірінші хатшысы болып, С.М. Киров жіберілді және ол елдің халық шаруашылығын өркендетуде елеулі үлесін қосты. Кейінгі Әзірбайжанның дамуы оның кавказдық Федерация құрамында болуымен анықталды. Яғни, 1922 жылдың 10 желтоқсанында Әзірбайжан, Армения және Грузия кавказдық Социалистік Федеративтік Кеңестік Республикасын (ЗСФКР) құрды. Бұл республика 1922 жылы КСРО құрамына кірді, ал 1936 жылы ЗСФКР таратылып, Әзірбайжан КСР Кеңес Одағының құрамына одақтық республика ретінде енді. Жаңа Әзірбайжан КСР құрамында Нахичеван Автономдық Кеңестік Социалистік

Республикасы және Таулы Қарабах автономдық облысы болды. Республика 60 ауданға бөлінді, 57 қаласы мен 119 қалалық сипаттағы кенттерінен құралды. 1937 жылдың 14 наурызында Әзірбайжан КСР-ның жаңа конституциясы қабылданды.

XX ғасырдың 30-жылдарында Әзірбайжандағы өндіріс саласы қарқынды түрде дами бастады. 1940 жылға таман өнеркәсіптегі тауардың шығарылымы көлемі мұнай саласын қоспағанда 1913 жылмен салыстырғанда, 18,8 есеге өсті. Алайда, Сталиннің билік басына келгенінен жүргізілген репрессиялық шаралар Әзірбайжан қаумын да қамтыды. 1930 жылдары жаппай тексерулер басталды. Әзірбайжандағы бұл тексерулер мен тазарту шарасын Әзірбайжандағы Коммунистік партияның ОК-ның бірінші хатшысы М.Дж. Багиров басқарды. Террорға негізінен зиялы қауым мен шаруалар тап болды, бірақ пантюркизмге ниеттес және Иран мен Түркиядағы революциялық қозғалыстармен байланыстары бар коммунистік жетекшілердің арасында да тазалау жүргізілді. 1936 жылы Әзірбайжанның жеке одақтас республикаға айналуына байланысты әзірбайжандық түріктер ресми түрде әзірбайжандықтар деп аталды, ал олардың ұлттық тілі ретінде түрік тілінің орнына әзірбайжан тілі айналды.

Әзірбайжан КСРО құрамындағы одақтас республика ретінде Ұлы Отан соғысында қатысып, елеулі үлесін қосты. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысы жылдарында Әзірбайжанда кеңестік отынның 80%-ы өндірілді. 1942 жылдың шілдесінде Германия әскерлерінің Үлкен Кавказ жотасына шабуылы күшейгенде әзірбайжандық әскердің қарсылығымен олар елге кіре алмады. Көптеген әзірбайжандықтар Қызыл Армия қатарында соғысты. Әзірбайжандық ұлтшылдық бағыттың өзгеруіне 1941 жылдың жазындағы Ирандық Әзірбайжандағы кеңестік әскерлердің оккупациясы әсер еткен болатын. Аракс өзенінен оңтүстікке қарай кеңестік қатысу панәзірбайжандық көңіл-күйдің қалыптасуына әкелді. 1945 жылдың қарашасында кеңестік мемлекеттік қолдауымен Тебризде Әзірбайжан демократиялық партиясының көшбасшысы болған С.Дж. Пишевари басқарған әзірбайжандық халық үкіметі құрылды. Әзірбайжандық мәдени және білім мекемелері бүкіл Ирандық Әзірбайжанда құрыла бастады. Сонымен қатар екі Әзірбайжанды КСРО қолқанаты астында біріктіру мүмкіндігі ту-

ралы пікір тарала бастады. Нәтижесінде Ирандық Әзірбайжанның мәселесі екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қайта өршіп, Кеңес Одағы өз әскерлерін батыс мемлекеттерінің қысымымен шығарды. 1946 жылдың аяғында ирандық үкімет Ирандық Әзірбайжандағы өзінің билігін қалпына келтірді.

«Қырғи-қабақ соғыс» жылдарындағы Әзірбайжанның жағдайы, ең алдымен, сталиндік репрессиялармен сипатталды. 1955-1963 жылдардағы Хрущев «жылымығы» кезеңінде мәдени және қоғамдық өмір саласындағы бақылау әлсіреді. Сондай-ақ, Хрущев басқаруы жылдарында жаңа антиисламдық кампания және жаңа қоғам – кеңес халқының құрамына «барлық ұлттардың бірігуі» сипатындағы кеңестендіру саясаты жүзеге асырылды.

XX ғасырдың 60-жылдары Әзірбайжандағы кеңестік биліктің алғашқы дағдарыстық мәселелері туындай бастады. Елдегі мұнай өнеркәсібі Әзірбайжан мұнайының барланған қорларының таусылуы және Кеңес Одағының басқа аумақтарында жаңа кен орындарының игерілуі нәтижесінде экономикалық салада жетекші ұстанымдарынан айырыла бастады. Мұнай саласындағы дағдарыс Әзірбайжан экономикасына инвестициялардың тартылуын қысқартты. Дағдарысты тоқтату мақсатында 1969 жылы Әзірбайжан Коммунистік партиясының ОК-ның бірінші хатшысы болып Г. Әлиев тағайындалды. Ол қоғамдық-саяси жағдайды тұрақтандырып, өндірістің өсуін күшейтті. 1982 жылы Г. Әлиев КОКП ОК-ның Саяси Бюросының мүшесіне сайланды. 1987 жылы ол елге оралды. Осы уақытта КСРО-дағы «қайта құру саясатының» салдарлары Әзірбайжанға да әсер етті. Қайта құру саясатының нәтижесінде орталық және партиялық биліктің қатаң бақылауы әлсіреп, кеңестік елдерде демократиялық бағыттағы үрдістер басталды. 1988 жылы Ирандағы діни идеялардың таралуы Әзірбайжандағы діни идеялардың туындауына әкелді. 1988 жылғы КСРО-дағы демократиялық қайта құрулар Әзірбайжандағы Таулы Қарабах мәселесінің қайта өршуіне ықпал етті. Таулы Қарабахта армяндық көпшілік арасында Таулы Қарабах автономдық облысының Армян КСР-ға өтуі туралы идеяларға қолдау күшейді, ал бұл өз кезегінде екі мемлекеттің арасындағы ірі қақтығысқа әкелді. Ол КСРО ыдырағаннан кейін де өз жалғасын тапты.

Әзірбайжанның өз ішінде де саяси өзгерістер болып жатты. Діни идеялардың таралуына қарсы басшылықпен «Біріккен Әзірбайжан» ұраны алға қойылды, бірақ ол нақты саяси әрекеттерді жүзеге асырмады. М.С. Горбачевтің «жариялылық» саясаты нәтижесінде елде тәуелсіз саяси мақалалар басып шығарылып, жаңа ұйымдар пайда бола бастады. Осы ұйымдардың ішіндегі ең ірісі Әзірбайжанның Халық майданы болды. Ол 1989 жылдың күзінде коммунистік партиядан билікті тартып алуға дайын еді. Бірақ 1990 жылдардың қаңтарында Әзірбайжанның халық майданының өз ішінде екіге, яғни консервативтік-исламдық және ұстамды бағыттар арасында бытыраңқылық пайда болды. Көптеген майдан мүшелері тұтқындалды. 1990 жылдың қыркүйегіндегі баламалық сайлауларда коммунистер шамамен 90% дауысты алып, сайлау нәтижелерін бұрамалағандығы үшін айыпталды. 1991 жылғы 19-21 тамыздағы Мәскеудегі мемлекеттік төңкерілістің сәтсіздігі нәтижесінде Республиканың Жоғарғы кеңесі 1991 жылдың 30 тамызында Әзірбайжанның тәуелсіздігін жариялады. Кейіннен Әзірбайжанның Коммунистік партиясы таратылды. 1991 жылдың қыркүйегінде Әзірбайжан коммунистік партиясының соңғы басшысы Аяз Муталибов Республика президенті болып тағайындалды.

Тәуелсіз Әзірбайжан Республикасының қалыптасуы мен дамуы. Кеңестік республиканың Жоғарғы Кеңесі 1991 жылдың 30 тамызында «Әзірбайжан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін қалпына келтіру туралы» Декларация қабылдады, ал 1991 жылы 18 қазанда «Әзірбайжан республикасының тәуелсіздігі туралы» Конституциялық акт қабылданды. Осы жаңа тәуелсіз посткеңестік мемлекеттердің құрылуы жағдайында Таулы Қарабах мәселесі қайта туындады. 1992 жылдың басында аймақтық армяндық көшбасшылар Таулы Қарабахтың тәуелсіздігін жариялады. Бұл оқиғадан кейін Армения мен Әзірбайжан арасында соғыс басталып, басымдық армяндықтардың жағында болды. Таулы Қарабахтағы сәтсіздіктер 1992 жылдың наурызында Муталибовтың қызметтен кетуіне әкелді. 1992 жылдың маусымында жаңа президенттік сайлаулар өткізілді. Бұрынғы коммунистік номенклатура жетекші бола алатын тұлғаны ұсына алмады. Президент ретінде Абульфаз Елшібей, яғни Әзірбайжанның

халық майданының көшбасшысы тағайындалды. Оған 60%-дан астам дауыс берілді. Ол Әзірбайжанның ТМД-дағы мүшелігіне, Түркиямен жақындасу мен Ирандағы әзірбайжандықтармен байланыстарды кеңейтуге қарсы болды. Гейдар Әлиев Нахичеванды басқарып, Армения, Иран мен Түркияға қатысты дербес сыртқы саясатын жүргізді. Президент Елшібей Муталибовтың қызметтен кетуіне әкелген мәселелерді шешуде сәтсіздікке тап болды. Таулы Қарабах пен оның маңындағы әскери әрекеттердің жалғасуы бірте-бірте армяндардың Әзірбайжан аумағының шамамен бес-тен бір бөлігіне орнықты. 1993 жылғы маусымның басында Гянджада полковник Сурет Гусейновтың басқаруымен президент Елшібейге қарсы ереуіл ұйымдастырылды. Ол әскери сәтсіздіктер, экономикалық жағдайдың қиындауы және саяси оппозицияның күшеюі жағдайында қолдаусыз қалып, қашуға мәжбүр болды. Елдегі туындаған қиындықтарды шешу үшін Бакудегі билік Гейдар Әлиевтің қолына өтіп, ол бірден өз ұстанымдарын күшейтіп алды. Елшібей қызметінен босатылып, 1993 жылдың тамызындағы референдум және қазандағы сайлау нәтижесінде Г. Әлиев президент болып сайланды. Әлиевтің билікке келуі осы кезеңдегі көптеген посткеңестік республикалардағы бұрынғы кеңес басшыларының билікке қайта оралуы тұсына тап келді. Елдегі өз беделін нығайтқан Г. Әлиев сыртқы саяси стратегияға өзгеріс енгізіп, ТМД шеңберіндегі ынтымақтастықты қалпына келтірді. Иран басшылығы президенттікке Г. Әлиевтің келуін құптады, себебі ол Ирандық Әзірбайжандағы Әзірбайжанның халық майданының ықпалынан қауіптенген еді. Бірақ Түркия басшылығы жаңа билікті түрікті бағыттан алшақтауда деп түсінді. Кейінгі жылдары Г. Әлиев негізгі мүдделері каспийлік мұнай кен орындарын игеруге шоғырланған Түркия және Батыс елдерімен қарым-қатынастарды нығайтты.

Президент Г. Әлиевтің басқаруы жылдарындағы ішкі саяси жағдай да аса күрделі болды. Г. Әлиев 1994 жылдың қазанында, 1995 жылдың наурызы мен 1996 жылдың күзіндегі орын алған мемлекеттік төңкеріс ұмтылыстарынан кейін саяси жағдайды тұрақтандырды. Ресми Баку саяси төңкеріліс жағдайында барынша қатаң ішкі саясатты жүзеге асырды. Мәселен, 1995 жылдың қарашасында парламенттік сайлауда қатысудан халықаралық

қауымдастықтың қарсылығына қарамастан, Мусават партиясы, коммунистік партия мен исламдық топтар шеттетілді. Осы жылғы сайлауларында референдуммен президенттің өкілеттігін кеңейткен Конституция қабылданды. 1998 жылғы президенттік сайлау нәтижелері бойынша Г. Әлиев билікке қайта келді. 2003 жылғы 15 қазандағы сайлау нәтижелері бойынша оның ұлы Ильхам Әлиев шамамен сайлаушылардың 76%-дық дауысына ие болып, Әзірбайжан Республикасының Президентілігіне сайланды. Ол президенттік қызметіне 2003 жылдың 30 қазанында қайта келді. Өзінің ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзінде Ильхам Әлиев: «Мен бақытты Әзірбайжанның келешегіне сенемін. Біздің ел әрі тек алға қарай дамитынына сенімдімін. Әзірбайжандағы демократия жалғасын тауып, саяси плюрализм мен сөз бостандығы қамтамасыз етіледі. Біздің мемлекет дамыған елге айналады. Осының бәріне қол жеткізу үшін Әзірбайжанда көп нәрсені жасау керек. Бірақ аталған мақсаттарға қол жеткізу және Әзірбайжанды алып мемлекетке айналдыру үшін ең алдымен, елде Гейдар Әлиевтің саясатын жалғастыру керек», – деп атап өтті.

Билік басына келгеннен кейін Ильхам Әлиев осыған дейінгі ескі кабинетті тазартудан бастады. Яғни 2005 жылдың соңында парламенттік сайлау қарсаңында бірқатар мемлекеттік шенеуніктер төңкерілісті ұйымдастырғандығы үшін айыпталып, қызметінен босатылды. Ильхам Әлиев 2008 жылдың 15 қазандағы президенттік сайлауда да 88%-дық дауыспен жеңіске жетіп, екінші рет Әзірбайжан Республикасының Президенті қызметіне тағайындалды. 2009 жылы Әзірбайжанда конституцияға түзетулерді қабылдауды қолдау мақсатында референдум өткізіліп, оның нәтижесінде екі рет қана президенттік қызметте болу шегі алынып, шексіз рет сайлануға құқық берілді.

1991 жылы тәуелсіздігін алған Әзірбайжан өзінің егемендік құқықтарын пайдалана отырып, тәуелсіз экономикалық саясат жүргізе бастады. Бұл саясаттың негізгі бағыттары меншіктің әртүрлі нысандарына, нарықтық экономикаға және әлемдік жүйеге интеграциялануға негізделетін жаңа экономикалық жүйеге көшуді мақсат етіп қояды. Тәуелсіздік алған уақыттан бергі Әзірбайжанның экономикалық дамуы басты екі кезеңдерге бөлінуі мүмкін. 1991-1995 жылдарды қамтитын біріншісі аласапы-

ран немесе регресс кезеңі болды. Екіншісі – 1996 жылдан бастап макроэкономикалық тұрақтылық және қарқынды даму кезеңі. Бастапқы күрделі жағдайларға қарамастан, Әзірбайжан халқының Жалпыұлттық Көшбасшысы Гейдар Әлиевтің қырағы саясатының және ерен еңбегінің арқасында қысқа тарихи кезеңнің ішінде әлеуметтік-экономикалық даму мен әлемдік экономикаға интеграцияда үлкен жетістіктерге қол жеткізілді. Әзірбайжандық үлгінің – экономикалық реформаларды және тәуелсіз мемлекетті құру кезіндегі дамуды үйлестірудің жаңа нысаны ірі жетістікке айналды.

Экономикалық дамудың екінші сатысында жоғарыда аталған үлгі үшін құқықтық база ретінде бірнеше ауқымды саяси құжаттар (концепциялар, стратегиялар мен бағдарламалар) қабылданды («Шағын және Орта Кәсіпкерлікке Мемлекеттік Қолдау көрсету жөніндегі Бағдарлама» (1997-2000), «Шағын және Орта Кәсіпкерлікті Дамытудың Мемлекеттік Бағдарламасы» (2002-2005), «Аграрлық Секторды Дамытудың Мемлекеттік Бағдарламасы» (2002-2006), «Демографиялық Даму Концепциясы», «2002-2005 жылдары Туризмді Дамытудың Мемлекеттік Бағдарламасы», «Кедейшілік Деңгейін Төмендету және Экономикалық Даму жөніндегі Мемлекеттік Бағдарлама» (2003-2005), «Аймақтарды Әлеуметтік-экономикалық Дамыту жөніндегі Мемлекеттік Бағдарлама» (2004-2008) және басқалар.

Әзірбайжанның экономикалық саясатының басым бағыттарының бірі тәуелсіз мұнай экономикасы саясатын жүргізу болатын. Гейдар Әлиевтің басқару кезеңінде қол қойылған «Ғасыр келісімшарты» жасалды. 1994 жылғы қыркүйекте ӘРММК мен АҚШ, Ұлыбритания, Ресей, Түркия, Норвегия, Жапония және Сауд Аравиясы секілді елдердің 13 белгілі компаниялары (Amoco, BP, McDermott, Unocal, SOCAR, LUKoil, Statoil, Exxon, Turkiye Petrolleri, Pennzoil, Itochu, Ramco, Delta) арасындағы «Азери», «Чыраг» және Каспийдің Әзірбайжан секторындағы «Гюнешли» су астындағы кен орындарын бірлесе пайдалану жөніндегі ғасырдың 30 жылдық келісімшартына қол қойған кезден басталады. 1999 жылғы 29 желтоқсанда Жалпыұлттық Көшбасшы Гейдар Әлиев Әзірбайжанның «Мұнай Қорын Құру туралы» жарлыққа қол қойды.

1994 жылғы 20 қыркүйекте дамыған елдердің ірі компанияларымен мұнай-газ өнеркәсібіндегі бірлескен қызмет жөніндегі қол қойылған келісімшарттар бұл саланың дамуына серпін берді. Өнеркәсіптік өндіріс көлемінің өсуі химиялық және мұнай химиясының салаларына, машина жасауға және металл өңдеуге, құрылыс материалдарын өндіруге ықпал етті. Соңғы 6 жылдың ішінде өңдеуші өнеркәсіпте 1,5 есе, тамақ өнеркәсібінде 43%-ға, ағаш өңдеуде 2 есе, қағаз жасауда 30%-ға, химия өнеркәсібінде 2,5 есе, құрылыс материалдарының өндірісінде 5 есе, металлургияда 3 есе өсті.

1993-2000 жылдары 3 мыңнан астам өнеркәсіптік кәсіпорындар ашылды және олардың саны 2004 жылғы қаңтарда 5536-ға жетті. Жалпыұлттық Көшбасшы салған және әлі күнге дейін іске асырылып келе жатқан «ашық есіктер» саясаты осы жылдардың ішінде шетелдік және бірлескен инвестициялардың 3 есе өсуіне ықпал етті. Бүгінгі күндері әлемнің әртүрлі елдерінің шетелдік капиталы бар 192 кәсіпорындар өнеркәсіп салаларында жұмыс істеуде, мыңдаған жұмыс орындары ашылды. 2003 жылы ұлттық экономикаға тартылған инвестициялардың 74%-ы тікелей индустрияға бағытталды. Жаңа экономикалық құрылымдардың көрінеу өсуі, шағын кәсіпкерліктің кенеюі және қарқынды дамуы, жеке тұлғалардың кәсіпкерлермен серіктестігі жекеменшік сектордың өсуіне алып келді. Экономиканың мұқтаждықтарын және халықтың энергия көздеріне сұраныстарын қамсыздандыру саласында маңызды істер жасалды. Президент Ильхам Әлиевтің бұл салаға назарының мысалдарының бірі Өнеркәсіп және энергетика министрлігі энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және өскен сұранысты неғұрлым тиімді нысанда қамтамасыз ету мақсатында әзірлеген «Отын-Энергетикалық кешенді дамыту жөніндегі Мемлекеттік Бағдарламаны» мемлекет басшысының 2004 жылғы 14 ақпандағы № 635 жарлығымен бекітуі болды.

Барлық уақыттарда экономиканың маңызды секторларының бірі бола отырып, ауыл шаруашылығы елдің дамуында және қажетті тамақ өнімдерімен қамтамасыз етуде шешуші рөлді атқарып келеді. «Аграрлық реформаның Негіздері», «Ұжымшарлар мен кеңшарлар реформалары», «Жер реформасы» заңдарды және басқа маңызды құқықтық құжаттарды қабылдай отырып, аграрлық-

өнеркәсіптік кешендегі іргелі өзгерістерге өз үлесін енгізді. Жерді жекеменшікке беру (ТМД-да алғаш болып) оның сатып алу-сату объектісі ретінде мәртебесін бекітті. Ауыл шаруашылығындағы елеулі құрылымдық реформалардың шеңберінде барлық аграрлық кәсіпорындар, тұқымды түрлерді өсіру жөніндегі бірнеше шаруашылықтар мен басқа осындай құрылымдарды қоспағанда, соның ішінде ұжымшарлар мен кеңшарлар жойылды және олардың мүліктері фермалардың арасында бөлінді. Меншіктің жаңа нысанын – шаруа-фермер шаруашылықтарын қалыптастыруды үдету – аграрлық жұмыстарды ұйымдастыруды және бұл секторды дамытуды жақсартуға түбегейлі ықпал етті.

Әзірбайжандағы аграрлық реформалар өзінің жылдамдығымен және түбегейлігімен басқа салалардағы реформалардан және ТМД елдеріндегі осындай өзгерістерден айрықша ерекшеленді.

Президенттік қызметке келген соң Ильхам Әлиев ішкі өндіріс пен мұнай секторын дамытуға кірісті. Ішкі экономикалық саясатты дамытуда экономиканы одан әрі либерализациялау мен ішкі инвестицияларды тарту міндеті алға қойылды. 2004-2008 жылдары аймақтарды әлеуметтік-экономикалық дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы деп аталған Жаңа экономикалық стратегияға сәйкес келесі міндеттер қойылды: жарты миллиондық жұмысшы орындарын құру, жалпы ЖІӨ-нің құрамында шикізаттық емес секторды арттыру, жеке бизнесті дамыту, жеке аймақтық кәсіпорындарға қаржылық көмек көрсету бойынша арнайы бағдарламаларды дамыту, елдің инфрақұрылымын дамыту. Өзінің экономикалық стратегиясының нәтижесінде И. Әлиев 2007 жылы Әзірбайжанның ЖІӨ-нің адам басына шаққанда 3 мың долларға жетуіне қол жеткізді. 2003-2006 жылдары елдегі кедейшілік 29%-ға азайды. Осылайша И. Әлиев кезінде алдыңғы басшылықтың саясаты жалғасын тапты.

Әзірбайжанның сыртқы саясаты. Әзірбайжан Республикасы 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан бастап билікке келген уақыттан өзінің сыртқы саяси бағдарын өзгертті. Бастапқыда ТМД-дан шығу қарастырылып, түріктік бағыттағы сыртқы саясат қалыптасқан болатын. Г. Әлиевтің билікке келуінен бастап сыртқы саясатта ТМД-мен қатар, Ресеймен қарым-қатынастар да дамыды. Түркия және Батыс әлемімен де экономикалық байланыстар күшейді.

Қазіргі әзірбайжандық сыртқы саясатта тәуелсіз бағытты жүзеге асыруға ұмтылыс байқалуда. Бұл саясат ұлттық мүдделерді қорғау және мемлекеттілікті жүйелі нығайту мен дамытуға бағытталған. Әзірбайжан өзінің сыртқы саясаты халықаралық құқықтық нормалар мен қағидаларға, сонымен қатар мемлекеттердің егемендігі мен аумақтық тұтастығын құрметтеу, ішкі істеріне араласпау қағидаларына негізделген. Осы қағидаларды негізге ала отырып, Әзірбайжанның сыртқы саясаты ұзақ мерзімдік мүдделер ұстанымы тұрғысынан өз тәуелсіздігі, егемендігі, аумақтық тұтастығы мен республиканың ұлттық қауіпсіздігіне бағытталған қауіптердің алдын алу мақсатын ұстанады. Әзірбайжандық сыртқы саясаттың негізгі бағыттарының бірі аймақтық деңгейде бейбітшілік пен тұрақтылықты орнату, ірі транспорттық жобалар бойынша стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу болып табылады. Сондай-ақ, елдің экономикасын дамыту мақсатында шетелдік инвестицияларды тарту да көзделіп отыр. Сондықтан Әзірбайжан көршілес және өзге аймақ елдерімен әртүрлі салаларда екіжақты және көпжақты негізде өзара тиімді қарым-қатынастарды дамытуға ұмтылуда.

Әзірбайжан аймақтық және ғаламдық деңгейде белсенділігін БҰҰ, ЕҚЫҰ, Еуропалық Кеңес, Ислам Конференциясы Ұйымы, ТМД және тағы басқа да халықаралық ұйымдардағы мүшелігі арқылы қарқынды түрде дамытуда. Әзірбайжан Республикасы сонымен бірге ГУАМ аймақтық ұйымының құрылтайшыларының бірі болып табылады. Әзірбайжан НАТО мен ЕО сияқты құрылымдармен де ынтымақтастығын дамытуда. Антитеррористік коалиция құрамында белсенділігін байқатуда. Осылайша Әзірбайжан Республикасы өз ұлттық мүдделерін қорғау мақсатында сансалалы байланыстарды дамытуда.

Әзірбайжанның сыртқы саясатындағы Таулы Қарабах мәселесі. 1991 жылдың аяғы – 1992 жылдың басында Әзірбайжан Республикасы және мойындалмаған Таулы Қарабах Республикасы арасында оған бақылауды орнату үшін қақтығыс басталды. Сол уақытта Арменияның аумағына кірген Арцвашен эксклавы Әзірбайжанға, ал Кярка, Бархударла, Жоғарғы Аскипараның бөлігі Арменияның бақылауына өтті.

Әзірбайжан мен Арменияның арасындағы Таулы Қарабах қақтығысының тарихының тамыры негізінен терең болып табылады. Қарабах Әзірбайжанның тарихи облыстарының және маңызды саяси мен мәдени орталықтарының бірі болып келді. Армения мен Әзірбайжан арасындағы «Қарабах мәселесінің» негізгі себебі армяндардың Әзірбайжанға қатысты аумақтық мүдделестігінің болуы. Іс жүзінде Таулы Қарабах бастапқыда солтүстік Әзірбайжанның аумағында орналасқан болатын және кавказдық үш мемлекеттің ажыратылмас бөлігі еді.

Таулы Қарабахқа қатысты мәселе алғаш рет Кеңес билігінің кавказдық елдерде орнатылу жылдарында қайта өршіді. Армян КСР-ның территориялық талаптарына жауап ретінде Ресейлік коммунистік большевиктер партиясы ОК-ның Кавказдық Бюросы 1921 жылғы 5 шілдедегі жиналысында қаулы қабылдады. Ол бойынша: «Мұсылмандар мен армяндардың арасындағы ұлттық бейбітшілік және Жоғарғы мен Төменгі Қарабахтың арасында әрі оның Әзірбайжанмен тұрақты экономикалық байланыстарының болуына байланысты Таулы Қарабахты Әзірбайжан КСР-ның аумағында қалдыру қарастырылды». 1922 жылы КСРО құрамына Әзірбайжан КСР кірді. Әзірбайжандық Орталық Атқарушы Комитет 1923 жылғы 7 шілдеде «Таулы Қарабах автономды облысының құрылғандығы туралы» декретті шығарды.

Таулы Қарабах аумағына деген қайшылық XX ғасырдың 80-жылдарының аяғында қайта тұтанды. 1988 жылы Таулы Қарабах автономиясының сепаратистік-террористік топтары мен армян қарулы күштері Армения және Таулы Қарабахта орналасқан кеңес армиясының көмегімен Таулы Қарабахты жаулап алу мақсатымен әскери шараларды бастады. Қарабахтың көбінесе әзірбайжандар қоныстанған аудандары, алдымен, басып алынды. 1992 жылғы 15 қаңтарда Кяркиджакхан елді мекені, 10 ақпанда Малыбейли мен Гушчулар селолары басып алынды, бейбіт және қарусыз тұрғындар қуылды. Бұдан әрі армяндар Ходжалы мен Шушаны қоршап алды. Ақпанның ортасында біріккен армян және кеңес қарулы күштері Гарадаглы ауылына басып кірді.

1992 жылғы ақпанның 25-нен 26-на қараған түні қазіргі заманғы тарихтың ең қайғылы оқиғасының куәсіне айналды. Армян қарулы құрылымдары Ходжалыда әзірбайжандарға қарсы қатыгез геноцид

жасады. Республика басшысы А. Муталлибов 1992 жылғы наурызда, ұлт қозғалысының шыңына жеткен шағында қызметінен кетті. Басшылықтың болмауы Әзірбайжан Республикасын әлсіретті. Бұл армян және кеңес қарулы құрылымдары үшін Шушиді жаулап алуға жағдайлар жасады және сол жылдың мамыр айында армяндар Таулы Қарабахтың бүкіл аумағын іс жүзінде басып алды. Келесі қадам Қарабахты Армениямен байланыстыратын Лачин дәлізін басып алу болды. Әзірбайжан Ұлттық Майданындағы жаңа ішкі қырқыстар жағдайды одан әрі әлсіретті. 1993 жылы Кяльбяджар басып алынды. Маусым айы терең саяси дағдарыс кезеңіне айналды. Халықтың күштеп талап етуі бойынша билік басына Гейдар Әлиев келді. 1994 жылдың мамырында ТМД-ның бірнеше мүше-мемлекеттерінің делдалдылығымен Әзірбайжан, Армения мен Таулы Қарабах Республикасы соғысты тоқтату туралы келісімге қол қойды. Қарабах соғысы барысында Армения мен Таулы Қарабахтағы армяндық қарулы күштері одан тыс әзірбайжандық халық басым тұрған аумақтарда бақылау орнатты. Бұл әрекет 1993 жылы БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесімен Әзірбайжанның аумағын армяндық әскерлердің оккупациясы ретінде бағаланды. Алайда, Армения мен Әзірбайжанның арасындағы Таулы Қарабахқа қатысты қақтығыс тараптардың келісімге келмеуінен әлі де қазіргі күнде толыққанды шешімін таппады. Бұл мәселені шешуге халықаралық қауымдастық қауымдастық та өз үлесін қосуға ұмтылуда. Таулы Қарабах мәселесі екі мемлекет мүше болып табылатын ТМД шеңберінде де талқылануда. Мысалы 2000 жылдың 20 маусымындағы Мәскеудегі ТМД мемлекет басшыларының саммиті барысында Әзірбайжан, Армения, Грузия мен Ресейдің бөлек кездесуі болды. Кездесу барысында Оңтүстік Қарабахтағы қақтығыстарды бейбіт реттеу мәселесі, халықаралық лаңкестікпен күреспен ынтымақтастықты мақсатындағы аймақтық қауіпсіздікті нығайту мәселелелері талқыланды. Мемлекет басшылары қол қойған осы төрт мемлекеттің мәлімдемесінде олар Оңтүстік Қарабахтағы қақтығыстарды реттеуді жеделдетуге бағытталған халықаралық қауымдастықтың бастамаларын қолдайтындықтарын білдірді. Нәтижесінде Таулы Қарабахтағы жағдай қазіргі уақытқа дейін екі мемлекеттің арасындағы әлі де шешімін толыққанды таппаған мәселеге айналып отыр.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Әзірбайжан Демократиялық Республикасы қашан құрылды?
2. Әзірбайжан Кеңестік Социалистік Республикасының пайда болуын ашып көрсетіңіз.
3. Г. Әлиевтің Әзірбайжан тарихындағы рөлін ашып көрсетіңіз.
4. И. Әлиевтің басқару жылдарындағы экономикалық сала қалай дамыды?
5. Таулы Қарабах қақтығысының мәнісін және екі мемлекеттің ұстанымын ашып көрсетіңіз.

3.3. Грузия Республикасы

Грузия Республикасы – Еуропа құрлығының оңтүстік-шығысында, Кавказ тауының оңтүстік бөлігінде орналасқан мемлекет және 66 әкімшілік ауданға бөлінеді. Құрамына Абхаз (1931 жылы) және Аджар (1921 жылы) республикалары енеді. Грузияның шекарасы Ресей, Әзірбайжан, Армения, Түркия мемлекеттерімен шектесіп жатыр. Жер көлемі – 69,7 мың шаршы км. Халқы – 5,4 млн. (1995 жылғы мәлімет бойынша). Тұрғындарының 70,1%-ы грузиндер. Қалған бөлігі армяндар (8,1%), орыстар (6,3%), әзірбайжандар (5,7%), осетиндер (3%), абхаздар (1,8%), гректер, украиндар, т.б.-дан тұрады. Астанасы – Тбилиси қаласы (1,2 млн.). Халқының көпшілік бөлігі – христиан дінінің православие тармағын ұстанады, қалғандары мұсылмандар мен католиктер. Ресми тілі – грузин тілі. Ұлттық ақшасы – лари 1995 жылдың қыркүйек айынан айналымға енгізілген.

Конституциясы 1995 жылдың 24 тамызында қабылданған. Оған сәйкес атқарушы, заң шығарушы және сот билік тармақтары бар. Мемлекет басшысы – президент. Атқарушы биліктің басшысы да болып президент есептелінеді және ол 5 жылға сайланады. Заң шығарушы органы – бір палаталы парламент. Грузияның екі палаталы парламенті заң шығарушы билікті жүзеге асыратын жоғарғы өкілетті орган болып табылады және төрт жылға сайланады, сондай-ақ 235 мүшелерден тұрады. Қазіргі Грузиядағы басты саяси партиялар: Грузия азаматтарының одағы; Грузия ұлттық демократиялық партиясы; Грузиялық ұлттық майдан; Грузия коммунистік партиясы; Ұлттық тәуелсіздік партиясы.

Кеңестік Грузияның қалыптасуы. Грузия Кеңестік Республикаға айналмас бұрын Ресей империясының құрамында болды. Оның бірте-бірте Ресей империясына Картлийск және Кахетинск патшалықтарының қосылуынан кейін басталды. 1783 жылы Ресей мен Грузия арасында Георгиев трактатына қол қойылды. Грузиндік патшалықтар мен княздықтар Ресей империясының құрамында 1918 жылға дейін болды. 1918 жылдан Кавказдағы алғашқы демократиялық республика Грузия Демократиялық Республикасы ретінде өмір сүрді. 1921 жылы 25 ақпанда Грузия Демократиялық Республикасы Қызыл Армияның күшімен өмір сүруін тоқтатты. 1922 жылдың 12 наурызынан бастап Грузия Абхазиямен, Армения және Әзірбайжанмен федеративті одақты құрды. 1922 жылдың 12 наурызы – 1936 жылдың 5 желтоқсаны аралығында Грузия Кавказ Федерациясына кірді. КСРО-ның 1936 жылғы жаңа Конституциясына сәйкес Грузия КСР, Армения КСР және Әзірбайжан КСР КСРО құрамына тәуелсіз одақтық республикалар ретінде кірді. Осыған дейін өмір сүрген Кавказ Федерациясы таратылды.

Кеңестік одақтас республика ретінде Грузия 1936-1991 жылдары аралығында КСРО құрамында болды. Осы уақыт аралығындағы оның дамуына келер болсақ, грузиндық азаматтардың арасында ел басқаруында шешуші рөлге ие болған белгілі танымал тұлғалар бар еді. Мысалға КСРО құрылғаннан 1953 жылға дейінгі елдің ішкі мен сыртқы саясатын айқындаған И. Сталин, Л. П. Берия, Г. К. Орджоникидзе, т.б. атап өтуге болады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Кеңес Одағы құрамында болған Грузия КСР-і де ортақ Отанды қорғауға кірісті. Бұл соғыста шамамен 700 мың Грузия тұрғыны, яғни республика халқының бестен бір бөлігі қатысты. Грузия КСР-інде тұратын 137 азамат әскердегі ерліктері үшін Кеңес Одағы Батыры атағын иемденді. 240 мыңнан астам азамат ордендер мен медальдармен марапатталды. 1944 жылдың наурызында Шешен-Ингуш АКСР-інің таратылуына байланысты Грузия КСР-інің құрамына РКФСР құрамынан Шешен-Ингуш шекаралас аудандары (Итум-Калинск аумағы, Шароевск ауданының батыс бөлігі, Галанчожек, Галашинск және Пригородный аудандарының оңтүстік бөлігі), сондай-ақ, Солтүстік-Осетин АСКР-інің оңтүстік-шығыс бөлігі

кірді. Бұл аумақтар Грузия Кеңестік Социалистік Республикадағы Душетск және Казбегск аумақтарының бөлігіне айналды. 1957 жылы Шешен-Ингуш Автономдық Кеңес Социалистік Республика қалпына келтірілген уақытта, бұл аумақтар қайта РКФСР-ға қайтарылды.

1965 жылдың желтоқсанында экономикалық салада көптеген жетістіктерге жетті. Халық шаруашылығы мен мәдени құрылысты дамытудағы еңбекшілердің қол жеткізген үлкен жетістіктері үшін Грузия КСР екінші рет Ленин орденімен марапатталды. Бұл уақытта Грузия КСР-інің экономикасы Кеңес Одағының ортақ шаруашылық жүйесіне кірген еді. Елдегі басты валюта кеңес рублі болды. Республиканың өнеркәсібі бай минералдық және гидроэнергетикалық қорларға, ауыл шаруашылығы тауарларына негізделді. Земо-Авчальдык гидростанциясы, Риондық гидростанциясы, Сухумилык гидроэлектростанциясы, Читахевск гидроэлектростанциясы, Ткварчельск және Тбилиси жылу электростанциялары салынды. Республика Чиатурск маргаренец кен орнында алынатын әлемдік маргаренец өндірісінің жартысына жуығын шығаратын еді. Өндіріс саласына тартылған азаматтардың саны да артты. Егер 1928 жылы Грузия КСР-інде 183 мың жұмысшылар мен қызметкерлер жұмыс істесе, 1970 жылға дейін олардың саны 1 миллион 490 мың адамға жетті. Осылардың ішінде өндірісте жұмыс істейтіндердің саны 385 мың тұрғын еді. Нәтижесінде Грузия жұмыспен қамтылған халқының саны 8 есеге артты.

Грузия КСР-індегі экономикалық сала жақсы дамығанымен, саяси салада толқулар көрініс тапты. КОКП XX съезінен кейін Грузияда антикеңестік және сталиндық көңіл-күйдің күрт өсуі орын алды. Оның шарықтау шегіне біршама адам құрбандықтарына әкелген 1956 жылдың наурызындағы жаппай тәртіпсіздіктер айналды. 1970-жылдары жергілікті партиялық ұйымның бірінші хатшысы қызметінде Эдуард Шеварднадзе кең танымалдыққа ие болды. Ол жемқорлық және билікті шектен тыс пайдалануға қарсы күрес шараларын ұйымдастырды. Алайда, бұл уақытта ел ішінде саяси толқулар тарала бастады. 1978 жылы 14 сәуірде Тбилисиде грузия тілін мемлекеттік мәртебеден айыруға қарсы жаппай демонстрациялар орын алды. Алайда кампанияның жалпы нәтижелері көңілді қанағаттандырмады және бірінші хатшы

қызметінде Шеварднадзені алмастырған Джумбер Патиашвили де қалыптасқан жағдайдың қиын екендігі мойындауға мәжбүр болды. Грузияда 70-жылдары Звиад Гамсахурдиа мен Мераб Костава бастаған қозғалыстар пайда болды. Грузияның Кеңес Одағы құрамында соңғы өмір сүру жылдарында, яғни XX ғасырдың 80-жылдары елде грузиялық және абхазиялық ұлтшылдардың қызметі белсенділік таныта бастады. 1989 жылдың сәуірінен Тбилисиде күнделікті Грузияның тәуелсіздігі қалпына келтіру талаптарымен митингілер өтті. Нәтижесінде 1990 жылы Грузияның КСРО құрамынан шығуының негізі қаланды.

Тәуелсіз Грузияның құрылуы мен оның жағдайы. 1990 жылдың 28 қазанында Грузия КСР-інің Жоғарғы Кеңесіне сайлау өткізіліп, оның нәтижесі бойынша Звиад Гамсахурдианың ұлтшыл блогы жеңіске жетеді. 1990 жылы 14 қарашада Грузия КСР-інің Жоғарғы Кеңесінің сессиясы өтіп, онда Звиад Гамсахурдиа Жоғарғы Кеңестің төрағасы болып сайланды. Бұл сессияның шешімімен мемлекеттің аты Грузия Республикасы деп өзгертілді. Грузия Демократиялық Республикасының мемлекеттік туы, елұраны мен әнұраны қабылданды. Жаңа басшы Гамсахурдиа автономиясыз унитарлық мемлекет бағытын таңдады.

1991 жылдың 31 наурызында Грузия КСР-інде «1918 жылдың 26 мамырдағы тәуелсіздік туралы Актінің негізінде Грузияның мемлекеттік тәуелсіздігін қалпына келтіру» туралы референдумды өткізді. Көптеген сайлаушылар қолдап дауыс берді. 1991 жылдың 9 сәуіріндегі референдумның нәтижелері бойынша, Грузия КСР-інің Жоғарғы Кеңесі Грузия Демократиялық Республикасының құқықтық мұрагері ретіндегі Грузияның егемендігін қалпына келтіру туралы актіні қабылдады. Актіде 1921 жылғы Грузия Демократиялық Республикасының конституциясының заңды күшінің болатындығы туралы жарияланды. КСРО-ның құлауынан кейін Грузия бұрынғы одақтас республика ретінде БҰҰ-ның мүшесіне айналды. Де-юре Грузия КСРО құрамында оның 1991 жылдың 26 желтоқсандағы толыққанды құлауына дейін болды. 1992 жылдың ақпанында Грузияның Әскери кеңесі 1978 жылғы Грузия КСР-інің Конституциясының жойылуы және 1921 жылғы Грузия конституциясына өту туралы шешімді қабылдады.

1992 жылдың 6 қаңтарында әскери төңкеріс нәтижесінде биліктен Грузияның бірінші президенті Гамсахурдиа кетті. Азаматтық соғыс басталды. Гамсахурдияның билігінің құлатылуынан кейін ол Грузияның Әскери Кеңесі немесе кейіннен қайта аталған Мемлекеттік Кеңестің қолына өтті. 10 наурызда Мемлекеттік Кеңесті бұрынғы Грузия КСР ОК Компартиясының бірінші хатшысы Эдуард Шеварднадзе басқарды. Оның билікке келуі тұсында Грузиядағы ішкі саяси жағдай ауыр болып қала берді. Елдің солтүстік-батыс бөлігінде грузин-осетиялық қақтығыстар, ал батысында биліктен құлатылған бұрынғы президенттің жақтаушыларының қарсылықтары болып жатты. Сонымен бірге Абхазиядағы жағдай ушыға түсті. 1993 жылдың 23 маусымында Абхазия Жоғарғы Кеңесінің абхаздық бөлігі 1978 жылғы Конституцияның күшін жойып, 1925 жылғы Конституцияны қалпына келтірді. 24 маусымда Гамсахурдия жақтастары Тбилисидегі телеорталықтың ғимаратын басып алды. Таңертеңгі уақытта оның қолдаушыларының бірі Вальтер Шургая телеорталықтың жанына жиналуды және билікке Звиада Гамсахурдияның қайтып келуін талап етті. Бірнеше сағат өткен соң әскерлер телеорталықты қоршап, ғимаратты босатты және еруілшілерді тұтқындады. Дәл осы күні Шеварднадзе Ресей президенті Борис Ельцинмен Сочи келісіміне қол қойды. Бұл келісім Оңтүстік Осетиядағы қарулы әрекеттерді аяқтады. Оңтүстік Осетиядағы соғыс нәтижесінде Грузия аумақтың 60%-дық бөлігіндегі бақылаудан айырылды, ал өзін-өзі жариялаған Оңтүстік Осетия Республикасы де-факто тәуелсіз, алайда, Грузиямен мойындалмаған мемлекетке айналды.

Осы уақытта Абхазиядағы және Батыс Грузиядағы жағдай да ушыға түсті. Батыс Грузияда әрекет еткен звиадистер билік өкілдеріне қарсы диверсияларды, жарылыстар мен шабуылдарды ұйымдастырып, 9 шілдеде олар премьер-министр мен Адам құқықтары және ұлтаралық қарым-қатынастар бойынша Комиссия төрағасын қамауға алды. 25 шілдеде алаңда жиналған Мемлекеттік Кеңес заңды күшіне ие емес абхазиялық конституцияны қалпына келтіруге шақырды. 12 тамызда аманатқа алынған азаматтарды ұстап отырған Абхазиядағы звиадистерге Тенгиз Китовани басқарған Ұлттық Гвардияның 3 мың әскері бағытталды. Билік 13

тамыздың таңғы 9 уақытына дейін Батыс Грузияда әрекет етуші қылмыскерлер ұстап отырған барлық азаматтарды босату ультиматумын алға тартты. 14 тамызда Абхазияға Ұлттық гвардияның әскерлері енгізіліп, ол жерде кейіннен әскери әрекеттер орын алды. Ұлттық гвардия бөлімдері Гумиста өзеніне дейін қозғалды, ал нәтижесінде олар бүкіл Гагра мен Сухумиді қосқандағы Абхазия аумағын жаулап алды. Қазандағы шабуылдық әрекеттерден кейін олардың бақылауына толық Гагра толыққанды өтті. 11 қазанда елде парламенттік сайлау өткізіліп, оның нәтижелері бойынша Шеварднадзе 90%-дық дауысы жинап, Грузияның Жоғарғы Кеңесінің төрағасы болып тағайындалды. 1993 жылы 23 шілдеде ұзақ мерзімдік қақтығыстан кейін Сочиде Абхазиядағы қақтығысты тоқтату туралы келісімге қол қойылып, оған Ресей кепілдік беруші мемлекет ретінде қатысты. Бірақ Мегрелиядағы жағдай күрделеніп, 28 тамызда звиадистер Мегрелиядағы Сенаки, Абаша и Хоби сияқты бірқатар халықтар орналасқан пункттерді жаулап алды. Қыркүйектің басында абхаздар бітімді бұзып, Сухумиге шабуылды қайта бастады. Бір уақытта звиадистер Батыс Грузияда әскери әрекеттерін ұйымдастырды. 24 қыркүйекте Гамсахурдия Батыс Грузияға қайтып келіп, Зугдидиде «Қуғындағы үкіметті» басқарды. Бұл арқылы ол елдегі заңды билікті қалпына келтіруді мақсат етіп қойды. 27 қыркүйекте абхаздық әскерлер бейбіт халықты қырып, Абхазия астанасын алды. Ал 30 қыркүйекте абхаздық қарулы құрылымдар Абхазияның әкімшілік шекарасына грузиндық әскерлерді қуып өтті. 17 қазанның таңына таман звиадистер Самтредианыға шабуылды бастап, бірнеше уақыттан кейін оны басып алды. Ал 19-нда іс жүзінде Ланчхутиді алды. Гамсахурдияның жақтастары өз шабуылын жалғастырып, 11 қарашада соңғы Зугдидиді иемденді. Гамсахурдияның жақтастары Цаленджихск ауданының орманында таралып, ал биліктен кеткен президенттің өзі жасырынып кетті. 31 желтоқсанда Звиад Гамсахурдия өзі де белгісіз жағдайда қайтыс болды.

1995 жылдың 24 тамызында 1921 жылғы Грузия Демократиялық Республикасының конституциясы негізінде Грузияның жаңа Конституциясы қабылданып, ол бойынша елдің аты Грузия деп өзгертілді. 1995 жылдың 5 қарашасында президенттік сайлау өтіп, Э. Шеварднадзе 72,9% дауысты иемденді. Ол Грузия президенті

болған кезде ел саяси тұрақсыздығымен сипатталды. Шеварнадзе елшілік қызметтен елге оралғанда елеулі экономикалық мәселелер, мафияның артуы және Абхазиядағы әскери әрекеттердің етек жаюына тап болды. Президенттік қызметке келгеннен кейін ол Абхазия мен Оңтүстік Осетияның Грузияның құрамына қайтару және елдің саяси-экономикалық мәселелерін шеше алмады. 1998 жылдың 9 ақпанында президентке қастандық жасалынды. Тбилиси орталығында оның кортежы гранатометпен автоматты қарумен атқыланды. 2002 жылы 9 сәуірде Э. Шеварнадзе сайлауда қатысқан 82%-дық сайлаушылардың даусын иемденіп, қайта президент болып сайланды. 2002 жылдың қыркүйегінде Шеварнадзе 2005 жылғы президенттік мерзімі аяқталғаннан кейін зейнетке шығатындығын мәлімдеді. 2002 жылдың 8 қазанында оның Путинмен Кишиневтегі кездесуі «грузия-ресейлік қарым-қатынастардағы бетбұрыстың бастауы» болды. Бірақ елдегі ауыр экономикалық жағдай, төменгі өмір сүру деңгейі, адам құқықтарының жаппай және жүйелі бұзушылықтары, сонымен бірге 2003 жылы 2 қарашадағы парламенттік сайлау нәтижелерінің фальсификациясы 2003 жылғы 21-23 қарашадағы «барқыт революциясына» әкелді. М. Саакашвили бастаған революция сипатындағы төңкерілістің нәтижесінде ол билікке келді. Революцияны ұйымдастырмас бұрын Саакашвилидің өз қарсылық қозғалыстарының құрамында болған еді. 2001 жылдың қыркүйегінде парламенттен отставкаға кетіп, Э. Шеварнадзе және оның үкіметі мүшелерін жемқорлық үшін айыптады. Сондай-ақ, ол кейіннен 20 мың адамға жектен «Ұлттық қозғалыс» атты оппозициялық саяси ұйымды құрды. 2002 жылдан Саакашвили Тбилисидің заң шығарушы жиналысының төрағасына айналды. Саакашвилидің революцияны ұйымдастыруына 2003 жылғы саяси жағдай әсер етті. Яғни, 2003 жылдың 3 қарашасында Грузияда парламенттік сайлау өтіп, оның нәтижесін «Ұлттық қозғалыс», «Бурджанадзе-Демократтар» және «Патиашвили-Единство» аталған оппозициялық одақтары мойындамады. Сондықтан оған қарсылық акцияларын ұйымдастырды. Осы революция нәтижесінде Саакашвили билікке келіп, батыстық бағыттағы саясатты ұстанды. Оның тұсында Ресеймен қарым-қатынастар да нашарлады. 2004 жылдың 4 қаңтардағы қайта өткізілген президенттік сайлаулардың

нәтижесінде М. Саакашвили Грузия президенті болып сайланды. 2008 жылдың 5 қаңтарында кезектен тыс сайлау өткізіліп, онда М. Саакашвили жеңіске жетті. Саакашвили тұсында оның сыртқы саясаты елеулі түрде өзгеріске түсті. Сонымен қатар бірқатар қақтығыстық оқиғалар да орын алды. Мысалы 2004 жылдың 6 қарашасында 300 грузин әскери қызметкері Иракка АҚШ әскери күштерін қолдау үшін кірді.

Грузия сыртқы саясатындағы халықаралық қауымдастықтың назарын аудартқан оқиғалардың бірі Оңтүстік Осетия мен Абхазиядағы әскери қақтығыс еді. 2008 жылдың 1 тамызында Грузия мен Осетия қарым-қатынастары күрделенді. Бір апта көлемінде бірте-бірте грузиялық және оңтүстік осетиялық әскерилердің арасында атыстар болды. Тамыздың 7-сінен 8-не қараған күні Цхинвалиді алумен Оңтүстік Осетия соғысы басталды. Бұл соғысқа Ресей де араласып, Абхазия мен Оңтүстік Осетияға әскери қолдау көрсетті. 2008 жылдың 26 тамызында РФ Президенті Д. Медведев Ресейдің Абхазия мен Оңтүстік Осетияны мойындауы туралы Жарлыққа қол қойды. Бұл ұсынысты Ресей басшылығына екі елдің өкілдері білдірген еді. Сәйкесінше қалыптасқан жағдайда Грузия басшылығы 2008 жылғы тамыздағы соғыстар нәтижесінде Ресеймен дипломатиялық қарым-қатынастарды үзіп, Абхазия мен Оңтүстік Осетияны мойындамайтындығын мәлімдеді. Грузия ТМД ұйымының мүшелігінен шықты. Қазіргі уақытта да Грузияның ішкі және сыртқы саясаты баспасөз назарында болып отыр. Өйткені оның Ресеймен қарым-қатынастары қуантарлық деңгейде емес. Ел ішінде де саяси тұрақсыздықтар көрініс беруде. Кейінгі оқиғалардың даму барысы уақыттың еншісінде болмақ.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Қазіргі уақытта Грузияда қандай саяси партиялар қызмет етуде?
2. Грузия Кеңестік Республикасы қашан пайда болды?
3. XX ғасырдың 50-жылдарындағы орын алған Грузиядағы тәртіпсіздіктердің себебі қандай?
4. 1980 жылдардағы Грузиядағы ереуілдерді ашып көрсетіңіз.
5. Э. Шеварднадзенің рөлін ашып көрсетіңіз.
6. Грузиядағы «барқыт революциясының» ерекшелігін талдаңыз.

3.4. Өзбекстан Республикасы

Орталық Азия аймағына сипаттама. Орталық Азия Азия құрлығының дүниежүзілік мұхитпен шектеспейтін ұлан-ғайыр аумағы болып табылады. Оның құрамдас бөліктерінің нақты шекараларын анықтайтын түрлі пікірлер бар болса да, олардың біреуі де талассыз емес. Сонымен шекараларын анықтау қиындау болса да, Орталық Азияның бірнеше маңызды ортақ сипаттамалары бар. Осылардың ішінде бүгінгі саяси ғылымда Орталық Азия түсінігіне негізгі бұрынғы посткеңестік бес мемлекетті қамтиды: Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Өзбекстан, Тәжікстан мен Түрікменстан. Алайда бұл атау көбінесе, саяси-экономикалық және мәдени сипатпен байланыстырылады. Ал географиялық тұрғыдан оның шекарасы бес мемлекеттен де аса аумақты қамтиды деген пікір де таралған. Яғни Орталық Азия түсінігіне бес мемлекеттің кіруіне қатысты келесі жағдайлар белгілейді. Біріншіден, мәдени тұрғыдан оның тарихының көшпенділермен және Жібек Жолымен тығыз байланысты болуы. Соның нәтижесінде ол Еуропа, Батыс Азия, Оңтүстік Азия және Шығыс Азияның арасында адамдар, тауарлар және жаңа ойлар мен ілім-тәлімдердің тасымалдаушысы ретінде қызмет атқарды. Оны кейде Орта Азия немесе Ішкі Азия деп атайды, себебі ол кең-байтақ Еуразия құрлығының орталық бөлігінде орналасқан. Орталық Азияның мемлекеттері Азия құрлығының батыс бөлігінде орналасқан, мұхитқа шығысы жоқ аймақ. Оңтүстігінде ол Памир-Гиндукуш тауларымен, шығысында Гоби және Такла-Макан шөлдері және Қытай жазығымен, солтүстігінде Ресей Сібірімен, батысында түркі мемлекеттерінің шекараларымен шектелген. Бұл мемлекеттердің географиялық орналасуы Ресейдің саяси ықпал жүргізуіне қолайлы жағдай туғызады. Сондықтан саяси-экономикалық тұрғыдан осылай Орталық Азияға бес мемлекеттің кіргізілуін ресейлік фактормен байланыстырады.

Орталық Азия түсінігінің тарихына келер болсақ, Орталық Азияның дүниенің ерекше бір бөлігі ретіндегі ойды алғаш рет 1843 жылы неміс географы Александер фон Гумбольдт атап өткен. Орталық Азияның шекаралары сипаттауға көп рет талпыныс жасалды. Көптеген оқулықтар осы аймақты әлі де Түркістан деген Сталиннің билік құрған заманына дейін қолданылған атау-

мен атайды. Бұл түсініктеменің пайда болуы көбінесе, бастапқы, географиялық ұстаным тұрғысынан XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басымен байланыстырылады. Кейіннен, XX ғасырдың екінші жартысында бұл анықтама батыстық саясаттанушылардың арасында кеңінен таралды. Олар «Кеңестік Орталық Азия» аймағы ретінде дәстүрлі түрде Орта Азия мен Қазақстанның кеңестік республикаларын қарастырды. Ең шектеулі анықтама бұрынғы Кеңес Одағында қолданылды, онда Орта Азия тек Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан және Қырғыз Республикасынан тұрады деп белгіленген болатын. Бірақ Қазақстан мен Моңғолия оған кірмейтін. Сол кездері КСРО-дан тыс та осы анықтама қолданыла беретін. Алайда орыс тілінде осы мағынаға ие екі ұғым бар: «Средняя Азия» (бұған Ресейдің Орталық Азиядағы славянтідді емес аймақтары жататын) және «Центральная Азия» (бұған «Средняя Азия» мен Ресейдің қол астында ешқашан болмаған басқа да жерлер жатады). Алайда ағылшын тілінде осы екі ұғымның арасындағы айырмашылық жоқтың қасы, сондықтан «Средняя Азияны» да, «Центральная Азияны» да Central Asia деп аудару халықаралық қолданыста шатасу туғызуы мүмкін.

Орталық Азия мемлекеттері нақты өз атауын халықаралық саяси және экономикалық тәжірибеде Орта Азия мен Қазақстанның жаңа тәуелсіз мемлекеттерінің 1993 жылдың қаңтарында бас қосуынан кейін басталды. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін Кеңес Одағының бес бұрынғы республикасы Ташкентте жиналып, бұрынғы төрт республикамен бірге Қазақстан да Орталық Азияның бөлігі болып саналуы керек деп жариялады. Ташкенттегі Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан және Қырғыз Республикасы және Қазақстан мемлекет басшылары ынтымақтастық туралы келісімге қол қойып, орналасқан аймақты толыққанды сипаттайтын атау ретінде «Орталық Азия» анықтамасын айналымға енгізді. Осы кездесуден кейін посткеңестік кеңістікте саяси сөздікке Орталық Азия аймағы жаңа атауы қосылды. Бұл аймақтың мемлекеттерінің барлығы да қазіргі уақытта ТМД-ға мүше болып табылады. Олардың ТМД-дағы өзіндік рөлін анықтау үшін даму тарихы мен қазіргі күнгі жағдайына тоқталып өткен жөн болар.

Өзбекстан Республикасы Әмудария мен Сырдария өзендері аралығында орналасқан Орталық Азияның мемлекеті және

аумағының көлемі 447,4 мың шаршы км-ді құрайды. Өзбекстан солтүстік-шығысында – Қазақстанмен, шығыс пен оңтүстік-шығысында – Қырғыз Республикасы және Тәжікстанмен, батысында – Түрікменстанмен, оңтүстігінде – Ауғанстанмен шектеседі. Мемлекеттік шекараның ортақ ұзындығы 6221 километрді құрайды. Әкімшілік-аумақтық құрылымы тұрғысынан Өзбекстан Республикасы облыстар, аудандар, қалалар, ауылдар мен Қарақалпақстан Республикасынан тұрады. Ел астанасы – Ташкент қаласы.

Өзбекстан халқына келер болсақ, ол 2010 жылғы бірінші тоқсаны бойынша Мемлекеттік статистика комитетінің мәліметтеріне сәйкес 28 095 900 адамды құрады. Оның ішінде – қалалық халық 37%-ды және ауыл халқы 63%-ды құрады. Халықтың орташа орналасу тығыздығы 1 шаршы км.-ге 62 адамнан келеді. Елдің этникалық құрамына келетін болсақ, негізгі бөлігін өзбектер (85%) құрайды. Келесі этникалық топтар да бар: орыстар – 5%, тәжіктер – 4,5%, қазақтар – 2,5%, ирандықтар – 2,5%, қарақалпақтар – 2%, қырғыздар – 1%, татарлар – 1,1%, түрікмендер – 0,7 %, корейлер – 0,6%; еврейлер – 0,1%, қарачайлықтар – 0,05%.

Өзбекстандағы діни жағдайға келер болсақ, ресми мәліметтерге сәйкес мұсылмандар – 88%-ды (негізінен сунниттер), православиеліктер – 9%-ды құрайды. Барлығы елде 16 діни конфессия тіркелген. Өзбекстан Конституциясына сәйкес барлығы үшін ар бостандығын жариялайды. Конституция бойынша әрбір азамат кез келген дінді насихаттауға немесе ешбірін насихаттамауға құқылы. Сонымен бірге діни көзқарастарды күштеп қалыптастыруға рұқсат берілмейді.

Өзбекстан Республикасындағы діни саладағы жауапты және жұмысшы орган Өзбекстан Республикасының Министрлер Кабинетінің қарамағындағы діни істер бойынша Комитет болып табылады. Жалпы алғанда, Өзбекстан Республикасында қазіргі уақытта 16 діни конфессияларға тиесілі 130-дан астам ұлттар тіркелген.

Өзбекстанның тарихы. Өзбекстан елі де ұзақ уақыт бойы Орта Азиядағы халықтар секілді моңғол шапқыншылығы, араб шапқыншылығы сияқты оқиғаларды бастан өткерді. XVI ғасырда бұл аумақта екі үлкен хандық пайда болды. Солардың ірілерінің

бірі Бұқара хандығы болды. Ол қазіргі Өзбекстанның орталық, оңтүстік және шығыс бөлігін бақылады. Екіншісі астанасы Хорезмде орналасқан Әмудария сағасы мен оған жанасқан аудандарды қамтыған Хиуа хандығы болды. Кейіннен XVIII ғасырда Ферғана жазығында саяси орталығы Қоқан болған үшінші хандық пайда болды.

XVI-XIX ғасырлар аралығы Өзбек хандықтарын құлдыраумен сипатталды. Бұл хандықтар арасындағы өзара келіспеушіліктері, көшпенділердің шабуылы және Жібек Жолы бойынша сауданың қысқаруымен түсіндіріледі. Өзбек хандықтарындағы ресейлік империяның ықпалы да XVII-XIX ғасырларда арта түсті. 1870 жылдың басында Қоқан хандығы Ресейге қосылып, ол орталығы Ташкентте орналасқан Түркістан генерал-губернаторлығы құрамына кірді. Бұқара және Хиуа хандықтары Ресейдегі вассалды бағыныштылығын мойындады. Алғашқы кездері ресейлік әкімшілік елдің мәдени және діни өміріне араласпады. Алайда өнеркәсіптің дамуы ауданның экономикасын дамытудағы өзгерістерді талап етті. Ауыл шаруашылығында мақта өсіру саласы басымдыққа ие болды. Орта Азияны Ресеймен және Каспий теңізінің жағалауымен байланыстырған темір жолдардың құрылысы айрықша маңызды болды.

Бірінші дүниежүзілік соғыс уақытында орыс армиясы майдандарда ірі шығындарға ұшырап, 1916 жылдың жазында Ресей үкіметі мұсылмандарды тылдағы жұмыстар үшін армияға мобилизациялау туралы жарлық шығарды. Бұл жарлық Орта Азия халықтарының жаппай наразылығын тудырды. Оның барысында мыңдаған тұрғындар қаза болды. Ал 1917 жылғы Түркістандағы революциялық оқиғалардың орталығы Ташкент қаласы еді. 1917 жылғы ақпандағы самодержавиенің орнына келген Уақытша үкімет елдің саяси өмірінде Түркістан мұсылмандарының қатысуын болдырмауға ниеттестігін байқатты. Большевиктер ұлттық езгіні токтатуға уәде берді.

1917 жылдың қарашасында мұсылмандық діни басшылар Қоқанда төтенше съезд шақырып, онда Орта Азияның оңтүстік бөлігінің автономиясы туралы жарияланды. Алайда, 1918 жылдың ақпанында Қоқан автономиясы Ташкенттен жіберілген Қызыл Армияның басым күштерімен талқандалды. 1918 жылдың

сәуірінде Түркістанның генерал-губернаторлығы Түркістан Автономдық Кеңестік Социалистік Республикасы деп өзгертілді. Қызыл Армияның көмегімен Бұқара мен Хиуадағы бұрынғы билік құлатылды, ал Бұқара және Хорезм республикалары Түркістан АКСР-ның құрамына кірді. 1924 жылдың жаңа «ұлттық» әкімшілік бірліктер енгізіліп, олардың бірі Өзбек КСР-на айналды. Өзбек КСР құрамына 1924-1929 жылдар аралығында автономдық республика құқығында Тәжікстан кірді. Өзбекстанның астанасы бастапқыда Самарқан болса, 1930 жылы ол қайта Ташкентке көшірілді.

1928 жылы алғашқы бес жылдық жоспардың қабылдануы Өзбекстанның дәстүрлі шаруашылық өмірі мен мәдениетіне кең көлемді шабуылдың бастауына айналды. 1929 жылы жер-су реформаларын жүргізудің артынша ұжымдастыру саясаты жаппай сипатқа ие болды. 1932 жылдың көктеміне таман Өзбекстандағы жер иеліктерінің үштен бір бөлігі біріктіріліп, ұжымшарларға қосылды. Өзбек жазуы араб тілінен славяндық графикалық негізге көшті. Сонымен бірге сауатсыздықты жену бойынша науқан да орын алды.

Өзбекстанның кеңестік Республика ретіндегі қалыптасуы республикалық коммунистік партия және үкіметтік аппараттың ұйымдастырылуымен қатар жүрді. Өзбек үкіметінің бірінші төрағасы болып Файзулла Ходжаев тағайындалды. Өзбекстан компартиясының бірінші хатшысы ретінде қызметке 1924 жылы орыс В.И. Иванов тағайындалды. Алайда, 1927 жылы оның орнын Акмал Икрамов алмастырды. Ходжаев және Икрамов өз қызметтерін 1937 жылға дейін сақтады.

1920 жылдардың аяғы – 1930 жылдардың басында республикадағы компартия мүшелерінің саны тез өсіп, бұл партия мүшелері арасындағы өзбектердің артуымен қатар жүрді. 1934 жылы Өзбекстан Коммунистік партиясында олар 64%-ды құрады. Алайда, сталиндік репрессиялар нәтижесінде олардың бірқатары жазаланды. Партиялық тазалаудың құрбандарына өзбек партиялық-шаруашылық элитасының көптеген өкілдері ұшырады. Икрамов және Ходжаев 1938 жылдың наурызында Мәскеуде өткен соңғы жазалау процесстерінде айыпталып, атылды.

Соғыстан кейінгі Өзбекстандағы маңызды саяси тұлғаға 1959-1983 жылдар аралығында Өзбекстан Коммунистік партиясының

бірінші хатшысы қызметінде болған Шараф Рашидов айналды. 1983 жылы оның ізбасары Инамджон Усманходжаев республиканың саяси және мемлекеттік аппаратының тазалауын ұйымдастырды. Көптеген шенеуніктер өз қызметтерінен босатылып, өзге қызметтерге тағайындалды немесе тұтқындалды. Көпшіліктің назарын Рашидов кезеңіндегі жемқорлық туралы «өзбек ісі» аударды. 1988 жылдың қаңтарында Мәскеуден бағытталған тазартуды жалғастыруға дайындығына қарамастан, Усманходжаевтың орнын Рафик Нишанов алмастырды.

1989 жылдың маусымындағы бірінші хатшы қызметіндегі Нишановты Ислам Каримовтың алмастыруы Өзбекстанның ішкі саясатындағы өзгерісті сипаттады. Мұндай жағдайдың қалыптасуына Ферғана жазығындағы жағдайдың тұтануы себеп болды. Ферғанадағы өзбектермен ұлтаралық қақтығыс нәтижесінде мындаған түрік-месхетіндіктер қуып жіберілді. Каримов халықтың арасында кеңінен танымал діни, мәдени және экономикалық өмір, әлеуметтік қамтамасыз ету және Өзбекстанның мүдделерін қорғау саласындағы саясатты жүргізе бастады. 1990 жылдың наурызында Өзбекстанның Жоғарғы Кеңесі И. Каримовты республика президенті қызметіне тағайындады.

1991 жылдың тамызындағы елде орын алған мемлекеттік төңкерілістің сәтсіз болғандығы анық болды. И. Каримов бұл оқиға мен оған қатысушыларды айыптады. 1991 жылдың 31 тамызында республиканың Жоғарғы Кеңесі Өзбекстанның тәуелсіздігін жариялады.

1991 жылдың желтоқсанында алғашқы жалпыхалықтық сайлаулар өткізілді. Каримовтың қарсыласы, «Эрк» қозғалысының көшбасшысы Мухаммад Салих тек 12% дауысты иемденді. Осылайша сайлау нәтижесі бойынша Ислам Каримов жеңіске жетті.

Тәуелсіз Өзбекстанның ішкі және сыртқы саясаты. КСРО-ның құлауынан кейін 1991 жылдың 31 тамызында Өзбекстанның декларациясы жарияланып, кезектен тыс Жоғарғы Кеңестің елдің саяси тәуелсіздігі жарияланды. 1 қыркүйек Өзбекстанның ресми тәуелсіздік күні ретінде белгіленді. Өзбекстан Республикасын тәуелсіз ел ретінде 160 мемлекет мойындады. 1992 жылдың 2 наурызында Өзбекстан БҰҰ-ның мүшелігіне алынды. 1992

жылдың 8 желтоқсанында Өзбекстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданды. Өзбекстанның тәуелсіздігін алып, жаңа Конституциясының қабылдануымен қатар, елдің мемлекеттік басқару жүйесі де қалыптаса бастады. Жаңа саяси жүйенің негізін атқарушы биліктің басшысы әрі президент өкілеттіктерін беретін президенттік билік формасы құрады. 1991 жылғы желтоқсандағы сайлау нәтижесінде билікке келген президент И. Каримов республикадағы тұрақтылықты сақтау және билігін нығайтуды мақсаты етіп қойды. 1995 жылғы 26 наурыздағы жаппай халықтық референдумның нәтижелеріне сәйкес И. Каримовтың президенттік өкілеттігі мерзімі 2000 жылға дейін ұзартылды. 2000 жылғы баламалы сайлаулар өткізіліп, конституцияға енгізілген түзетулерге сәйкес нәтижелері бойынша И. Каримов Өзбекстан Республикасының президенті болып 7 жылға тағайындалды. 2007 жылдың 23 желтоқсанында кезекті баламалы сайлаулар өткізіліп, оның нәтижелері бойынша И. Каримов 7 жылға Өзбекстан Республикасының президенті болып тағайындалды.

Өзбекстанның саяси жүйесінде президенттік басқару формасымен қатар, билік жүйесінде үш билікті тармақ маңызды рөл атқарады. Яғни елдің заң шығарушы, атқарушы және сот билігі бар.

Заң шығарушы билікті 1992 жылғы Конституцияға сәйкес Өзбекстан Республикасының Олий Мажлисі жүргізеді. Олий Мажлис екі негізгі палата – төменгі палата (заң шығарушы палата) және жоғарғы палатадан (сенат) тұрады. Олардың өкілеттігі мерзімі бес жыл болып табылады.

Тәуелсіздік алған жылдардан бастап Өзбекстанның парламенттік құрылымы бірқатар өзгерістерді бастан өткеріп, бірпалаталықтан екіпалаталық жүйеге өтті. Өзбекстан парламентінің ресми сайтының мәліметтеріне жүгінер болсақ, XX ғасырдың 90 жылдарының басынан оның тарихында келесі үш кезеңді бөліп көрсетуге болады: бірінші кезең – 1991-1994 жылдар, екінші кезең – 1995-2004 жылдар, үшінші кезең – 2005 жылдан қазіргі уақытқа дейін.

Бірінші кезеңдегі маңызды оқиғалардың бірі алғашқы жаңа парламенттің бірінші сайлауының өтуі болды. Ол 1994 жылдың желтоқсанында болды. 1994 жылғы үш кезеңмен өткізілген

сайлау нәтижесінде Олий Мажлис аталған бірпалаталы парламент құрылды. Оған 245 депутат кірді. 1994 жылға дейін өтпелі кезеңнің парламенті қызметін кеңестік басқару жылдарынан келе жатқан Жоғарғы Кеңес атқарды. Соңғы шақырылымдағы Жоғарғы Кеңес жаңа мемлекеттік органдарының құрылуына, әділетті демократиялық мемлекетті қалыптастыруға бағытталған Өзбекстан Республикасының Конституциясын қабылдады. Парламент жас мемлекеттің егемендігі нығайтуға бағытталған бірқатар келесідей заңдарды қабылдады: «Өзбекстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігінің негіздері туралы», «Өзбекстан Республикасы Президентінің сайлаулары туралы», «Өзбекстан Республикасының мемлекеттік әнұраны туралы», «Өзбекстан Республикасының мемлекеттік тілі туралы» және т.б. да маңызды заңдарды қабылдады.

Екінші кезеңде Өзбекстандағы Олий Мажлис бірпалаталы жүйеден екіпалаталы жүйеге көшті. Бірінші шақырылымдағы 1995-1999 жылдары Олий Мажлистің құрамында Өзбекстанның Халықтық демократиялық партиясының 69 депутаттары, социал-демократиялық «Адолат» партиясының 47 депутаты, «Ватан тараккиёти» партиясының 14 депутаты және «Миллий тикланиш» партиясының 7 депутаты қатысты. Басқа депутаттар өкілдік билік органдарынан ұсынылды. Екінші шақырылымдағы (2000-2004) Олий Мажлис сайлаулары да мүшелерінің көптігімен сипатталды. Оған тіркелгендердің қатарында социал-демократиялық «Адолат» партиясының 11 депутаты, «Миллий тикланиш» партиясының 10 депутаты, «Ватан тараккиёти» партиясының 20 депутаты, Ұлттық-демократиялық «Фидокорлар» партиясының 34 депутаты, Өзбекстанның халықтық-демократиялық партиясының 49 депутаты, биліктің өкілдік органдарынан 107 депутат және сайлаушылардың бастамашыл топтарының 16 депутатынан құралды. Кейіннен «Ватан тараккиёти» және «Фидокорлар» партиясының екінші шақырымдағы Олий Мажлистің екінші сессиясында «Фидокорлар» аталған бір партияға бірігіп, оның мүшелері де біріккен 54 депутаттан құралған фракцияны құрады. Екінші шақырылымдағы Олий Мажлистің құрамында саяси партиялар мен депутаттық топтардың фракциясымен қатар, 13 комитет жұмыс атқарды.

Өзбекстан парламентінің дамуының екінші кезеңіндегі маңызды оқиғалардың бірі екіпалаталы жүйеге көшуі болды. 2004 жылы екіпалаталы жүйеге өтуге байланысты және қажетті конституцияларға түзетулер енгізіліп, конституциялық заңдардың қабылдануынан кейін Заң шығарушы палатаға сайлаулар өтті. Ол екі кезеңнен тұрды. Бірінші тур 2004 жылдың 26 желтоқсанында өтіп, оның нәтижелері бойынша 62 халық депутаттары сайланды. Екінші кезең 2005 жылдың 9 қаңтарында өтіп, қалған 58 депутат тағайындалды. Осылайша заң шығарушы палата қалыптасты.

Үшінші кезеңде 2005 жылдың 28 қаңтарынан Олий Мажлистің Заң шығарушы және Сенат палаталарының біріккен отырысы өтуінен басталды. Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Заң шығарушы палатасы 2005-2009 жылдарға бағытталған заң шығарушылық жұмыстардың Бағдарламасын қабылдады. Ол екі палатаның отырысында президент И. Каримов ұсынған баяндамаға негізделді.

Өзбекстан Республикасының атқарушы билігіне келетін болсақ, оның басшысы болып президент саналады. Ал басқа құрамда негізгі атқарушы қызметті Министрлер Кабинеті жүзеге асырады. Министрлер Кабинеті – экономика, әлеуметтік және рухани саланың тиімді қызмет етуін; заңдардың, Олий Мажлистік өзге де шешімдерінің, Өзбекстан президентінің жарлықтары мен қаулыларының орындалуын қамтамасыз ететін Өзбекстан Республикасының атқарушы билігінің органы болып табылады. Министрлер Кабинеті өз қызметін 1993 жылдың 6 мамырындағы «Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті туралы» № 818-ХІІ заңы негізінде жүзеге асырады. Министрлер Кабинеті мемлекеттік басқару органдары және олар құратын шаруашылық басқару органдарының жүйесін басқарады, олардың келісілген қызметін қамтамасыз етеді.

Сот билігін Өзбекстанда 1993 жылдың қарашасындағы күшіне енген заңға сәйкес Сот органдары жүзеге асырады. Оған Конституциялық кеңес, Жоғарғы сот, экономикалық мәселелер бойынша Жоғарғы арбитраж, сонымен қатар облыстық және аудандық соттар кіреді. Барлық сот төрағалары президентпен тағайындалады. Соттарды істерді қарау кеңестік биліктегі сияқты коллегиялық сот төрағасымен, жиналысты өткізушімен және екі «халықтық орынбасарлармен» жүзеге асырылады.

Қазіргі Өзбекстанның дамуында экономикалық саланың үлесі де зор. Өзбекстанның экономикалық саладағы жауапты органы Өзбекстан Республикасының Экономика министрлігі болып табылады. Ол – өзіне жүктелген елдің әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасының жүзеге асуын қамтамасыз етіп, министрліктер мен ведомостілердің қызметін үйлестіретін орган.

Өзбекстанның экономикалық көрсеткіштеріне келер болсақ, елдің ЖІӨ-нде ауыл шаруашылығының үлесі – 38%, өнеркәсіпке – 26% тиесілі, қызмет көрсету саласына – 36% тиесілі. 2009 жылғы ЖІӨ әлемдік экономикалық дағдарысқа қарамастан, 8,1%-ға артқан. Ал экономикалық саладағы негізгі бағыттардың дамуына келер болсақ, 2009 жылғы мәліметке сәйкес Өзбекстан мақтаны экспортқа шығару бойынша әлемде үшінші орынды, оны шығару бойынша алтыншы орынды алған. 2009 жылғы мәліметтерге сәйкес Өзбекстандағы өнеркәсіптік өнімнің өндірісі – 9,0%-ға, ауыл шаруашылығы – 5,7%-ға, құрылыс жұмыстарының көлемі – 33,1%-ға, ақылы қызмет көлемі – 12,9%-ға өсті. Өзбекстанның ауыл шаруашылығы өндірісіндегі мақтадан өзге жемістер, астық өнімдері де маңыздылыққа ие.

Өзбекстандағы табиғи байлықтарды игеру көрсеткіштері де жоғары. Елде жыл сайын шамамен 80 тонна алтын өндіріледі. Республика алтынның қорлары бойынша әлемде төртінші орынды, ал оны шығару бойынша жетінші орынды алады. Мыс қорлары бойынша әлемде оныншы, оның шығару бойынша он бірінші орында; уран қорлары бойынша әлемде он бірінші және оны шығару бойынша жетінші орынды алады. Елдің негізгі энергетикалық қорлары табиғи газ, тас көмір, уран қорлары мен гидроэнергия болып табылады. Яғни, Өзбекстанның экономикалық дамуында ауыл шаруашылығы мен табиғи байлықтарды шығару маңыздылыққа ие болып отыр.

Елдің табиғи қорларының болуы және ауыл шаруашылығы тауарларының өндірілуі елге сыртқы экономикалық байланыстарды сәтті жүргізуге мүмкіндік береді. Өзбекстан 2010 жылғы мәлімет бойынша экспортқа – мақта, алтын, уран, табиғи газ, минералдық қоспалар, металлдар, тоқыма және азық-түліктік тауарлар, автокөліктерді шығарады. Елге өнеркәсіптік тауарлар, химиялық өнімдер, металлдар импортталады. Негізгі сыртқы сау-

да әріптестері: Ресей – 21,0%, Қытай – 9,7%, Швейцария – 7,9%, Украина – 7,2%, Қазақстан – 6,2% және Оңтүстік Корея – 5,8%.

Өзбекстанның сыртқы саясатына келер болсақ, ол прагматизммен ерекшеленеді. Ел басшылығы экономикалық мәселелерді шешуде жәрдемдесе алатын мемлекеттермен жақсы қарым-қатынастарды дамытуға және көршілес елдермен байланыстарды жақсартуға тырысады. ХХ ғасырдың 90-жылдардан бергі Өзбекстанның сыртқы саясатының ерекшеліктерінің бірі – президент басшылығымен жүзеге асырылатын «алдын алу дипломатиясының» болуы. Оның мәнісі туындаған мәселелерді жүйелі түрде, дәйекті түрде, түбегейлі негізде шешу керек. «Алдын алу дипломатиясы» қайшылықтық шарықтау шегінің уақытылы алдын алуға, қақтығыстық жағдайдың дамуы мен басқа да жағымсыз құбылыстардың көрініс табуын болдырмауға бағытталған. Өзбекстан Республикасы осы дипломатия шеңберінде БҰҰ және басқа да халықаралық ұйымдардың басқосуларында әлемдік қауымдастық мүшелерін ауған мәселесін нақты түрде шешуге, халықаралық лаңкестік және экстремизм, есірткі тасымалымен жаппай күрес, Орталық Азияда ядролық қаруы жоқ аумақты құруға шақырды.

Өзбекстанның сыртқы саясатында тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтау бойынша халықаралық ынтымақтастықты ғаламдық және аймақтық деңгейде дамыту маңызды болып табылады. Қауіпсіздіктің саясаттан ажыратылмайтындығын ескере отырып, Өзбекстан БҰҰ, ШЫҰ, ЕҚЫҰ, ЕурАзЭҚ сияқты ұйымдардың қызметінің рөлін арттыруды қолдайды. ТМД шеңберіндегі ынтымақтастық та өз жалғасын табуда. Өзбекстан Қазақстан және Қырғыз Республикасымен экономикалық интеграция туралы келісімге қол қойды. Сонымен бірге, Тәжікстандағы азаматтық соғыстың тоқтатылуына да өз үлесін қосты.

Өзбекстанбасшылығыдәйекті түрде өзге аймақ мемлекеттерімен қарым-қатынастарын дамытуға тырысуда. Мысалға 1996 жылғы Өзбекстан мен Еуропалық Одақтың арасындағы әріптестік және ынтымақтастық туралы келісімді атап өтуге болады. Өзбекстан мен АҚШ қарым-қатынастары да біршама қайшылықты. Әсіресе, Әндіжан оқиғаларынан кейін екі елдің байланыстары біршама әлсіреді. 2005 жылғы мамырдың 13-і күні Өзбекстанда қасіретке

толы Әндіжан оқиғасы болды. Куәгерлердің айтуынша, жүздеген жазықсыз жан өзбек әскерінің оғынан қаза тапты. Ташкент қанды оқиғаға тәуелсіз зерттеу жүргізуге мүлде мүрсат еткен жоқ. Биліктің қаһарына ұшыраған әндіжандықтар көршілес Қырғыз Республикасы мен Өзбекстанға қашып бас сауғалады. Өзбек билігінің ресми мәліметі бойынша, бұл күні Әндіжанда 187 адам қаза болды. Алайда, қанды қырғынды көзімен көргендер қалада мыңнан астам адам құрбан болғанын алға тартады. Бірқатар сарапшылар 2005 жылғы мамырда Әндіжанда наразылық митингін жазықсыз ұсталған 23 кәсіпкерге қолдау көрсетіп, наразылық митингісінде бас көтерген топқа Өзбекстан президенті Ислам Каримовтың жауабы ғана емес, сонымен қатар өзбек билігінің ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдай мен Ислам Каримовтың авторитарлық билігіне қарсы халық көтерілісін басып-жаншу әрекеті ретінде қарастырады. Осы жағдайдан кейінгі саяси жағдай тұрақталып, ел өз сыртқы саясатында прагматикалық бағытты басшылыққа алды.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Өзбекстандағы кеңестік биліктің орнатылуын талдаңыз.
2. Шараф Рашидовтың бірінші хатшы ретіндегі рөлін ашып көрсетіңіз.
3. Өзбекстан Республикасы қашан тәуелсіздігін алды?
4. Өзбекстандағы парламенттің дамуында қандай маңызды кезеңдерді бөліп көрсетуге болады?
5. Әндіжан оқиғасының себептері мен нәтижелерін қарастырыңыз.
5. Өзбекстанның сыртқы саясатының ерекшеліктерін талдаңыз.

3.5. Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы. Қазақстан Республикасы ТМД кеңістігіндегі Ресейден кейінгі аумағы бойынша екінші орынды алатын Орталық Азияның мемлекеті болып табылады. Аумағы – 2717,3 мың шаршы км. Шекаралас мемлекеттері Ресеймен, Қытай, Өзбекстан, Қырғыз Республикасы және Түрікменстан болып табылады. Яғни, солтүстігі мен батысында Ресеймен, шығысында Қытаймен, оңтүстігінде Қырғыз Республикасы, Өзбекстан және

Түрікменстанмен шектеседі. Қазақстан Каспий теңізімен шекараласады. Қазақстан Республикасының астанасы 1997 жылдың 10 желтоқсанынан Астана қаласы, 1997 жылдың желтоқсанына дейін Алматы қаласы болды. Халқына келер болсақ, 2009 жылғы ақпанның 25-і мен наурыздың 6-сы аралығында жүргізілген Ұлттық халық санағының қорытындылары бойынша Қазақстан халқының саны шамамен 16 млн. адамнан асты. Сонымен қатар, Қазақстанның халқы көпұлттылығымен ерекшеленеді. 2009 жылғы мәліметтерге сәйкес Қазақстандағы қазақтардың үлесі – 63,6%-ды, орыстар – 23,3%-ды, өзбектер – 2,9%-ды, украиндар – 2 %-ды, ұйғырлар – 1,4 %-ды, татарлар -1,2%-ды, немістер – 1,1%-ды, басқа этностар – 4,5%-ды құраған. Сондай-ақ 100-ден астам басқа ұлттар тұрады. Осылайша Қазақстан бұрынғы посткеңестік мемлекеттердің ішінде орыс тілді халықтың үлесінің көптігімен ерекшеленеді. 1990-1998 жылдар аралығында жыл сайын 200-400 мың адамдық қарқынды эмиграция нәтижесінде орыс тілді халықтардың санының көбеюіне әкелді. Негізгі таралған діндер: ислам және христиан діні. Орыстың Ортодоксальды Шіркеуі 44%, римдік католиктер, протестанттар, иудаистер – 9%-ды құрайды.

Тәуелсіз Қазақстанның тарихы. Қазақ тарихының тамыры көшпенділер әлемнің мәдениетімен байланыстырылуда. Көне тарихшылар оларды Сақтар деп атаған. Сақтар жері ғасырлар бойы қырғын, алапат соғыстардың сахнасы болған. Көптеген аңыздарда қазақ ұлтының негізін қалаушы Алаша деп атауда. Осылайша сол уақыттан бері қазақ халқы көшпенділер мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде өмір сүрді. Қазақ даласында Дешті-Қыпшақ, үйсіндер менғұндар, моңғол-татарлар және арабтардың толқыны етек жайып, қазақ тайпаларының генофонынан өзгерістер енгізді. Алғашқы Қазақ хандығының негізін Керей мен Жәнібек қалады деп есептеледі.

Хақназар хан тұсында көшпелі қазақ тайпаларының расында Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүз қалыптасты. Әрбір жүздің өз басшысы мен өзіндік құрылымы болды. Ал олардың хандары уақыт өте келе дербес билеушілерге айналды. Осыған қарамастан, қазақ елі жоңғар-қалмақ шапқыншылықтарында бірігіп қарсылық көрсетті. Алайда XVIII ғасырдың басында қазақ хандықтары Тянь-Шань мен Алтай аумағында қоныстанған жоңғар-моңғол тайпаларының

шапқыншылығына тап болды. Ел ішінде бытыраңқылық пайда болып, жаппай қоныстану басталды. Бұл жағдайда қазақ хандары аймақта қорғаныстың қарулану жүйесіне ие Ресейдің көмегіне сенді. 1731 жылы кіші жүздің ханы Әбілқайыр Ресейге әскери көмек және қорғаныспен қамтамасыз еткен жағдайда адал болатындығына ант берді. Сол уақытта Абылай хан басқарған Орта Жүз де Ресеймен байланысы аз еді, ал Ұлы Жүз жоңғар мен Қоқан хандығының бақылауында болды. Алайда Әбілқайыр ханның Ресейге ант беруі Ресейдің қазақ халқының өміріне әсерінің артуын бастап берді. Қазақ елінде толыққанды Ресей империясының билігі орнады. Сол себепті Ресейдің өз ішінде болған кейінгі саяси өзгерістер де қазақ халқының дамуын анықтап отырды. Яғни, бірінші дүниежүзілік барысындағы орын алған 1917 жылғы Ақпан революциясы ел ішіндегі зиялы қауымның арасында революциялық идеялардың етек жаюына әкелді. Ақпан революциясынан кейін А. Байтұрсынов сынды көптеген зиялы қауым өкілдері «Алаш-орда» партиясын құрды. Бұл партия 1917-1919 жылдар аралығында қазақ мемлекетін құру үшін күресті және Ақ қозғалыс өкілдерін большевиктермен күресте қолдады. Азаматтық соғыс көптеген адам құрбандықтарына әкелді. Большевиктердің жеңісі қазақтардың көшпенді өмірін өзгеруіне ықпал етті. 1918 жылы Ұлы жүз жерлері Түркістан АСКР-на қосылды. 1920 жылдың тамызында Орта және Кіші жүз қоныстанған аумақтарда Қырғыз Автономдық Кеңестік Социалистік Республикасы аталынған автономдық республика құрылды. Оның астанасы Орынбор қаласы болды. 1924-1925 жылдары ұлттық-мемлекеттік межеленіп бөлінуінен кейін автономдық республика Қазақ АКСР деп аталып, оның астанасына Қызылорда қаласы айналды.

1925 жылы коммунистік басшылық ұлттық биліктің дәстүрлі құрылымын жоюмен айналысты. КСРО құрамындағы республикалардағы зиялы қауымның өкілдеріне шабуыл басталды. Қазақ халқының тағдырын ашына жырлап, өз шығармаларында ел бостандығын аңсаған А. Байтұрсынов пен М. Дулатов сияқты тұлғалар қамалып, «Халық жауы» ретінде жазықсыз ату жазасына кесілді. Артынша Коммунистік партияның көсемі И.В. Сталинмен Ұлт істері бойынша Халық комиссариатында жұмыс істеген С. Садуақасов пен Т. Рысқұлов жазаланды. 1929 жылдың

қарашасында ауыл шаруашылығының ұжымдастыруы басталды. Жер мен мал тәркіленіп, шаруалар партиялық белсенділердің басшылығымен ұжымдық шаруашылықтарға бірікті. Оның нәтижесі қазақ халқы үшін қиын болды. Ел үдере көшіп, Голощекиннің «Кіші Қазанынан» қазақ халқы қатты запдап шекті. 1929-1933 жылдары Қазақстанда шамамен, 4 млн. адам аштықтан қырылды деген мәліметтер де бар. Астықты жинау төмендеп, бұл халықты жаппай күйзеліске ұшыратты. Нәтижесінде көптеген қазақтар Өзбекстан, Қарақалпақстан мен Қытай асып үдере көшті.

1936 жылы Қазақ АКСР-ы (Қазақ Автономдық кеңестік Социалистік Республикасы) КСРО құрамындағы толыққанды одақтас республикаға айналып, Қазақ КСР деп аталды.

XX ғасырдың 40 жылдары жағдайына келер болсақ, қазақ елі де Ұлы Отан соғысына қатысты. Қазақтың мыңдаған қайсар ұлдары мен қыздары КСРО аталған ортақ Отанды қорғауда алдыңғы шептерде болды. Қазақ Кеңестік Республикасындағы индустриалдық даму да соғыс жылдарында басталып, соғыс қажеттіліктерін өтеуге бағытталды. Ал соғыстан кейінгі жылдары Сталиннің орнына Хрущев келді. Ол тың және тыңайған жерлерді игеру бағдарламасын белгілеп, қазақ жерлерін астық үшін пайдалануға кірісті. Бағдарлама бойынша бастапқыда жайылым ретінде пайдаланылған 4 млн. га жерді жырту қарастырылды. Алайда бұл бағдарлама өз үмітін ақтамай, құнарсыз жерлердің өзі пайдаланылды. Хрущевтің орнына 1962-1964 жылдары Қазақстан Коммунистік партияның ОК-ның бірінші хатшысы қызметін атқарған Л. Брежнев келді. Ол өз кезегінде Қазақстандағы билікке қызметтестерінің бірі Дінмұхамед Қонаевты келтірді. Д. Қонаев Қазақ Кеңестік Республикасын 1964-1986 жылдар аралығында басқарды және 1971 жылдан КОКП ОК-ның Саяси бюросының мүшесі болды. Қонаевтың басқаруы кезеңінде біршама іс-шара жасалынды. Экономикада қарқынды индустриализация жүргізіліп, оның нәтижесінде Алматы, Павлодар, Қарағанды, Екібастұз және басқа да қалаларда ірі кәсіпорындар салынды. Д. Қонаев республиканың дамуы үшін ірі капитал салымдарының бастамасын ұсынды. Ол белсенді түрде қазақтарды жетекші қызметтерге қойды. Нәтижесінде 1980-жылдары іс жүзінде ОК мен үкіметте екіжақты сипаттағы басқару құрылымы қалыптасты. Оған сәйкес орыстар өнеркәсіпті, ал қазақтар ауыл шаруашылығын басқарды.

1986 жылдың желтоқсанында Қонаевтың қызметінен босатылуы және оның орнына Г. Колбиннің келуі жастар наразылығын тудырды. Осы уақытқа дейін Ульянов облыстық комитетінде бірінші хатшы қызмет атқарған әрі қазақ республикасымен еш байланысы жоқ Колбиннің билікке келуі алаңдағы бейбіт шерумен басталды. Алайда, ұлттық наразылықты басып тастауға дайын боп отырған кеңес басшылығы арнайы ұйымдастырылған «Боран» операциясы негізінде оларды аяусыз жазалады, аман қалғандарының соңына түсті. Бұл қазақ елінің шыдамының шырқау шегінің жеткен оқиғасына айналды. Бұл қозғалыстар кеңестік басшылықтың ұлт мәселесіне сол уақытта жеткілікті деңгейде мән бермегендігін айғақтай түскендей еді.

1989 жылдың маусымында Қазақстан Коммунистік партиясы ОК-ның бірінші хатшысы ретінде Н.Ә. Назарбаев тағайындалды. Ол 1984 жылдан Қазақ КСР-ның Министрлері Кеңесінің төрағасы қызметін атқарған еді. Горбачевтің қайта құру саясаты кезеңіндегі қоғамның саяси белсенділігінің және одан туындаған ұлттық қозғалыстардың күрт артуы Назарбаевтың байыпты және арасалмақты сақтай білетін саясатты жүргізуіне итермеледі. Бұл жағдайда Н.Ә. Назарбаев М. Горбачев ұсынған жаңа одақтық келісімге қолдау білдірді. Алайда, 1991 жылғы КСРО құлауының алғышартына айналған тамыздағы Мәскеудегі мемлекеттік төңкерілістен кейін Н. Назарбаев Коммунистік партияға тыйым салып, Қазақстандағы ұстанымдарын нығайтты. Оның халық арасында беделі 1991 жылдың желтоқсанындағы жаппай референдум нәтижесінде президент ретінде тағайындаудан кейін арта түсті. Қазақ басшылығы одақтағы тұрақсыз жағдайды ескере отырып, соңғы уақытқа дейін КСРО-ны сақтап қалуды жақтады. РСФКР, Белоруссия мен Украина президенттері Кеңес Одағын шығатындығы мәлімдеді. Осыдан ілесе өзге кеңестік мемлекеттер де өз тәуелсіздігін алды. Сонымен, нәтижесінде 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алды.

Тәуелсіз Қазақстанның ішкі саясаты. 1991 жылдың 16 желтоқсанында өз тәуелсіздігін жариялаған Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретіндегі кейінгі дамуын негізгі ел құжаты Конституцияны анықтады. Егемендік алған уақыттан бері Қазақстан екі рет Конституция қабылдады.

Бірінші Конституция 1993 жылдың қаңтарында қабылданды. Бұл бастапқы құжаттағы үш биліктің арасындағы үйлесімділік болмауынан, президент пен заң шығарушы биліктің арасындағы қайшылықтың туындауы нәтижесінде 1995 жылдың тамызында жаңа конституция қабылданды. Оған сәйкес Қазақстан Республикасы үш тәуелсіз билік тармақтары бар демократиялық құқықтық унитарлық мемлекет деп жарияланды. Үш билік тармақтары ретінде атқарушы билік, заң шығарушы және сот билігі есептеледі. Атқарушы биліктің басшысы болып президент табылады. Ол бес жылға сайланады. Қазақстан басқару сипаты бойынша да президенттік республика. Елдің тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев болды. Ол 1990 жылдың сәуірде Қазақ КСР-ның Жоғарғы Кеңесінің шешімімен осы қызметке тағайындалды. 1991 жылдың желтоқсанында Қазақстан Республикасының азаматтары Н.Ә. Назарбаевты бес жылдық мерзімге сайлады. Бұл сайлау нәтижелері бойынша президентті жақтап 98% сайлаушылар дауыс берді. Президент өкілеттіктері 1995 жылдың 30 сәуірінде өткен референдум нәтижесінде 2000 жылға дейін ұзартылды. Қазақстан Республикасының президенті премьер-министр және оның орынбасарларын, Сыртқы істер министрлерін, Қорғаныс, Қаржы, Ішкі істер министрлерін және т.б. тағайындайды. Президенттің бақылауында қаржы мәселесі, соттарды және бас прокурорды тағайындау болады. Президент қарулы күштердің бас қолбасшысы мәртебесіне ие. 1998 жылдың қазанында парламент ұзақ мерзімдік сайлауды өткізу бастамасын және президенттік өкілеттікті 7 жылға дейін ұзартуды ұсынды. 1999 жылдың 10 қаңтарында өткен жалпыхалықтық сайлаудың нәтижесінде Н. Назарбаев 79,78% дауыс алып, Қазақстан Республикасы Президенті болып қайта сайланды. 2005 жылдың 4 желтоқсанында сайлаушылардың 91,5% дауысын алып, Қазақстан Республикасының Президенті болып қайта сайланды. 2011 жылдың 3 сәуіріндегі сайлау нәтижесінде де Н.Ә. Назарбаев президенттік сайлауда жеңіске жетті.

Атқарушы билікте президентпен қатар премьер-министр мен оның министрлер кабинеті маңызды рөл атқарады. Президент Үкіметті Конституцияда белгіленген тәртіппен құрады. Тағайындалғаннан кейінгі он күн мерзім ішінде премьер-министр Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы республика Президентіне

ұсыныс енгізеді. Үкімет ел өмірінің маңызды ішкі және сыртқы саяси мәселелерін талқылайды.

Қазақстан Республикасының заң шығарушы билігін екі палаталы парламент жүзеге асырады. Парламент тұрақты негізде жұмыс істейтін екі Палатадан: Сенаттан және Мәжілістен тұрады. Сенат әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан, тиісінше облыстық, республикалық маңызы бар қаланың және республика астанасының барлық өкілді органдары депутаттарының бірлескен отырысында сайланатын депутаттардан құралады. Сенатта қоғамның ұлттық-мәдени және өзге де елеулі мүдделерінің білдірілуін қамтамасыз ету қажеттілігі ескеріліп, оның он бес депутатын Республика Президенті тағайындайды. Сайланған Сенат депутаттарының жартысы әрбір үш жыл сайын қайта сайланып отырады. Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі – алты жыл. Мәжіліс жүз жеті депутаттан тұрады. Мәжілістің тоқсан сегіз депутаты саяси партиялардан партиялық тізімдер бойынша жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы сайланады. Мәжілістің тоғыз депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайды. Мәжіліс депутаттарының кезекті сайлауы Парламенттің жұмыс істеп тұрған сайланымы өкілеттігінің мерзімі аяқталардан кемінде екі ай бұрын өткізіледі. Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімі – бес жыл.

Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Ол заңмен құрылған Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты және республиканың жергілікті соттары болып табылады.

Қазақстанның сыртқы саясаты. Қазақстанның сыртқы саясатына келер болсақ, тәуелсіздік алған жылдардан бастап бүгінгі уақытқа дейін саликалы да ұстамды бағытта жүргізіп келеді. Қазақстандық стратегиялық зерттеулер институтының сарапшылары КСРО құлауынан бергі сыртқы саяси үш кезеңді бөліп көрсетеді.

Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саяси дамуының *бірінші кезеңі ХХ ғасырдың 90-жылдарының бірінші жартысы аралығын* қамтыды. Биполярлық әлемдік тәртіптің жойылуы нәтижесінде қалыптасқан жаңа халықаралық қатынастар жағдайында Қазақ-

стан Республикасы тәуелсіз сыртқы саясатын қалыптастыруға ұмтылды. Геостратегиялық тұрғыдан маңызды аймақ Орталық Азияда орналасқан мемлекет ретінде Қазақстан үшін осы аумаққа көзін тіккен көптеген жетекші мемлекеттердің ескеру қажеттілігі туындады.

Тәуелсіздік алған жылдан бастап Қазақстан Республикасының басшылығы өзінің негізгі сыртқы саясатын айқындады. 1991 жылдың 2 желтоқсанында елбасы Н.Ә. Назарбаев президенттік сайлау нәтижелері бойынша өткізілген баспасөз-конференцияда алғаш рет елдің сыртқы саяси бағдарын көпжақты сипатта болатындығын мәлімдеді. Сонымен қатар, орталықта орналасқа мемлекет ретінде Еуропа мен Азия арасындағы көпірге айналуы тиіс деп жариялады. Ал елдің Шығыс немесе Батыстың арасында қайсысына бағытталады деген сұраққа елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның ашықтығын мәлімдеп, республиканың әлемнің барлық мемлекеттерімен экономикалық және саяси байланыстарды дамытуға мүдделігін танытты. Бұл елбасының ниеті кейінгі еліміздің маңызды сыртқы саяси әрекеттерінде көрініс тапты.

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап біздің мемлекет алғашқы маңызды бастамалар ұсынды. Солардың бірі – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы елбасы Н.Ә. Назарбаевтың ұсынысы. Бұл ұсынысқа сәйкес жаңадан құрылған Достастық бұрынғы КСРО мемлекеттерін славяндық немесе түрік одақтарына бөлінуіне әкелмеуі керек, қайта осы елдердің біріктіретін ұйымға айналуы тиіс. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың еңбектеріне жүгінер болсақ, сол уақытта шын мәнісінде посткеңестік кеңістікте екіге бөлінген одақтардың туындау қауіп артып тұрған жағдайда еді. Нәтижесінде 1991 жылдың 21 желтоқсанында Алматыда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құруға үш емес, он бір мемлекет бас қосты.

Бірінші кезеңдегі Қазақстан Республикасының сыртқы саясатында келесі негізгі бағыттар белгіленді:

– ТМД шеңберіндегі ортақ экономикалық және мәдени-гуманитарлық кеңістікті сақтау;

– БҰҰ, ЕҚЫҰ және т.б. халықаралық ұйымдардағы мүшелік арқылы қазіргі халықаралық қатынастар мен үрдістерге қатысу, саяси, экономикалық, әлеуметтік, гуманитарлық, ғылыми, білім

салаларындағы әлемдік өркениеттердің жетістіктеріне тартылу, әлемдік қауымдастықтың қазақстандық қоғамдағы әкімшілік-жоспарлықтан еркін және нарықтық қарым-қатынастарына өту кезеңі мәселесіне қосылуы және олардың қажетті көмегі мен қолдауына ие болуы;

– мемлекеттің ядролық мәртебеден бас тартуына байланысты басты ядролық алып мемлекеттер АҚШ, Ұлыбритания, Ресей және Қытайдың Қазақстанның тәуелсіздігінің, егемендігі, аумақтық тұтастығы мен шекараларының бұлжымастығын қауіпсіздігіне кепілдік беруін қамтамасыз ету;

– Халықаралық Валюта Қоры, Әлемдік Банк, Еуропалық қайта құру және даму банкі сияқты негізгі қаржылық ұйымдарға отандық экономиканы реформалау мақсатында қатысу немесе мүше болу.

– екіжақты негізде ынтымақтастықты дамыту, ең алдымен, Ресей, Қытай, Өзбекстан, Қырғыз Республикасы, Түрікменстан және Тәжікстан сияқты көршілес мемлекеттермен ынтымақтастықты орнату мен дамытуға айрықша көңіл бөлінді.

Бірінші кезеңде белгіленген сыртқы саяси бағыттардың ішінде әсіресе халықаралық ұйымдарға мүшелік аса маңызды болды, себебі ұйымдардағы мүшелік біздің халықаралық қауымдастықпен тәуелсіз мемлекет ретінде мойындауының кепілі еді. Осы мақсаттың жүзеге асуы ХХ ғасырдың 90-жылдары Қазақстанның бірқатар халықаралық ұйымдардағы мүшелігінде көрініс тапты.

1992 жылдың 5 желтоқсанында Қазақстан БҰҰ-ның мүшесі ретінде қабылданды. Ал БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 47-сессиясында елбасы Н.Ә. Назарбаев Азиядағы өзара әрекеттестік және сенім шаралары жөніндегі консультацияларға шақыру туралы бастаманы ұсынды. Бұл Қазақстан Республикасының бейбіт әрі тұрақты келешекті бағдарлаған елбасының саликалы сыртқы саясатының алғашқы маңызды бастамалары еді.

1992 жылы Қазақстан Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымның мүшесіне айналып, осы ұйымның негізгі құжаттарында көрініс тапқан жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген қауіпсіздік пен сенім шараларының дамыған инфрақұрылымына қосылды.

1992 жылы Қазақстан Республикасы Солтүстікатлантикалық ынтымақтастық кеңесіне мүше ретінде қабылданды. Бұл – Шығыс

Еуропаның жаңа тәуелсіз мемлекеттері мен бұрынғы КСРО-ның елдерімен қарым-қатынастарды жақсарту мақсатында құрылған арнайы орган. 1994 жылы Қазақстан потскеңестік кеңістіктегі мемлекеттермен қауіпсіздік саласында байланыстарды дамыту мақсатында пайда болған НАТО-ның «Бейбітшілік үшін әріптестік» бағдарламасының мүшесіне айналды.

Осы кезеңдегі Қазақстанның халықаралық қатынастардағы беделінің өсуі және жетекші мемлекеттермен жақындасуында оның ядролық мемлекет мәртебесінен бас тартуы маңызды рөл атқарды. Біздің мемлекет Ядролық қаруды таратпау туралы келісімге, Жаппай ядролық қаруларға тыйым салу туралы келісімге қол қойып, әскери қарулануды халықаралық құқыққа сүйене отырып жүзеге асыру ниетін білдірді. 1994 жылдың желтоқсанында Будапештте Қазақстанның Ядролық қаруды таратпау туралы келісімге қол қоюымен байланысты қауіпсіздік кепілдіктері жөніндегі Меморандумға қол қойылды. Бұл құжатқа сәйкес Ұлыбритания, АҚШ және Ресей «Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығы мен саяси тәуелсіздігіне қарсы күш қолдану мен оның қауіпін туғызудан ұстануға міндеттенді және ешбір олардың қарулануы ешқашан Қазақстан Республикасына қарсы қолданылмайды, тек өзіндік қорғаныс мақсатында пайдаланылады».

XX ғасырдың 90-жылдарының бірінші жартысындағы қазақстандық сыртқы саясаттағы маңызды жетістіктердің бірі өзге мемлекеттермен дипломатиялық тұрғыдан мойындалып, әр түрлі саладағы ынтымақтастықты орнатуы еді. 1995 жылға таман Қазақстан Республикасын әлемнің 111 мемлекеті мойындап, солардың 92-сімен дипломатиялық қарым-қатынастар орнатты. Қазақстанның шет мемлекеттерде 18 елшіліктері, өз кезегінде еліміздің астанасында 36 шетелдік елшіліктер мен дипломатиялық миссиялар, 9 халықаралық және ұлттық ұйымның өкілдіктері ашылды.

XX ғасырдың 90-жылдарының басында Қазақстанның сыртқы саясатында көршілес жетекші мемлекеттермен, соның ішінде Ресей және Қытаймен байланыстарды дамыту аса маңызды болды. Бұрынғы Кеңес Одағының құрамына кірген Орталық Азия аймағындағы және ТМД кеңістігіндегі мемлекеттермен қарым-қатынастарды нығайту күн тәртібіндегі өзекті сыртқы саяси

бағыттың бірі еді. Әсіресе, уақыт өте келе Қазақстанның маңызды стратегиялық әріптесіне айналған Ресеймен байланыстардың орны ерекше. 1991 жылдың 17 желтоқсанында Ресей Федерациясы Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін мойындады. Қазақстан мен Ресей арасындағы екі мемлекеттің бацланыстарының сипатын айқындаған «Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы келісімге» қол қойылды. Осы деңгейлес келісімдер еліміздің басшылығымен Қырғыз Республикасы, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстанмен де жасалынды. Нәтижесінде ХХ ғасырдың 90-жылдарының бірінші жартысында ел басшылығының сыртқы саяси доктринасын айқындау негізінде алға қойылған басты мақсат Қазақстан Республикасының егемен мемлекет ретіндегі әлемдік қауымдастыққа ену мәселесі шешілді.

Көпвекторлы сыртқы саясатты белгілеген мемлекет басшылығының саясаты нәтижесінде Қазақстан ТМД, БҰҰ, ЕҚЫҰ, НАТО-ның Үйлестіру Кеңесі, НАТО-ның «Бейбітшілік үшін серіктестік», Ислам Конференциясы Ұйымының мүшесі болып қабылданды. Қазақстан екіжақты деңгейдегі қарым-қатынастарды дамытумен қатар, аймақтық деңгейдегі интеграциялық бастамаларының негізін қалаушылардың бірі екендігі даусыз. Мәселен, Елбасы Н.Ә. Назарбаев Еуразиялық одақты құруды ұсынған болатын. Осы идеяның негізінде Орталық Азиялық экономикалық одақ, ЕуАазЭҚ сияқты аймақтық ұйымдар өз қызметін жалғастырды.

Қазақстан Республикасының *сыртқы саясатының дамуының екінші кезеңі ХХ ғасырдың 90-жылдарының екінші жартысынан ХХІ ғасырдың басына дейінгі аралықты* қамтиды. Бұл кезеңдегі елдің саяси бағдарын анықтауда әлемдік өзгерістердің және жақын аумақтардағы жаңа қауіптердің күшеюінің ықпалы елеулі болды. Осы уақытта жаһандану үрдісіне өткен мемлекеттер арасында жаңа проблемалар туындады және қалыптасушы әлемдік тәртіптің ғаламдық қайта құруына бетпе-бет келді. Қазақстанның сыртқы саясатын бағдарлауда Орталық Азия аумағындағы геосаяси ойыншылардың белсенділігі де ерекше назарға алынды.

Екінші кезеңдегі Қазақстанның сыртқы саясатындағы негізгі маңызды іс-шаралардың бағыты:

– жаһандану үрдісінің кең етек жаюынан мемлекеттердің өзара бағыныштылықтың күшеюі және оның дағдарыстық жағдайларының елге ықпалымен күресу;

– геостратегиялық тұрғыдан АҚШ, Қытай және Ресейдің аймақтағы ұстанымдарын нығайту қажеттілігіне байланысты Қазақстанның Орталық Азияда рөлінің артуы;

– Ауғанстандағы және көршілес Өзбекстан мен Қырғыз Республикасындағы лаңкестік әрекеттердің нәтижесінде ұлттық қауіпсіздік мәселесінің өзектілігінің артуы;

– Посткеңестік мемлекеттермен интеграциялық ынтымақтастықты нығайту бағытындағы ұмтылыстардың ЕурАзЭЖ сияқты ұйымның қалыптасуына әкелуі болды.

Екінші кезеңдегі осы аталған мәселелерге келер болсақ, әсіресе, бұл кезеңде жаһандануның елеулі ықпалы болатындығын мемлекеттер 1997-1998- жылдардағы Азияда және Ресейдегі экономикалық дағдарыстан-ақ байқады. Бұл дағдарыс жаһандану жағдайындағы экономикалық және саяси үрдістердің өзара бағыныштылығының артқандығын айқын көрсетті. Экономикалық тұрғыдан өзара бағыныштылық өз кезегінде мемлекетаралық байланыстармен қатар, саяси тұрақсыздық және экологиялық мәселелер сияқты ауқымды жаһандық мәселелердің кеңінен етек алуына әкеледі. Сондықтан 2000 жылғы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясында Қазақстан Республикасы бұл мәселені тек әлемдік қауымдастықтың мүшелері бірлесе отырып шешуге шақырды.

Екінші кезеңде Қазақстан басшылығы үшін маңызды геосаяси ойыншылық мүдделерін байқатқан АҚШ, Қытай және Ресейді назарға алуы қажет болды. Яғни еліміздің сыртқы саясатын анықтауда олардың біздің аймаққа қатысты ғана емес, өзара қарым-қатынастарының деңгейін де есепке алуы қажеттілігі туындады. АҚШ, Қытай және Ресей сияқты мемлекеттердің іс-әрекеттерін және халықаралық жағдайдың дамуын назарға ала отырып, 2001 жылғы 15 наурыздағы ҚР-ның Қауіпсіздік Кеңесінің жиналысында әскери, экономикалық, ақпараттық қауіпсіздік мәселелері қарастырылып, Қазақстанның сыртқы саяси Тұжырымдамасы ұсынылды. Көпвекторлық дипломатияға негізделген сыртқы саяси тұжырымдаманың басым бағыттары ретінде келесі шарттар белгіленді:

– интеграциялық үрдістерді дамыту, ең алдымен, жаңадан құрылған ЕурАзЭҚ-тың, «Шанхай бестігі (2001 жылдың 15 маусымынан Шанхай ынтымақтастық ұйымы)», АӨСШК, ҰҚКҰ және Орталық-азиялық экономикалық одақ шеңберінде дамыту. Мәселен, Азияда бейбітшілік орнату мақсатында елбасы Н.Назарбаевтың бастамасымен 1999 жылы Алматыда Азиядағы өзара ықпалдастық пен сенім шаралары жөніндегі консультациялар шақырылды. Аталған ұйымдардың барлығы да ТМД елдерінде және Азияда бейбітшілікті сақтау, экономикалық ынтымақтастықты дамыту мақсатында құрылған. ҚР-на инвестиция тарату мақсатында 2000 жылдың 26-28 сәуірінде Алматыда “Еуразия-2000” экономикалық саммиті өтті. Оған Орталық Азия, Кавказ, Ресей Федерациясы, Таяу және Қиыр Шығыс, Оңтүстік-Шығыс Азия елдері, Қытай, Үндістан, Жапония елдерінің өкілдері, халықаралық қаржы және экономикалық ұйымдар, БҰҰ құрылымдары қатынасты.

– екіжақты ынтымақтастықты нығайту, оған сәйкес Қазақстанның негізгі әріптестеріне Ресей, Қытай, ТМД елдері, ЕО мемлекеттері, Жапония, Үндістан, Түркия мен Иран басты әріптестер ретінде көрінді;

– Каспий теңізінің мәселері;

– мемлекеттік шекараларды делимитациялау және демаркациялау туралы жұмыс;

– транзиттік-көлікті қарқынды дамыту;

– Қытай, Ресей және Орталық Азия мемлекеттерімен байланысты су мәселесі;

– сыртқы саясаттың экономикалық құрамдас бөлігінің пайда болуы. Оның мәнісі қазақстандық тауардың әлемдік нарыққа енуіне ықпалдасу және осы арқылы қазақстандық экономикалық салаларға шетелдік инвестицияларды тарту.

Осы бағыттарды жүзеге асыру негізгі міндет болып белгіленді. Сонымен қатар бұл уақытта Ауғанстандағы тұрақсыздық пен лаңкестік әрекеттер мемлекетіміздің жаңа бастамаларды ұсынуына әкелді. Солардың бірі ТМД шеңберінде болды. 2000 жылғы Мәскеудегі ТМД мемлекет басшыларының қаңтардағы саммитінде қылмыспен күресу және ортақ Антилаңкестік орталықты құру туралы қажеттілігі туралы қазақстандық бастама қолдау тапты. Бұл бағыттағы ұмтылыстар нәтижесінде 2000

жылдың 30 қараша – 1 желтоқсанындағы Минскідегі ТМД-ға мүше-мемлекет басшыларының кезекті саммитінде халықаралық лаңкестік және экстремизммен күрес бойынша бұл елдердің күш құрылымдарының әрекеттерін үйлестіруімен айналысатын орган -Антитеррористік орталықтың құрылатындығы туралы жариялады. Сонымен қатар саяси және діни тұрақтылықты сақтауға ұмтылыстар жасалынды. 2001 жылдың 22 қыркүйегінде ел тарихында тұңғыш рет Рим папасы Астана қаласына келіп қайтты. 2003 жылы қазанда Астанада әлемдегі ең негізгі діндердің форумы өтті.

Қазақстанның сыртқы саясатының екінші кезеңінде ел басшылығы алдында осылайша жаңа қауіптермен күрес, жаһандану үрдісіне бірлесе төтеп беру және интеграциялық байланыстар мен екіжақты әріптестік қарым-қатынастарды нығайту міндеттері тұрды. Негізгі сыртқы саяси ұмтылыстар да осы бағытта болды.

Қазақстанның сыртқы саясатындағы *үшінші кезең 2011 жылғы 11 қыркүйектегі* лаңкестік оқиғалардан кейін басталды. Бүкіл әлем назарын аударған аударған АҚШ-тағы ірі лаңкестік жарылыстар халықаралық қатынастардың кейінгі дамуын анықтаған бетбұрыстық оқиғаға айналды. Бұл іс жүзінде халықаралық қауымдастық алдында бірлесіп күресу міндетін белгіледі. Еліміз де ХХ ғасырдың 90-жылдары ұстанымын өзгертпей, барлық өркениетті әлемдік қауымдастық халықаралық лаңкестікпен күресу үшін қажетті іс-шараларды қабылдауда бірігу қажет деп есептеді. Лаңкестікпен күрес бағдарын айқындаған АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздік тұжырымдамасы да өзгеріске түсіп, ол превентивті дипломатия қағидасы негізінде кез келген аймақтағы туындаған қауіптің алдын алу мүмкіндігіне ие болды. Кіші Дж. Буш әкімшілігін алмастырған Б. Обама әкімшілігі де өзінің сыртқы саясатындағы маңызды мәселе ретінде халықаралық лаңкестікпен күрес деп белгіледі. Бірақ оны жүзеге асыруда мазасыздықты туғызып отырған бірінші мәселе Ауғанстандағы жағдайды реттеу деп белгіленді. Осылайша американдық әкімшілік өзінің Орталық Азиядағы ықпалын күшейтуге ұмтылыс жасады. Мұндай АҚШ-тың ғаламдық және аймақтық стратегиясындағы өзгерістер Қазақстанның да өз бұл мемлекетпен байланыстарын бағамдап, қауіпсіздікті күшейту саласындағы өзара әрекеттестіктің артуына әкелді. Сонымен қатар ХХІ ғасырдың басындағы Қазақстанның

сыртқы саясатта өзге де мәселелер еліміз үшін маңызды болды. Солардың ішінде қазақстандық дипломатияның жеңісі ретінде атап өтуге тұрарлық оқиға таяудағы ЕҚЫҰ саммитінің Астанада өтуі еді.

Қазақстанның Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық ұйымымен қарым-қатынастар 1992 жылдан бастау алады. 1992 жылдың 30 қаңтарында Прагада Сыртқы істер министрлерінің Кеңесінде Қазақстан Орталық Азия мен Кавказ маңындағы өзге де посткеңестік мемлекеттермен қатар, бастапқыда Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Мәжілісі аталған, яғни қазіргі ЕҚЫҰ-на мүше болып енді. Осы жылдан бастап Қазақстан Республикасы ЕҚЫҰ шеңберінде мүше-мемлекеттермен 1992 жылғы Хельсинки Қорытынды Актісіне сәйкес ұйымның «үш себеті», яғни, біріншіден – қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін әскери-саяси салада, екіншіден – экономикалық, ғылым, техника мен қоршаған орта салалары, үшіншіден – гуманитарлық және өзге де, яғни адам құқықтары мен мәдени, білім саласында байланыстарды дамытуға өзіндік үлесін қосып отыр. XX ғасырдың 90-жылдарының бірінші жартысында Қазақстан ЕҚЫҰ-мен байланыстарды дамытуда маңызды рөл атқарған осы кезеңдегі кездесулердің қатарында 1992 жылғы 6 мамырындағы елбасы Н.Назарбаев пен АҚШ-тың ЕҚЫҰ-дағы өкілі Джон Марескамен кездесуін атап өткен жөн болар. Сонымен қатар, XX ғасырдың 90-жылдарының бірінші жартысында Қазақстан Республикасы бейбіт сүйгіш мемлекет ретінде әрі батыс мемлекеттері тарбынан саяси қолдау әрі жаңа тәуелсіз мемлекет ретінде мойындау үшін ЕҚЫҰ-ның Қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық бойынша Форумы мен Еуропадағы қарулы күштер туралы келісім бойынша біріккен кеңес алу тобы сияқты құрылымында қатысты. Осындай деңгейдегі ынтымақтастықты дамыту арқылы Қазақстан Республикасы Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымында беделді мүшеге айналып, өзінің төрағалыққа лайықты мүшелігімен байқалды. Қазақстанның ЕҚЫҰ-дағы мүшелік еліміздің жалпы еуропалық үрдістерге белсенді түрде қатысуға деген ұмтылыстың пайда болуына әкелді. Бұл мақсаттар Қазақстанның ұйымдағы төрағалығына қол жеткізу бойынша

стратегиялық міндетін айқындауына ықпал етті.

Қазақстанның ЕҚЫҰ-дағы төрағалығы туралы алғашқы ұсыныс 2003 жылғы ақпан басындағы ЕҚЫҰ-ның Тұрақты Кеңесінің жиналысында айтылды. 2007 жылдың 29-30 қарашасындағы Мадридтегі ЕҚЫҰ-ның сыртқы істер министрлерінің Кеңесінің 15-мәжілісінде Қазақстанның төрағалығы туралы шешім қабылданды. Осы қабылданған шешімнен кейін еліміздің сыртқы саяси бағдарында еуропалық бағытты нығайтуға айрықша көңіл бөлінді. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың өзі де бұл еуразиялық кеңістіктегі ұйыммен ынтымақтастық бағыттарын айқындады. Сол себепті 2008 жылдың 29 тамызында Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаев «Еуропаға жол» атты мемлекеттік бағдарламаны бекітті. Ол 2009-2011 жылдарға бағытталды және негізгі мақсат ретінде ҚР-ның жетекші еуропалық мемлекеттермен стратегиялық әріптестік деңгейіндегі қарым-қатынастарды орнату болып белгіленді. Елбасының ұсынған «Еуропаға жол» бағдарламасына сәйкес негізгі үш мәселелердің қатарында ЕҚЫҰ-дағы 2010 жылғы төрағалық мәселесі көтерілді.

Нәтижесінде Мадридтегі қабылданған шешім негізінде Қазақстан Республикасы 2010 жылдан ЕҚЫҰ-дағы төрағалық мәртебесін алып, оны абыроймен атқарып шықты. Біздің мемлекеттің төрағалығымен ең алдымен, 1999 жылдан бері өткізілмеген Астанада ұйымның саммитін өткізу мәселесі көтерілді. Екіншіден, Қазақстанның төрағалығы тұсында Қырғызстандағы ішкі саяси жағдай тұрақсызданып, еліміздің тікелей араласуымен шешілді. Жаңадан құрылған қазақстандық-қырғыз көпсалалы жұмысшы тобы Қырғызстанға шын мәнісіндегі қатйарымсыз көмек көрсетумен айналысты. 2010 жылдың сәуірінің өзінде Қазақстан қажетті дәндер, дизельдік сұйық отын көлемін жіберді. Барлығы Қазақстаннан Қырғыз Республикасына 11,5 млн. доллар жіберілді. Ош және Джалал-Абад облыстарындағы тұрғын үй құрылысы және жөндеуі үшін қажетті құрылыс материалдары жіберілді. Осылайша, әлі де Қырғыз Республикасына гуманитарлық көмек көрсетілуде және еліміздің ЕҚЫҰ төрағасы ретінде қосқан үлесінің елеулі болғандығын растайтындай.

Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ-ның бірнеше жылдық

тарихындағы төрағалығының маңызды қорытындысына елімізде ұйым саммитінің өтуі болды. 2010 жылдың 1-2 желтоқсанында Астанада ЕҚЫҰ саммиті өтті. Елбасының саммитті шақыру туралы бастамасының іске асуы бұл біздің ортақ табысымыз. Саммитті салтанатты түрде 1 желтоқсанда ҚР-ның президенті Н.Ә. Назарбаев ашты. Оның жұмысында барлығы 75 ресми делегация, соның ішінде 28 президент пен 10 мемлекет басшылары, ЕО, БҰҰ, ШЫҰ, ЕурАзЭҚ, ТМД сияқты ұйымдардың жетекшілері қатысты. Саммит барысында әлемдегі қауіпсіздік пен тұрақтылықтың өткір мәселелері, сонымен қатар адам құқықтары, демократия және сөз бостандығы саласындағы өзекті мәселелері қамтылды. Соның ішінде Таулы Қарабах және Приднестровье бойынша диалог жалғасын тапы, Ауғанстанды қалпына келтіру мәселесі де қамтылды. Біздің мемлекет Ауғанстаннан келетін студенттерді қабылдауға ниеттестігін білдірген еді. Осы саммиттегі маңызды бастамаға елбасы Н.Ә. Назарбаевтың экономикалық өлшемді кеңейту туралы ұсынысы айналды. Ресей президенті Д. Медведевтің еуропалық қауіпсіздік туралы жаңа келісім туралы бастамасы да маңызды болды. Осылайша саммиттің нәтижесінде ұзақ талқылаулардан кейін 2010 жылдың 2 желтоқсанының түнгі уақытында Астана декларациясына қатысушы барлық мемлекеттердің келісімімен оны қабылдау туралы шешім қабылданды. Оның мазмұнында еліміздің және саммитке бас қосқан мемлекет өкілдерін толғандырған мәселер көрініс тауып, ол еліміздің сыртқы саяси тарихындағы біздің жемісті шараға айналды. Алдымызда еуразиялық идеяны және бейбітшілті мақсат тұтқан мемлекет ретінде әлі де маңызды сыртқы саяси іс-шараларды жүзеге асыру міндеті тұр. Сол міндеттердің бірі Ислам Конференциясы Ұйымындағы төрағалықтың жауапкершілігі. Мұндай жауапкершілікті біздің мемлекетімізге тапсырылуының өзі елімізге деген өор құрметті білдіреді және мұндай жауапты істердегі бастамашылдығымыз әлі де жалғасын таба бермек.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Орталық Азия түсінігіне тоқталыңыз.

2. Қазақстандағы кеңестік билік тің орнатылуы қалай жүзеге асты?
3. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғаларының себептерін ашып көрсетіңіз.
4. Қазақстанның саяси өміріндегі Н.Ә. Назарбаевтың рөлін ашып көрсетіңіз.
5. 1991 жылдан бергі Қазақстанның сыртқы саясатында қандай кезеңдерді бөліп көрсетуге болады?
6. Қазақстанның 2010 жылғы ЕҚЫҰ-дағы төрағалығы: алға қойылған міндеттер мен нәтижелерін ашып көрсетіңіз.

3.6. Қырғыз Республикасы

Қырғыз Республикасы – бұл Орталық Азия аумағында орналасқан мемлекет. Ол солтүстігінде Қазақстанмен, шығысы және оңтүстік-шығысында Қытаймен, оңтүстік-батысында Тәжікстанмен, батысында Өзбекстанмен шектеседі. Қырғыз Республикасының жалпы халқына келер болсақ, 2000 жылғы мәліметтер бойынша республикадағы тұрғындардың саны 4,5 млн. адамға жеткен. Ел астанасы Бішкек қаласы болып табылады. XX ғасырдың 90-жылдары орыс тілді мигранттардың көп бөлігі елден кетіп, Бішкектің халқының саны 608 мың адамға жеткен. Қырғыз Республикасының 67%-ы ауылдық жерлерде, 33%-ы қалада тұрады. Этникалық құрамы тұрғысынан Қырғыз Республикасында негізгі басым ұлты қырғыздар. 1989 жылы олардың саны 2248 мың адамды, ал 1998 жылдың маусымында 2732 мың адамды құраған. Осы атап көрсетілген жылдар аралығында орыстардың саны 923 мыңнан 786 мыңға азайған. Орыстардың көп бөлігі қалада тұрады. Ош аумағында шоғырланған өзбектердің саны 554 мыңнан 644 мыңға артты. Саны көп емес басқа да этникалық ұлттардың арасында украиндықтар, татарлар, немістер, қазақтар, дунғандар, ұйғырлар мен тәжіктер бар.

Қырғыз Республикасының тарихы. Қырғыз Республикасының Ресей империясына қосылуы XX ғасырдың ортасында басталды. Бұл уақытта ресейлік армия аса құнарлы деген жерлерді жаулап алды. 1876 жылы елдің оңтүстік бөлігі Сырдария және Ферғана облыстарының құрамына кіргізілді. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Орта Азиялық халықтардың наразылығы күшейді. 1898 және 1916 жылдары Әндіжандағы ереуілдердің басып тасталынуы нәтижесінде қырғыз халқы шамамен 30-40%-ға

азайды (бір бөлігі қаза болды, бір бөлігі қытайлық Түркістан және Ауғанстанға қоныс аударды). Алайда, қырғыз елінің дамуына ықпал еткен оқиғаның бірі – Ресей империясының құлауына әкелген революция. XX ғасырдың басында алғашқы социал-демократиялық үйірмелер пайда болды. Еңбекшілер 1905-1907 жылдардағы революцияға, 1916 жылғы Орталық Азиялық көтеріліске, 1917 жылғы Ақпан революциясына және Ұлы Қазан социалистік революциясына қатысты. 1917 жылғы ресейлік революциядан кейін ұлттық тәуелсіздік үшін Қырғыз Республикасының екі саяси ұйымы – «Шура-и-ислам» («Ислам Кеңесі») және ұлтшыл «Алашорда» партиясы күресті. Бірақ 1918 жылдың сәуірінде қырғыз халқы арасында эмиссарларының қарқынды насихат жұмыстарын жүргізген большевиктердің орталық үкіметі Қырғыз елдің Түркістан АКСР-ның құрамына қосылатындығы туралы жариялады. Басмактар қозғалысының отрядтары кеңестік билікке әскери қарсылықты көрсетті, бірақ олар елеулі жетістіктерге қол жеткізді. Соңғы қарсылық көрсету 1920 жылдың соңында болды.

Кеңестік билік қырғыздардың өміріне елеулі өзгерістер енгізді. 1917 жылы ерлер мен әйелдердің теңдігі туралы жарияланды, 1921 жылғы заңмен көп әйел алу және қалың малға тиым салынды. Қырғыз жеріндегі кеңестік билік 1917 жылдың қарашасында – 1918 жылдың маусымында орнатылды. Қызыл Армияның көмегімен еңбекшілер ақ гвардияшылдардың әскерлерін, басмактар жасақтарын ойсырата жеңді. 1921-1922 жылдары жер-су реформалары жүргізілді.

1924 жылы Қырғыз Республикасы бөлек Қара-Қырғыз автономиялық облысқа бөлінді. 1925 жылдың мамырында бұл облыс Қырғыз автономдық облысы деп аталды. Ал 1926 жылдың ақпанында Қырғыз АКСР мәртебесін алды. Осы уақыттан бастап Қырғыз Кеңестік Республикасы социалистік бағытта саясатын жүргізді. 1920-1930-жылдары Қырғызстанда өнеркәсіптің қарқынды дамуы болды. 1940 жылға таман Қырғызстанның көмір шахталары Орта Азияда пайдаланылған тас көмірдің 88 %-ын берді. Сонымен қатар, түсті металлургия, азық түліктік сала және жеңіл өнеркәсіптің кейбір салалары дамыды. 1929 жылдан бастап бұрын жартылай көшпелі тайпалар мен рулардың қолында шоғырланған ауыл шаруашылығы саласын ұжымдастыру

жүргізілді. Ұжымдастырудың қарсыласы болған бай мал иеленушілер мен жер иеленушілерді ізіне түсіп, өлтірді немесе қамауға алды. Кейбірін меншігінен айырып, аштықтан қайтыс болуына әкелді. 1941 жылы Қырғызстанда шамамен 300 мың мал шаруашылық колхоздары болды.

XX ғасырдың 30-жылдары Қырғыз кеңестік республикасының дамуына репрессияның зардабы тиді. 1936-1938 жылдары шырқауына жеткен сталиндік репрессиялар нәтижесінде толығымен дерлік ғылыми және шығармашылық зиялы қауым, мұсылмандық діни қызметкерлердің көзін жойды. Сонымен бірге араб тіліндегі кітаптар мен қолжазбалар жойылды.

1980 жылдардың басында КСРО, Ауғанстан және Қытайдың аудандарында тұратын қырғыздармен байланыс орнату мақсатындағы қозғалыс дүниеге келді. Ал елдегі демократиялық қозғалыс 1990-жылдары басталды. Қырғыз Республикасында басқа Орта Азия республикаларына қарағанда ертеректеу демократиялық институттар пайда болып, демократиялық оппозиция қалыптасты. 1988-1991 жылдары мұнда партия және халық қозғалыстары сипатындағы бірнеше жаппай саяси ұйымдар пайда болды. 1990 жылы оппозиция күштері Қырғыз демократиялық қозғалысына бірікті. Оның құрамына кірген аса ықпалды деген ұйымдардың қатарына «Асаба» ұлттық жаңару партиясы (социал-демократиялық); «Ашар» центристік демократиялық қозғалысы; Азат Қырғыз Республикасының демократиялық партиясы (радикалдық демократтар); «Халық бірлігі» (солшылцентристер); Азаматтық келісім одағы (Қырғыз Республикасында тұратын орыстар, кәрістер, ұйғырлар, татарлар, башқұрттар, өзбектер мен еврейлерді қоқандағы азшылықтардың ұлттық-мәдени қозғалыстарының коалициясы); Аграрлық партия 1990 жылдың қазанында мемлекеттік демократиялық коалиция сайлауды өткізуге қол жеткізіп, оның нәтижесінде Қырғыз Республикасының бірінші президенті болып А. Акаев сайланды. Ал 1991 жылдың 31 тамызындағы Мәскеудегі мемлекеттік төңкерілістен кейінгі екі аптадан соң қырғыз үкіметі Қырғыз Республикасының тәуелсіздігін жариялады.

Тәуелсіз Қырғыз Республикасының ішкі және сыртқы саясаты. КСРО-ның құлауынан кейінгі посткеңестік кеңістікте дүниеге келген тәуелсіздігін алған мемлекеттердің қатарында

Қырғыз Республикасы болды. Сондықтан тәуелсіз мемлекет үшін кейінгі саяси дамуын анықтау қажеттілігі туындады. Кеңес Одағының құлауына таман Қырғыз Республикасы демократиялық үкімет және көппартиялық жүйе қалыптасты. 1991 жылдың басында-ақ кейбір оппозициялық партиялар, әсіресе Азат Қырғыз Республикасының партиясы коммунистерді үкіметтік және шаруашылық органдардағы жетекші қызметтерден босатуды талап етті. Ал 1991 жылдың 12 қазанында А. Акаев ел президенті болып сайланды. Ел парламенті мемлекеттік кәсіпорындар мен басқа да мемлекеттік мүлікті жекешелендіру туралы заңды қабылдады. 1993 жылдың мамырында Қырғыз Республикасының жаңа конституциясы қабылданды. 1994 жылдың қаңтарындағы референдумда Аскар Акаев халықтың басым көпшілігінің қолдауына ие болды. 1995 жылы ол өзге де Орталық Азия мемлекеттеріндегі сияқты өз президенттік өкілетігін 2001 жылға дейін ұзарту туралы өтінішпен шықты. Алайда, парламенттің сайлауды өткізуді талап етуімен ол 1995 жылдың 24 желтоқсанында өтті. Сайлаудағы басқа үміткерлердің елеулі бәсекелестігіне қарамастан, А. Акаев 71%-дық дауыспен басымдыққа ие болды. 1998 жылы ел парламенті 2000 жылдың желтоқсанында А. Акаев егер қаласа үшінші рет президенттік сайлауға қатыса алатындығы туралы шешімді қабылдады.

XX ғасырдың 90-жылдарының басында елдің ішкі саяси өмірінде президенттік басқарумен қатар, парламенттік жүйе де бірқатар өзгерістерді бастан өткерді. 1994 жылдың шілдесінде президент кеңестік кезеңде-ақ тағайындалған Жоғарғы Кеңесті таратты және 1995 жылғы 5 ақпанында Жогорку Кеңеш аталған жаңа екіпалаталық парламентті тағайындады. Ол Заң шығарушы жиналыстың 35 мүшесі және Халық өкілдері (депутаттары) Жиналысының 70 мүшесінен құралды. Осылайша бұл саяси басқару жүйесі ХХІ ғасырдың басындағы революцияларға дейін өмір сүрді.

Қырғыз Республикасындағы революция: себептері, қозғаушы күштері мен нәтижесі. ХХІ ғасырдың басында Қырғыз Республикасының саяси жағдайы тұрақсыздықпен сипатталды. Елдегі басқару жүйесіне қарсылық әрекеттері орын алып, олар революцияларға ұласты. Қырғыз Республикасында бұл кезеңде

түрлі түсті революциялардың легіне жатқызылған Қызғалдақтар революциясы екі рет болып өтті: біріншісі 2005 жылдың наурызда Асқар Ақаевтың билігіне қарсы наразылық сипатында, екіншісі 2010 жылдың 7 сәуірінде Құрманбек Бакиевтің президенттік басқаруына қарсы бағытталды. Екі революцияның да мазмұны ұқсас болды. Мемлекет басшыларының өзгеруі болмаса, революцияға әсер етуші факторлар бірдей. Яғни, екі революцияның да пайда болуына кландық-отбасылық, әлеуметтік-экономикалық және биліктің қылмыстық топпен үйлесе қызмет ету факторларының әсері елеулі болды. Енді осы революциялардың біріне тоқталар болсақ, 2010 жылдың сәуірдегі революция да билікке наразылықтан туындаған болатын.

Қырғыз Республикасында сәуірде оппозиция көшбасшыларының басшылығымен халықтың толқуы нәтижесінде елдегі билік олардың қолына өтті. Елде тұрақсыздық пайда болып, президент Қ. Бакиев оңтүстік бөлікке қашты. Кейіннен оның Ресей аумағының қорғауына алынғандығы туралы мәлімдемелер де жасалынып жатты. Мемлекеттік басқарған лауазымды тұлғалар жемқорлығы үшін айыпталып, нақты басқару да болмады. Осындай жағдайда 8 сәуірде Роза Отынбаева бастаған уақытша үкімет құрылды. Яғни, ұзақ уақыт бойы оппозиция талқылауында болған революция көрініс тауып, ол толыққанды аяқталмады.

Революцияның себептері мен қозғаушы күштері. Қырғыз Республикасындағы революцияның басты себептерінің бірі елдегі кландық басқару жүйесінің қалыптасуы болатын. Қырғыз Республикасы билігінің саяси негізі әрқашан кландардың қарама-қайшылығымен байланысты болып, қазіргі кездегі Қырғыз елінің саяси-әлеуметтік жағдайына тікелей әсер етіп келеді. Отбасылық-кландық негіз оңтүстік-солтүстік қарама-қайшылығымен анықталады. Солтүстік клан өкілі Асқар Ақаев биліктен тайдырылған соң, оңтүстік клан өкілі болып табылатын Құрманбек Бакиев билік басына келген болатын. 2005 жылдың көктемінде билікке келген Қ. Бакиев қоғамды дамытудың позитивті бағдарламасын ұсынды. Ол бойынша бір жағынан, Ақаев басқаруының 15 жылында жинақталған отбасылық клан, жемқорлықты жеңу қарастырылды. Екінші жағынан, азаматтардың жақсы өмір сүруін қамтамасыз ететін мемлекеттік жүйені

күру көзделді. Алайда, бүкіл билік қайта президент қолында шоғырланды. Елдегі жағдайды Қызғалдақ революциясының көшбасшыларының арасындағы келіспеушіліктің күшеюімен қатар өтіп, 2006-2007 жылдары Қырғыз Республикасында ел Конституциясы үш рет ауысты. Өзінің соңғы үлгісінде ол тек Қ. Бакиевтің билігін күшейтіп қана қоймай, дамыған демократияларға тән кедергілер жүйесінен тәуелсіздігін қамтамасыз етті. Алайда, президенттің қолында бүкіл биліктің шоғырлануы елдегі конструктивті шешімдердің қабылдануына ықпал етпеді. Қырғыз Республикасының экономикалық-әлеуметтік жағдайы да нашарлай түсті. 2009 жылы Қырғыз Республикасы ТМД елдері ішінде ең кедей деп танылған мемлекетке айналды. Жалпы ішкі өнім көрсеткіші жан басына шаққанда 630 долларға жетті. Елдегі азаматтардың көбісі жұмысшы-мигранттар мәртебесінде болды. Мамандардың пікірінше олардың 800 мыңына дейін елге қайта оралмады. Жұмыссыздыққа қатысты қырғыз статистикасы нақты емес: ресми деректер бойынша ол 3-4%, ал Қырғыз Республикасының Миграциялық аймақтық комитетінің деректері бойынша жұмыссыздар саны 2009 жылдың 10 мыңнан 2010 жылдың 17,5 мың адамға жеткен. Мемлекеттік бюджеттің қысқаруы салдарынан үкімет 2010 ж. 1 қаңтарынан коммуналдық төлемдерінің бағасын жоғарылатты: электроэнергияға баға 4 есе жылуға 10 есе көтерілді. Мұндай төлем көрсеткіштері өз кезегінде халықтың наразылығының туындауына әкелді.

Қырғыз Республикасындағы революциялық жағдайдың қайта қалыптасуына биліктің қылмыс әлемімен байланыстарының күшеюі де елеулі әсер етті. Қызғалдақ революциясының басты қаржылық қамтамасыз етушілердің бірі Қырғыз парламентінің депутаты Б. Еркинбаев болғандығы туарлы ақпар таралды. Сондай-ақ ол Қарасу базары иесі және елдің оңтүстігіндегі қылмыстық әлемінің ірі көшбасшысы еді. Ал екінші революцияны Солтүстіктегі басқа қылмыстық көшбасшы, парламент депутаты және Бішкектегі базардың иесі Ж. Сурабалдиевтің қаржыландырғандығы белгілі болды. Нақты осы адамның 2005 жылдың 24 наурызындағы бастапқыда Үкімет үйі алдындағы ереуілшілерге қарсы шығып, кейіннен Бішкектегі бүліктерді басталуына әсер етті. Сонымен қатар Қырғыз Республикасын ереуілдерге қатысы бар тұлға ретінде

Р. Ақматбаев аталды. Қ. Бакиевтің басшылығы да өз бақылауын елде орнатуға ұмтылысымен сипатталды. Қ. Бакиев те өз отбасыларының мүдделеріне сай мемлекеттік басқару мен билікті өзіне бағындырғысы келді. Ең жоғарғы мемлекеттік қызметтерді өз ағайын-туғандары арасында бөліске салды. Нәтижесінде Қ. Бакиев халықтың толық қолдауынан айрылып қалды. Төменгі халық мұндай өмірді қаламаған, ал жоғарғылардың басқара алмай қалуы жағдайы қалыптасты. Сондықтан 2005 жылғы революция елде қайта көрініс тапты. Алайда, бұл жолғы революция шын мәнісінде стихиялық түрде болмады. Оны нақты ұйымдастырушылары бар еді және белгіленген жоспар бойынша дамыды. Осылайша, сәуірдегі халық наразылығының даму сценарийін 2005 жылғы наурыздағы оқиғалардағы басты факторлармен анықталды. Яғни, осыған дейін қарастырылғандай, бұл факторлардың ішінде негізгілері ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдай, биліктің барлық эшелондарында терең тамырланған жемқорлық, отбасылық-туыстық байланыстар, сонымен бірге орталық билік пен құқық қорғау органдарының әлсіздігі болды. Назардан есірткі мафиясымен байланысқан қылмыстық авторитеттердің рөлінің артқандығын да тыс қалдырмаған дұрыс.

Нәтижесінде 8 сәуірде жеңіске қол жеткізген оппозиция Роза Отынбаеваның басқаруымен уақытша үкіметті құрды. Елдің жағдайы қиын болатын. Мұндай жағдайда халықаралық қауымдастықтың көмегі аса қажет болды. Елге Қазақстан тарапынан және өзге мемлекеттерден экономикалық көмек жасалды. ЕҚЫҰ-дағы төраға ретінде мемлекетіміздің тарапынан президент Қ. Бакиев пен ереуілге шығушылардың арасындағы наразылықты басуға ұмтылыс жасалынды. Алайда, тұрақсыз жағдайда көрші мемлекеттер қауіпсіздік мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Қазақстан және Өзбекстан шекараларды қатаң бақылауға алды. Қытайдың шекаралық тәртібі де күшейтілді. Тәжікстанның да алаңдаушылығы туындады. АҚШ болса, 8 сәуірге жоспарланған Қырғыз Республикасымен екіжақты дипломатиялық кеңестерден бас тартып, өздерінің Манаस्ताғы әскери базасын пайдалануды тоқтатты. АҚШ президенті Б. Обама сәуірдің басында Қазақстанның президенті Н. Назарбаевпен кездесіп, оған ЕҚЫҰ төрағасы ретінде қанды қырғынды тоқтату үшін іс-шараларды қабылдауды

ұсынды. Ал Ресейге келер болсақ, ол нақты ұстанымды ұстанды. РФ-ның президенті Д. Медведев Қырғыз Республикасындағы оқиғалар азаматтардың арасындағы әрекет етуші билікке қатысты наразылықтың артқандығын көрсетеді және төңкеріліс бұл елдің ішкі ісі болып табылады деп мәлімдеді. 14 сәуірде Ресей үкіметі Бішкекке 20 млн. доллар көлемінде гуманитарлық көмек және 30 млн. доллар мөлшерінде жеңілдіктік несиені, 20 мың тонналық отын мен бензин т.б. беруге шешім қабылдады.

Осы революциялардан кейін Қырғызстанның билігінде біршама өзгерістер енгізілді. 2011 жылдың 30 қазанында Алмазбек Атамбаев Қырғызстанның Президенті болып сайланды. Ол 2011 жылдың 1 желтоқсанында ресми түрде өз қызметіне кірісті.

Қырғыз Республикасының сыртқы саясаты. Тәуелсіз алғаннан бергі Қырғыз Республикасының сыртқы саясатының қазіргі уақытқа дейінгі дамуында екі кезеңді бөліп көрсетуге болады.

Бірінші кезең 1991 жылдың тамызы – 1998 жылдың желтоқсаны аралығын қамтиды және ол жас тәуелсіз мемлекеттің сыртқы саяси бағыттың негіздерін құрудың және дайындаудың негізі, оның ғаламдық қауымдастыққа өзін ұсынудың болуымен сипатталды. Бұл кезеңде Қырғыз Республикасының сыртқы саясаты мен дипломатиясы ең алдымен, егемендік алған елдің халықаралық қатынастардың субъектісі ретіндегі беделін қалыптастыруға бағытталды. Елдің сыртқы саяси бағдарының заңдық негізі 1991 жылдың 31 тамызындағы «Қырғыз Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияда», 1993 жылғы 5 мамырдағы Конституцияда көрініс тапты. Қырғыз Республикасының сыртқы саясатында көпвекторлық, прагматизм және балансты сақтаумен сипатталды. Осы қағидаларға сәйкес мемлекеттер ғаламдық және аймақтық мәселелерді бейбіт жолмен шешуге, халықаралық құқықтың жалпылай мойындалған қағидаларының орындалуы көптеген мемлекеттер және халықаралық ұйымдармен өзара тиімді қарым-қатынастарды орнатуға мүмкіндік берді. Қырғызстан Республикасы Еуразия құрлығында орналасқандықтан ЕҚЫҰ, НАТО, ЕО, Ислам Конференциясы Ұйымы, АТЭҚ сияқты халықаралық ұйымдармен өзара тиімді әріптестік байланыстарды нығайтуға мүдделі болды. Ал 1992 жылдың 2 наурызында БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 46-сессиясында бірауыздан мүше ретінде қабылданды.

Қырғыз Республикасының тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы сәтті сыртқы стратегияны жүргізуі нәтижесінде ол сыртқы аумақтағы ұлттық мүддеге қол жеткізуді қамтамасыз етіп, еуропалық және азиялық бағытта екіжақты және көпжақты сыртқы саясатты жүргізді. Мұндай саясат Қырғыз Республикасының кейінгі жылдардағы «Үлкен жетілікпен», Батыс Еуропаның жетекші елдерімен, Орталық Азиялық Экономикалық Қауымдастықтың мемлекеттерімен, Азиядағы Қытай, Иран, Үндістан, Пәкістан, Оңтүстік Корея және Малайзия сияқты жетекші мемлекеттерімен белсенді түрде ынтымақтастықты орнатуға мүмкіндік берді.

Тәуелсіз Қырғыз Республикасының сыртқы саясатының бірінші кезеңінің логикалық нәтижесі ел басшылығының дайындаған «Ұлы Жібек Жолы дипломатиясы» доктринасының әлемдік қауымдастықпен мойындалуы еді. Сонымен қатар бұл доктрина әлемнің барлық мемлекеттері үшін бүкіл халықтардың игілігі үшін қызмет ететін келісілген халықаралық саясатты жүргізуге кең мүмкіндіктерді ашты.

Екінші кезең 1999 жылдың қаңтарынан бүгінгі уақытқа дейінгі уақыт аралығын қамтыды. Осы аралықтағы Қырғыз Республикасының сыртқы саясатының негізгі мәнісі Қырғыз Республикасының дипломатиясының қол жеткізген сәтті қадамдарын нығайту мен одан әрі дамыту болып белгіленді.

Екінші кезеңдегі Қырғыз Республикасының сыртқы саясатының дамуына 2001 жылдың 11 қыркүйегіндегі АҚШ-тағы лаңкестік оқиғалар елеулі әсерін тигізді. Бұл оқиға әлемдегі және Орталық Азиядағы жаңа геосаяси жағдайды қалыптастырды. Қырғыз Республикасының сыртқы саяси доктриналық «Ұлы Жібек Жолы дипломатиясында» «анти-терроризм», «анти-экстремизм», «анти-наркотизм» сияқты түсініктер көрініс тапты. Елдің көпвекторлық саясаты да өз жалғасын тапты. Қазіргі биліктегі Роза Отынбаева бастаған жаңа басшылық халықаралық қауымдастықта өзінің орнын алуға ұмтылып, аймақтық және әлемдік маңызды оқиғаларға белсенді қатысуда.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Қырғыз Республикасындағы кеңестік билік қашан орнатылды?

2. XX ғасырдың 80-жылдарында Қырғыз КСР-інде қандай демократиялық қозғалыстар болды?

3. А. Акаевтың саясатын талдаңыз.

4. Қырғыз Республикасындағы 2005 жылғы және 2010 жылғы революцияларды салыстырыңыз.

5. Қырғыз Республикасының тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы сыртқы саясатының заңдық негізін қандай құжаттар құрады?

6. «Ұлы Жібек Жолы дипломатиясының» маңыздылығын ашып көрсетіңіз.

3.7. Тәжікстан Республикасы

Тәжікстан Республикасына жалпы сипаттама. Тәжікстан – Орталық Азияда орналасқан мемлекеттің бірі. Ол батысында және солтүстік-батысында – Өзбекстанмен, солтүстігінде – Қырғыз Республикасымен, шығысында – Қытаймен, оңтүстігінде – Ауғанстанмен шектеседі. Ел астанасы – Душанбе қаласы. 1994 жылы 6 қарашада қабылданған Конституцияға сәйкес Тәжікстан Республикасы егеменді демократиялық құқықтық зайырлы унитарлы мемлекет.

Тәжікстанның халқы 2003 жылғы ресми ТМД атқарушы хатшылығының сайтының мәліметтеріне сәйкес, 6 млн. 463,8 мың адамды құраған. Халықтың өсуі 1960-1980-жылдары байқалып, 1980 жылы ол 4 млн. адамды құраған. 1990 жылы Тәжікстан халқы 5,3 млн. адамды құраған. Кейінгі 1992-1997-жылдары халық санының азаюына елдегі азаматтық соғыстың әсері айрықша болды. Бұл кезеңде мыңдаған адамдар қаза болды. Тәжікстандағы халық санына эмиграцияның толқыны да елеулі әсер етті. Олар 500-800 мың адамды құрады. Олардың негізгі бөлігін Ауғанстанға жақын аумақтарға қашқан тәжіктер мен өзбектер құрайды. Сонымен қатар, осы үрдіспен бір уақытта ең алдымен, Душанбе қаласынан мыңдаған орыстар, украиндықтар, басқа орыс тілді топтардың өкілдері көшті. 1989-2000 жылдары аралығындағы Тәжікстандағы халық санағында орыстардың саны 389 мыңнан 60 мыңға, украиндықтар – 41 мыңнан 4 мыңға, татарлар 72 мыңнан 20 мыңға дейін қысқарған. Ауғанстандағы соғыстың және өтпелі кезеңнің аяқталуынан кейін Ауғанстан босқындарының репа-

триациясы үрдісі де тоқтады. Бірақ ел аумағында көптеген ауған босқындары орнықты және олар 2001 жылғы талибтердің тәртібі құлатылуынан кейін өз еліне оралды.

Тәжікстанның халқының этникалық құрамына келер болсақ, онда көбінесе тәжік халқының басымдығы байқалады. Мәселен, 2000 жылғы мәліметтерге сәйкес тәжіктер 80%-ды құраса, өзбектер – 15,3%-ды, қырғыздар – 1%-ды, түрікмендер – 0,3%-ды, татарлар – 0,3%-ды, ал басқа этникалық топтар 2%-ды құраған.

Тәжікстанның саяси жүйесіне келетін болсақ, оны негізгі үш билік тармағы атқарады: атқарушы билік, заң шығарушы билік және сот билігі. Атқарушы биліктің басшысы және үкіметтің төрағасы болып Тәжікстан Республикасының президенті саналады. Үкіметтің төрағасы ретінде ол оның қызметін басқарады және олардың өз өкілеттіктерін тиімді жүзеге асыру үшін қажетті шараларды қабылдайды.

Бірінші президенттік сайлаулар – 1994 жылдың 6 қарашасында, екіншісі – 1999 жылдың 6 қарашасында, үшіншісі – 2006 жылдың 6 қарашасында өтті. Бірінші ел президенті ретінде Р. Набиев сайланды. Кейінгі 1994 жылғы және 1997 жылғы сайлауларда Э. Рахмонов басқарды. 1999 жылғы және 2009 жылғы конституциялық реформалар нәтижесінде президенттік өкілеттіктердің мерзімі 4 жылдан 7 жылға ұзартылды. Қазіргі уақытта да Тәжікстанның президенті – Э. Рахмонов.

Тәжікстанның үкіметі премьер-министр, оның бірінші орынбасары мен орынбасарлары, әр түрлі саладағы министрлер және мемлекеттік комитеттің төрағаларын қамтиды. Премьер-министр мен үкіметтің басқа мүшелері Тәжікстан Республикасының президентімен тағайындалады және қызметінен босатылып, оның жарлығы Маджилиси олимен бекітіледі. Егер президенттің жарлығы ел парламентімен бекітілмейтін болса, президент бұл жарлықты Маджлиси олиге бекітуге қайта ұсынуға құқылы немесе басқа тұлғаны тағайындау туралы жарлықтың ұсынуға құқылы.

Қазіргі уақыттағы Тәжікстан Республикасының премьер-министрі – Акил Акилов. Ол осы қызметке келгенге дейін Тәжікстан Компартиясы ОК-ның істерін басқарушы, Компартия ОК-ның хатшысы, премьер-министрдің орынбасары, Согди облысының төрағасының бірінші орынбасары қызметтерінде болды.

Тәжікстанның заң шығарушы билігіне келер болсақ, тәуелсіздік алған уақыттан бері ол өзгеріске түсті. 1999 жылдың қыркүйегіндегі жалпыхалықтық референдумда Конституцияға түзетулер енгізіліп, оған сәйкес екіпалаталы парламент орнатылды және президенттік өкілеттіктердің мерзімі 4 жылдан 7 жылға ұзартылды. Жоғарғы парламент палатасы, Маджлиси милли (Ұлытқ жиналыс) 33 мүшеден тұрады, соның ішінде 25 мүшесі жергілікті өкілдік билік органдарымен тағайындалады (әрбір әкімшілік-аумақтық бірліктен 5 депутат сайланады), ал 8 депутат президентпен тағайындалады. Бұрынғы мемлекет басшылары олардың келісімімен өмірлік мүшелері бола алады. Төменгі палата, Маджлиси намояндагон (Өкілдер жиналысы) 63 депутаттан тұрады және тікелей құпия түрде дауыс беру арқылы сайланады. Сайлаудың аралас, мажоритарлық-пропорционалды жүйесі қалыптасқан. Осылардың ішінде 41 депутат бірмандаттық округтерде сайланды, ал 22 орын тең пропорционалды деңгейде саяси партиялар және қозғалыстарға беріледі. Парламентке сайлау 5 жылда бір өткізіледі. Төменгі палатаға бірінші сайлау 2000 жылдың 27 ақпанында, екінші сайлау 2005 жылдың 27 ақпанында өткен.

Тәжікстанның қоғамдық-саяси өмірінде сот билігінің де орны зор. Сот билігі тәуелсіз және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік мүдделерді қорғауға, заңдылық пен әділетті сақтау үшін қызмет етеді. Сот билігінің органдары болып Конституциялық сот, Жоғарғы экономикалық сот, Әскери сот, облыстардың соттары, Душанбе және басқа аудандардың соттары т.б. кіреді. Конституциялық сот, Жоғарғы сот Жоғарғы экономикалық соттың құрамы президенттің ұсынуымен Ұлттық жиналыста бекітіледі. Басқа соттардың құрамын президент анықтайды. Сот өкілеттігі – 5 жыл. Конституциялық сот мемлекеттік биліктің органдары арасындағы қақтығыстарды шешу, қабылданған заңдар мен қаулылардың конституциялық таолаптарға сәйкестігін тексерумен айналысады.

Тәжікстанның саяси өмірінде саяси партиялардың белсенділігі оның плюрализміне мүмкіндік беруінде. Елде көппартиялық жүйе қалыптасқан. Төрағасы Э. Рахмонов болып табылатын басқарушы Тәжікстанның Халықтық-Демократиялық партиясы, Коммунистік

партия, Ислам өркендеу партиясы, Социал-Демократиялық партия және Социалистік партия сияқты оппозициялық партиялар бар.

Тәжікстанның тарихы. Тәжікстанның ежелгі кезеңдегі тарихы Орталық Азиядағы Қазақстан, Өзбекстан сияқты мемлекеттермен тағдырлас. Тәжік халқы Орта Азиядағы басқа халықтар сияқты басынан араб шапқыншылығы, Шыңғыс ханның шапқыншылығы оқиғаларын бастан өткерді. Нақтылар болсақ, VII ғасырдың екінші жартысында Орта Азия халықтарының өмір салтына елеулі өзгеріс енгізген арабтардың шапқыншылығы орын алды. Араб үстемдігінен босатылуға ұмтылған Орта Азия халықтары өз бостандығы үшін күресін бастады. Нақты осы уақытта тәжік деп түсінік пайда болып, ол «ақсүйек руларының адамы» дегенді білдірді. IX-X ғасырлардағы Саманидтер кезеңі орнап, ол қол өнер мен сауданың қарқынды дамуының, сондай-ақ, ғылым, әдебиет пен өнердің көркеюі кезеңі болды. Олар тәжік тілінде дамыды. X-XII ғасырлардағы Тәжікстанның аумағы Қарахан, Қарақытай сияқты көптеген мемлекеттердің құрамына кірді. Ал XIII-ғасырда Шыңғыс ханның шабуылынан кейін елдің аумағы Моңғол мемлекетінің Шағатай ұлысының құрамына қосылды. Ал XIV-XV-ғасырларда Тәжікстан алып Темір мемлекетінің құрамында болды. XVI ғасыр Тәжікстанның аумағы Бұхарада астанасы орналасқан Шебанидтер мемлекетінің құрамына қосылады. Осы кезеңде Бұхара мен Хиуа хандықтары құрылды, ал кейіннен XVIII ғасырда Қокан хандығы құрылды. Олардың өзбек әулетінің хандары басқарды. Тәжіктер көбінесе Бұхара мен Қокан хандықтарында тұрды. Хандықтардың арасында тұрақты түрде өзара соғыстарды жүргізді. Қоғамның таптық бөлініс күшейді. Мұның бәрінің аяқталуына Тәжікстанның Ресей империясының құрамына қосылуы әсер етті. Ол 1868 жылы Түркістан генерал-губернаторлығының бөлігі ретінде тек солтүстік бөлігі қосылды. Оңтүстік бөлігі – Бұхара хандығы Ресейге вассалды бағыныштылықта қалды.

1917 жылдың қарашасында елдегі кеңестік билік орнатылды. 1920 жылдың қыркүйегінің басында Бұхара әміршісінің билігі құлатылып, Бұхара халықтың кеңес республикасы орнатылды. 1924 жылы Орта Азия халықтарын ұлттық бөлу негізінде Өзбек КСР құрамындағы Тәжік АСКР құрылды. Республиканың аумағына Түркістан аумағының 12 облысы, Шығыс Бұхара және

Памирдің бөлігі енгізілді. 1929 жылдың 5 желтоқсанында Тәжік АКСР Кеңес Одағының республикаларының біріне айналды.

Тәжік КСР-ындағы алғашқы онжылдығы елеулі әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді әкелді. 1920-жылдарының ортасында сауатсыздықты жою бойынша іс-шаралар басталды, дінге қарсы шаралар болды. Сонымен бірге мәжбүрлі шаруаларды ұжымдастыру жүзеге асырылды. Оның нәтижесінде колхоздар мақта өндірісін дамытуға және ирригациялық жүйелерді салуға бағытталды. XX ғасырдың 30-жылдарында елде саяси тазарту орын алып, ол қоғамның барлық салаларын қамтыды. Ұлы Отан соғыс жылдарында тәжік халқы барлық әскери күштерін фашистік шабуылға төтеп беруге бағыттады. Ұлы Отан соғысынан кейінгі кезеңде Тәжікстанда «кеңестендіру» саясаты жалғасын тапты. 1976 жылдың 1 қаңтарында Тәжікстандағы коммунистік партияның құрамында 92 842 мүшесі және 3 874 партияға мүшелігін білдірген үміткерлер болды. Тәжікстан Жастарының Лениндік Коммунистік Одағында 313 089 адам мүше ретінде кірді. Елде 86 080 кәсіподақ мүшесі болды. Кеңестік тәртіптің елдегі исламнің ұстанымын әлсіретуге ұмтылуына қарамастан, көптеген тәжіктер үшін ол құндылықтар жүйесін анықтауда елеулі фактор болып қалып, олардың тәртібі мен мәдениетіне ықпал етті. Тәжік зиялы қауымының өкілдері екіжақты саясатты ұстанды, яғни бір жағынан кеңестік биліктің идеяларына деген сенімділігін байқатты. Екінші жағынан, ұлттық сана мен дәстүрлерді сақтап қалуға тырысты. Білімді азаматтардың көбеюіне қарай елде кеңестік жүйеге сыни тұрғыдан қарайтын адамдардың саны арта түсті. Нәтижесінде 90-жылдардың басында Тәжікстанда да өз тәуелсіздігін алуға ұмтылған қозғалыс көрініс тапты.

Тәжікстанның тәуелсіздік алуы және саяси дамуы. Тәжікстанның тәуелсіздігін алуы КСРО-ның құлауы нәтижесінде жүзеге асты. Кеңес Одағы құрамындағы республика ретінде өмір сүруінің соңғы жылдарында күштердің арақатынасы бұзылып, ішкі саяси наразылық артты. Билік дағдарысының алғашқы белгілері 1990 жылғы ақпандағы Душанбеде өткен «Растохез» (Өркендеу) қозғалысындағы зайырлы ұлтшыл-демократтардың ереуілдерінде көрініс тапты. 1991 жылдың 24 тамыздағы Мәскеудегі мемлекеттік төңкерілістің сәтсіз аяқталуы нәтижесінде Тәжікстан КСР-ның

Жоғарғы кеңесі Мемлекеттік егемендік туралы декларацияны қабылдайды. Атап өтерлігі, Мәскеудегі тамыз төңкерілісін коммунистік партияның басшысы әрі Тәжікстан президенті болған К. Махкамов қолдау көрсетті. Оның негізгі қарсыласы Р. Набиев еді.

1991 жылдың 9 қыркүйегінде Тәжікстан өзінің тәуелсіздігін жариялайды. 1991 жылдың қарашасында альтернативті негізде президенттікке сайлау өткізіліп, президент ретінде бұрынғы Тәжікстан компартиясын басқарған Р. Набиев келді. Ол Кеңес Одағы кезеңінде елдің солтүстік бөлігінде орналасқан Худжандтың үлкен экономикалық мүдделерін жүзеге асыруда үлес қосқан еді. Бірақ елдің тәуелсіздік алуы мен жаңа басшыны тағайындау саяси тұрақсыздықты күшейтті. Тәжікстанның Демократиялық партиясы және Тәжікстанның Исламды қайта өркендету партиясы сияқты екі оппозициялық партияның әрекеттестігі нығайды. Олар парламенттік демократия, іслім мемлекеті және экономикалық ұрандар реформалар туралы ұрандармен шықты. Оппозициялық партиялардың біріккен коалициясын А. Тураджондзода басқарды. Билік пен оппозицияның арасындағы қарым-қатынас 1992 жылғы көктемде күрт өзгерді. 1992 жылдың наурызында Душанбеде қаланың орталығындағы оппозицияның жаппай мәжбүрлік әрекеттері басталды. Елде азаматтық соғыс басталды.

Тәжікстандағы азаматтық соғыс – бұл орталық билік пен оппозицияның 1992-1997 жылдар аралығындағы қарулы кланаралық қақтығысы болды. Ол 1992 жылғы көктемдегі оппозицияның алаңдағы әрекеттерінен басталды.

Азаматтық соғыстың алғышарттары ретінде келесі факторларды атап өтуге болады: ауыр экономикалық жағдай, тәжіктердің кландық дүниетанымы, діндарлықтың жоғарғы деңгейлігі және т.б. Коммунистік элита мен ұлттық-демократиялық күштер арасындағы қарама-қайшылық саяси саладан КСРО-ның өмір сүруінің жылдарында этникалық-кландық сипатқа өтті. Кеңестік уақытта елдің саяси өмірінде Ленинабад облысынан шыққан азаматтар жоғарғы әкімшілік қызметтерге ие болған еді және олармен белсенді түрде ПМ сияқты күш құрылымдарында жоғарғы қызметтерді иемденген «кулябтықтар» ынтымақтасты. Тәжікстанның тәуелсіздігін жа-

риялаудан кейін «бадахшандықтар», «гиссарлықтар» және т.б. елді басқарудағы рөлдерді алмастыруға ұмтылды.

1992 жылғы азаматтық соғыс саяси билік үшін күрескен топтардың арасындағы күрес сипатында болды.

1992 жылдың мамырында Р. Набиев отставкаге кетуге мәжбүр болды. Бұдан кейін елде коалициялық үкімет құрылып, оны осы уақытқа дейін парламент төрағасы қызметін атқарған Акбаршо Искандеров басқарды. 1992 жылдың желтоқсанында Тәжікстан Жоғарғы кеңесінің төрағасы ретінде Кулябтан шыққан Э. Рахмонова тағайындалды.

Азаматтық соғыстың шарықтау шегі 1992 жылдың аяғы – 1993 жылдың басына тиесілі болды. Кейіннен ол бәсеңси бастады. Ол кейіннен қарқындылығы бойынша бәсеңдеді. Бірақ қалаларды, ауылды азық-түлік және басқа да тұрмыс қажеттіліктерімен қалыпты қамтамасыз ету жүйесінің бұзылуы жағдайында тонау, зорлық, саяси және қоғамдық қызметкерлерді, этникалық тазалау өсті. Орталық аймақтардан шеттетілген ислам оппозициясының күштері Ауғанстандағы шекараны өтіп, онда босқындардың жеті лагерін құрды. 1993 жылы Тегеранда Тәжікстанның оппозициялық көшбасшылары Біріккен тәжік оппозициясының құрылғандығы туралы жариялады. Елдегі тұрақсыздықты тәртіпке келтіру үшін Ұжымдық қауіпсіздік келісіміне мүше-мемлекеттер құрған Ұжымдық бейбітшілік күштері қатысты. 1993 жылғы мамырдағы келісімге сәйкес ТМД-ның Ұжымдық бейбітшілік күштерінің құрамына Ресей әскерлері қосылды. Бұл күштердің құрамында ресейлік әскерлер, Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстанның әскери бөлімдері болды. Әсіресе, Ресейдің әскери күштері жұмылдырылды. 1993 жылы республикадағы ресейлік шекаралық әскерлердің мәртебесі туралы келісімге қол қойылып, оның міндеті ретінде тәжік-ауған шекарасын қорғау болып белгіленді. Осы келісімнің әрекет ету мерзімі 5 жыл деп белгіленді және кейінгі бес жылдыққа ұзарту мүмкіндігі қарастырылды. Республикада Ресей Федерациясының 201-ші мотострелковая дивизиясы мен шекаралық әскерлер орналасты. Әскери әрекеттерде кей жағдайларда Өзбекстанның авиациясы қатысты.

Тәжікстандағы азаматтық соғысты басудағы және тараптардың арасында келісімді орнату мақсатындағы диалог 1994 жылы бас-

талды. Туындаған қақтығысты шешу деңгейіне дейін келіссөздік үрдіс келесі кезеңдерден тұрды. Бірінші кезең 1994 жылдың сәуірінде Мәскеуде Тәжікстан үкіметі және Біріккен тәжік оппозициясы арасында БҰҰ және көршілес мемлекеттердің қатысуымен өтті. Оның нәтижесінде Босқындар бойынша Біріккен комиссияны құру туралы хаттамаға қол қойылды. Екінші келіссөздердің кезеңі 1994 жылдың маусымында Тегеранда өтіп, онда соғысты тоқтату туралы мәселе талқыланды. Бірақ бұл келіссөздердің нәтижесі болмады. Уақытша соғысты тоқтату туралы келісімге тек 1994 жылдың күзінде БҰҰ бақылаушыларының келуімен уағдаласу мүмкін болды. 1994 жылдың қазан-қарашасында Исламабадта келіссөздердің үшінші кезеңі өтіп, ол да қайта ешқандай нәтижелер бермеді. Келесі кезең 1995 жылдың мамыр-маусым аралығында Алматыда өтті. Бұл келіссөздерде Э. Рахмонов пен оппозиция өкілі С.А. Нуридін арасында алғашқы кездесу өтіп, «Бейбітшілікті орнатудың және Тәжікстандағы ұлттық келісімнің негізгі қағидалары туралы» хаттамаға қол қойылды. Тәжікстандағы келіссөздік үрдіс ұзақ әрі қиын өтті. Оның соңғы нүктесі 1997 жылдың 27 маусымында қойылды. Осы күні Мәскеуде тараптар Тәжікстандағы бейбітшілікті орнату және ұлттық келісім бойынша Ортақ келісімге қол қойып, оған сәйкес тараптар осыған дейінгі қабылданған барлық уағдаластықтарды орындау бойынша міндеттемесін бекітті. Сонымен қатар, С.А. Нуридін төрағалығымен ұлттық бітім бойынша Комиссияны құрды. Ортақ келісімге қолдарын тараптардан басқа, тәжікаралық келіссөздерде бақылаушы мемлекеттер болған Қазақстан, Иран, Қырғыз Республикасы, Өзбекстан, Пәкістан, Түрікменстан, Ауғанстан және Ресейдің СІМ-нің басшылары және БҰҰ, ЕҚЫҰ, Ислам Конференциясы Ұйымы өкілдері қойды.

1997 жылдың аяғында Тәжікстанда оппозицияның қызметі заңдастырылды; елге А. Тураджондзода қайтарылып, ол ТМД мемлекеттерімен ынтымақтастық мәселелері бойынша бірінші вице-премьер қызметін иемденді. Елдегі азаматтық соғыс аяқталды. Азаматтық соғыстың нәтижесінде біршама адам құрбан болды. 1997 жылдың ортасына елге 90%-тан аса босқын қайта оралды. Әскери әрекеттердің нәтижесіндегі экономикалық шығын 7 млрд. доллардан асты, елдің оңтүстігінде 80% өнеркәсіптік кешені бұзылды.

Екі айдан кейін тараптар ымыраға келіп, коалициялық үкімет құрылды. Бірақ ондағы саяси партиялардың ұстанымдарының әр түрлі болуына байланысты мұндай келісім ұзаққа созылмас еді. 1997 жылдың жазында Жоғарғы Кеңес қарашада жаңа конституцияға сәйкес референдум және президенттік сайлауларды өткізу туралы шешім қабылдады. Басым көпшілік дауыспен президент ретінде Э. Рахмонов сайланды.

Саяси билік пен оппозицияның ымыраға келуі елдің саяси өмірі үшін де және халықаралық саясаты үшін де маңызды болды. Елдегі саяси тұрақтылық бағытында қадам жасалынды, бірақ ішкі экономикалық-әлеуметтік жағдай ауыр еді. Дегенмен елдегі саяси тұрақтандыру үрдісі біршама уақытқа созылды. 1998 жылға белгіленген парламенттік сайлаулар 1999 жылға, кейіннен 2000 жылға өзгертілді. Біріккен тәжік оппозициясы осы уақыт аралығында өз қарсылығын білдіріп, бірнеше рет Ұлттық бітім бойынша Комиссия құрамына шықты. Бірақ 1999 жылдың жазында үкімет пен оппозиция арасында жасалынған келісімге қосылған әскери хаттаманың шарттары орындалды. Оппозиция президенттік сайлауға қосылу ниеттестігін білдірді. 1999 жылғы президенттік сайлау қарсаңында оппозицияның өкілі Д. Усмон тек екі пайыздық дауысты алып, олар оған қатысудан бас тартты. Азаматтық соғыстың салдарлары 2000 жылдың басына таман ғана артта қалды. Осы жылғы наурыздағы парламенттік сайлауда Біріккен тәжік оппозициясының жетекші күші болған Исламді қайта өркендету партиясы тек 3 мандатты иемденді.

2000-2005 жылдары саяси жағдайды тұрақтандыру жағдайында Э. Рахмонов үкіметі алдында елдің экономикалық жағдайын да қалпына келтіру міндеті тұрды. Тәжікстан өз экономикалық көрсеткіштері бойынша Орталық Азиядағы басқа мемлекеттерден артта қалып отыр. Бірақ елдің экономикалық мүмкіндіктері елеулі деуге болады. 2004 жылғы Тәжікстан валюталық есептер жүйесіндегі жан басына шаққандағы үлесі 212 АҚШ долларын құраған. Осылайша, азаматтық соғыстан кейінгі кезеңде Тәжікстанның ішкі саяси жағдайы тұрақтандыруға ұмтылыстар жасалынды, бірақ әлі де күн тәртібінде өз шешімін таппаған мәселелер бар деп дәйектеуге болады.

Тәжікстанның сыртқы саясаты. Тәуелсіздік алған кезеңнен бастап елдің сыртқы саясаты ТМД-дағы мүшеліктен басталды. 1991 жылдың 21 желтоқсанындағы Алматы декларацияға қол қою нәтижесінде Тәжікстан бұрынғы Кеңес Одағына кірген мемлекеттермен байланысты сақтауға мүдделестігін танытты. 1992–2001 жылдардағы Тәжікстанның сыртқы саясатына Ауғанстандағы жағдай және ондағы күресуші күштердің саясаты ықпал етті. Тәжікстан әлемдік қауымдастықтың БҰҰ-ның басқаруымен өткен келіссөздер сипатындағы ауған қақтығысын бейбіт реттеуге қатысты шараларында қатысты. Тәжікстанда Талибан қозғалысына қарсы соғыстың кезінде АҚШ пен оның одақтастарының ұмтылыстарын қолдады, Ауған Солтүстік коалициясы әскерлерінің жеңісін қолдады. АҚШ пен басқа да батыс мемлекеттерінің әскери бөлімдерінің орнығуы үшін аэродромдарды беруімен байланысты Тәжікстанның олармен ынтымақтастығы нығайды. Ол ынтымақтастық орнатқан мемлекеттерден, әр түрлі мемлекетаралық және бейүкіметтік ұйымдардан қаржылық пен ұйымдастырушылық-техникалық қолдауға ие болды.

Тәуелсіздік алған жылдардан бері Тәжікстанның сыртқы саясатының негізгі мақсаттарының бірі көршілес азиялық мемлекеттермен экономикалық және саяси байланыстарды сақтау болып белгіленді. Осы мақсатта Тәжікстан Экономикалық ынтымақтастық ұйымында қатысушы ретінде байланыстарды дамытуда. Бастапқы мемлекеттің тәуелсіздігінің онжылдығында сыртқы саясатты елдің ауыр ішкі саяси жағдайы анықтады. Ерекше маңыздылыққа Иран Ислам Республикасымен қарым-қатынастар ерекше маңыздылыққа ие болып, онда кейбір оппозициялық көшбасшылар қоныс аударды. Ресми Тегеранның ұстанымының да Тәжікстандағы күресуші тараптардың арасындағы бітімге келуде жетістікке қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Тәжікстан Республикасының сыртқы саясатында экономикалық фактордың маңызы зор. Сыртқы сауда айналымы бойынша ЖҰӨ көрсеткішінен асады. Елден шығарылатын экспорттың жартысынан астамын алюминий тасымалы, электр саласының елеулі үлесі, мақта, жемістер, өсімдік майы мен тоқыма құрайды. Нидерланды және Түркияға 25%, Латвия мен Швейцарияға 10%, Өзбекстанға 9%, Ресейге 7%, Иранға 6% саудадағы үлесі тиесілі. Импортқа

электр энергиясы, мұнай өнімдері, азық түлік т.б. шығарылады. Басты сауда әріптестер Ресей (20%), Өзбекстан (15%), Қазақстан (11%), Әзірбайжан (7%), Украина (7%), Румыния (5%) алады.

Қазіргі уақытта Тәжікстан әлемнің көптеген мемлекеттерімен дипломатиялық қарым-қатынастарды қолдайды, елеуден астам мемлекетаралық ұйымдардың жұмысында қатысады. Тәжікстанның сыртқы саясатының негізгі мақсаттары елдің егемендігі мен мемлекеттік тұтастығын нығайту, әлеуметтік-экономикалық өсу үшін ыңғайлы жағдайды қабылптастыру мен азаматтық соғыстың жағымсыз салдарларын жою болып табылады. Тәжікстанның сыртқы саяси басымдықтарында дәстүрлі түрде РФ-мен, ТМД елдерімен, соның ішінде әсіресе көршілес Орталық Азия мемлекеттерімен қарым-қатынастар маңызды рөлге ие. ТМД және Ресейдің тікелей ықпалдастығы нәтижесінде азаматтық соғысты аяқтауына әкелген ел үкіметі мен біріккен тәжік оппозициясы арасындағы бейбіт уағдаластыққа қол жеткізілді. Қазіргі уақытқа дейін Ресей Тәжікстанға елеулі экономикалық көмек пен басқа да көмек түрін көрсетіп келеді. Бірақ сауда-экономикалық баяу дамыды. Екі мемлекеттің ынтымақтастығы әскери салада қарқынды сипатта. Әсіресе, ол 1997 жылғы азаматтық соғыстың реттелуінен кейін Тәжікстанның қарулы күштерінің құрылуы үрдісі жедел дамыды. Ресей тәжік қарулы күштерін нығайтуда басты көмекті көрсетеді. Орыстар офицерлік құрамының негізгі тірегін құрап, ал тәжік ұлтының офицерлерін дайындау тұрақты негізде РФ-ның әскери оқу мекемелерінде жүзеге асырылады. Душанбеде ресейлік 8 мыңдық адамы бар 201- дивизия бар. 1999 жылғы мемлекетаралық келісімге сәйкес дивизияның бөлімшелері ресейлік әскери базаларға трансформацияланады. 2004 жылдың қазанында тараптар ресейлік әскери базаның мәртебесі және орналасу шарттары туралы Келісімді бекіту бойынша грамоталармен алмасты. Ауғанстанмен шекараны РФ-ның шекаралық тобы жүзеге асырады.

Сонымен қатар Тәжікстан Республикасы ТМД шеңберіндегі өзара ынтымақтастық деңгейін қолдайды. Ол Ресей және Орталық Азия мемлекеттерімен қатар, Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісім

ұйымы, Еуразиялық экономикалық қауымдастық пен Шанхай ынтымақтастық ұйымдарының қатысушысы болып табылады.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Тәжікстандағы кеңестік билік қалай орнатылды?
2. Қазіргі кезеңде Тәжікстанның саяси өмірінде қандай билік тармақтары бар?
3. Тәжікстандағы қоғамдық-саяси өміріндегі кландық биліктің мәнісін ашып көрсетіңіз.
4. Тәжікстандағы азаматтық соғыстың себептері мен барысын талдаңыз.
5. Тәжікстанның сыртқы саясатындағы АҚШ және Ресеймен қарым-қатынастарын салыстырыңыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Қырғи-қабақ соғыс» аяқталған кезеңде әлемдік саяси даму-да елеулі өзгерістер орын алды. Биполярлық жүйе құлап, АҚШ президенті Дж. Буш бастаған әкімшілік жаңа әлемдік тәртіпті құру бағытын жариялады. Американың қарсыласы болған КСРО ыдырап, оның аумағында бірнеше тәуелсіз мемлекеттер дүниеге келді. Олардың алдында ендігі дамуымыз қалай болады деген сауал туындады. Себебі КСРО атты ортақ мемлекеттік құрылымның қас пен көздің аралығындай уақыт аралығында құлауы тәуелсіздікпен қатар, жаңа проблемаларды да тудырды. Өндірістік-шаруашылық байланыстардың үзілуі, жаңа тәуелсіз мемлекеттердің нарықтық қатынастарға өтуі елеулі экономикалық дағдарыстың пайда болуына әкелді. Экономикалық мәселелермен қатар, бұрынғы кеңестік республикалардың ішкі саяси өміріндегі өзгерістер және өзара қақтығыстардың қайта өршуі сияқты өзекті мәселелер күн тәртібінде болды. Тығырықтан шығатын басты жол КСРО кезеңіндегі ортақ байланыстардан бас татпай, оларды жаңа форматқа көшіру еді. Сондықтан 1991 жылдың 21 желтоқсанында елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен бұрынғы кеңестік 11 мемлекеттің басшылары Алматыда бас қосты. Бұл кездесудің нәтижесінде жаңа посткеңестік интеграциялық құрылым Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы дүниеге келді.

1991 жылдан бастап қызмет еткен ТМД бүгінгі уақытта мүше-мемлекеттердің әр түрлі саладағы ынтымақтастығын нығайтқан маңызды көпжақты дипломатияның механизміне айналды. 20 жылдан астам уақыт аралығында ұйым шеңберінде бірқатар маңызды іс-шаралар қабылданды: экономикалық одақ құрылды; біріккен ортақ әскер мен Кеңес Одағы кезеңінен қалған ядролық қару мәселесін шешілді; лаңкестік сияқты жаңа қауіптермен күресудің жолдары айқындалды. Сонымен қатар, қазақстандық сарапшылардың арасында соңғы уақытта ұйымның қызметі тиімсіз, оның болашағы жоқ деген пікірлер де бар. Бірақ бұл пікірмен келісуге болмайды. Себебі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы қазіргі уақытта потскеңестік кеңістіктегі мемлекеттердің ортақ мәселелерді шешу мақсатында жиналатын басты халықаралық ұйымы болып отыр. Әрине, ұйымның органдарын реформалауға

қатысты мәселелер мемлекеттер басшылары деңгейіндегі саммиттерде көтеріліп жүр. Бірақ олар ТМД-ның жаңа қауіп-қатерлерге төтеп берудегі тиімділігін арттыру мақсатында жасалынып жатыр. Сонымен қатар, ұйымның аймақтағы әр түрлі ұйымдардың құрылуында да маңыздылығы зор. Посткеңестік кеңістіктегі тығыз өзара экономикалық және саяси байланыстар жаһандану үрдісінің күшеюі жағдайында екіжақты деңгейде немесе жаңадан құрылған ЕуразЭҚ, Кедендік Одақ, Беларусь-Ресей Одағы, Кеден Одағы, Ортақ экономикалық кеңістік сияқты интеграциялық құрылымдардың шеңберінде жүзеге асуда. Бірақ мұндай ТМД кеңістігіндегі жаңа интеграциялық құрылымдардың пайда болуы мен қызмет етуі оның беделін түсірмейді. Қазіргі уақытта Тәуелсіз Мемлекеттердің Достастығының бұрынғы Кеңес Одағының елдерін біріктіретін жалғыз ұйым екендігі күмән тудырмайды, сондықтан ұйымның даму келешегіне біздің мемлекетіміз бейжай қарамайды. Қазіргі кезде ТМД елдері мен органдарында Достастықтың қызметін жетілдіру жолдары қарастырылуда. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасы бойынша Астанадағы ұйымның саммитінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын халықаралық терроризмнің үдеуі жағдайында реформалау және Сыртқы істер министрлерінің кеңесіне Достастық органдарын жетілдіру мен реформалау бойынша ұсыныстарды дайындау тапсырылды. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың өзі де жыл сайынғы жолдауларында ТМД елдерімен ынтымақтастық мәселесіне айрықша көңіл бөліп келеді. 1994 жылы елбасының ұсынған Еуразиялық одақты құру идеясы да ең алдымен, ТМД шеңберіндегі интеграциялық байланыстарды жаңа сипатта дамыту мақсатында ұсынылған. Уақыт ағымы көрсеткендей, еуразиялық құрлықтағы интеграция ғана мемлекеттерді алға жетелейді. Ресей президенті В. Путин мен Беларусь президенті А. Лукашенконың ресми баспасөз құралдарында қолдау танытып, үш мемлекеттің Кеден Одағы, содан кейін Ортақ экономикалық кеңістікті құруы елбасының еуразиялық идеясының жүзеге асып жатқандығын көрсетеді. Осы тұрғыдан, ТМД елдерімен қарым-қатынастарды қолдау Қазақстан сыртқы саясатының басым бағыттарының бірі болып қалатындығы айқын.

ӘДЕБИЕТТЕР

Негізгі:

1. Назарбаев Н.А. Евразийский союз: идеи, практика, перспективы. 1994-1997. – М., 1997.
2. Назарбаев Н.А. Казахстанский путь. – Караганда, 2006.
3. Вдовин А.И. История СССР: от Ленина до Горбачева. – Москва, 2011.
4. Древянко. А.П., Шабельникова Н.А. История России: учебное пособие. – М., 2008.
5. Исингарин Н. 10 лет СНГ. Проблемы поиска, решения. – Алматы, 2001.

Қосымша:

1. Айдарбаев С.Ж. Интеграционные процессы на постсоветском пространстве в условиях глобализации мира: международно-правовые аспекты. – Алматы, 2010.
2. Всемирная история: в 3-х ч. Ч.3. октябрь 1917 г. – 90-е гг. XX века.: Учебное пособие. – Минск, 2002.
3. Дипломатическая служба Республики Казахстан: учебное пособие. – Алматы, 2004.
4. Жамбылов Д. Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс. – Алматы, 2001.
5. Жұмағұлов Қ.Т. Қазақстан және Еуразия континентінің елдері (тарихы және даму бағыттары). әл-Фараби атындағы Қазақ университетінің хабаршысы. Ақпарат сериясы. – Алматы, 2002. – №1(8).
6. Жумагулов К.Т. Казахстан и евразийская поликультурность. В сб.: О проекте концепции развития образования Республики Казахстан / под ред. Т. А. Кожамкулова. Печ. – Алматы: Қазақ университеті, 2004.
7. Жумагулов К.Т. Современные интеграционные процессы в контексте стратегии вхождения Казахстана в число 50-и конкурентоспособных стран мира. – Материалы международной научно-практической конференции (18 апреля 2007 г.) в КазНПУ им. Абая. – Алматы, 2007.
8. Жумагулов К.Т. О значении Казахстана в Евразийском пространстве: историческая ретроспектива – Материалы Международной научно-практической конференции «ОБСЕ: вызовы региональной безопасности». (Алматы, 18 ноября 2008 г.). – Алматы, 2009.
9. Жумагулов К.Т. Астанинский Саммит и Евразийский компонент // Материалы Международной научно-практической конференции «Республика Казахстан и мировой исторический процесс», посвященной

председательству Республики Казахстан в ОБСЕ (г. Алматы, 10 декабря 2010 г.). – Алматы: Қазақ университеті, 2011.

10. Жумагулов К.Т. Исторические предпосылки этноконфессионального многообразия и религиозной толерантности народов Евразии // Казахстан-Спектр (научный журнал), 2012. – №1(59).

11. Жумагулов К.Т. Исторические корни Евразийства // Қазанат (научно-популярный журнал о национальных ценностях), №1 (12). – Астана, 2012.

12. Исингарин Н. Казахстан и Содружество: проблемы экономической интеграции. – Алматы, 2000.

13. Лаумулин М.Т. К событиям в апреле 2010 года в Кыргызстане: Взгляд из Казахстана // Центральная Азия и Кавказ. – 2010. – №2.

14. Омаров Н.М. Международные отношения в эпоху глобального развития. Учебник для высших учебных заведений. – Бишкек, 2003.

15. Политика и интересы мировых держав в Казахстане / под ред. Б. Султанова. – Алматы, 2002.

16. Садыкова Р.О. Еуразиялық идея және оның интеграциялық үрдістерді дамытудағы маңыздылығы // ҚазҰПУ Жаршысы, Тарих сериясы. – Алматы, 2011.

17. Садыкова Р.О. Содержание и реализация евразийской идеи президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева // Россия-СНГ: интеграционные стратегии в условиях многовекторного развития постсоветского пространства. Материалы международной научной конференции, Саратов 2012.

18. Садыкова Р.О. Евразийство президента Н.А. Назарбаева как символ Казахстана. В книге Symbol w polityce. Redakcja naukowa Iwona Massaka. Copyright by Dom Wydawniczy DUET Torun 2012. ISBN: 978-83-6258-38-4.

19. Улахов В.Е. Международные организации: справочное пособие. – М., 2005.

20. Чедия Бека. Место Грузии на политической карте Европы: формирование новых геополитических реалий // Центральная Азия и Кавказ. – 2010. – №1

21. Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. – Алматы, 1996.

22. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. – Алматы, 1996.

23. Назарбаев Н.Ә. Бейбітшілік кіндігі. – Алматы, 2001.

24. Назарбаев Н.Ә. Сындалы он жыл. – Алматы, 2003.

25. Назарбаев Н.А. Внешнеполитические инициативы Республики Казахстан Н.А. Назарбаева. – Алматы, 2010.

26. Жумагулов К.Т. Идея евразийства Н.А. Назарбаева в свете современных интеграционных процессов // Материалы международной

научно-практической конференции, посвященной 10-летию столицы. – Алматы: Қазақ университеті, 2008.

27. Косов Ю.В., Торопыгин А.В. Содружество Независимых Государств: Учебное пособие. – Спб, 2006.

28. Қазақстан тарихы. Очерктер. – Алматы, 1994.

29. Лаумулин М.Т. Центральная Азия в зарубежной политологии и мировой политике. Т. V. Центральная Азия в XXI столетии. – Алматы, 2009.

30. Мәшімбаев С.М. Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы (1918-1945). – Павлодар, 2009.

31. Токаев К. Дипломатия Республики Казахстан. – Астана, 2001.

32. Урозбаева Г.А. История стран Содружества Независимых Государств. Учебное пособие. – Алматы, 2009.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
<i>1-тарау. КСРО мен ТМД елдерінің әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы</i>	6
1.1. Бірінші дүниежүзілік соғыстан революцияға дейінгі Ресейдің дамуы (1914-1917)	6
1.2. Ресейдегі революциялық жағдайдың қалыптасуы (1917 жылдың ақпан-қазан аралығы)	16
1.3. Азаматтық соғыс: себептері мен кезеңдері, нәтижесі.....	41
1.4. КСРО-ның құрылуы. Сталиндік социализм дәуірі.....	58
1.5. КСРО халықаралық қатынастар жүйесінде (1920-1945)	77
1.6. Н.С. Хрущевтың басқару жылдарындағы КСРО-ның дамуы (1953-1964)	102
1.7. «Дамыған социализм» дәуірі (1965-1985)	130
<i>2-тарау. ТМД-ның құрылуы мен қазіргі уақыттағы қызметі</i>	150
2.1. «Қайта құру» саясаты мен КСРО-ның ыдырауы	150
2.2. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының қалыптасуы мен қызметі.....	166
2.3. Н. Назарбаевтың еуразиялық идеясының интеграциялық үдерістердегі рөлі	197
<i>III тарау. ТМД мемлекеттерінің бүгінгі таңдағы жағдайы</i>	210
3.1. Армения Республикасы.....	210
3.2. Әзірбайжан Республикасы.....	220
3.3. Грузия Республикасы.....	239
3.4. Өзбекстан Республикасы	247
3.5. Қазақстан Республикасы.....	258
3.6. Қырғыз Республикасы.....	275
3.7. Тәжікстан Республикасы.....	284
ҚОРЫТЫНДЫ	296
ӘДЕБИЕТТЕР	298

*Жұмағұлов Қалқаман Тұрсынұлы
Садықова Райхан Оңалбайқызы*

КСРО МЕН ТМД ЕЛДЕРІНІҢ ТАРИХЫ
(1917-2012)

Оқу құралы

Компьютерде беттеген *Г. Шаккозова*
Мұқабасын көркемдеген *Р. Сқақов*

ИБ №6621

Басуға 30.07.2013 ж. қол қойылды. Пішімі 60x84/16. Көлемі 18,9 б.т.
Офсеттік қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №948.
Таралымы 100 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспасы.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспаханасында басылды.